

ІЗГІ ХАБАРДЫ

ҚАЛПИНА КЕЛТІРУ

Пазызылдар арасында яһуди халқының Никөдем есімді басшысы бар еді. Ол Исаға түнде келіп:

— Ұстаз, Сіздің Құдайдан келген мұғалім екендігіңізді білеміз. Себебі Сіз жасаған керемет істерді Құдайдың қолдауынсыз ешкім де орындай алмайды, — деді. Иса:

— Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығын көре алмайды, — деді. Никөдем:

— Есейген адам қалайша қайта туылады? Шешесінің құрсағына еніп, екінші рет дүниеге келуі мүмкін бе? — деп сұрады. Иса:

— Саған өте маңызды шындықты айтайын: кімде-кім судан және Киелі Рухтан туылмаса бұл Құдайдың Патшалығын көре алмайды. Тәннен — төн, Рухтан — рух туады. Менің «қайтадан туылуға тиіссіңдер»

ІЗГІ ХАБАРДЫҢ ШАҚЫРУЫ МЕН ШЫНАЙЫ СЕНІМ

ПОЛ УОШЕР

**ІЗГІ ХАБАРДЫҢ
ШАҚЫРУЫ МЕН ШЫНАЙЫ
СЕНІМ**

Ізгі хабарды қалпына келтіру



Ізгі хабардың күші мен мағынасы

Ізгі хабардың шақыруы мен шынайы сенім

Ізгі хабардың растауы мен ескертуі

**ІЗГІ ХАБАРДЫҢ
ШАҒЫРУЫ МЕН ШЫНАЙЫ
СЕНІМ**

ПОЛ УОШЕР

Ізгі хабардың шақыруы мен шынайы сенім, Пол Уошер, қазақ тілінде

© 2023 Пол Уошер

Барлық құқықтар сақталған. Сын мақалалар мен шолуларда келтірілген қысқаша дәйексөздерді қоспағанда, бұл кітаптың ешбір бөлігін жазбаша рұқсатсыз кез-келген жолмен пайдалануға немесе көшіруге болмайды. Сұрауларыңызды келесі мекенжай бойынша баспагерге жіберіңіз:

Reformation Heritage Books

2965 Leonard St. NE

Grand Rapids, MI 49525 616-977-0889 / Факс 616-285-3246

эл. пошта: orders@heritagebooks.org вебсайт: www.heritagebooks.org

МАЗМҰНЫ

Алғысөз: Ізгі хабарды қалпына келтіру VII

БІРІНШІ БӨЛІМ: ІЗГІ ХАБАРДЫҢ ШАҚЫРУЫ

1. Тәубеге шақыру 3
2. Сенімге шақыру 25
3. Сену және мойындау 39
4. Исаны қабылдау 51
5. Жүректің есігін қаққан Иса 63

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ЖАҢАРҒАН ЖҮРЕКТЕР ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ СЕНІМНІҢ ТАБИҒАТЫ

6. Ұлы ниет және құтқарылудың соңы 79
7. Құтқарылудың авторы 89
8. Бөлініп шығу және тазару 93
9. Жаңа жүрек 109
10. Құдіретті Киелі Рух 117

ҮШІНШІ БӨЛІМ: ЖАҢАРҒАН АДАМДАР ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ СЕНІМНІҢ ТАБИҒАТЫ

11. Жаңа Келісімнің даңқы 129
12. Жаңа халықтың пайда болуы 139
13. Мәсіхшінің Құдай жайлы нық білімі 153
14. Құдай халқының жүрегі мен жолы 163
15. Мәңгі Келісім 185
16. Құдайдың халқына деген ізгілігі 199

Алғысөз: Ізгі хабарды қалпына келтіру

Иса Мәсіхтің Ізгі хабары — қауымға және әр жеке сенушіге берілген қазыналардың ең үлкені. Бұл көп хабардың бірі емес, бұл бәрінен жоғары, ең маңызды хабар. Ол — Мәсікке сенетін барлық адамдарды құтқаратын Құдайдың құдіреті.¹ Сол себепті Пауыл елші өзінің уағызында Ізгі хабарды бірінші орынға қойып, оны бар күшімен жариялауға тырысты, тіпті оның ақиқатын бұрмалайтындардың бәрін қарғыс атпақ деп ескертті.²

Мәсіхшілердің әрбір ұрпағы Ізгі хабардың қызметкері болып табылады. Құдай бізге сеніп тапсырылған қазынаны Киелі Рухтың күшімен сақтауға шақырады.³ Адал қызметкер болғымыз келсе, Ізгі хабарды мұқият зерттеп, оның ақиқаттарын түсіну үшін көп күш салып, оның мағынасын сақтауға уәде беруіміз керек.⁴ Осылайша, біз өзімізді де, бізді тыңдайтындарды да құтқарамыз.⁵

Қолыңыздағы кітапты жазуға дәл осы қызмет түрткі болды. Шынында, менің кітап жазу деген қиын еңбекке құштарлығым аз, әрі мәсіхшілік кітаптардың жетіспеушілігі жоқ. Сонда да, уағыздарымның жинағын осылай жазбаша түрде басып шығаруды жөн көрдім. Ол уағыздарды айтуыма да, кітап қылып шығаруға да себебім бір: олардың жүгінен құтылу. Еремия сияқты, егер мен бұл хабарды айтпасам, «Жаратқан Иенің сөзі жүрегімде жанып жатқан от сияқты, сүйегімнің ішіне қамалған шоқ іспетті болады. Оны ішімде ұстаудан

1 Римдіктерге 1:16; Ефестіктерге 3:10

2 Қорынттықтарға 1-хат 15:3; Қолостықтарға 4:4; Ғалаттықтарға 1:8–9

3 Тімотеге 2-хат 1:14

4 Тімотеге 1-хат 4:15

5 Тімотеге 1-хат 4:16

қатты шаршадым, тіпті ұстай алмаймын да».⁶ Пауыл елші айтқандай: «Ізгі хабарды уағыздамасам, қасіретке қалар едім!».⁷

Бәріміз білетіндей, «Ізгі хабар» сөзі гректің «euangélion» сөзінен шыққан, ол «жақсы жаңалық» деп аударылады. Бір жағынан, Жазбаның әр бетінде Ізгі хабар бар, екінші жағынан Інжіл шариф дегеніміз — өте нақты хабар. Ол Иса Мәсіхтің өмірі, өлімі, қайта тірілуі және көкке көтерілуі арқылы жүзеге асқан күнәкардың құтқарылуы.

Әкенің разылығына сәйкес, Әкемен тең және Оның болмысының дәл бейнесі болып табылатын Мәңгілік Ұлы Иса Өз еркімен көктегі салтанатын тастап, Киелі Рухтың құдіретімен пәк қыздан туылды.⁸ Адам ретінде Ол Құдайдың заңына толық мойынсұнып жерде өмір сүрді.⁹ Уақыты келгенде, адамдар Одан теріс бұрылып, айқышқа шегеледі. Айқышта Ол адамның күнәсін мойнына алып, Құдайдың қаңарына ұшырап, адамның орнына өлді.¹⁰ Үшінші күні Құдай Оны өлімнен қайта тірілтті. Бұл қайта тірілу – Құдайдың Исаның өлімін күнә үшін құрбандық ретінде қабылдағанына дәлел. Иса адамның мойынсұнбағаны үшін жаза тартып, әділдік талаптарын қанағаттандырды және Құдайдың қаңарын басты.¹¹ Қайта тірілуден кейін қырық күн өткенде Иса Мәсіх көкке көтеріліп, Әкесінің оң жағына отырды. Барлық даңқ, құрмет және билік Исаға берілді.¹² Ол Құдайдың алдында халқының өкілі ретінде Жаратқан Иеге өтініш етеді.¹³ Кімде-кім өзінің күнәкар, дәрменсіз күйлерін мойындап, өзін Мәсіхке тапсырса, соны Құдай толығымен кешіреді, әрі әділ деп жариялап, Өзімен татуластырады.¹⁴ Бұл Құдайдың және Оның Ұлы Иса Мәсіхтің Ізгі хабары.

Қазіргі мәсіхшілік қауымның жасаған ең үлкен қылмыстардың бірі — Ізгі хабарды елемей. Біздің басқа дерттеріміздің барлығы осы елемейшіліктен туындайды. Қазіргі заманның өзекті мәселесі — дүниенің Ізгі хабардан бас тартуы емес, Ізгі хабарды білмеуі,

6 Еремия 20:9

7 Қорынттықтарға 1-хат 9:16

8 Елшілердің істері 2:23; Еврейлерге 1:3; Філіпіліктерге 2:6–7; Лұқа 1:35

9 Еврейлерге 4:15

10 Петірдің 1-хаты 2:24; 3:18; Ишая 53:10

11 Лұқа 24:6; Римдіктерге 1:4; Римдіктерге 4:25

12 Еврейлерге 1:3; Матай 28:18; Даниял 7:13–14

13 Лұқа 24:51; Філіпіліктерге 2:9–11; Еврейлерге 1:3; Еврейлерге 7:25

14 Марқа 1:15; Римдіктерге 10:9; Філіпіліктерге 3:3

өйткені Ізгі хабарды уағыздайтындардың көпшілігі оның ең негізгі ақиқаттарынан бейхабар.

Ізгі хабардың негізін құрайтын маңызды тақырыптар — Құдайдың әділдігі, адамның түбегейлі азғындығы, қанның өтелуі, шынайы тәубе және Киелі кітаптағы сенімділік негізі — тым көп қауымдарда түсіндірілмейді. Қауымдар Ізгі хабарды бірнеше діни мәлімдемелерге дейін қысқартып, тәубе ету — тек адамның шешімі екенін үйретеді және күнәкардың дұғасын оқыған кез-келген адам құтқарылған дейді.

Ізгі хабарды осылай қысқартып, жеңілдетудің нәтижесін көріп отырмыз. Біріншіден, бұл әлі сенбейтіндерді адастырады. Қазіргі «дінге келгендердің» аз ғана пайызы қауымға енеді, олардың өздері жиі кетіп қалады немесе бұрынғы күнәларынан арылмай өмір сүреді. Қаламыздағы, қауымдарымыздағы сансыз көп адамдар Иса Мәсіхтің шынайы Ізгі хабары әкелетін керемет өзгерісті бастарынан кешірген емес. Сонда да өмірлерінде бір-ақ рет дұға еткендерінің арқасында құтқарылғандарына сенімді. Бұл жалған қауіпсіздік сезімі мұндай адамдардың шынайы Ізгі хабарды естуіне үлкен кедергі жасайды.

Екіншіден, мұндай Ізгі хабар рухани, жаңадан жаңартылған адамдардың жиналысын Құдайды білеміз десе де, мұнысын іс-әрекеттерімен жоққа шығаратын, күнәкар тәннің соңынан еретін адамдардың жиналысына айналдырады.¹⁵ Ізгі хабарды таза түрінде уағыздаса, адамдар сенімге ойын-сауықсыз, арнайы іс-шараларсыз, жалған уәдесіз-ақ келеді. Келгендер мұны Мәсіхтің құтқаруын қалайтындықтан жасайды. Олардың ықтияры — Киелі кітаптағы шындық, шын жүректен ғибадат ету және қызмет ету. Қауым қарабайырланған Ізгі хабарды жариялағанда, Құдайдың істеріне қызығушылық танытпайтын тәндік адамдарға толады және мұндай адамдарды ұстап қалу қауымға ауыр жұмыс болады.¹⁶ Содан кейін қауым Ізгі хабардың радикалды талаптарын төмендетіп, оны қолайлы моральға алмастырады, ал Мәсікке шынайы берілгендіктің орнына қауым мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған әрекеттер етек алады. Қауым Мәсікке емес, әр-түрлі іс-шараларға негізделген ұжымға айналады. Қауым көпшілікті ренжітпеу үшін шындықты аз-аздан өзгерте бастайды. Киелі кітап мен алғашқы

15 Титке 1:16

16 Қорынтықтарға 1-хат 2:14

мәсіхшіліктің ұлы ақиқаттарынан бас тартады, ал прагматизм басты ережеге айналады.

Үшіншіден, мұндай Ізгі хабар қызметті соңғы тенденцияларды мұқият зерттейтін, маркетингтік стратегияларға негізделген гуманистік қозғалысқа дейін төмендетеді.

Інжілге жатпайтын Ізгі хабардың дәрменсіздігіне көп жыл куә болғаннан кейін, көптеген мәсіхшілер Ізгі хабардың қабілетсіздігіне сеніп қалған сияқты. Олар сонша қарапайым, әрі сонша көп дау тудырған Ізгі хабар арқылы құтқарылу үшін адам тым күрделі жаратылыс екеніне сенетін секілді. Қазір қоғамды құтқара алатын жалғыз хабарды түсінуге және жариялауға қарағанда, біздің күнәкар мәдениет пен оның сәнін түсінуге көбірек назар аударылады. Нәтижесінде, Ізгі хабар қазіргі заманғы мәдениеттің талғамына қарай үнемі өзгеріп отырады. Шынайы Ізгі хабар әрқашан әрбір мәдениетке қатысты, өйткені бұл Құдайдың әрбір адамға арналған мәңгілік сөзі. Осыны ұмытып бара жатырмыз.

Төртіншіден, мұндай Ізгі хабар Құдайдың есіміне кір келтіреді. Қысқартылған Ізгі хабарды жариялаудың арқасында тәндік және сенімге келмегендер мәсіхшілік қауымдастыққа еркін кіріп жатады. Олар інжілдік қауым тәртібін үйренбей, ешкімнен түзететін тәлім естімей, қауымда қалуға рұқсат алады. Бұл қауымның тазалығы мен беделіне нұқсан келтіреді, әрі сенбейтіндер арасында Құдайдың есіміне тіл тигізеді.¹⁷ Ақырында, Құдай дәріптелмейді, қауым нығайтылмайды, сенімге келмеген адам қауым мүшесі бола тұра құтқарылмайды және қауым имансыз дүниеге жарық бола алмайды.

«Құдіретті Құдайымыздың ұлы Ізгі хабары» қысқартылған Ізгі хабармен алмастырылғанын көргенде, қызметшілер болсын, қарапайым адамдар болсын, ештеңе істемей отырғанымыз дұрыс емес.¹⁸ Бізге сеніп тапсырылған ұлы қазына бар. Жалғыз шынайы Ізгі хабарды жеткізейік және оны барлығына батыл әрі анық жариялайық. Чарльз Хэддон Спердженның келесі сөздеріне құлақ түргеніміз абзал:

Осы күндері мен Ізгі хабардың қарапайым ақиқаттарын қайта-қайта оқып шығуға міндеттімін. Бейбіт уақытта біз

17 Римдіктерге 2:24

18 Тімотеге 1-хат 1:11

алыстағы шындықтың қызықты аймақтарына экскурсия жасай аламыз, бірақ енді үйде қалып, сенімнің алғашқы негіздерін қорғау арқылы қауымның жүрегі мен үйін қорғауымыз керек. Бұл дәуірде қауымның өзінде теріс сөйлейтін адамдар пайда болды. Бізді өздерінің философияларымен және жаңа интерпретацияларымен алаңдатып, өздері үйретеміз дейтін ілімді жоққа шығаратын және өздері қолдауға уәде еткен сенімге нұқсан келтіретін көптеген адамдар бар. Арамыздағы неге сенетінін білетін, сөзінде жасырын мағынасы жоқ адамдар өмір сөзін ұстанып, негізгі ақиқатты ашық жариялап, аяғымызбен нық тұрып, орнымызды сақтауымыз керек.¹⁹

«Ізгі хабарды қайтарып алу» сериясы Ізгі хабардың толық жүйелі кескіні болмаса да, ол маңызды элементтердің көпшілігіне, әсіресе қазіргі мәсіхшілікте елеусіз қалған тұстарға ерекше көңіл бөледі. Бұл кітап Ізгі хабарды барлық сұлулығымен, жанжалдылығымен және құтқарушы күшімен қайта ашуға көмектесетін нұсқаулық болады деп үміттенемін. Осы білім сіздің өміріңізді өзгертіп, жариялауыңызды күшейтіп, Құдайды мадақтасын деп дұға етемін.

Бауырласыңыз,
Пол Дэвид Уошер

19 Чарльз Х. Сперджен, «The Metropolitan Tabernacle Pulpit» (Pilgrim Publications), 32:385.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ізгі хабардың шақыруы



Иса Ғалилея аймағына барды. Сонда Ол Құдайдың Ізгі хабарын жариялап былай деді: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніңдер!».

— Марқа 1:14-15

Ел алдында және жеке үйлерде уағыз айтып, тәлім беріп жүргенде сендерге пайда болатын еш нәрсені қалдырмай, бәрін түгел айттым. Яһудилер мен гректерге: «Күнәларыңа өкініп, Құдайға бет бұрып, Иеміз Иса Мәсікке сеніңдер!» деп ескерттім.

— Елшілердің істері 20:20-21

Қайта, сенім жолымен ақталу жөнінде былай делінген: «Бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегіңде». Сенім туралы біз жариялап жүрген сөз — осы. Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсікке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:8-10

БІРІНШІ ТАРАУ



Тәубеге шақыру

Иса Ғалилея аймағына барды. Сонда Ол Құдайдың Ізгі хабарын жариялап былай деді: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніңдер!»

— Марқа 1:14-15

Өткен дәуірлерде Құдай мұндай ұғымсыздыққа сабырлылық көрсетті, алайда қазір Ол барлық жердегі адамдардың бәріне де теріс жолдан қайтуды бұйырады.

— Елшілердің істері 17:30

Құдайдың мәңгілік жоспары мен игі разылығына сәйкес, Құдайдың Ұлы Әкемен тең және Оның болмысының дәл бейнесі. Ұлы Иса Мәсіх көктегі салтанатты өз еркімен тастап, Киелі Рухтың құдіретімен пәк қыздан туды. Ол – Құдай-адам. Иса жер бетінде Құдайдың заңына толық мойынсұнып жүрді. Содан кейін уақыты келгенде, адамдар Одан теріс қарап, айқышқа шегелеп өлтірді. Айқышта Ол Өз халқының күнәларын көтеріп, Құдайдан аластатылды. Мәсіх Құдайдың қаһарына ұшырады және сотталып өлді. Үшінші күні Құдай Ұлын қайта тірілтті. Осылайша Құдай Мәсіхтің құрбандығын қабылдағанын, күнәнің жазасы өтелгенін, әділдік талаптары орындалғанын және Жаратқанның қаһары басылғанын жария етті. Қайта тірілгеннен кейін қырық күн өткен соң, Құдайдың Ұлы және көктен келген Билеуші көкке көтерілді. Онда Ол Құдай Әкенің оң жағына отырды және Оған даңқ, құрмет және күллі билік берілді. Ол Құдайдың алдында Өз халқы үшін өкілдік етеді және олардың сұраулары мен өтініштерін Құдайға жеткізеді. Құдайдың және Оның Ұлы Иса Мәсіхтің Ізгі хабары – осы.¹

¹ Бұл «Westminster Confession» құжатының 8-тарауының қысқаша мазмұны.

Құдайдың осы керемет ісін біліп, енді адамзатқа көз тастайық. Ізгі хабардың шақыруын естігенде, адам оған қалай жауап беруге тиіс? Шарасы қалмаған адам «Құтқарылу үшін не істеуім керек?» деп жалбарынғанда Ізгі хабарды уағыздаушы не дейді? Оларға қалай бағыт береді? Киел Жазба анық былай дейді: адамдар тәубе етіп, Ізгі хабарға сену керек. Иса Исраилге келген кезде, олардан жүректерін ашып, Өзін шақыруды сұраған жоқ. «Мына дұғаны қайталап оқи беріңдер» деп те айтқан жоқ. Керісінше, Мәсіх оларға күнәларынан бас тартып, Ізгі хабарға сенуді бұйырды.²

ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЙТІН ШАҚЫРУ

Жалғастырмас бұрын, Мәсіхтің тәубе және сенім туралы бұйрығы қазіргі таңда бізге де қатысты екенін түсінейік. Ол белгілі бір кезеңмен шектелді немесе тек Жаңа өсиет дәуіріндегі еврейлерге ғана арналған деп ойлау үлкен қателік болар еді. «Тәубе ет және сен!» бұл кешегі, бүгінгі және мәңгіліктегі Ізгі хабар. Елшілер бұл шындықты берік ұстанды. Мәсіх қайта тіріліп, көкке көтерілгеннен кейін шәкірттер оны батыл жариялады. Пауыл елшінің сөзіне назар аударыңыз:

Ел алдында және жеке үйлерде уағыз айтып, тәлім беріп жүргенде сендерге пайда болатын еш нәрсені қалдырмай, бәрін түгел айттым. Яһудилер мен гректерге: «Күнәларыңа өкініп, Құдайға бет бұрып, Иеміз Иса Мәсіхке сеніңдер!» деп ескерттім (Елшілердің істері 20:20-21).

Өткен дәуірлерде Құдай мұндай ұғымсыздыққа сабырлылық көрсетті, алайда қазір Ол барлық жердегі адамдардың бәріне де теріс жолдан қайтуды бұйырады (Елшілердің істері 17:30).

Осы және басқа да көп үзінділерге қарасақ, күнәға өкіну – тек бұрынғы заманның үндеуі емес. Қазіргі кездің уағыздарында оның үлесін азайтуға болмайды. «Құдайдың алдында тәубе ету» Көне өсиет пайғамбарларының, шомылдыру рәсімін орындаушы Жақияның, Иеміз Иса Мәсіхтің және елшілердің ұдайы шақыруы. Құдайды дәріптейтін әрі тынбай еңбек ететін теологтардың, уағыздаушылардың және басқа қызметкерлердің тәлімі мен уағызы

² Марқа 1:14-15-те осыған мысал бар.

осы болды. Мәсіхшілік сенімнің негізгі қағидаларын сипаттайтын Westminster және New Hampshire Confessions құжаттарында былай айтылған:

Өміріңде жасаған күнәға өкіну – Ізгі хабардың нағыз рақымы. Бұл түсінікті, сондай-ақ Мәсіхке деген сенімді Иеміздің әрбір қызметшісі уағыздауы керек (15.1).

Тәубе мен сенім – сенушінің қасиетті міндеттері, сонымен қатар бір-бірінен ажырамас нығметтері деп санаймыз (8-бап).

ШЫНАЙЫ ТӘУБЕНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

Ізгі хабарды жариялағанда міндетті түрде тәубеге шақыру керек. Сондықтан, тәубе дегеніміз шын мәнінде не екенін түсінуіміз керек. Адам шын жүректен Құдайға бет бұрып, күнәларына өкінгенде, оның жан-дүниесі қалай өзгереді? Төменде Киелі кітапқа сәйкес шынайы тәубенің сегіз маңызды сипаттамасы берілген:

- ой-сананың өзгеруі
- жасалған күнәға қайғы
- күнәні мойындау
- күнәдан бас тарту
- өзін-өзі ақтаудан немесе жақсы істермен ақталуға тырысудан бас тарту
- Құдайға бет бұру
- іс-жүзінде Құдайға мойынсұну
- тәубе етуді жалғастыру және тереңдету

Шынайы тәубенің бұл сипаттары құтқарылу сәтінде толықтай немесе ең кемел түрінде көрінбеуі мүмкін. Сенуші өмірін жалғастыра келе, бұл қасиеттер дамып, жетіліп, тереңдей береді. Осыны түсінуіміз өте маңызды. Шынайы тәубе ең мықты мәсіхшінің өзінде сирек кездесетін терең өкіну мен сенімді талап етеді десек, жаңыламыз. Ондай қателіктің салдары өте қауіпті. Исаның өзі сенім шынайы болса, оның қыша дәніндей кішкентай бөлігі тауларды қозғалтуға жеткілікті

деген.³Енді ғана құтқарылғанда адам күнәнің сұмдық сипатын толықтай түсінбеуі мүмкін, бірақ оның сенімі шынайы болады. Жетілген сенушімен салыстырғанда жаңадан сенген адамның күнәлі өмір-салтына деген өкініші шамалы болуы мүмкін, бірақ әрине, оның сезімі шынайы болады. Тәубе мен сенімнің құтқарылуға апаратынына ең қуатты дәлел – сенушінің өмір бойында бұл екі рақымның Құдайдың қасиетті жұмысы арқылы күшейіп, тереңдей беруі. Осы түсіндіргенімді ескере отырып, сипаттамалардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Ой-сананың өзгеруі

Жаңа өсиетте тәубе деп аударылған сөз грекше түпнұсқасында екі бөліктен құралған. Оның бірі – «ұғу немесе түсіну» дегенді білдіретін етістік, екіншісі – өзгерісті білдіретін сөз алды қосымшасы.⁴

Демек, тәубе дегеніміз – адамның енді басқаша естуді, көруі, сезінуі, ұғынуы немесе шындыққа деген көзқарасының түбегейлі өзгеруі. Киелі Жазбада сананың өзгеруі ешқашан ақыл-оймен шектелмейді, ол эмоциялар мен ерік-жігерге де бірдей түбегейлі әсер етеді. Қорытындылай келе, шынайы тәубе Киелі Рухтың күнәкардың өміріндегі жұмысынан басталады. Сол арқылы Рух жүректі жаңартып, сананы нұрландырып, Құдайдың ақиқатын ашу арқылы күнәкардың қателерін әшкерелейді. Осы рухани еңбектің арқасында адамның санасы өзгереді және оның шындыққа, әсіресе Құдайға, өзіне, күнәға және құтқарылу жолына қатысты көзқарасы түбегейлі өзгереді.

Киелі кітап адам Құдайға келгенге дейін оның санасын қараңғылық басқан, ал ақылдарын түкке тұрғысыз ойлар билеп алған дейді.⁵ Оның үстіне, күнәкардың санасы Құдайға қас, ол Құдайдың заңына бағына алмайды және ақиқатты аққа басады.⁶ Демек, ескі күнәкар болмыстың шындыққа деген көзқарасы мүлде бұрмаланып кеткен және шын мәнінде барлық нәрседе қателеседі десек, қателеспейміз. Ол жалғыз шынайы Құдай мен Оның ұлылығы туралы біледі, бірақ

3 Матай 17:20

4 «Метаноэ». «Мета» қосымшасы қозғалыс және ақыл-ой әрекеті етістіктеріне жалғанғанда, бастапқы мағынаның өзгеруін білдіреді. Жаңа өсиет теологиясының жаңа халықаралық сөздігі, ред. Колин Браун (Гранд Рапидс: Зондерван, 1975), 1:357.

5 Ефестіктерге 4:17-18

6 Римдіктерге 1:18; 8:7

Жаратқанды Құдай ретінде дәріптеп, шүкірлік етпейді.⁷ Құдайға бет бұрмаған адам менменсінген, тек өзін ғана ойлайтын өзімшіл адам. Бәрінен бұрын ол өзін жоғарылатқысы келеді және өмірдің мәні сол деп ойлайды. Құдайдың заңдары оның жүрегіне жазылған, бірақ ол заң бұйрығын орындауды қажет демейді. Құдайдың заңын орындау жақсылық әкеледі деп ойламайды. Керісінше, ол ар-ұжданымен күресіп, ақиқат деп білген нәрселерінен қашуға тырысады.⁸ Жамандық жасағандардың бәрі өлімге лайық екенін біледі, бірақ қорқудың қажеті жоқ деп есептейді. Күнәкар осылардың бәрін істеп қана қоймай, солай жасайтындарды ашық құптап отырады.⁹ Айналадағылар бірінен соң бірі құрып кеткенде, ол өзінің өлімімен бетпе-бет келеді. Сонда да оба оның босағасына ешқашан жетпейді деп ойлайды. Қарапайым тілмен айтсақ, теріс жолда жүрген адам қателеседі, бірақ тәкаппарлықпен өзіне дұрыс көрінген нәрсені істей береді.¹⁰ Ол өзіне түзу болып көрінетін жолда келеді, бірақ оның соңы – ажал.¹¹

Алайда адам күнәсінен бас тартып, Құдайға бет бұрғанда, Құдай Рухы оның жүрегін қалпына келтіреді, әрі шындық оның қараңғылық басқан санасына нұр төгеді. Адамның көзі ашылады. Ол ұйқысынан оянғандай болады. Сонда ол өмір бойы адасқанын, оның өмірін өтірік басқарғанын және барлық нәрседе қателескенін түсінеді. Өмірінде алғаш рет шындықты көріп, мойындайды. Оның Құдай туралы қате және тіпті күпірлік ететін ойлары әрі жеткіліксіз, бірақ шынайы түсінікпен ауыстырылады. Адамның өз жақсылығы мен еңбегі туралы бос пікірлердің орнына күнәкар табиғатының азғындығы және барлық істерінің мүлде бейшаралығы жайлы түсінік келеді. Оның тәкаппарлығы, өзіне деген сенімділігі және менмен тәуелсіздігі шынайы кішіпейілділікпен, өзіне деген сенімсіздікпен, жасалған күнәға үшін қайғымен және Құдайға тәуелділікпен ауыстырылады. Содан кейін ол Иса Мәсіхтің тұлғасы мен ісіндегі Құдайдың мейіріміне бой алдырады және Құдайдың еркін орындауға кіріседі. Осылайша оның санасы да, өмірі де өзгереді. Өйткені ол тәубе етті.

7 Римдіктерге 1:21

8 Римдіктерге 2:14-15

9 Римдіктерге 1:32

10 Билер 17:6; 21:25

11 Нақыл сөздер 14:12

Тарстағы Саул – Киелі кітаптағы тәубенің тамаша үлгісі. Өзінің надандығы мен күмәніне бола ол назареттік Исаны басқа біреудің атағын пайдаланушы және Құдайға тіл тигізуші деп санады. Исаның соңынан ергендердің барлығы түрмеге қамалып, өлуге лайық деп ойлады.¹² Осылайша Саул «Иеміздің жолын қуушыларды өлтірем деген қоқан-лоқысы мен қаскөйлігін әлі де жалғастырып» бас діни қызметкерден «тапқан еркек болсын, әйел болсын Исаның жолына түскендерді бұғаулап, Иерусалимге алып» келуге рұқсат сұрады (Елшілердің істері 9:2-3). Дамаскіге бара жатқан жолда Саул Мәсіхтің даңқымен бетпе-бет келді.¹³ Сол кезде Саулдың шындыққа деген ескі көзқарасы ғайып болды. Ол барлық нәрседе қателескенін білді. Саул назареттік Исаны Құдайға тіл тигізуші деп ойлап, шындығында Ол – Құдайдың Ұлы, уәде етілген Мәсіх және әлемнің Құтқарушысы екеніне көз жеткізді. Саул әділдікке заңды орындау арқылы қол жеткізуге болады деп ойлады. Ал іс жүзінде оның бойында жақсы ештеңе жоқ екенін және құтқарылу – ешкімнің жетістігі емес, Құдайдан келген сый екенін білді.¹⁴ Исаның шәкірттері – Исраилдің жаулары және оларды өлтіру керек деп ойлады. Шынында, Саул шынайы Исраилді қудалап, тірі Құдайдың ұлдары мен қыздарын өлтіріп жатқанын білді.¹⁵ Осылайша ол «үш күн бойы көзі көрмей, еш нәр татпады». (Елшілердің істері 9:9). Ақиқаттың Өзі, яғни Мәсіх Исамен кездескенде, тәкаппар, өзін-өзі ақтағысы келетін парызшылдардың парызшылы Тарстық Саул Құдайдың алдында жерге жығылып, миллиондаған бөлікке бөлінді.

Әйтсе де, Киелі Рухтың нұры мен және қалпына келтіретін жұмысы арқылы Саулдың жүрегі мен санасы өзгеріп, өмірі түбегейлі өзгерді. Ол тәубе етті де, орнынан тұрып, шомылдыру рәсімінен өтті. Тамақ ішіп, әлденді. Сосын ол бірден мәжілісханаларда Иса туралы «Ол Құдайдың Ұлы» деп уағыздай бастады (Елшілердің істері 9:18-22). Яһудеяның барлық қауымдарда «Бізді бұрын қудалаған адам өзі түп-тамырымен құртпақ болған сенімді қазір уағыздап жүр» деген хабар тарады (Ғалаттықтарға 1:22-23).

12 Елшілердің істері 9:1-2; Тімотеге 1-хат 1:13

13 Елшілердің істері 9:3-8

14 Римдіктерге 7:18; Ефестіктерге 2:8-9

15 Елшілердің істері 8:1; Римдіктерге 8:14-15; Ғалаттықтарға 6:16

Пауыл Дамаскіге барар жолда өмірінің қалай түбегейлі жаңартылып, өзгергенін келесі сөзбен сипаттайды. Мұнда біз Киелі Рухтың қайта тудыратын жұмысы арқылы өзгерген ақыл мен жаңарған жүрекке күә боламыз:

Алайда осы «артықшылықтарымды» Мәсікке бола залал деп санай бастадым. Иә, мен бәрін де залал деп санаймын, өйткені Ием Иса Мәсіхті жақыннан танып білу өзге нәрселерден әлдеқайда жоғары. Иеме бола бұлардың бәрінен айырылдым, оларды түкке тұрғысыз сыпырынды деп санаймын да. Осылайша қабылдайтын сыйым — Мәсіхтің Өзі. Онымен тығыз байланыста тұруым үшін Таурат заңын орындауға негізделген жеке басымның ақталуына сүйенбеймін, қайта, Мәсікке деген сенім арқылы Құдайдан ақталған адам болғым келеді (Філіп. 3:7–9).

Күнә үшін қайғы

Тәубе ету туралы түсінігімізді әрі қарай тереңдететін сөз – еврей тіліндегі «нахам» етістігі. Ол «терең тыныс алу, күрсінуге», яғни қайғы, өкініш, мұң сияқты сезімдерді көрсетуді білдіретін түбірден шыққан.¹⁶ Осылайша, Киелі кітаптағы тәубе – тек ой-сананың өзгеруі ғана емес, сонымен қатар жасалған күнә үшін шынайы қайғы.

Өзіміздің күнәкар болмысымыз бен кінәміздің не екенін шетінен болсын, түсіне бастасақ, қайғыратын боламыз. Ұятқа қаламыз. Өз күнәмізге, өзімізге деген жеккөрушілік пайда болады. Бұл орынды. Езра пайғамбар Израилдің күнәларына бола Құдайға жүзін көтеруге «қатты ұялып, масқара болып қысылып» тұрғанын айтады (9:5–6). Еремия пайғамбар былай дейді: «Ұятымызға бола біз жерде жатырмыз әрі масқараның астында қалдық. Өйткені өздеріміз де, ата-бабаларымыз да Құдай Иемізге қарсы күнә жасадық. Жастық шағымыздан күні бүгінге дейін Құдайымыздың айтқандарына құлақ аспай келеміз» (Ер. 3:25).

Ал Езекиел пайғамбар мойынсұнбаған Израил Жаратқан Иеге қарсы жасаған күнәсін мойындағанда, өздерінен-өздері жиренетін болады деп батыл айтады.¹⁷ Ал Римдегі сенушілерге жазған хатында

16 Р. Лерд Хэррис, Глисон Л. Арчер Дж. және Брюс К. Уолтке, «Theological Workbook of the Old Testament» (Чикаго: Муди, 1980), 2:570.

17 Езекиел 20:43

Пауыл елші олардың күнәға құл болып жүрген кезде жасағандарынан өздері де ұялатынын атап өтті.¹⁸

Мұндай әңгіме өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі жақсы сезінуді бәрінен жоғары қоятын әлемде және қауымда орынсыз болып көрінеді. Дегенмен, қайғы, ұят және өзі-өзінен жирену Киелі кітапта бар әрі Көне және Жаңа өсиеттердегі шынайы тәубенің маңызды бөліктері. Иеміз Иса Мәсіх пен Пауылдың елші келесі сөздері мұның айқын дәлелі болып табылады:

Ал салық жинаушы алыста тұрып, тіпті назарын көкке көтеруге де батылы бармай, қолын кеудесіне қойып: «Я, Құдай, мен күнәкармын, рақым ете гөр!» — деп жалбарынады. Сендерге шын айтамын: екеуі үйлеріне қайтқанда, парызшылды емес, салықшыны Құдай кешіріп, ақтаған еді. Өйткені өзін-өзі жоғарылатқан әркім төмендетіледі, ал өзін төмен ұстаған жоғарылатылады. (Лұқа 18:13-14).

Қазір мен қуаныштымын — қасіреттеріңе бола емес, опық жеп қайғырып, теріс жолдан қайта оралғандарыңа бола. Сол қайғыларың Құдайдың еркімен болған еді, сондықтан да ешқандай зиян көрмедіңдер. Себебі Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады. Ол кейін соған өкінбейді де. Ал күнәкар дүниелік қайғы-қасіреттің нәтижесі — рухани өлім (Қор. 2-хат 7:9–10).

Өзінің шынымен кім екенімен және істеген ісімен бетпе-бет келген салықшы опық жеп, қатты өкініп, кішіпейілдікпен тәубе етті. Қорынт қауымының тәндік пен тәкаппарлығына келсек, оған қатысты қайғы орынды ғана емес, сонымен бірге «Құдайдың еркімен болған еді». Алайда екі жағдайда да қайғы мен ұят – өз алдына мақсат емес, басқа бір маңызды нәрсеге жету құралы болғанын байқаңыз. Салықшының өз-өзіне деген жеккөрініші де, Қорынттағы сенушілердің қайғысы да тәубеге әкелді. Соның нәтижесінде олар құтқарылды.

Яһуда Искароттыкіндей «дүниелік қайғы-қасірет» те бар. Онда еш сенім жоқ, ол өлімге апарады. Құдайдың еркімен болған қайғы,

18 Римдіктерге 6:21

қайта адамның құтқарылуына түрткі болады (Қор. 2-хат 7:10). Онсыз шынайы тәубе мүмкін емес. Ол өмірге апарады. Оған ешқашан теріс қарамайық. Құдай мұндай қайғы-қасіретті жоғары бағалайды. Ол «шын опық жеп, бағынған жүрекке» теріс қарамайды (Заб. 50:19). Иеміз «күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратын» (Ишая 66:2) адамға көз қырын салады.

Құдай биік және киелі жерде тұрса да, Ол сондай-ақ өкінген және Сөзін терең қастерлейтін адамдармен бірге.¹⁹ «Күнәларына өкініп қайғырғандар бақытты:

«Құдай оларды жұбататын болады!» (Мат. 5:4).

Күнәні мойындау

Тәубе ету дегеніміз жүректің ішкі мұңын ғана айту емес. Сонымен бірге ол Құдайдың күнәкар туралы пікірімен келісіп, Жаратқанның үкімі әділ екенін мойындауды білдіреді. Біз күнәкармыз, күнә жасадық және біз Құдайдың үкіміне лайықпыз деп ашық айту қажет. Киелі кітапта сипатталғандай тәубе етеміз десек, бұрынғы істерімізден, ескі болмысымыздан қашқақтамай, оны адал түрде мойындауымыз керек. Бұл қазіргі қоғамның көзқарасына қайшы келеді. Қоғамның көп бөлігіне ортақ пікір – адам өзін-өзі кешіре алады, өзін-өзі ақтай алады, ол ешқашан кінәлі емес. Адамның зұлымдығы өзінен емес, біз білмейтін қандай да бір жауыз және атаусыз күштен келеді деп ойлайды көбісі. Адамзат жасаған күнәсін басқа біреудің мойнына ілгісі келеді. Күнәға нешетүрлі сылтау табуға шебер. Адамға күнә жасататын – қоғам, білім, тәрбие немесе қиын жағдай деп жатамыз. Күнәкар өз күнәсі үшін жауапты, кінә – өзінен дегенде ойбайлап, талып қала жаздап, ашуланып жатамыз. Дегенмен, шынымен тәубе еткенде, біз бұл дәуірдің пікірін елемей, ақыры жауапкершілікті мойнымызға аламыз. Өмірімізде бірінші рет біз басқаны айыптамай, күнәміз үшін адалдықпен жауап береміз. Үніміз өшіп, Құдайдың алдында есеп береміз.²⁰ Еш сылтау іздемейміз, әділдіктен қашпаймыз.

Кінәні ашық айтқанда, яғни теріс істеріміз үшін жауапкершілік алғанымызда, Құдайдан ештеңе жасырмай, барлық күнәларымызды

19 Ишая 57:15

20 Римдіктерге 3:19

мойындаймыз. «Мойындау» сөзі сөзбе-сөз аударғанда «бірдей нәрсені айту» дегенді білдіретін грек сөзінен шыққан.²¹ Адам Құдайға бет бұрғанда, Жаратқан Ие күнәкардың жүрегін ашып, оған күнәсі туралы айтады. Құдай Сөзі тірі, әрекеті де күшті, ол екі жүзді семсерден де өткір. Құдайдың Сөзі бойымызға терең еніп, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды.²² Сонда адам күнәсімен бетпе-бет келіп, оның жексұрын табиғатын түсінеді. Күнәнің жиренішті сипаты көз алдынан кетпей, ол қанша тырысса да, көрген қорқынышты бейнесінен қашып құтыла алмайды²³. Күнәкар енді ешқайда жасырына алмайды, тек Құдайдың алдында күнәсін мойындау қалды.²⁴

Дәуіт сияқты, ол шын жүректен күнәсіне өкініп, оны өз еркімен толығымен мойындайды:

Мен Өзіңе қарсы күнә жасадым,
Сенің көз алдыңда зұлымдық істедім.
Осылай әділ Сенің айтқандарың,
Мүлтіксіз де маған жүргізген сотың (Заб. 50:6).

Ошия пайғамбар тәубе еткен сенушінің Құдай алдындағы жаңа шыншылдығын сипаттайды. Сол арқылы адам Иемізбен келісімге келеді және Құдайдың өзі туралы айтқанының бәрі ақиқат екенін ашық мойындайды:

Кінәларыңды мойындайтын сөздер айтып, Жаратқан Иеге қайтып келіңдер! Оған былай деңдер:

— Барлық күнәларымызды кешіріп, бізді рақыммен қабылдай гөр! Саған аузымызбен мадақтау айтып, соны сый-тарту ретінде ұсынбақпыз (14:3).

Айта кету керек, күнәға мұндай сезімталдық және оны мойындауға дайын болу Құдайға шынымен сенген адамның белгісі. Сенуші ондайды бастан кешірмесе, ол әлі де толығымен Құдайға бет бұрмағаны мүмкін. Жохан елші былай деп жазды: «Егер «күнәсізбіз»

21 Грекше «гомологіо».

22 Еврейлерге 4:12

23 Забур 50:5

24 Забур 31:5

десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны [яғни, біз мәсіхші емеспіз]. Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады [яғни, біз мәсіхшіміз]. Ал егер «еш күнә жасаған жоқпыз» десек, Құдайды өтірікші етіп көрсетеміз, әрі Оның сөзі жан дүниемізден орын алмағаны [яғни, біз мәсіхші емеспіз]» (Жоханның 1-хаты 1:8–10).

Шынайы сенімнің дәлелі – кейбіреулер қате ойлағандай, күнәсіз мінсіздік емес. Шынайы сенімнің дәлелі – күнәға сезімталдық, күнәға қатысты Құдай алдында шыншылдық және күнәні ашық мойындау.

Күнәдан теріс қарау

Көне өсиетте «тәубе» сөзі негізінен еврей тілінен аударылған, ол «кері қайту немесе бұрылу» дегенді білдіреді.²⁵ Бұл зұлымдықтан бас тартуды ғана емес, сонымен бірге әділдікке бет бұруды білдіреді.²⁶ Сондықтан шынайы тәубенің белгісі – шын мәнінде күнәдан бас тарту, яғни одан теріс бұрылу болады. Адам қанша көз жасын төксе де, күнәсін мойындағаны қанша шынайы көрінсе де, бұлар – Киелі кітаптағы тәубенің нақты дәлелі болып табылмайды.

Мұның бәрі Құдай жек көретін нәрселерден бас тартумен бірге жүруі керек. Оны растайтын Жазба үзінділері өте көп. Әзірше Езекиел пайғамбардың кітабынан мына үш аятты келтіргім келеді:

Сондықтан Исраил халқына былай де: Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Теріс жолдарыңнан қайтыңдар! Табынып жүрген жалған тәңірлеріңді тастап, барлық жексұрын салт-дәстүрлеріңнен бас тартыңдар! (14:6).

Бұрын істеген барлық зұлым қылықтарыңа өкініп, солардан бас тартыңдар! Сонда сендер өмір жолдарыңда әділетсіз іс істеп сүрініп құламайсыңдар. Істеп келген барлық зұлым қылықтарыңды тастап, жаңа жүрек пен жаңа рухты иемденіңдер! (18:30-31).

Мәңгі тірі Жаратушы Тәңір Ие өз атымен ант етіп мынаны айтады: Мен зұлымның өлімін емес, оның теріс жолынан қайтып, өмір

25 Еврейше «шыуб».

26 Хэррис, Арчер және Уолтке, «Theological Workbook of the Old Testament», 2:909.

сүре бергенін қалаймын. Кері бұрылыңдар! Теріс жолдарыңнан қайтыңдар, уа, Исраил халқы! Әйтпесе сендерге өліп не бар?! (33:11).

Шынайы тәубе күнәдан бас тарту арқылы көрінеді. Ол Киелі кітаптағы даусыз шындық. Сонда да, тәубеге қатысты бұл ақиқат тіпті ең тақуа сенушілерді шатастырып, қорқыныш туғызады. Мұндай шатасушылық көбінесе келесі сұрақтарда көрінеді: «Ескі күнәман бас тарттым. Оны жек көремін. Бірақ оны қайтадан жасасам, шынымен тәубе еттім бе? Рухани жолымда жиі сүрініп жатсам, ол шынымен тәубе етпегенім бе?». Бұл өте маңызды сұрақ жақсылап ойланып жауап беруді талап етеді. Бір жағынан, күнәға жиі қайта орала берсе, оның үстінен тұрақты рухани жеміс әкелмесе, тәубенің үстіртін ғана болғаны. Ол Киелі кітапта айтылған тәубе емес. Сол себептен шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия парызшылдарды «теріс жолдарыңнан қайтып, Құдай жолына түссеңдер, соған лайықты іс істеңдер!» деп шақырды, ал Иса: «Бұл халық Мені тек ауызбен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ» деген (Матай 3:8; 15:7–8).

Басқа жағынан, ақталған, киелі өмір салтын ұстанған сенуші көп қиындыққа тап болуы мүмкін. Тіпті ең мықты, кемел сенушінің өмірі күнәға қарсы үлкен күрес болып табылады. Онда жиі шайқастар, үлкен жеңістер және қапаландыратын жеңілістер болып жатады. Жерде өмір сүргенде, ешбір сенуші күнәнің арбауынан жүз пайыз құтыла алмайды. Күнә бізді әрдайым еліктіріп әкеткісі келеді, оның азғырынды тартымдылығын сезбеу мүмкін емес. Шынайы сенушілер күнәдан бас тартып, рухани өсіп-жетілсе де, күнә олардың өмірінде қайталанатын ауру болып қала береді. Күнә, әрине, азайып, айқын көрінбейтін болады, бірақ көктегі мәңгі өмірге дейін күнә ешқашан толығымен жойылмайды. Құдай бізге «барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын» деп уәде бергенімен, арамыздағы ең жетілген сенуші кейде өзі бас тартқан күнәға бой алдырады (Езек. 36:25). Біз күнәмен күресіп, жүлдеге ұмтылғандай Мәсіх жолымен жүгірсек те, тәнімізде өзімізге бағындырып, ұстамдылық танытсақ та, бұл дүниеде аса сақтықпен және даналықпен өмір сүрсек те, әлі кемелдікке жетпегенімізді, әлі де тәубе мен рақымға мұқтаж екенімізді көреміз.²⁷ Сондықтан сенушілер

27 1-Қорынтықтарға 9:24–27; Ефестіктерге 5:15

күнәға қарсы күрескен кезде, жүргізетін шайқастарына қарап, тәубенің жиі керектігіне қарап үміт үзбеулері тиіс. Мұндай күрес шынайы бетбұрыстың белгісі. Шынымен сенбейтін, екіжүзді адам мұндай шайқастың не екенін білмейді. Құдай мінсіз, жаңылыспайтын, сүрінбейтін, кемелді адамға ғана жақын деп қателеспейсіз. Күнәларына шын жүректен өкініп, Оның сөзін терең қастерлейтіндерге Жаратқан Ие жақын.²⁸

Демек, саналы тепе-теңдік қажет. Бұл мәселенің екі жағы бар, бірін жоғалтсақ, екіншісінен де айырылып қаламыз. Бір жағынан, шынайы мәсіхшілер киелілікте бірте-бірте ілгерілеп отырады және күнәны жиі жеңуде. Игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастырады.²⁹ Ол игі іс сенушінің өмірінде өсіп, нығайып, тереңдей түседі және орасан зор шындыққа айналады. Дегенмен, жердегі өмір барысында мәсіхшілер күнәдан ешқашан толығымен арыла алмайды. Бәріміз Құдайдың тәубе деген тамаша сыйына әрдайым мұқтажбыз. Екінші жағынан, киелі өмір салтын дамытпаған, Құдайдың жолына лайықты іс жасамайтын, тәубеге сай жемісті сирек әкелетін мәсіхшілер өз жандары үшін қатты алаңдауы керек. Олар өздерін сынап, иманда ма, жоқ па, соны тексерсін.³⁰

Істерден бас тарту

Бір қарағанда, істерден бас тартудың шынайы тәубеге қандай қатысы бар? Бұл қате сипаттама сияқты көрінеді. Бізді Құдай «Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай тұғызды да» деп сенеміз ғой (Ефес. 2:10). Сонымен қатар, шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия Құдай жолына лайық істерді жасауды бұйырды, ал Жақыптың айтуынша игі іс-әрекетсіз сенім – өлі.³¹ Олай болса, істерден бас тартуда шынайы тәубе қалай көрінеді? Жауап Еврейлерге 6:1-де: «Сол себепті Мәсіхтің Ізгі хабарының ең бастапқы тәлімін былай қойып, одан бетер жетілу үшін алға басайық. Тағы да ең негізгі тақырыптарға: бізді рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, Құдайға сенім арту жайында... тоқталғымыз келмейді».

28 Ишая 66:2

29 Філіпіліктерге 1:6

30 2-Қорынт. 13:5

31 Матай 3:8; Лұқа 3:8; Жақып 2:17, 26

«Рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тарту» деген тіркес өзіңнің жақсы істеріңнің арқасында Құдайдың алдында ақталамын деген үміттен бас тарту. Өзінің игі әрекетіне бола ешкім құтқарыла алмайды. Мәсіхтің тұлғасы мен еңбегінен басқа ештеңе адамды құтқара алмайды. Мәсіхтің арқасында емес, өз адал ісімен ақталамын дейтін адамның еңбегі – мағынасыз, өлі іс.

Жазба Құдайдың рақымымен, Мәсіхе деген сенімнің арқасында құтқарылдыңдар дейді. Ол – ешкімнің өз жетістігі емес, Құдайдан келген сый. Ешкім игі істерім арқылы құтқарылдым деп мақтана алмайды.³² Сондықтан Жазбаға сәйкес, рақым және істер – бір-біріне мүлдем қарама-қайшы. Бірін қабылдасаң, екіншісінен бас тарту керек. Мұны Пауыл елші Римдегі қауымға жазған хатында жақсы түсіндірген: «Ал Құдай рақым етіп таңдаған болса, онда оларды еңбектері үшін таңдамағаны. Әйтпесе рақым нағыз рақым болмас еді» (Рим. 11:6).

Классикалық логикада қайшысыздық қағидасы бар. Оған сәйкес, қарама-қарсы тұжырымдар бір уақытта және бір жерде ақиқат бола алмайды. Құтқарылуға келгенде, бұл қағида істер мен рақымға қатысты. Егер құтқарылу рақым арқылы болса, ол істер арқылы бола алмайды. Егер ол істер арқылы болса, рақым арқылы болуы мүмкін емес. Сондықтан, адам Мәсіхке сену арқылы құтқарылмас бұрын, алдымен кез-келген басқа жолмен құтқарыламын деген үмітінен бас тартуы керек.

Осылай Мәсіхті артық көріп, өзін-өзі ақтаудан бас тарту Құдай Рухының ұлы істерінің бірі болып табылады. Рух арқылы шынымен тәубе еткен адам Құдайдың қол жеткізгісіз әділдігін және өзінің азғындықтарының түпсіз тереңдігін көрді. Ол өз күнәсімен бетпе-бет келіп, Әйюп пен Пауыл елші сияқты ащы мұңға батуға мәжбүр болды:

Мен бәрібір зұлым деп айыпталады екенмін. Ендеше ақталуға тырысып нем бар? Тіпті сабынмен жуынып, қолдарымды сілтімен тазаласам да, бәрібір Сен, Құдай, мені сасық шұңқырға итеріп жібересің. Сонда тіпті үстімдегі киімім де өзімнен жеркөніп шыға келеді (Әйюп 9:29-31).

Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады? (Рим. 7:24).

Өздеріне және күнәларына шындап қарағанда, адамның ақиқатқа көзі ашылады. Сонда ол ең сұмдық, ең ауыр күнәларынан қалай бас тартса, дәл солай өзін-өзі ақтауға тырысудан бас тартады. Қанша игі істер жасалса да, қанша жақсы еңбек сіңсе де, құтқарылу одан тәуелсіз. Істері арқылы құтқарылғысы келген адам ол тілегінен тезірек арылсын.

Өзінің күйін шынымен түсінген адам енді Құдай алдында істері арқылы әділ болуға ұмтылмайды, керісінше Исаны мақтан етеді және өз болмысына сүйенбейді (Філіп. 3:3). Пауыл елшінің Құдайға бет бұру жайлы жазғаны мұны жақсы суреттейді:

Ал менің өзіме сүйенуге себептерім жеткілікті болар еді ғой. Егер біреу өзіне сенерлік дәлелім бар десе, менікі онікінен де артық: туғаннан кейін сегізінші күні сүндеттелдім. Израил халқының Бунямин руына жататын, таза еврей тұқымынан шыққан евреймін. Тәлімім бойынша Тауратты қатаң ұстанатын парызшыл болып, Мәсікке сенушілердің қауымын бар ынтаммен құдалайтынмын. Осылайша Таурат заңына сай әділеттілігім мінсіз еді.

Алайда осы «артықшылықтарымды» Мәсікке бола залал деп санай бастадым. Иә, мен бәрін де залал деп санаймын, өйткені Ием Иса Мәсіхті жақыннан танып білу өзге нәрселерден әлдеқайда жоғары. Иеме бола бұлардың бәрінен айырылдым, оларды түкке тұрғысыз сыпырынды деп санаймын да. Осылайша қабылдайтын сыйым — Мәсіхтің Өзі. Онымен тығыз байланыста тұруым үшін Таурат заңын орындауға негізделген жеке басымның ақталуына сүйенбеймін, қайта, Мәсікке деген сенім арқылы Құдайдан ақталған адам болғым келеді (Філіп. 3:4–9).

Рақым мен істер сияқты, шынайы тәубе мен өзін-өзі ақтау толықтай қарама-қайшы және бір адамда бірге жүре алмайды. Өкінбеген адам өзін «ештеңеге мұқтаж емес» деп санайды. Алайда Құдайдың Рухы оның жүрегін жаңғыртып, оның санасын нұрландырғанда, ол өзін «сорлы бейшара, рухани жарлы, жалаңаш әрі соқыр» деп санайды (Аян 3:17). Ол салық жинаушы сияқты, «тіпті назарын көкке көтеруге де батылы бармай, қолын кеудесіне қойып: «Я, Құдай, мен күнәкармын, рақым ете гөр!» — деп жалбарынады» (Лұқа 18:13). Ол

мына ескі мадақтау әнін жазған кісідей болады:

Заңыңның талаптарын
 Қолымның еңбегі орындай алмайды;
 Тынымсыз құлшынысым,
 Тоқтамай аққан көз жасым – ештеңе де
 Күнәмді өтей алмайды;
 Жалғыз Сенсің, Өзің ғана құтқаратын.
 Құр қол келіп,
 Айқышыңа жабысамын.³³

Күнәға өкінген адам еңбекке негізделген діннің барлық алдамшы мақтауларын үзілді-кесілді жоққа шығарады. Демек, оның жүрегі забур жыршысының келесі әнімен үйлеседі: «Біздің емес, уа, Жаратқан, тек Сенің атың, рақымың мен адалдығың үшін даңқталсын!» (Заб. 113:9). «Жүріс-тұрысыңа, мінезіңе, іс-әрекетіңе бола құтқарылдың» деген ой тәубе еткен адамның төбе шашын тік тұрғызады. Ол Пауылдың сенім ұстанымымен келісіп, «Иеміз Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінен басқа» нәрсеге мақтанудан Құдай сақтасын дейді (Ғал. 6:14).

Олай болса, құтқарылуда істердің қандай рөлі бар? Рақым молайсын деп, мәсіхші күнә жасай беруі керек пе?³⁴ Сенушінің әділдігі мен рухани жемісі жоқ болуы керек пе? Мүлдем олай емес! Шынайы тәубе етіп, құтқарушымыз – Иса Мәсіх деп сенгендердің жан-дүниесі Киелі Рух арқылы қайта жаңғырып, Мәсіхтің бейнесінде қайта жаратылады. Біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам.³⁵ Ол күнә үшін өлді және жаңаша өмір сүру үшін қайта тірілді.³⁶ Қайтадан туып, Киелі Рухтың үйіне айналған адам Құдайдың күші мен тынымсыз қамқорлығымен жеміс береді және Жаратқан Иенің ұлылығы үшін игі істер жасайды. Алайда бұл игі істер құтқарылуға әкелмейді. Керісінше, олар құтқарылудың нәтижесі болып табылады. Мәсіхшінің орындайтын істері – оның ақталуының себебі емес, дәлелі. Сенуші ол істерді істесін деп Құдай алдын ала дайындап қойған.

33 Огастус М. Топледи, «Rock of Ages» 2–3 шумақтар.

34 Римдіктерге 6:1

35 2-Қорынт. 5:17

36 Римдіктерге 6:2–4

Құдайға мойынсұнып бет бұру

Күнәдан бас тарту өз алдына мақсат емес, басқа Құдайға бет бұру деген үлкен мақсатқа жетудің құралы. Мораль мәсіхшілікпен бірдей емес. Сенушілер адамгершілікті адамгершілік үшін емес, Құдай үшін және Оның даңқы мен рахаты үшін жасайды.³⁷ Мәсіхшілікке жататын, яғни Киелі кітаптағы адамгершілік бар, иә. Бірақ, мәсіхшілік дегеніміз ең алдымен Құдай туралы және негізінде Онымен жақын, сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас болып табылады. Иса мұны былай сипаттады: «Мәңгілік өмір — Сені, жалғыз шынайы Құдайды, әрі Өзің жерге жіберген Мені, Иса Мәсіхті, жақыннан тану» (Жохан 17:3).

«Жақыннан тану» деп Иса мәсіхшілік өмірді интеллектуалдық әрекетпен шектемейді. Керісінше, Исаның «тану» дегені өте жақын қарым-қатынасқа меңзейді. Мәсіхшілік өмірдің мақсаты – Құдайды жақыннан тануға ұмтылу. Сол білім арқылы Жаратқан Иенің шексіз құнды қасиетін сәйкесінше қадірлеп, Оның тұлғасында терең қанағат пен қуаныш тауып, өзімізді Оның даңқына арнаймыз.

Ескі катехизмде айтылғандай (катехизм – сенімнің негізгі қағидалары мен тәлімін сипаттайтын құжат, аудармашының ескертпесі), «Адамның басты мақсаты – Құдайды мадақтау және Онымен қарым-қатынаста болудан мәңгілік рахатқа бөлену».³⁸ Сондықтан шынайы тәубе күнәдан бас тартумен тоқтамайды. Адамның бар тілегенінің бастысы – Құдайға толықтай бет бұру. Сол тілек орындалмайынша, тәубе жалғаса береді. Бұл Көне және Жаңа өсиеттерден алынған екі үзіндіде әсіресе анық көрінеді. Біріншісі Ишая пайғамбардан, ол арқылы Құдай былай деп жариялады:

Әлі кеш болмай тұрғанда Жаратқан Иеге бет бұрып, мойынсұныңдар! Иеміз құлақ салуға дайын тұрған осы кезде Оған сиынып жалбарыныңдар! Азғын адам теріс жолынан қайтып, әділетсіз жан өз ойларынан бас тартсын! Бәрі Жаратқан Иеге бет бұрсын, сонда Иеміз мейірімділік танытады. Олар Құдайымызға қайта оралсын, өйткені Ол жомарттықпен кешіреді (Ишая 55:6–7).

37 Киелі кітапқа сәйкес, моральдық қағидаларды ұстанудың жалғыз дұрыс себебі – Құдайға деген сүйіспеншілік және Оның даңқын арттыру. Басқа себептің бәрі – ашықтан-ашық жалған тәңірлерге табыну.

38 «Westminster Shorter Catechism», 1-ші сұрақ.

Бұл мәтінде Құдайға бет бұру деген сөздің маңызы зор. Күнәдан бас тарту – өз алдына мақсат емес, Құдайға қайта оралу деген үлкен мақсатқа апаратын алғашқы қадам. Біз Жаратқан Иеге бет бұруымыз үшін күнәдан бас тартамыз. Осы екі нәрсе қажет, өйткені Құдай мен күнә бірге бола алмайды. Күнә бар жерде Құдай жоқ, Құдай жоқ жерде күнә бар.

Екінші мәтін Пауылдың Салоникадағы қауымға жазған бірінші хатында. Ол олардың дінге бет бұрғанын былай сипаттайды: «Себебі жұрт сендердің бізді қандай жылылықпен қабылдағандарың және жалған тәңірлерден бас тартып, Құдайға бет бұрғандарың туралы бір-біріне айнала әңгімелеп жатыр. Енді сендер тірі де шынайы Құдайға қызмет ете жүріп, Оның рухани Ұлы Исаның көктен түсуін күтудесіңдер. Құдай өлімнен қайта тірілткен Иса бізді келешектегі қаһарлы соттан құтқарып алады» (Сал. 1-х. 1:9–10). Адамның күнәдан бас тартуы Құдайға бет бұру деген негізгі мақсатынан кейін, екінші орында тұрғаны тағы да анық. Салоникадағы сенушілердің шынайы сенімдерінің дәлелі – олардың бұрынғы пұтқа табынушылықтарынан бас тартып қана қоймай, тірі және шынайы Құдайға бет бұрып, Оған мойынсұнушылықпен қызмет етулерінде. Оның үстіне, олардың Жаратқан Иеге деген ықыластары соншалық, үлкен қайғы-қасірет кезінде олар сүйікті Ұлы Иса Мәсіхтің екінші рет келуін сағына күтуде. Екінші рет келгенінде, Иеміз бар әлемге біржола, бар даңқында, толықтай ашылатын болады. Салоникалықтар сол сәтті шыдамдылықпен күтті. Барлық шынайы тәубеде сияқты, олардың жүректерінде «күнәдан теріс қарау» және «Құдайға бет бұру» болды. Күнәдан бас тарту және Құдайға деген құштарлық болды.³⁹

Іс жүзіндегі бағыну

Адамның өмірінен Құдайдың сөзіне қарапайым және шын жүректен бағыну табылса, ол – нағыз тәубенің ең айқын және нақты дәлелі деп ойлаймын. Адам жүрегіндегі Құдайға деген ынтық сезімі мен сүйіспеншілігімен мақтана алады. Бірақ ол сөздің шыншылдығы сол кісінің өмірі Киелі кітап өсиеттеріне қаншалық сәйкес келетінінен ғана көрінеді. Шомылдыру рәсімін жасаушы Жақияның күшті сөздері

39 Киелі кітапта айтылған тәубенің осы екі қырын көрсететін үзінділер: Ишай 45:22; Жоқтау 3:39–41; Жоел 2:12–14; Зәкәрия 1:3.

жаңылысқа орын қалдырмайды. Адам «Құдай жолына лайық» жеміс берсе ғана теріс жолдан қайттым дей алады (Мат. 3:8). Өмірінде жеміс болмаса, адамның шынымен өкінбегені, тек эмоцияның жетегінде кеткені. Бұл бәрімізге ескерту, өйткені Құдайдың үкімінің балтасы ағаштың түбінде жатыр. Жақсы жеміс бермейтін әрбір ағаш шабылып, отқа тасталады. Істері жоқ сенім өлі және пайдасыз болғандықтан, жемісі жоқ өкіну құтқара алмайды, ол тек күшсіз жалғандық қана.⁴⁰ Алайда, егер адамның жүрегі шынымен Құдайға бұрылған болса, ол Құдайдың еркіне іс жүзінде жаңаша бағыну арқылы дәлелденеді. Тәубе ету ақыл мен сезімді қамтыса да, ақыр соңында адамның Құдайдың әмірлеріне өз еркімен мойынсұнуы тәубенің ақиқат немесе жалған екенін көрсетеді.

Шомылдыру рәсімін жасаушы Жақияның ескертуі – басқа ғасырға арналған ескірген пайғамбарлық хабар емес. Оның сөзі сәйкесінше Иса мен Пауылдың елшінің ілімдерінде де кездеседі:

Ал жақсы жеміс бермейтін әр ағашты кесіп тастап, отқа жағады. Сол сияқты, адамдарды да «жемістерінен» танып білесіңдер. Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады (Мат. 7:19–21).

Міне, осы себептен мен, Агриппа ағзам, маған көктен аян беріп, Бұйырғанға бағынбай тұра алмадым. Керісінше, алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі *соған лайықты іс істеңдер!*» деп уағыз айтып жүрдім (Елшілердің істері 26:19–20, курсив автордыкі).

Жазба адамның еңбегі немесе жақсы қасиеттері арқылы Құдайдың алдында ақталуға тырысқанын қатаң түрде жоққа шығарады. Дегенмен, тәубе мен сенім Құдай Рухының киелі, жаңадан жарататын жұмысының нәтижесі болып табылады.⁴¹

Рақымның осындай әрекеті әрқашан сенушінің өмірі өзгеруінде және жеміс беруінде көрінеді. Иеміз Иса Мәсіх Таудағы уағызында

40 Матай 3:10

41 Ғалаттықтарға 3:10

айтқандай, шын өкінген және сенген адамдарды «жемістерінен танып білуге» болады (Мат. 7:16–20). Бұл шын өкінген адам толықтай мүлтіксіз, кіршіксіз, Құдайға бағынбаудың бір дағын түсірмей, жүз пайыз мінсіз өмір сүреді дегенді білдірмейді. Сондай-ақ ол Забур 1:3-тегі жарылқанған адам сияқты әрқашан мол жеміс береді демейді:

Ол су жағасындағы ағашқа ұқсайды:
Сол мерзімінде жемісін береді,
Жапырақтары кеуіп те сембейді,
Не істесе де, ол табысқа жетеді.

Алайда тәубе еткен сенуші Құдайдың бұйрықтарын орындауға бейім болады және оның өмірінен қарапайым, іс жүзіндегі бағыну байқалады. «Тәубе еттім» деп, бірақ өмірінде жеміс әкелмейтіндер сөздерінің растығына, әрі Құдай алдындағы хал-жайына сенімді бола алмайды.

Тәубе етуді жалғастыру және тереңдету

Шынайы тәубеге келудің соңғы сипаты және соңғы сынағы – сенушінің өмір бойында жалғасуы және өсуі. Киелі Рухтың арқылы бізде игі ісін бастаған Құдай оны аяғына дейін жеткізеді. Өмір бойы тәубенің жетіліп, тереңдей түсуін Иеміз қамтамасыз етеді.⁴² Бұл Марқаның Ізгі хабарында жазылған Мәсіхтің сөзінде ашылады: «Иса Ғалилея аймағына барды. Сонда Ол Құдайдың Ізгі хабарын жариялап былай деді: “Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніңдер!”» (1:14-15). Мәтіннің грекше түпнұсқасында тәубе ету және сену туралы бұйрықтар осы шақта жазылған, яғни ол әрекеттің жалғасуын білдіреді. Мәсіхтің айтқанының дұрыс мағынасын жеткізу үшін былай деп те аударуға болады: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Сондықтан әрдайым тәубе етіп, Ізгі хабарға сеніп өмір сүріңдер».

Адамның шынымен тәубе етіп, құтқарылғанын қалай білуге болады? Оның шын өкінгенінің дәлелі – өмір бойы тәубе етуді жалғастыруында. Ол тәнмен, күнәнің алдамшылығымен және

42 Філіппіліктерге 1:6

жүрегінің қаталдығымен күресу керек болса да, тәубе өмірінде әрдайым бар. Осы себепті, дүниенің кейбір жерлерінде шынайы мәсіхшілерді кекетіп «өкінушілер» деп атайды, өйткені олардың өмірінде үнемі өсіп келе жатқан, тереңдей беретін және жетіліп бара жатқан өкіну байқалады.⁴³

Тәубенің әрдайым керектігін Мәсіхтің уағызында да оқимыз: «Күнәларына өкініп қайғырғандар бақытты: Құдай оларды жұбататын болады!» (Мат. 5:4). Бұл мәтінде «қайғырғандар» сөзі жалғасып жатқан әрекетті білдіретін осы шақтағы етістіктен аударылған. Мәсіх мезгіл-мезгіл немесе оқтын-оқтын қайғыратындарды емес, үнемі қайғыратындарды бақытты дейді. Мәсіхтің сөздері қосымша растауды қажет етпесе де, Жазбада оған мол қолдауға бар. Жаратқан Ие дәл сол шындықты Ишая пайғамбар арқылы растады: «Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар» (66:2).

Көбінесе қазіргі мәсіхшілікте тәубе—тұмауға немесе полиомиелитке қарсы екпе сияқты түсіндіріледі. Яғни, сенімге ең алғаш рет келгенде жасасаң болды, одан кейін оның керегі жоқ сияқты. Дегенмен бұл Жазбаның тәубе туралы көзқарасына қайшы келеді. Шын мәнінде, адамның құтқарылу үшін шын тәубе еткенінің дәлелі – оның бүгінгі күні де тәубе етуінде және тәубесінің сенімге кірген күннен бастап тереңдеп, ұлғаюында.

Заманауи дәуірімізде бәріне ортақ бір мақсат бар сияқты, ол – *осы өмірде* бақытқа ұмтылу. Атеист болса да, діндар болса да, бәрі осымен келіседі деп ойлаймын. Демек, мәдениет пен қазіргі мәсіхшілікте біреудің бақытын, сезімін, өз-өзіне деген көзқарасын бұзатындай нәрсені айтуға қатаң тыйым салынған. Тәубе, қайғы, егіліп күйіну сияқты мәсіхшілік рақымдарға ұмтылуды былай қоя тұрайық, адамдар олардан аулақ болғысы келеді. Осы себепті Құдайдың балаларының көпшілігі мәсіхшілік өмірлерінде үлкен кедергілерге тап болады. Күнәға өкіну – құтқарылу жолындағы маңызды алғашқы қадам ғана емес, сонымен бірге шынайы қуаныштың катализаторы екенін түсінбейді.

43 Румыниядағы мәсіхшілердің қарсыластары оларды келекелеп «өкінушілер» деп атайды.

Дінге келгенде адам Құдайды және өзін бұрын-соңды тіпті білмегендей көре бастайды. Құдайдың киелілігі мен әділдігін түсіне бастағанда ғана адам өзінің шынымен кім екенін біле бастайды. Дәл осы жаңа түсінік тәубе мен қайғыға әкеледі. Соған қарамастан, сенуші үмітін үзіп қалмайды, өйткені оған Иса Мәсіх бейнесіндегі Құдайдың шексіз рақымы ашылады. Осының өзі – сөзбен айтып жеткізе алмас қуаныш.

Мұны сенуші өмір бойы қайта-қайта басынан кешіреді. Жылдар өткен сайын мәсіхші Құдайды және өзін анығырақ көретін болады. Нәтижесінде бұрынғыдан да бетер өкініп, егіледі. Дегенмен, мәсіхшінің қуанышы да өсе береді, өйткені ол Мәсіхтің тұлғасы мен ісіндегі Құдайдың сүйіспеншілігін, рақымын және мейірімін тереңірек танып біле береді. Оған қоса, сенуші өзінің іс-әрекетіне арқа сүйеуді азайтып, Мәсіхтің кемелді ісіне көбірек үміт артатын болады. Осылайша оның қуанышы артып қана қоймай, сонымен қатар тұрақты, табанды бола береді. Ол тәнге сенуден бас тартып, Мәсіхтің ізгілігі мен еңбегіне толығымен сүйенетін болады. Біріншісі – пұтқа табынушылық болса, екіншісі – шынайы мәсіхшілік береке.

ЕКІНШІ ТАРАУ



Сенімге шақыру

Жақия пайғамбар тұтқындалғаннан кейін, Иса Ғалилея аймағына барды. Сонда Ол Құдайдың Ізгі хабарын жариялап былай деді: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніңдер!»

— Марқа 1:14-15

Ал енді Құдайдың адамдарды ақтау жолы көрсетілді. Бұл жолға заңды ұстанудың қатысы жоқ. Ол туралы Таурат пен Пайғамбарлар жазбалары білдірген еді. Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де Иса Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды. Себебі бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ.

— Римдіктерге 3:21-22

Ал сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану.

— Еврейлерге 11:1

Сенімге шақыру тәубеге шақырумен бірдей маңызды. Екеуі де нағыз Ізгі хабарды уағыздауда міндетті түрде бар. Сондықтан тәубемен қоса сенімнің де табиғатын және Құдайға шынымен бет бұрудағы көрінісін дұрыс түсінуіміз керек.

КИЕЛІ КІТАП ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Көне өсиеттегі «сену» сөзі еврей тілінен шыққан. Ол «нық тұру, нану, әлденеге күмәнданбау» дегенді білдіреді.¹ Жаратылыстың

¹ Еврейше «аоман».

басталуы 15:6-да «Ыбырам Жаратқан Иеге сенді, сондықтан Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады» делінген. Яғни, Ыбырайым Құдайдың уәдесіне нық сенді.

Дәл осы идея Аббақұқтың «әділ адам сенімі арқылы шынайы өмір сүреді» деген атақты сөзінен көрініс табады. Мұндағы «сенім» сөзі табандылық немесе тұрақтылықты білдіретін еврей сөзінен аударылған (2:4).² Көне өсиетте Құдайға сену – Оның уәдесіне күмәнданбау, қалтқысыз сену, қорықпай Оның сөзіне арқа сүйеуді білдіретін.

Жаңа өсиеттегі «сену» сөзі грек тілінен аударылған, ол «бір нәрсені шындық деп қабылдау, оған сенім артатындай дәрежеде шындық деп білу» дегенді білдіреді.³ Бұл грек сөзі еврей тіліндегі Құдайдың мінезі мен уәделеріне деген терең иланым идеясын жеткізу үшін ең қолайлы.

КИЕЛІ КІТАП АНЫҚТАМАСЫ

Киелі кітап сенімді жұмбақ қылып көрсетпейді. Ол – бізге қолжетімсіз бір құпия емес. Сенімнің мағынасын түсіну үшін қиялдың қажеті жоқ. Киелі кітаптағы сенімге қатысты анықтық – әр сенушіге үлкен жарылқау, әрі Құдайдың даналығының көрінісі. Жазбада сенімнің айқын анықтамалары және біздің түсінігімізді арттыратын көптеген мысалдар бар. Еврейлерге арналған хаттың жазушысы осы анықтамалардың ең қысқасын жазған: «Сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану» (11:1).

«Иланым» сөзі үйдің негізі, іргетасы, немесе ғимаратқа беріктік беретін басқа да құрылымды білдіретін грек сөзінен шыққан.⁴ Ол ақыл-ойдың беріктілігін, кәміл шешімді, нығыздықты, табандылықты білдіреді. «Наным» сөзі бір нәрсенің бар екеніне немесе оның шындығына сенуді білдіретін грек сөзінен шыққан.⁵ Осы сөздердің мағынасын ескере отырып, Киелі кітапта айтылған сенімге келесідей анықтама берсек болады. Сенім дегеніміз – сенушінің үміттенетін нәрсесінің қазір бар екеніне немесе болашақта пайда болуына

2 Еврейше «емуна».

3 Грекше «пистево».

4 Грекше «ипостасис».

5 Грекше «еленхос».

иланымы және ол көрмеген нәрсенің шынымен бар екеніне нанымы.

Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған сенімнің бұл анықтамасы⁶ бізге өте маңызды екі сұрақ қояды: үміттенетін нәрсеміздің барына деген иланымды қайдан аламыз? Ешқашан көрмеген нәрсемізге қалай нана аламыз?

Жауапсыз қалған жағдайда, бұл екі сұрақ адамның сенімін құр болжамға айналдырады. Сенім – ойдан шығарылған қиялды шындық деп қабылдау дейтін скептиктерге де бұл өте қолайлы. Есінен ауысқан адам өзін Шыңғыс ханмын деуі немесе аңыздағы қазына сандығы үйімнің астында көмүлі деп сенуі мүмкін ғой. Адам өзінің қалағанына тайынбай, мызғымас наныммен сене берсін, бірақ ол шынымен де олай емес қой. Олай болса, мәсіхші өзі үміттенген құтқарылуға және өзі ешқашан көрмеген рухани шындыққа қалай сенімді бола алады? Осы екі маңызды сұрақтың жауабын Пауыл елшінің Римдегі қауымға жазған хатынан табуға болады. Қарт Ыбырайым Құдайдың ұл уәдеге еткеніне былай қарады: «Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті» (Рим. 4:21).

Бұл мәтінде Киелі кітаптағы сенімді болжам немесе тілектен басқаша ететін екі маңызды нәрсе бар. Ыбырайым ұлды болатынына тек Құдай уәде еткендіктен сенді. Ыбырайым Құдайдың адал әрі уәдесін орындауға қабілетті екенін білді. Жасы жүзге таяп қалған Ыбырайым денесін ойлаған кезде, баланың туыла алмайтынын көрді. Жұбайы Сараны ойласа, оның денесі жүкті болуға және бала табуға қабілетті емес екенін білді.⁷ Дегенмен, Құдай Ыбырайымға ұл уәде етті, ал Ыбырайым «сенімсіздігі арқылы Құдайдың уәдесінен тайынбады, бірақ сенімі нығайып, Құдайды мадақтады» (Рим. 4:20). Ыбырайымның осы мысалынан біз Киелі кітаптағы сенімнің табиғаты туралы бес маңызды ақиқатты білеміз:

1. Егер Құдай өз Сөзінде әлденені уәде еткен болса, оның орындалатынына сенімді бола аламыз.
2. Өз көзімізбен көрмесек те, уәде етілгеннің шын екеніне сенімді бола аламыз, өйткені Құдай оны бізге тікелей ашты немесе Өз Сөзінде мәлім етті.

6 Тимотеге 2-х 3:16; Петір 2-х 1:21

7 Римдіктерге 4:19

3. Құдайдың Өз Сөзінде уәде еткеніне немесе жариялағанына иланымның жоқтығы сенімсіздік болып табылады.
4. Құдай уәде етпеген нәрсеге сенім – тек болжам ғана.
5. Шынайы, Киелі кітап айтатын сенім сезімдерге, эмоцияларға немесе адам даналығына емес, Құдайдың Өз Сөзінде бізге ашқан немесе жария еткен нәрселеріне негізделеді.

Сөзімізді жалғастырмас бұрын, бұл пайымдауда қателік бар, Киелі кітапты Құдай Сөзі деуге болмайды дейтін скептиктерге жауап бергім келеді. Киелі Жазба деп атайтын бұл кітабымыздың Құдайдың адамзатқа жіберген аяны екенін қайдан білеміз? Ондағы уәделердің тек бізге қатысты екеніне қалай сенеміз? Бұл сұрақтардың жауабы екі жақты. Біріншіден, Киелі кітаптың өзін-өзі дәлелдейтін даңқы бар. Оның сұлулығы мен даналығына тең келетін басқа туынды жоқ. Оның ауқымдылығы мен кемел бірлігі – бірегей. Онда жазылған көптеген пайғамбарлық сөздердің нақты, сөзбе-сөзбе орындалуы – Құдайдың араласуына дәлел. Оның үстіне, Киелі кітап адамның қиыншылықтарына, әлемде зұлымдықтың бар екеніне жалғыз ақылға қонымды түсіндірме береді. Жазбаның адамзат туралы айтқанының бәрі шындық екенін тарих дәлелдеп отыр.

Екіншіден, Киелі Рухтың жұмысы бар. Онсыз сенім мүмкін емес. Мәсіхшілердің басым көпшілігі Мәсіхке апологетиканың көмегіңсіз сенеді (апологетика дегеніміз сенімді ғылыми аргументтермен дәлелдеу – аудармашының ескертпесі). Оның үстіне, сенімдеріне бола қудалауға ұшырағандардың көпшілігі апологетиканың классикалық дәлелдеріне сүйеніп, жүректеріндегі үмітке негіз бере алмайды. Олай болса, олардың Киелі кітапқа және ондағы Ізгі хабарға деген сенімінің негізі не болды? Жауап – Киелі Рухтың қайта тудырушы және нұрландырушы жұмысы. Мәсіхші Киелі кітапты Құдай Сөзі деп санайды, өйткені Киелі Рух оны ашып берді. Тиятир қаласынан шыққан Лүдияның оқиғасына ұқсас, Жаратқан Иенің әрекеті сенушінің Сөзге сенуіне түрткі болады.⁸

Міне, сондықтан дүниенің ең шалғай, өркениет жетпеген жеріндегі тайпадан шыққан сенушінің өзі Жазбаны жоққа шығарудан

8 «Солардың арасында Лүдия есімді әйел болды, ол Тиятир қаласынан келген, қызыл мата сатушы еді. Лүдия басқа ұлттық болса да, Құдайды қастерлейтін. Иеміз оның жүрегін жібітіп, Пауылдың айтқан сөзіне құлақ түргізіп, соны қабылдатты» (Елшілердің істері 16:14).

гөрі азапты өлімді артық көреді. Ол Жазбаның шындық екенін және ол үшін өлуге тұрарлық екенін біледі, өйткені Құдай мұны сенушіге мәлім етті. Білімсіз, қорғансыз адамның өзінде құтқарылуға сенімі бар. Ол бұрын-соңды көрмеген рухани ақиқатқа сенеді, өйткені Киелі Рухтың жаңарататын, нұр жаудыратын жұмысы арқылы Құдай оның жүрегін өзгертті.⁹

Киелі кітапқа сәйкес мәсіхшіліктің сұлулығы да, айтыс тудыратын қасиеті де осы ақиқаттан табылады. Апологетика Ізгі хабарды уағыздауда және сенушілердің сенімін нығайтуда өте пайдалы болғанымен, біздің сеніміміз барлық сұрақтарға жауап беру немесе скептиктердің сөзін жоққа шығару қабілетімізге тәуелді емес. Біз Киелі кітап пен Ізгі хабарға сенеміз, өйткені «Жаратылыстың басталуында қараңғылықтан нұрдың жарқырауын бұйырған Құдай» жан дүниемізді де жарқыратып, бізді Иса Мәсіхтен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығын білдіріп, нұрландырады.¹⁰ Бұл ақиқат Ізгі хабарды уағыздаушыға дұрыс бағыт береді. Уағыздаушы, әрине, Ізгі хабарды түсіндіру үшін мықты логикалық дәлелдерді қолдана алады, бірақ Ізгі хабардың өзі – адамдарды құтқаратын Құдайдың құдіреті екені есімізде болсын.¹¹

МӘСІХКЕ ДЕГЕН СЕΝІМ

Құдайдың рақымы арқылы құтқарылу үшін біз күнәларымызға өкініп қана қоймай, Құдай Өзінің Ұлы Иса Мәсіх арқылы істегеніне сенуіміз керек. Барлық басқа сенімдерден бастартып, тек Иса Мәсіхтің тұлғасы мен жұмысына, Оның күнәларымыз үшін айқыштағы өліміне және қайта тірілуіне сенуіміз керек. Ол істегенін біз үшін істегеніне және Оның айқыштағы құрбандығының арқасында біз Құдаймен татуласып, мәңгілік өмірге ие болғанымызға сенуіміз керек.

Құдай барлық жердегі адамдардың бәріне теріс жолдарынан қайтуды бұйырғандай, тұра солай Өзінің Ұлына сенуді бұйырды.¹² Жохан елшінің бірінші хатында былай жазылған: «Ал Құдайдың өсиеттері мынау: Оның рухани Ұлы Иса Мәсіхке [сенуіміз]... керек» (3:23). Көпшілік Исадан

9 Ишай 54:13; Еремия 31:34; Жохан 6:45

10 Қорынттықтарға 2-хат 4:6

11 Римдіктерге 1:16

12 Елшілердің істері 17:30

«Құдайдың еркін іске асыру үшін» не істеу керек екенін сұрағанда, Ол: «Жібергенге сеніңдер, Құдайдың еркі сол» деп жауап берді (Жохан 6:28-29). Сонымен қатар, Иса Мәсіхке сену дегеніміз – басқа нәрсеге не тұлғаға сенуден бас тарту деген сөз. Иса әлемнің Құтқарушысы екеніне сену – басқаша пікірдің бәріне сенбеу. Бұл мәсіхшілік сенімнің ең көп дау тудыратын талабы болуы мүмкін. Адам Исадан басқа әлдекім не әлдене құтқара алады деген ойдан бас тартса ғана, Мәсіхке Құтқарушы ретінде сенемін дей алады. Құтқарылуға тек осындай сенім әкеледі. Шынайы сенімге сәйкес, Иса Мәсіх – көп құтқарушының бірі емес емес, жалғыз Құтқарушы.

Бұл пікір радикалды фундаменталистердің надандықтан ойлап тапқаны емес, ол Мәсіх пен елшілерінің ілімдерінен бастау алады. Иса Өзіне нұсқап, былай деді: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды» (Жохан 14:6). Петір елші де Жоғары кеңестің алдында тұрып: «Исадан басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаңарынан) құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!» (Елшілердің істері 4:12). Пауыл елші жас Тимотеге қауымда қызметін атқаруға және Иса Мәсіхтің адал сарбазы ретінде қиыншылықтарға шыдауға кеңес берді,¹³ өйткені «Құдай — біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол — адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх» (1 Тим. 2:5). Осы үзінділерге сүйене отырып, Иса Мәсіхтен басқа құтқарылу мүмкіндігі бар дейтін кез-келген адам сенімнен бас тартты десек, аса сыншылдық емес. Ондай адам келесі қорқынышты ескертуді ұмытпасын: «Бірақ Менен жұрт алдында танған әркімнен Мен де көктегі Әкемнің алдында танбақпын» (Мат. 10:33).

Мәңгілікке аман-есен жеткізетін бір ғана жол бар: Мәсіх және Оның Ғолғота айқышындағы азапты өлімі. Петірдің елшінің сөзін қайталаймын: «Исадан басқа ешкім де бізді құтқара алмайды!» (Елшілердің істері 4:12). Құдай тек осы Ізгі хабарды құптайды.

ҚҰДАЙДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫНА ДЕГЕН СЕНІМ

Римдіктерге жазған хатында Пауыл елші шынайы сенімнің нәтижесіне қатысты маңызды түсіндірме қалдырған. Ол былай

13 Тимотеге 2-хат 2:3; 4:5

деп жазады: «Ыбырайым Құдайдың уәдесіне күмәнданбай, Оны дәріптеді» (4:20, ағылшыншадан аударма, курсив автордыкі). Ыбырайымның сенімі Құдайды дәріптеді. Оған қоса, сенімнің бар болуының өзі Құдайды мадақтағаны анық. Еврейлерге арналған кітапта мұны әрі қарай түсіндіретін үзінді бар. Онда былай делінген: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» (11:6).

Біздің сеніміміз Құдайды қуантады және мадақтайды. Себебі сенім өз ауымызбен «Жаратқан Ие – адал» дегенге тең. Сенімі бар өмір Құдайдың мінезіне кәуәлік етеді. Құдай Сөзіне сенгенде, біз Жаратқанның Өзі туралы айтқандарының бәріне сенетінімізді көрсетеміз. Оған сену – адамдар мен періштелерге Оның адал әрі әділ Құдай екенін паш ету. Біздің сеніміміз барлық әлемге Оның ісі кемелді және барлық жолдары әділ екенін хабарлаумен тең. Сенгенде біз Иеміздің мыңыншы ұрпаққа дейін Келісімін сақтап, рақымын төгетінін және ешқашан жалған сөйлемейтінін жария етеміз.¹⁴ Тура солай, сенімнің жоқтығы Құдайдың мінезін тікелей қорлау болып табылады. Бұл Оның өткендегі істеріне және қазіргі уақыттағы адалдығына күмән келтіреді. Сенбеген жан көпшіліктің алдында «Құдай шынымен бар ма? Ол Өзін іздегендерді жарылқайды ма? Ол шынымен де осындай уәде берді ме?» деп мысқылмен күдіктенгендей болады. Мұндай сұрақтар Құдайдың Сөзін адамдардың сотына қалдырады. Ондай ойлар – шайтанның ойлап тапқаны және ең әуеліде ата-бабамызды құрту үшін қолданылған құрал.¹⁵ Құдайға сенбеу – Оның кім екеніне күмән келтіру болып табылады. Ал сену – Жаратқан Иенің Өзі туралы айтқанын растау және Оны дәріптеу.

Ізгі хабарға келсек, бұл ақиқаттың үлкен мәні бар. Құдай тарихтағы барлық істеріне мөрін басып, оларды көптеген керемет және даусыз дәлелдермен растады. Алайда Құдайдың ең үлкен, ең маңызды кәуәлігі Оның Ұлына қатысты. Демек, Ұлына сенетін адам Құдайға сенеді және Оның еркін орындайды, ал Ұлына сенбейтін адам Құдайды өтірікші етіп, Оған қастандық танытады. Жохан елші былай жазды:

14 Руларды санау 23:19; Заңды қайталау 7:9; 32:4; Титке 1:2; Еврейлерге 6:18

15 Жаратылыс 3:1–6; Жохан 8:44

Адамдардың куәлігін қабылдап жүрміз. Ал Құдайдың куәлігі адамдікінен гөрі салмақтырақ. Сондықтан Құдайдың Өзінің рухани Ұлы жайында берген куәлігіне сенуге тиіспіз. Оның рухани Ұлына сенген кісінің жүрегінде Құдайдың куәлігі жүреді. Ал Құдайға сенбеген кісі Оны өтірікші етіп көрсетеді, себебі ол Құдайдың Өзінің рухани Ұлы туралы берген куәлігіне сенбейді. Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады. Осы өмір Оның рухани Ұлында: Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ. (Жоханның 1-хаты 5:9-12).

Киелі Рухтың жетелеуімен Жохан мінсіз логика келтірген. Біріншіден, кез-келген адамның куәлігінен гөрі, Құдайдың куәлігі салмақтырақ дейді. Жазбада барлық адамдар бірдей өтірікші делінген¹⁶, бірақ «Құдай өтірік айтатын пенде емес, ойын өзгерте беретін адам да емес» (Ру. сан. 23:19). Сондықтан, күнделікті өмірде адамның куәлігіне сенетін болсақ, Құдайдың куәлігіне одан бетер неге сенбейміз? Екіншіден, Құдайдың Өз Ұлы жайында берген куәлігі айтылған. Жаратқанның куәлігі мынада: құтқарылуға, Құдаймен қарым-қатынасқа және мәңгілік өмірге қатысты барлық нәрсе Иса Мәсіхте ғана бар. Соңында Жохан Мәсіхті толық қабылдамаған адамның мәңгілік өмірге үміті жоқ және Ұлына сенбейтін кез-келген адам Құдайды өтірікші етіп шығарады деген ымырасыз және мызғымас қорытындыға келеді. Иса Мәсіх арқылы болмаса, адамдардың Құдайға қатысы жоқ. Бұл мәсіхшіліктің тірегі: «Кім Ұлды мойындамаса, оның Әкеге қатысы жоқ. Ал кім Ұлды мойындаса, соның Әкеге де қатысы болады» (Жоханның 1-хаты 2:23).

Олай болса, Назареттік Иса – Құдайдың сүйікті рухани Ұлы, әрі жол, шындық және шынайы өмір, Онсыз ешкім Әкеге бара алмайды.¹⁷ Осыған Құдай ең үлкен куәлік берді. Осыған сену, үміт арту және арқа сүйеу арқылы біз Құдайды барынша риза етеміз және мадақтаймыз. Ұлы туралы осы ақиқатқа сенген және оны мойындаған адам Құдайға ұнамды. Ондай сенім Құдайдың есімін дәріптейді. Оған сенуден бас тартқан адам Құдайды өтірікші етіп шығарады және мәңгілік өмірге деген үмітінен айырылады.

16 Римдіктерге 3:4

17 Матай 3:17; 17:5; Марқа 9:7; Жохан 14:6; 2 Петір 1:17

МАҚТАНУДЫҢ СОҢЫ

Құтқарылу үшін ең аз болсын, жасалған істерге деген үміт қосылса, мәсіхшілік еңбек дініне айналады. Онда ақталу өз ісіңмен қол жеткізуге болатын нәрсеге айналады. Ондай ойға сәйкес, Құдай – адамзатқа қарыздар, ал адамзат Оның алдында мақтана алады. Міне, сондықтан Пауыл елші хаттарында адам баласының азғындығын көрсетуге және тәнмен Құдайға ұнау мүмкін еместігін дәлелдеуге бар күшін салған. «Сондықтан (басқа ұлттардың да, яһуди халқының да) барлық адамдары ешбір сылтау таппай, үндері өшеді» делінген (Рим. 3:19). Сонда ғана адамдар өздеріне емес, Құдайға сеніммен қарайды. Сонда ғана олар істеріне үміт артуды тоқтатып, рақым құшағына түседі. Сонда ғана олар өздерімен емес, Құдаймен мақтанатын болады. «"Кім мақтанғысы келсе, тек Жаратқан Иемен мақтансын!" — деп (Пайғамбарлар жазбаларында) жазылғандай істеңдер» (Қор. 1-х. 1:31).

Римдіктерге арналған хаттың 3-тарауында Пауыл осы ақиқатты Киелі Рухтың жетелеуімен айқын көрсетеді. Тараудың алғашқы үштен екі бөлігінде ол барлық адамдардың күнәкар екенін және әділ Құдай мен Оның заңының алдында сотталатынын дәлелдейді.¹⁸ Содан кейін ол назарын Мәсіхтің Ғолғотадағы ерлігіне аударып, Жазбадағы ең керемет шындықты келтіреді. Мәсіх күнәларымыздың құнын өтеді. Ол Өз халқының күнәларын мойнына алып, олардың орнына Құдайдың қаһарына ұшырады. Осылайша Құдай Өз әділдігін бұзбай, зұлым адамдарды ақтай алды.¹⁹ Соңында, Пауыл сөзін былай аяқтайды: «"Ал енді, мақтануымызға бола ма?" Мақтанатын түгіміз жоқ. "Не себептен бұлай? Игі істер жасау арқылы ақтала аламыз ба?" Жоқ, сену арқылы ғана ақтала аламыз. Сонымен біз адам заң бойынша жасаған игі істері арқылы емес, сенімі арқылы ғана ақталады деген қорытындыға келеміз» (Рим. 3:27–28).

Көріп отырсаңыз, Пауыл риторикалық сұрақ қойған: «Ал енді, мақтануымызға бола ма?». Әлдекім жауап бермес бұрын ол «Мақтанатын түгіміз жоқ» деп қатаңдықпен айтады. Пауылдың сөзін «Ол өшірілді немесе сыртқа шығарылды» деп те аударуға болады.²⁰

18 Римдіктерге 3:1–20

19 Римдіктерге 3:21–26

20 Джозеф Генри Тайер, «Thayers Greek-English Lexicon» (Гранд Папидс: Бейкер, 1977), 195.

Бұл жерде Пауыл істер арқылы құтқарылудың немесе істермен мақтанудың жарамсыздығын және түкке тұрмайтынын білдіру үшін аористік шақты қолданған.²¹ Пауыл: «Істермен құтқарылғың, істермен мақтанғың келеді бе? Бұл мәселені талқылау былай тұрсын, оны ойламай-ақ та қой. Құдайдың алдында ақталу құралы ретінде еңбек біржола алынып тасталды» дейтін тәрізді.

Айта кету керек, мақтанудың бәрі жоққа шығарылмайды, тек адамның өз еңбегімен мақтануы ғана түкке жарамсыз. Біздің істерімізде, тіпті сенімімізде мақтануға орын жоқ болса да, Құдаймен және Оның рақымымен мақтануға негіз де, орын да бар. Біреу «өзің “ұстанған үмітті” түсіндір» дегенде (Петірдің 1-хаты 3:15), біз «Бәрі де рақымның арқасында!»²² деп нақты айтуымыз керек.

Ол бізді Иса Мәсіхтің арқасында рухани балалары етуге алдын ала белгілеп қойды; Оның ізгі еркі осы болған. Өзінің сүйікті рухани Ұлы арқылы бізге сыйлаған керемет рақымы үшін Құдай мадақтала берсін! (Ефес. 1:5-6).

Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсікке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істеріміңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын (Ефес. 2:8–9).

Біздің емес, ға, Жаратқан, тек Сенің атың
Рақымың мен адалдығың үшін даңқталсын!
(Заб. 113:9).

Табиғатынан адамдар атаққа құмар, менменсінген, мақтаншақ. Бәріміз Ләмех пен Хаман сияқтымыз.²³ Даналығымызбен, күш-қуатымызбен және мәртебеімізбен мақтанамыз, бірақ өміріміз – ғайып болатын бу іспетті өткінші, ал әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті.²⁴ Сол себепті Еремия пайғамбар былай ескертеді:

21 Пауыл «эक्клейо» сөзінің аористік шағын қолдана отырып, «[мақтану] үзілді-кесілді, біржола өшірілді» дейді. У. Робертсон Николл, «Expositor's Greek Testament» (Лондон: Ходдер және Стоутон, 1897–1910), 2:613.

22 Бұл ойды Чарльз Спердженнің келесі кітабынан алдым: «All of Grace: An Earnest Word with Those Who Are Seeking Salvation by the Lord Jesus Christ», (Пасадена, Техас: Pilgrim Publications, 1978).

23 Жаратылыс 4:23–24; Естер 5:11

24 Ишая 2:22; 64:6; Жақып 4:14

Жаратқан Ие мынаны да айтады: Дана даналығымен, мықты мықтылығымен, бай байлығымен мақтанбасын! Ал кім мақтанғысы келсе, тек Менің Жаратқан Ие екенімді және жер бетінде рақым, әділет пен әділдікті жүзеге асыратынымды біліп-түсінетінімен мақтансын! Себебі Мен осылардан рақат табамын. Мен, Жаратқан Ие, осылай деймін. (Ерм. 9:23-24).

Жазбаға сәйкес, адамның мақтануға тұрарлық ештеңесі жоқ. Адам қандай асыл нәрсеге қол жеткізсе де, ол тек Құдайдың рақымы. Адамның бойынан қандай кемшілік, не әлсіздік табылса, ол өз ісі. Мақтан тұрарлық нәрсе табылса, ол адамдыкі емес. Бұл, әсіресе, құтқарылу мен Құдайдың алдында ақталуға қатысты. Құдайдың әділдігі мен өз күнәсін көрген әркім «адам заң бойынша жасаған игі істері арқылы емес, сенімі арқылы ғана ақталады» деген қорытындыға келуі керек (Рим. 3:28). «Сақтау» сөзі гректің «есепке алу, ескеру, есептеу, пайымдау немесе қорытынды жасау» деген сөзінен шыққан.²⁵ Жүрегімізге шындап үңіліп қарайық, мінезіміздің жақсы және жаман қасиеттерін таразыға қойып есептеп шығайық. Құтқарылу істер арқылы болса, біз шынайы өмірден біржола қол үзіп қаламыз. Құдайдың әділдігі күнәларымызға кішкене болсын жарық түсірсе, Киелі кітаптағы пайғамбарлар сияқты біз де жерге жығылып, олармен бірге ащы қайғыға батып зар еңірейміз.

Әйүл: «Сен туралы бұрын өзгелерден естігенмін, ал енді Сені өз көкірек көзіммен көріп тұрмын. Сондықтан бұрынғы айтқандарыма өкініп, қатты қайғырып күл-топырақта отырмын» (42:5-6).

Ишая: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам, әрі сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен Патшаны, Әлемнің Иесін, өз көзіммен көрдім!» (6:5).

Пауыл: «Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады?» (Рим. 7:24).

25 Грекше «логизомай».

Күнәкар өзінің бойында оны құтқаратындай еш жақсылық жоқ екенін және қанша іздесе де, өзінен құтқарылу үмітін таппайтынын көруі керек. Бұл өз алдына бір күйзеліс. Бірақ осы сәт өте маңызды. Сонда ғана адам рақымға бет бұрып, Құдайдың мейірімін іздейді. Басқаша айтқанда, өзіміз құтқарыламыз деп үміттенсек, бәріміз салық жинаушылар мен күнәкарлардың қатарына қосылуымыз керек.²⁶ «Таурат заңын ұстанғандарына сүйенушілердің бәріне қарғыс тиеді!» (Ғал. 3:10), бірақ істеріне қарамастан, сеніміне бола ақталған жан бақытты:

«Әділетсіз істері кешірілген, барлық күнәларынан ақталған қандай бақытты әрбір жан! Иеміз мойнына кінә артпайтын қандай бақытты әрбір жан!» (Рим. 4:6–8).

Алғаш рет Құдайға бет бұру үшін күнәкардың Құдайды және өзін-өзі білуі өте маңызды. Сонымен қатар сенушілердің киелі өмір салтын ұстануы үшін ол бірдей маңызды. Әр мәсіхші Құдайды және өзін-өзі тануды жалғастыра беруі керек. Сонда ғана ол тек рақымға үміт артып, құтқарылу – адамның жақсылығының, еңбегінің немесе игі қасиеттерінің нәтижесі деген ойдан жеркенетін болады. Шын мәнінде, бұл Құдайдың әр сенушінің өміріндегі қасиетті еңбегінің ең үлкен мақсаттары мен нәтижелерінің бірі. Өмір бойы Құдай адамның өзім ақталамын дейтін ниетін жойып, Мәсіхтің қасиетіне және Ғолғотадағы кемелді жұмысына сенуі үшін бәрін ұйымдастырады. Жаратқан Ие мұны Өзінің даңқы мен біздің игілігіміз үшін жасайды. Өзімізге деген сенімді жалғыз Құдайға ғана үміт артумен алмастырсақ қана рухани жағынан сау болып, жеміс әкеле аламыз.

Еремия пайғамбар осыған қатысты былай дейді:

«Адамға сенім артып, өмірі өткінші пендені қорған санайтын, әрі жүрегін Жаратқан Иесі — Менен алшақтап әкеткен әркімді қарғыс атсын! Ондай адам құлазыған далада өсіп тұрған бұта сияқты болады. Ол ешқандай жақсылықты көрмей, шөлдің қуаңшылықтан жарылып кеткен, ешкім тұрмайтын сортаң жерін мекендегендей болады.

Ал Жаратқан Иеге сенімін артатын, бар үмітін Оған жүктейтін адам бақытты! Ол судың жағасында өсіп тұрған, тамырларын өзенге қарай созған ағашқа ұқсайды. Аптап ыстық келсе де, еш қауіптенбей, жапырақтары да әрдайым жасыл болады. Қуаңшылық жылы да алаңдамайды, ешқашан жеміс бермей қалмайды.

(Ер. 17:5-8).

Қорытындылай келе, бір қауымға барып жүрген екі сенуші бірдей нәрсеге мүлде басқаша қарайтынын жиі көремін. Адамның азғындығын, істер арқылы құтқарылудың мүмкін еместігін және әркімнің Құдайдың рақымына мұқтаж екенін айтатын хабарға деген олардың қарама-қарсы көзқарастары мені таң қалдырып жатады. Біреулері ренжісе, енді біреулері өздеріне, игі істеріне қарсы мұндай ауыр сөз айтылғанына қатты ашуланады. Дәл осы шындықты естіген тұра сол қауымның басқа мүшелері болса, Құдайдың игілігіне қуанады. Уағызшы оларды неғұрлым зұлым қылып бейнелесе, соғұрлым олар қуанышқа бөленіп, соғұрлым олардың мақтануы артады. Екі топтың айырмашылығы неде? Бірінші топтағылар тәнге сенім артып, өздерінің қасиеті мен еңбегімен мақтанады. Екінші топтағылар — Құдайға Киелі Рухының көмегімен қызмет етіп, Мәсіх Исаны мақтан ететін, әрі өз болмыстарына сүйенбейтін, «рухани сүндеттелген» жандар (Філіп. 3:3). Мәсіх пен Құдайдың рақымы асқақталатын болса, олар бәріне дайын. Өздерінің қараңғы болмыстары ашылса да риза. Олар түннің қараңғысында Құдайдың рақымының нұры одан сайын жарқырай түсетінін біледі.

ҮШІНШІ ТАРАУ



Сену және мойындау

Ал сенім жолымен ақталу туралы Тауратта мына тәрізді сөздер айтылған: Кім көкке көтеріледі? Яғни кім Мәсіхті көктен алып келеді? — деп іштей сұрама. Немесе: Кім тұңғыыққа түседі? Яғни кім Мәсіхті өлімнен қайтарып алып келеді? — деп те айтпа. Қайта, сенім жолымен ақталу жөнінде былай делінген: «Бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегіңде».

Сенім туралы біз жариялап жүрген сөз — осы. Өз ауызыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны ауызымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:6-10

Жоғарыдағы мәтін құтқарылу үшін не істеу керек екеніне қатысты Жазбадағы ең көрнекті және маңызды үзінділердің бірі болса керек.¹ Мәсіхшілік діннің ғасырлар бойғы тарихында ол барлық сенетіндер үшін жұбаныш көзі және құтқарылу үшін істерді сеніммен араластыратын жалған ілімдерден қорғаныс дуалы ретінде қызмет етті. Адам құтқарылуды қандай да бір батыл іспен немесе асыл қажылықпен емес, Жаратқан Иенің атын сеніммен мойындау арқылы алады.

ЖАҚЫН СӨЗ

Римдіктерге арналған хаттың 10-шы тарауында алғашқы бес аятта Пауыл елші Исраил халқының үлкен теологиялық қателігін көрсетеді. Олар мақтауға тұрарлық құлшыныс танытса да, Иса Мәсіхтің

¹ Елшілердің істері 16:30

күнәларды өтейтін ісіне сену арқылы Жаратқанның алдында лайықты орынға ие болуға ұмтылмады. Керісінше, олар заңды қатаң және бұлжытпай орындау арқылы әділдікке жеткілері келді.²

Пауыл олардың осы жалған пікіріне қарсы шықты. Мәсіхтің кемелді құтқару ісі адамның еңбегі немесе күш-жігері арқылы құтқарылуға деген әрекетін мағынасыз қылды.³ Құдайдың алдында өз еңбегіңнің арқасында әділ болу мүмкін емес.

Заңның күнәкарға қоятын талаптары «көкке көтерілу» мен «тұңғыыққа түсу» сияқты орындауға мүмкін емес міндеттер. Алайда сенім мүлде басқа. Ол ешқандай ерлікті немесе дінге мүмкін еместей сәйкестікті қажет етпейді. Керісінше, ол адамды өзінің «дәрменсіз күйін» мойындауға және Мәсіхтің тұлғасы мен жетістіктеріне сүйенуге шақырады.⁴ Міне, сондықтан да Пауыл елші Римдегі мәсіхшілерге Құдайдың алдында дұрыс орын алу үшін қажет нәрсенің бәрі орындалды деп жазған. Ол қажет нәрсе – елшілердің уағызы арқылы «жақын» етілген Ізгі хабардың «сөзіне» мәсіхшілердің сенімі.⁵ Олар уағыздалған Ізгі хабарға жүректерінде сеніп, Исаны Иеміз деп ашық мойындағандықтан, құтқарылатын болады.

МӘТІНДІ ҚАТЕ ПАЙДАЛАНУ

Бұл үзінді қазіргі заманғы уағыздаушылар мен сенімін басқалармен бөлісуге тырысатындар арасында ең танымал және ең көп қолданылатын үзінділердің біріне айналды. Дегенмен, ол шын мәнінде нені білдіреді және Ізгі хабарды таратуда оның дұрыс қолданылуы қандай? Жаңа өсиеттің талабы – сену және мойындау. Адам Мәсікке бет бұрып шешім қабылдады делік. Күнәкардың дұғасын оқып, сенушілер қауымының алдында Исаны Ием деп мойындады делік. Осыларды істегенде Киелі кітаптың талабы шынымен де орындалады ма? Бұған жауап беру үшін Пауылдың сөздерін тиісті контекстте қарастырып, тілінің нақты мағынасын анықтауымыз керек. Басқалар мәтінді белгілі бір мағынада түсінген, белгілі бір

2 Римдіктерге 10:1–3

3 Римдіктерге 10:4

4 «It Is Well With My Soul» мадақтау әні, 2-ші шумақ, авторы Хорейшио Гейтс Спаффорд (1828–1888).

5 Яғни «оларға қолжетімді етілген».

тұжырым шығарған, мұның бәрі білетін қолданылуы бар деп біз де ойланбастан оларға ермеуіміз керек. Егжей-тегжейін талқыламай, анықтап сұрақ қоймай басқалардан үйренген адамдардан біз де артық сұрақ қоймай үйреніп жатамыз. Сосын Жазбаны түсіндік деп есептейміз. Алайда біреу естігенінің «шындығына көз жеткізу үшін» Жазбаны зерттей бастағанда, күмәнсіз сенімнің бұл аңғал тізбегі үзіліп кетеді (Елшілердің істері 17:11). Олай болса, өзімізге мына сұрақты қойғанымыз абзал: Пауыл елші бұл мәтінді күнәкар дұғасының үлгісі етіп берді ме, әлде мүлде басқа мақсатпен жазды ма?

Заманауи сенімде күнәкардың дұғасы адамдарды Мәсікке шақырудың және оларға «Құтқарылдыңыз» деп кепілдік берудің басты құралына айналды. Ол діни кітаптардың көпшілігінде кездеседі және көптеген уағыздардың соңында естіледі. Күнәкар дұғасы әдетте келесі элементтерді қамтиды: ізденуші өзінің күнәкар екенін және өзін-өзі құтқара алмайтынын мойындайды. Содан кейін қызметкерлердің жетелеуімен ол Исаның күнәлары үшін өліп, қайта тірілгенін мойындайды. Кейіннен ізденуші Исадан жүрегіне кіріп, оның Құтқарушы болуын сұрайды. Одан кейін жаңадан келген кісіге «Бұл дұғаны шын ықыласпен оқысаңыз, енді құтқарылған жансыз» деген уәде беріледі. Құтқарылуға күмәні болса, ол күнәкардың дұғасын оқып, Исаны Құтқарушым деп қабылдаған сәтін еске түсіріп, оны ұмытпай, нық тұруы керек деп нұсқау айтылады.

Бұл әртүрлі элементтерде шындық жоқ емес, бар. Бірақ, күнәкарларды Мәсікке шақырудың бұл әдісіне бірнеше елеулі қарсылық да бар. Біріншіден, Киелі кітапта бұл туралы ештеңе айтылмаған. Оны Мәсіх те, елшілер де, алғашқы сенушілер де қолданбаған. Екіншіден, ол тарих бойы қауымның көпшілігіне белгісіз болды. Бұл жақында ғана пайда болған зат. Үшіншіден, ол Ізгі хабарды тек сөз жүзіндегі ұстанымға айналдырып жібереді. Көптеген адамдардың сеніммен еш шаруасы жоқ. Олар бұрында бір рет қауымға барып, Мәсікке бет бұрған болып, күнәкардың дұғасын қайталаған. Содан кейін өмірлерінде, ішкі жан-дүниелерінде ештеңе өзгермеген. Сенімнің Киелі кітапта айтылған белгілері өмірлерінде жоқ. Сонда да олар бұрында болған осы бір сәтті еске түсіріп, өздерін құтқарылғанбыз деп есептейді. Ізгі хабарды уағыздап, күнәкардың дұғасын оқуға шақыратын сенушілер осыны мақсат қылмаса да, нәтижесін көріп отырмыз. Төртіншіден, ол Киелі

кітаптағы тәубе мен сенім шақыруын толығымен дерлік бұрмалап жібереді. Адамдарды Мәсіхке Киелі кітапта айтылғандай шақырудың орнына қазіргі кездің сәні келді. Бұл мені қатты таңқалдырып, қапаландырады. Бесіншіден, ол адамның «құтқарылдым» деген сенімділігінің жалғыз негізіне айналған. Яғни, өмірлерінде Құдайдың жұмысы жүріп жатқанына дәлел аз немесе мүлдем жоқ болса да, адамдар күнәкардың дұғасын шын жүректен оқығандары үшін өздерін құтқарылған жандар деп санайды.

Римдіктерге 10:9-ның іздеушіге қатысты бұл танымал қолданылуы Пауылдың қисыны мен мақсатына қайшы келеді. Ол Киелі Жазбаның *sola fide*⁶ жайлы ең күшті ілімдерінің бірін және оның Құдай халқына берген ең күшті уәделерінің бірін бұрмалайды. Нәтижесінде сенім жемісін әкелмейтін сансыз адамдар осы үзіндіге сүйеніп құтқарылуға жалған кепілдік алады. Олардыкі, әрине, сенім емес, бос тұжырым ғана. Осы себептерге байланысты Пауылдың жазғанын грамматикалық және тарихи контекст тұрғысынан мұқият қарастырғанымыз жөн.

Пауылдың айтайын дегенін дұрыс түсіну үшін, оның сөзі адамның Құдайға бет бұрған сәтіне де, сол сәттің өмір бойы әкелетін жемісіне де қатысты екенін ұғып алайық. Басқаша айтқанда, Пауыл адамның күнәдан бас тартып, Құдайға мойынсұнған мезетін және оны растайтын өмір бойы жалғасатын үздіксіз жеміс туралы айтқан. Күнәкар Мәсіхтің болмысына және өтеу ісіне шын сенген сәттен бастап ақталып, Құдаймен татуласады. Алайда оның сол сәтте шынымен сенімге келгенінің және шынымен тәубе еткенінің дәлелі – өмірінің барлық күндерінде сену мен мойындауды тоқтатпауы. Бұл шынайы сенуші ешқашан күдіктенбейді, сәтсіздікке ұшырамайды және еш кедергісіз рухани өсіп-жетіледі деген сөз емес. Дегенмен, бұл оның өмірінде игі іс бастаған Құдай бұл істі соңғы күнге дейін аяқтайтынын білдіреді.⁷ Құтқарылу тек Құдайдың рақымымен, сенім арқылы ғана болады.⁸ Дегенмен, құтқарушы сенімнің дәлелі

6 Латынша «тек сенім арқылы». Бұның мағынасы: құтқарылу адами еңбекті қоспай, тек Құдайдың Иса Мәсіх арқылы жасаған ақтаушы жұмысына сену арқылы ғана мүмкін. Ол Реформациялық сенімнің бес негізгі қағидаларының бірі. Басқа төртеуі келесідей: *sola Scriptura* (тек Киелі Жазба арқылы), *sola gratia* (тек рақым арқылы), *solus Christus* (тек Мәсіх арқылы), *solus Deo gloria* (жалғыз Құдайға бар мадақ).

7 Філіпіліктерге 1:6

8 Ефестіктерге 2:8

– сенушінің өмір бойы Иса Мәсіхтің билігін шынайы және тұрақты түрде мойындауы.

Енді Римдіктерге арналған хаттан алған мәтініміздің заманауи қолданысы неліктен қате екенін айтайын. Қауымда да, сыртта да бір рет жүректерімен сеніп, ауыздарымен мойындаған, бірақ Жаратқанның Сөзіне толығымен бағынбайтын адамдар көп. Олардың бәрі құтқарылғандарына сенімді. Киелі Жазбаға сәйкес, құтқарылған адамның өмірінен Құдайдың мәңгілік құдіреті көрінеді. Бірақ олар өмірлерін, керсінше, күнакар құмарлықтарына беріліп өткізеді. Сонда да, сенімде берік тұрмыз деп санайды, өйткені бұрында бір рет «Мәсіхті таңдап шешім қабылдады» және «дұға етті». Мұндай адамдардың құтқарылуын растайтын қауым қызметкерлері мәселені одан әрі ушықтырады. Олар өздерінің растауын тек болжамға ғана негіздеп, жалғасып қасиетті өмір мен жеміс берудің қандай да бір дәлелі бар-жоғын қарастыруды елемейді. Олар Ізгі хабардың негізгі ақиқатын ұмытып кеткен сияқты: шынайы сенім табандылығымен және жемісімен расталады әрі біздің күнадан құтқарылғанымыздың дәлелі – қазір күнәнің күшінен құтқарылудамыз.⁹

ЖҮРЕКПЕН СЕНУ

Римдіктерге 10:9–10-да Пауыл елші «жүрегіңде» және «жүрегіңмен» сенсең, құтқарыласың дейді. Біздің құтқарылуымыз осындай сенімге байланысты болса, онда бұл екі тіркесті қарастыру және дұрыс түсіну өте маңызды. Сенімге қатысты кез-келген әңгімені бастамас бұрын, жындардың да сенетінін және дірілдеп қорқатынын есте ұстағанымыз жөн.¹⁰ Олар сенсе де, оларың сенімі құтқарылуға әкелмейді. Иса Ғалилеяда уағыз айта бастағанда, мәжілісханада бір адамға кіріп алған жын: «Кім екеніңді білемін: Сен Құдайдың Киелісің!» деп айқайлады (Марқа 1:24). Ғадаралық жын-шайтан Иса – «Құдай Тағаланың рухани Ұлы» деп одан да дәл мойындады (Марқа 5:7). Демек, шайтан мен жындар Иса Мәсіхтің Кім екенін және не істегенін өте жақсы біледі, әрі оны мызғымас шындық ретінде қабылдайды. Олар Исаның Құдайдың Ұлы екенін, Өз халқының күнәлары үшін Ғолғотада өлгенін және үшінші күні қайта тірілгенін

9 Марқа 13:13; Філіпіліктерге 1:6; Жақып 2:18

10 Жақып 2:19

біледі. Алайда жындардың Мәсіхті білуі және Оның құдіретін мойындауы олардың құтқарылуына әкелмейді. Олар шындық деп білетін нәрселері арқылы құтқарылмайды, қайта білетін ақиқаттары оларды айыптайды. Дәл осындай дерт адамдардың арасында да кездеседі.

«Осы аса құнды сенім бізге берілгендей» қауымда да, сыртта да сенім көп адамдарға сыйға ұсынылған (2 Петір 1:1).¹¹ Олар Иса Мәсіхтің Кім екені және не істегенінен хабардар. Аз болсын, білімдері бар. Ыңғайлы кезде олар мойындау сияқты нәрсе жасайды. Алайда олардың өмірінде Мәсіхтің құтқару ісінің жалғасып келе жатқаны туралы дәлел аз. Олардың мәңгілік құтқарылуға деген үміттері көп жыл бұрын қарапайым дұға оқып, «Мәсіхті қабылдадым» деп шешім жасағандарына негізделген. Олар оны шынайы сенім деп есептейді. Неге десеңіз, білімдері жетпейтін қауым қызметкерлері солай деген. Ондай адамдар жындар сияқты жоғалған. Дегенмен, жындар мәңгілікті тозақта өткізетіндерін білсе, олар мұны білмейді.

Ендеше, жүрекпен сенбездің қауіп-қатерін көргеннен кейін, жүрекпен сенудің қандай болатынын қарастырайық. Жүрекпен сенетін кісі Мәсіхтің тұлғасы мен ісіне қатысты шындықты мойындап қана қоймай, сонымен бірге сол ақиқатқа сүйенеді және сол ақиқаттың құдіретімен өзгереді. Жазбада жүрек адамның болмысын, адами болмысының негізін білдіреді. Бұл адамның ақыл-ойының, ерік-жігерінің және эмоцияларының орны. Бір сөзбен айтқанда, жүрек – бізді басқаратын орталық. Жүрегімізде не болса, бізге қатысты нәрсенің бәрінде де сол болады. Сондықтан, адам бір нәрсеге «жүрегінде» немесе «жүрегімен» сенсе, ол оның тұла бойна терең әсер етеді. Мұны жоққа шығару – ақымақтық.

Құдай Исаны өлімнен қайта тірілкеніне жүрегімізде сену дегеніміз — Исаның Өзі туралы айтқандарының бәрі шындық екеніне ішкі жандүниемізбен тұтастай сену. Бір қарағанда, аса қиын нәрсе емес. Олай болса, Исаның айтқан кейбір нәрселеріне көз жүгіртейік:

11 Бұл мәтінде шынайы мәсіхшілер осы аса құнды сенімді елшілер сияқты сыйға алды делінген.

- Ол – мәңгілік Құдай және ғаламның Жаратушысы.¹²
- Ол – адамзаттың өмірі мен нұры.¹³
- Ол – адамзаттың жалғыз Құтқарушысы.¹⁴
- Оған жер мен көктің бүкіл билігі берілген.¹⁵
- Ол барлық адамдардың мәңгілік тағдырын шешеді.¹⁶
- Ол бүкіл дүниенің бар байлығынан да қымбат.¹⁷
- Оның еркі мен қалауын жүзеге асыру – бүкіл әлемнің және әрбір жеке адамның мақсаты болып табылады.¹⁸
- Оны барлық адамдар мен заттардан көп жақсы көру керек.¹⁹
- Бәрін тастап, Оның артынан еру керек және не болса да, Оған бағыну керек.²⁰
- Ол Өз халқының Өзіне деген қызметін бағалап, оларды сәйкесінше марапаттайтын болады.²¹

Мәсіхтің бұл қатаң талаптары немқұрайлы қалуға рұқсат етпейді. Сондай-ақ мұның бәріне ақыл-ойымызды, ерік-жігерімізді және сезімдерімізді басқаратын жүрегімізбен сенетін болсақ, оның өмірімізге түбегейлі, тіпті жойқын әсер етпеуі мүмкін емес. Есті жаратылыс бұл ақиқатты қабылдаса, оның күшімен айтарлықтай өзгермеуі мүмкін емес. Бұл талаптардың әсерімен адамның мінез-құлқында және өмірінің бағытында төңкеріс болады.

Демек, шынайы құтқарушы сенім дегеніміз Мәсіхке пассивті немесе ішінара сену емес. Ол – белсенді және әрдайым өсіп отыратын сенім. Рухани тазарудың үздіксіз жұмысы арқылы ол, сайып келгенде, сенушінің бүкіл өмірін қамтиды. Құтқарушы сенімнің дәлелі – бұрында біреудің дұғасын қайталау арқылы «Мәсіхті қабылдағанымыз» емес. Оның дәлелі – біз Ізгі хабарға алғаш сенгеннен бастап Мәсіхтің Өзі

12 Жохан 1:1–2; 8:58–59

13 Жохан 1:4; 6:35; 8:12; 11:25

14 Жохан 8:24; 14:6; Елшілердің істері 4:12

15 Матай 28:18; Елшілердің істері 2:36

16 Матай 16:27; 25:31–46

17 Матай 16:26

18 Лұқа 6:46; 12:47

19 Лұқа 14:26

20 Матай 16:24–25; Лұқа 14:27–33

21 Матай 16:27; 2-Қорынттықтарға 5:10

туралы және біз туралы айтқандарының бәрі күннен күнге жүрегімізде нығайып, барған сайын айқын шындыққа айналуы.

АУЫЗБЕН МОЙЫНДАУ

Шын жүректен шыққан сенімге қысқаша көз жүгірттік, енді ауызбен мойындау нені білдіретінін қарастыруымыз керек. Римдіктерге 10:9–10-да байқалатын бірінші нәрсе – мойындаудың ерекшелігі. Бұл Иса Мәсіхке деген сенімді ғана мойындау емес, сонымен қатар Оның бәріне үстем, бәріне тарайтын мырзалығын мойындау. Осылайша, адамның Мәсіхтің құтқарушы қасиетіне және ісіне жүрегімен сенетінінің дәлелі – оның Исаны Ием деп мойындауы.

Грекше «Иса — Иеміз!» дегенді білдіретін «Куриос Иесус» деуден қауіпті ештеңе болмаған. Оны мәсіхшіліктің ұзақ тарихы дәлелдейді. Рим әлемінде бір ғана әмірші болған, ол – Цезарь. Басқа біреуді билеуші ретінде мойындау саяси опасыздық болды. Ол «қылмыстың» ақысы көбінесе қуғын немесе өлім жазасы болды. Еврей дінінде бір ғана Ие бар, оның есімі Яхве. Таурат заңы бойынша Құдайдан басқаны «Ием» деу күпірлік және өлім жазасына лайық болды. Әйгілі грек ғалымы А.Т. Робертсон былай деп жазған: «Мәсіхке шынымен сенбесе, бірде-бір яһуди Оған “куриос” демейтін еді, өйткені LXX-де²² “куриос” [Ие] сөзі тек Құдай үшін қолданылған. Императорға “куриос” ретінде бағынатын ешбір басқа ұлт өкілі Мәсіхті “куриос” деп атамайтын еді».²³ Робертсон әрі қарай былай жалғастырады: «Билік Поликарптан “Куриос Кайсар” [Цезарь Ием] деп айтуын қатаң талап еткен. Бұл талапқа ол тек “Куриос Иесус” деп қайта-қайта жауап берген. Поликарп адалдығы үшін өлім жазасына кесілді. Бүгінгі күні жеңіл жүректі адамдар “Иеміз Иса” деп немқұрайлы немесе тіпті құрметтемей айта береді, бірақ ол кезде мұны ешбір яһуди, ешбір басқа ұлт өкілі айтпаған».²⁴

Біз тек Мәсіхтің тұлғасы мен ісіне деген сенім арқылы құтқарыламы. Ол сеніміміздің дәлелі – қымбатқа түссе де, қауіпті болса да, Иса Мәсіхтің үстемдігін мойындағанымыз және Оған деген адалдығымыз.

22 Септуагинта, яғни Көне Өсиеттің грекше аудармасы қысқаша LXX деп белгіленеді.

23 А.Т. Робертсон, «Word Pictures in the New Testament» (Нэшвилл: Бродман баспасы, 1930–1933), 4:389.

24 Робертсон, «Word Pictures», 4:168.

Алғашқы қауым Исаны Иеміз деп адал жариялағаны және Цезарьға ғибадат етуден бас тартқаны үшін азап шегіп, көп сенушілер жанын қиды. Дәл осы сәтте әлемнің әр түкпірінді мәсіхшілер түрмеге жабылып, азапталып, сол мойындау үшін өлімге кесіліп жатыр. Тіпті физикалық қуғын-сүргін аз немесе мүлде жоқ батыс елдерінде де шынайы сенуші «қазіргі зұлым дүниенің» дегенімен өмір сүрмей, Иса Мәсіхтің билігіне мойынсұнған адам болып табылады (Ғал. 1:4). Пауыл елшінің: «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың» (Рим. 10:9) деп жазғандағы мағынасы осы.

Исаға деген шынайы сенім Оның билігіне бағыну және оны ашық мойындау арқылы көрінеді, ол сенуші жетілген сайын тереңдеп, тіпті ең қиын жағдайларда да күшейе түседі. Құтқарылудың үлкен дәлелі – адамның дәл осы сенім мен мойындау арқылы рухани өсуін жалғастыруы. Римдіктерге 10:9–10-ға түсініктеме бере отырып, әйгілі шотландтық баптист Роберт Халден (1764-1842) былай деп жазған:

Адам Құдайдың Ұлы туралы жазылғанға сену арқылы әділ, мінсіз әділ болады. Бірақ бұл сенімнің шынайы екенін Исаның еркін мойындаудан білеміз. Мәсіхті мойындау Оған сенумен бірдей маңызды, бірақ мойындаудың сенуден мақсаты басқаша. Сенім әділдік сыйын алу үшін қажет. Бұл сыйлықтың алынғанын дәлелдеу үшін мойындау қажет. Егер адам өміріне, мінез-құлқына, мүлкіне, бостандығына және өзіне қымбат нәрсеге қауіп төніп тұрған кезде Мәсіхті мойындамаса, оның Мәсікке деген сенімі жоқ. Олай болса, мойындау құтқарылу үшін қажет дегенде, елші «мойындау – құтқарылудың себебі» немесе «онсыз құтқарылу толық емес» демейді. Адам жүрегімен сенсе, ол ақталды. Бірақ Мәсіхті мойындау – сенімнің нәтижесі болып табылады және ақыр соңында оның дәлелі болады. Күнәкарды Мәсіхтің әділдігіне қызықтыратын сенім Оның есімін жаулар арасында немесе қауіп-қатер алдында мойындаудан көрінеді.²⁵

25 Роберт Хэлдэйн, «Exposition of the Epistle to the Romans» (Эдинбург: Banner of Truth, 1958), 508.

ТАРИХИ КОНТЕКСТЕГІ СЕНІМ

Сонымен, Пауылдың хатынан Исаны Иеміз деп мойындау өте маңызды екенін білдік. Оны тереңірек түсіну үшін мойындау алғашқы қауым мәсіхшілері үшін нақты не болғанын талқылайық. Осы тұста Битиния губернаторы Кіші Плинийдің Рим императоры Траянға (98-117 жж.) жазған хатын келтіргім келеді. Онда мәсіхшілік дінін ұстанды деп айыпталғандардың қалай жауап бергені және оларға тағылған айыптың дәлелденгені немесе жоққа шығарылғаны қысқаша сипатталған: «Жасырын хабар алдым. Айыпталған бірнеше адам бар, тексеру кезінде олар мәсіхші екендерін жоққа шығарды. Бұрында да ешқашан Мәсіхке сенген емеспіз деп куәлік етті. Олар менің пұттарға арнаған дұғаларымды қайталап, сіздің мүсініңіздің алдында шарап ішіп, хош иісті заттармен діни рәсімдерден өтті, тіпті Мәсіхтің есіміне тіл тигізді... Сондықтан мен оларды босатуды дұрыс деп санадым».²⁶

Әрине, өзіңіз көріп отырғандай, Плиний Мәсіхтің ізбасарлары деп жалған айып тағылған бірнеше адам туралы жазады. Өздерінің кінәсіздігін дәлелдеу үшін олар римдік құдайларға табынып, императорға ғибадат етті және Исаның есімін қорлады. Олар Римдіктерге 10:9-10-дағы мәсіхші жасайтын нәрсеге мүлдем қарама-қайшы әрекет жасады.

Плинийдің хатында мәсіхші еместердің кейпі берілген. Айыпталғандар шынымен мәсіхші болса, оқиға тіпті басқаша болар еді деген ойдамын. Рим билігі шағын үй қауымын тауып, оларды Рим шенеунігінің алдына әкелгенін елестетіп көріңіз. Оларға тағылған айыпты дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін мәсіхшілерді шағын құрбандық үстеліне апарады. Онда оларға бірнеше қарапайым рәсімдерді орындау бұйырылады. Біріншіден, олар римдік құдайларға табынулары керек. Екіншіден, олар Цезарьға адалдығын дәлелдеу үшін императорды дәріптеулері керек. Ақырында, оларға Мәсіхті қорлау, не Оның билігін жоққа шығару, не Оны қарғыстау бұйырылады.²⁷

Кішкентай қауымның зәресін ұшырып, араларындағы екі адам құрбандық үстеліне дереу отырып, бұйрықты орындайды. Олар

26 Мерилл Ч. Тэнни, «New Testament Times» (Гранд Рапидс: Ирдеманс, 1965), 329–30.

27 1-Қорынттықтарға 12:3

босатылған кезде, қару ұстаған солдаттар тағы біреуін орнынан тұрғызып, жаңағыларды орындауды бұйырады. Қорқыныштан дірілдеп тұрса да, ол римдік құдайлар мен Цезарьға табынудан бас тартып қана қоймай, «Куриос Иесус», «Иса — Иеміз!» деп жауап береді. Оны күштеп басқа бөлмеге сүйреп алып кетеді. Онда сенімінен таймаған бауырласымыз қуғын-сүргінге немесе өлім жазасына кесіледі. Қалған мәсіхшілер бірінен соң бірі Иеміз – Иса деп адал мойындайды. Сол сәтті олардың да тағдыры шешіледі. Бұл ойдан шығарылған әңгіме болса да, мәсіхшілік тарихтың мұрағаттары сансыз сенушілер осындай сынақтарға тап болғанын және өмірлерін аямай, жеңісті таңдағанын дәлелдейді. Олардың сынағы құтқарылу үшін жүректерімен сенгендерін дәлелдеді, өйткені олар Исаны тіпті өлгенше Иеміз деп мойындады.

ДҰРЫС ҚОЛДАНУ

Сонымен, Римдіктерге 10:9-10-ның зор маңызы бар. Мәсіхті шын мәнінде мойындау Исаның көптеген ізбасарларына ғасырлар бойы қымбатқа түскен. Осыны ескерсек, қазіргі заманғы сенушілердің ол Жазбаға жеңіл-желпі қарауына кешірім жоқ. Көптеген діни трактаттар мен уағыздардың аяғында естіліп жататын күнәкардың дұғасы осы мәтінге негізделген десек, үлкен эгзекетикалық қате жібереміз. Дегенмен, осы танымал нанымға байланысты, шынымен Құдайға бет бұрамаған көптеген ерлер, әйелдер және балалардың мәңгілік құтқарылуға мүмкін емес дерлік сенімділігі бар, өйткені олар бір кезде Киелі кітап шындығымен келісіп, біреудің соңынан дұға қайталады. Одан кейін ешбір өзгеріс, киелі өмірге ұмтылыс, дүниеден бас тарту және Мәсікке деген құштарлық болмады. Пауыл елшінің сөзімен: «О, түйсіксіз аңқау сенушілер-ай, сендерді біреу сиқырлап қойды ма?»²⁸ деп сұрағың келеді.

Римдіктерге 10:6–10 тек сенім арқылы құтқарылатынымызды үйретеді. Мәсіхшілер қандай да бір қаһармандық немесе қажымас күш-жігер арқылы құтқарыла алмайды. Керісінше, оны Мәсіхтің тұлғасы мен ісіне сену арқылы ғана алады. Шынайы сенетіндер өздерін әділ етуге тырысқаннан әлдеқашан бас тартты. Олар Мәсіхтің

аяғына жығылып, Оның ізгілігі мен еңбегіне сүйенеді.

Алайда Мәсікке деген бұл сенім уақытша, енжар немесе білінбейтін нәрсе емес, қайта ол табанды, белсенді және айқын. Неге десеңіз, құтқарылу – Құдайдың даңқы үшін Құдайдың ісі. Адамның жүрегіне құтқарушы сенімді Кім алғаш берсе, Ол сенімнің берік болуын, тереңдеуін және сырттай көрінуін қамтамасыз етеді. Осындай көріністердің бірі – құнына қарамастан, сөз жүзінде де, іс жүзінде де Иса Мәсіхті Ием деп мойындау болады!

Олай болса, Пауылдың Римдіктерге жазғанын қалай қолданып, іске асыруымыз керек? Сенушіге ол үнемі жұбату да, ескерту де болып табылады. Біз тек рақымның арқасында сенім арқылы құтқарыламыз, ол бізге жұбаныш. Құдайдың алдында ақталған, күнәдан тазартылған жан болып тұруымыз біздің қажырлы күш-жігеріміздің немесе керемет істеріміздің нәтижесі емес, керісінше Мәсіхтің Фолғотадағы зор күш-жігері мен құдіретті жетістігінің нәтижесі. Ал құтқарушы сенім мен шынайы тәубенің нышаны – Мәсікке Иеміз деп бағынудың күннен күнге ұлғаюы және ең үлкен шығынға қарамастан, Оған еруге деген дайындығымыз. Ол бізге ескерту. Ізгі хабарды таратуға қатысты және ізденген адамға қатысты бұл аяттарды үш жақты қолдану керек. Біріншіден, осы үзіндіге сүйеніп, Құдайды іздеген адамға құтқарылу үшін өз істеріңнің пайдасы жоқ, өз жақсылығың арқылы құтқарыла алмайсың деп түсіндіреміз. Екіншіден, ізденген адамды Мәсікке ғана қарауға және құтқарылу үшін Оған сенуге шақырамыз. Үшіншіден, ізденуші бұл аяттарды сенімін әрдайым тексеріп отыру үшін лакмус қағазы ретінде пайдалануы керек. Егер ол шынымен Құдайға бет бұрса, Иса Мәсіхтің үстемдігі оның өмірінде ұлғайып отырады. Ол өмір бойы үлкен күрестерден өтіп, сенімінде, рухани өмірінде және Мәсіхтің билігін іс жүзінде мойындауда сәтсіздіктерге ұшыраса да, оның болмысы мен мақсаты барған сайын Мәсіхтің қожалығымен тығыз байланыста болады.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ



Исаны қабылдау

Бірақ Оны қабылдап, Оның атына сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті.

— Жохан 1:12 (ағылшыншадан аударма)

Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады.

— Аян 3:20

Қазіргі заманғы мәсіхшілік адамның шешім қабылдауына, күнәкардың дұғасын оқуына және оның жүрегіне Иса Мәсіхті қабылдауына баса назар аударады. Бұл қадамдар санаға сіңіп кеткені сонша, оларсыз Ізгі хабар тарату мүмкін емес сияқты. Алайда, оның кең таралғанына қарамастан, мұндай әдіс шынымен де Жазбаға негізделген бе деп сұрауымыз керек. Жохан 1:12 және Аян 3:20 қазіргі Ізгі хабар уағыздаудың негізіне айналған. Сондықтан осы және келесі тарауда екі үзіндінің әрбірін мұқият қарастыратын боламыз. Мәсіх үшін бір реттік шешім қабылдап, өз еркімен жүрегін ашқан және дұға арқылы Исаны қабылдағандықтан адам мәңгілік құтқарылады деп жатады уағыздаушылар. Бірақ әлгі екі үзіндіміз мұны растайды ма?

Мәтіндерді қарастырмас бұрын, тағы да мақсатымыздың қаншалықты маңызды екенін түсінуіміз керек. Батыс елдеріндегі мәсіхшілердің арасында ең көп тараған дерт – сөздің іске ұласпауы және жүгенсіз нәпсіқұмарлық. Мұнымен көбіміз келісеміз. «Қадамдарға» сай бәрін істеген соң құтқарылдық деп санайтын, бірақ Құдайдың еркін білмейтін, дүниелік өмірлерін жалғастырып

жатқан миллиондаған адам бар. Мұның себебі неде? Құтқарылудың әлсіз болғаны ма? Құтқарылған жан өмір бойы шәкірттікпен, қауымға есеп берумен айналыспаса, құтқарудың әсері жоқ болғаны ма? Әлде, құтқарылдық деп мәз болып жүргендеріміз шынымен құтқарылмаған, тозаққа бара жатқан бейшара жандар ма? Ізгі хабарды дұрыстап білмеуіміз миллиондаған адамдардың жойылып бара жатқанына әкеп соқты ма? Бейбітшілік жоқ кезде «Амандық пен тыныштық болады!» деп терең жарақаттанған халықты жеңіл-желпі емдеген жалған пайғамбарларға айналғанымыз ба? (Ер. 6:14). Мұны ойласа, тіпті қайғылы. Киелі кітаптағы Ізгі хабарды уағыздаймыз десек, Киелі кітаптағы Ізгі хабардың шақыруын да беруіміз керек.

МӘСІХТІ ТҰТАСТАЙ ҚАБЫЛДАУ

Жоханның Ізгі хабарының басында Жазбадағы құтқарылу туралы ең әдемі сөздің бірі жазылған: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (1:12). Бұл аяттың заманауи уағызда ең жиі қолданылатын үзінділердің біріне айналуы заңды. Көптеген қызметкерлер оны Мәсіхтің Патшалығына көбірек адамды тарту үшін дұрыс пайдаланды. Сонымен қатар, көп адамдар оны құтқарылу жайлы жалған сенім беру үшін қате пайдаланды. Сондықтан, бұл аятты тыңдаушыларды Мәсіхке жетелеу үшін қолдануға тырыспас бұрын, оның мағынасын және Киелі кітаптағы қолданылуын дұрыс түсініп алайық.

Дәл осы аяттың алдында Жохан яһудилердің Мәсіхтен толықтай дерлік бас тартқанын жазған. Қысқа да нұсқа Мәсіх «Өзі таңдап алған халқына келгенімен, олар Оны қабылдамады» (1:11) делінген. «Қабылдау» сөзі көне грек тіліндегі «параламбано» етістігінен шыққан, ол «қарсы алу», «жақтас болу» дегенді білдіреді. Иса бұл сөзді сенушілерді Әкесінің көктегі сарайында қарсы алуын айтқанда қолданған.¹

Яһуди халқының Мәсіхті қабылдамауын жазғаннан кейін, Жохан барлық ұлттарға қатысты тамаша уәде береді: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (1:12). Құдайдың отбасына толық құқықты, мұрагерлік

1 Жохан 14:3

артылықшылары бар мүше болу барлығына қол жетімді. Ол мүмкіндік яһудиге де, басқа ұлтқа да, патша мен қызметшіге де, бай мен кедейге де, философ пен кембағалға да, моралист пен жезөкшеге де, Мәсіхті қабылдағандардың бәріне, Оның есіміне сенетіндердің барлығына берілген.

Бұл мәңгілік құтқарылу мен ұл болуға жалпыға бірдей шақыру. Ол шешілген мәселе, оған күмән жоқ. Дегенмен, бұл уәдедегі біздің рөліміз талқылауды талап етеді. Исаны қабылдау дегеніміз не? Уағыздарда жиі естілетін «Жүрегіңді ашып, Исаны ішке кіргіз» деген сөз осы ма? Мәсіхті қабылдау деген Ізгі хабардың негізгі талаптарымен келісу, кешірімге мұқтаж екеніңді мойындау және дұға арқылы Исаны өміріңе кіргізу ме? Бұл біздің ойымыз ғана. Осы сұрақтарға дәлел келтіріп жауап берейік.

Грекше «қабылдау» сөзінің бізге көмек болатындай ерекше, астарлы, кеңейтілген мағынасы жоқ. Дегенмен, бұл сөздің контексті біраз түсінік береді. Біріншіден, Жохан Мәсіхті «қабылдаған» адамдарды «Оған сенім артқандармен» теңестіреді. Жазбада сену әрекеті белгілі бір фактілерді интеллектуалды түсінумен, оларды шындық деп танумен шектелмейді. Қайта, әлденеге сенгенде, біз іс-әрекеттерімізді соған негіздейтін боламыз. Біздің Иса Мәсіхке деген сеніміміз ауызша мойындаумен немесе жүрегімізде сезінетін нәрселермен расталмайды. Қайта күнделікті іс-әрекетіміз бен өміріміздің бағытына сенім қанша әсер етсе, сеніміміз сол дәрежеде шынайы. Осылайша, шынайы сенім біздің тарапымыздан тәуекелді талап етеді, өйткені әр сенуші Исаны «Мәсіх, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлы» (Мат. 16:16) деген мәлімдемеге бас тігеді. Пауыл елші Қорынттағы қауымға жазғандай, Мәсіхтің сөздері шындыққа сәйкес келмесе, онда шынайы сенуші «барлық адамдардың ішіндегі ең байғұс-бейшарасы», өйткені оның бүкіл өмірі өтірікке негізделген болып шығады (Қор. 1-хат 15:19). Демек, «Мәсіхті қабылдау» дегеніміз – жердегі уақытша және көктегі мәңгілік тағдырымызды Оның Сөзімен байланыстыратындай дәрежеде сену және өмірімізді толықтай Оның еркіне сай бағыттау.

Енді аяттың екінші бөлігіндегі «Оның атына» деген тіркесті қарастырайық. Жазбада Құдайдың атына сену дегеніміз – Оның болмысының тұтастығына, Оның Өзі туралы ашқан барлық сөзіне

сену. Жазба Құдайдың Өзі жайлы айтқанының бір бөлігіне сеніп, басқасын жоққа шығаруға немесе тұлғасының бір қырын қабылдамай қоюға орын қалдырмайды. Құдайды ішінара ғана қабылдап, Онымен келісімде болу мүмкін деген идея Киелі кітапқа сәйкес келмейді. Адам өмірінің бір кезеңінде Исаны Құтқарушы ретінде «қабылдап», Оны Ие және Патша ретінде кейінірек қабылдайды деп ойлау да бірдей негізсіз. Құтқарылып, Құдайдың ұл-қыздары болу үшін Исаны пайғамбар, діни қызметкер және патша ретінде қабылдауымыз керек. Сенушінің Құтқарушы ретінде Мәсікке деген сенімі және Мәсікке Иеміз ретінде мойынсұнуы бастапқыда шамалы болса да, ол құтқарылу жұмысының жалғасуы арқылы кемелдікке жетеді.

Үшінші кілт алдыңғы аяттан табылады. Онда көретініміз – шынайы сенушінің Мәсіхті қабылдауы мен еврей халқының Одан бастартуындағы айқын қарама-қайшылық. Исаның заманындағы еврей мәдениеті мен дінінен заманауи сенуші алыс, сондықтан яһудилердің құтқарушыны ғана емес, сонымен бірге патшаны да іздегенін жиі ұмытамыз. Мәсіх Дәуіттің тағына отыратын Дәуіттің ұрпағы болуы керек еді. Яһудилер Оның бәріне әміршілік ететінін күткен. Осы себепті яһудилер Исаның Мәсіх екенінен бас тартқан кезде: «Бізде Рим патшасынан басқа құтқарушы жоқ!» — деген. Қайта: «Рим патшасынан басқа ешқандай патшамыз жоқ!» — деді. (Жохан 19:15, күрсив автордыкі). Осылайша, яһудилерің Мәсіхтен күткені – Оның құтқарушы ретінде бейбітшілік орнатуы ғана емес, сонымен бірге патша ретінде билік етуі. Яһудилерде оларды құтқаратын, бірақ оларға билік етпейтін Мәсіх туралы түсінік болмады. Егер олар Исаны құтқарушы ретінде «қабылдаса», патша ретінде де қарсы алулары керек еді.

Мәсіхтің заманында еврей халқына қатысты нәрсе бүгінде яһудиге де, басқа ұлтқа да қатысты болып қала береді. Мәсіхті қабылдау дегеніміз – Оны толығымен, Құтқарушы және Ие ретінде қабылдау. Сол себепті Ишая пайғамбар Мәсіх туралы былай деген: «Есей ұлы Дәуіт патшаның «тамырынан» өскін іспетті шыққан Ұрпақ халықтарға билік құрады. Басқа ұлттар Оған үмітін артады» (Рим. 15:12). Сондықтан құтқарылу үшін Мәсікке үміт артқан басқа ұлттар үшін де Мәсіх – патша деп орынды айта аламыз. Ол тек яһудилердің ғана емес, сенуші басқа ұлттардың да патшасы.

Келесі бейне Мәсіхті Құтқарушы және Ие ретінде қабылдаудың не

екенін көрсетеді. Қорғаныс дуалы бар қаланы елестетіп көріңіз. Ол қалаға жау шабуыл жасағалы тұр. Жаудың әскері келгенде, қаланың тас-талқанын шығарады. Жау әлі алыс кезде, бір ұлы патша қала қақпасына келіп, іштегі адамдарға сөз қатады. «Қақпаны ашып, билікті толықтай маған тапсырсаңдар, мен қаланы жаудан аман сақтап қаламын» деп уәде етеді. Әңгіменің бір нұсқасында қала тұрғындары оған мысқылдап күледі. Бізге құтқарушыныңының керегі жоқ деп ойлайды, немесе бұл бір патшаның оларды құтқара алатынына сенбейді. Қалай болғанда да, патша бұрылып кетіп қалады, ал қала жермен-жексен болып қирайды. Басқа нұсқада адамдар «Патшаның бізді құтқаратын күші бар» деп сенеді және оны құтқарушы ретінде қабылдауға дайын, бірақ билікті оған беруден бас тартады. Патша тағы да келген жолымен қайтады, ал қаланың астан-кестені шығады. Соңғы нұсқада адамдар қаланың қақпасын қуана ашып, патшаның құтқару күшін мойындайды және оған құтқарушы мен әмірші ретінде құрмет көрсетіп қарсы алады. Патша қалаға кіріп, таққа отырады да, халықты жаудан құтқарып қалады.

Сол сияқты біз де Мәсіхті өмірімізге қабылдаймыз. Сенімге келген сәтте өзіміздің түкке тұрмайтын шарасыз күйімізді түсінеміз. Сосын Мәсіхтің шақыруын, Оның Патшалығының талаптарын және құтқарылу туралы уәдесін естиміз. Жауап ретінде Оған бет бұрып, Оны Құтқарушы және Иеміз ретінде қабылдаймыз. Өз қалауымызша өмір сүруден бас тартамыз және Оның бізге қатысты егеменді билігін мойындаймыз. Өз күшіміз бен еңбегімізге үміт артуды тоқтатып, құтқарылу үшін тек Оның күшіне сенеміз. Демек, Мәсіхті шынымен қабылдаудың дәлелі – Оның билігіне мойынсұну және Оның құтқару ісіне арқа сүйеу. Осы екеуі сенішунің өмірінде барған сайын тереңдей түседі және күннен күнге ұлғайып, тамыр жаяды. Бұл үздіксіз қасиетті жұмыс әрбір сенушінің өмірінен орын алады. Оған дәлел – «Құдай бізді... игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты» және «Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін» (Ефес. 2:10; Філіп. 1:6).

Қазіргі заманғы мәсіхшілік бұл ақиқаттарға көп назар аудармайды. Керісінше, ізденушілер Мәсіхтің билігіне мойынсұнбай-ақ Оның құтқаруын ала алатынына сенеді. Оның үстіне, олар күнәкардың дұғасын бір рет оқығанның арқасында құтқарылғандарына сенімді.

Ал іс жүзінде өмірлерінде қасиетті өмірге талпыну жоқ, әрі Киелі Рухтың жұмысы білінбейді. Бұл көптеген адамдардың адасуына және жойылуына әкелетін біздің заманымыздың дерті.

МӘСІХТІ БӘРІНЕН АРТЫҚ КӨРІП ҚАБЫЛДАУ

Мәсіхті құтқарылу үшін қабылдау Оның билігіне ғана емес, сонымен бірге Оның үстемдігіне де қатысты. Ізгі хабарды мұқият оқысақ, онда Мәсіхті өмірімізге қосымша ретінде қабылдауға емес, өмірдің өзі ретінде қабылдауға шақыру бар. Адамның киген киімін белдік немесе аяқ киім безендіретіндей Иса Мәсіхті өміріміздің қосалқы әшекейі ретінде қарастыруға болмайды. Кейбір қызметкерлер құтқарылмаған жандарға былай деп жатады: «Өміріңіз керемет, отбасыңыз тамаша, үйіңіз әдемі, жұмысыңыз табысты. Бір жетіспейтіні – Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынас!». Ондай уағыздарды тыңдасаң, төбе шашың тік тұрады. Мұндай сөз Исаны онсыз да керемет өмірге жанама ретінде бейнелейді. Иса – қажетті немесе толықтырушы қосымша ғана болып шығады. Не деген күпірлік! Бұл Киелі жазбаға жат зат. Мәсіхшіліктің бүкіл тарихында Исаның үстемдігін және Оның Ізгі хабарын жақсы түсінген мықты сенушілерге де жат. Осыған қатысты пуритандық уағызшы және жазушы Джон Флавелдің (1627–1691) Мәсіх туралы сөзін келтірмекпін:

Ей, әдемі күн, көркем ай, әсем жұлдыздар, сәнді раушан гүлдер, сүйкімді лалагүлдер және сұлу жаратылыстар! Бірақ, уа, он мың, мың есе келбетті Иеміз Иса! Әттең, салтанатты Мәсіхті осылай салыстырсам, қателескенім. О қара күн мен ай, бірақ уа, әділ Иеміз Иса! О қара лалагүлдер мен қара раушан гүлдер; бірақ ажарлы, әсем, сұлу Иеміз Иса! Әлемнің бар көркі ең келбетті Иеміз Исаның қасында қара, мүсәпір және кейіпсіз бейшараға айналады! Уа, қара аспан, бірақ нұрлы Мәсіх! Уа, қара періштелер, бірақ О, сәулелі Иеміз Иса.²

Мәсіхті шынымен білсек және Оның адал қызметкерлері болсақ, көкте не жерде Мәсіхтен бөлек жақсы нәрсе болуы мүмкін деген

2 «The Works of John Flavel» кітабынан алынған «Epistle Dedicatory» шығармасынан үзінді, авторы Джон Флавел (Лондон: Banner of Truth, 1968), 1: xix–xx.

ойдан бас тартуымыз керек. «Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған» (Жохан 1:3) делінген емес пе? Мәсіхсіз өмір бос әурешілік, құр бекершілік емес пе?³ Бізде Мәсіхтен басқа еш жақсы нәрсе жоқ және барлық әділ істеріміз лас шүберек сияқты емес пе?⁴ Сондықтан, әлі құтқарылмаған жандарға Мәсіх жетістіктерінің үстіне қосымша деп қалай ойлай аламыз? Құдайға әлі бет бұрмағандардың өз күшімен не жақсы қасиеттерімен тапқан табысына Мәсіх толықтырушы ретінде ғана қажет деп ойлайсыз ба? Күнәкарға былай айтқанымыз шындыққа көбірек жанасар еді: «Өмірің түкке тұрғысыз бос әурешілік.⁵ Табаныңнан тас төбеңе дейін сау жерің жоқ.⁶ «Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін», — дейсің. Ал өзіңнің шынында сорлы бейшара, рухани жарлы, жалаңаш әрі соқыр екеніңді білмейсіңі! Өзіңнің және сүйіктілеріңнің өмірі – әншейін аз уақытқа көрініп, кейін ғайып болатын бұ.⁸ Сен оларды Құдайдан аластаттың, олар жел ұшырған қабыққа ұқсайды.⁹ Жұмысыңның сапасы қиямет күні саған қарсы айғақ болады, ал істерің отқа жағылады.¹⁰

Ақшаң саған пайда әкелмейді, өйткені жанды сатып алу адам баласына тым қымбат.¹¹ Бүкіл дүниеге ие болып, (мәңгілік) өміріңнен айырылсаң, не пайда?¹² Тәубе етіп, сеніммен Мәсіхке бет бұр. Мәсіхті қабыл алу үшін барлығын залал деп сана және жетістіктеріңді түкке тұрғысыз сыпырынды деп есепте!»¹³

Қазіргі заманғы уағыздаушы бұған былай дейді: «Мынау жанға батар сөз екен, оны кім тыңдай алады?» (Жохан 6:60). Қауымның өсу сарапшысы мен миссиялардағы контекстуализацияның ең озық деңгейіндегі миссионер қазіргі заманғы адам мұндай айыптауды көтере алмайды, жүрегі тым нәзік деп, бұл ауыр сөздерден бас тартуы мүмкін. «Исаның заманында өмір сүрген адамдардың

3 Уағыздаушы 1:2

4 Ишя 64:6; Римдіктерге 7:18

5 Римдіктерге 3:12

6 Ишя 1:6

7 Аян 3:17

8 Жақып 4:14

9 Забур 1:4

10 1-Қорынттықтарға 3:11–15

11 Забур 48:8–10

12 Марқа 8:36–37

13 Філіпіліктерге 3:8–9

психикасы күштірек, ал өзін-өзі бағалаулары мықтырақ болған, сондықтан мұндай тіл, Ізгі хабарда жазылған болса да, басқа дәуірге арналған» деуі мүмкін. Дегенмен, бұл шындықтан өте алыс нәрсе. Ізгі хабарды уағыздаушының міндеті – адамдарды өздігінен түкке тұрмайтындарына және Мәсіхтен басқа ештеңелері жоқ екеніне сендіру! Нағыз Ізгі хабар жанды сынап, олжаны алып кетеді. Ізгі хабар жүректе бар нәрсені сыпырып алып, бос қалдырады, сонда Мәсіх оның орнына кіреді! Флавел сияқты біз де бәрін Мәсіхпен салыстырып көрсек, жүрегіміз әлдеқайда жақсарып, тазармас па еді? Адамнан бәрін алып тастайтын, бірақ оны Мәсіхпен жалғыз қалдыратын Ізгі хабарды уағыздау қате емес. Мәсіх жеткіліксіз бе? Ол бүкіл әлемнен артық емес пе?

Мәсіхшілер және Ізгі хабар қызметшілері ретінде біз Мәсіхті бәрінен әсем етіп уағыздауымыз керек және осы дүние мен о дүниенің барлық байлығынан жоғары қоюымыз керек. Оны осы әлемнің көлеңкелері мен заттарына қарама-қайшы етіп көрсетуіміз керек. Мәсіхті осылай жариялаймыз десек, өзіміз Оны солай тануымыз қажет! Бірақ мұндай білімді әрдайым Оның алдында тұратын, Оны Құдай Сөзінде және дұғада іздейтін жандар ғана алады. Егер Мәсіхпен көбірек уақыт өткізсек, Оны жақсырақ танып, Оның Ізгі хабарын көбірек күшпен жариялайтын едік. Сонда біздің қуанышымыз бен құлшынысымыз жалған пұттарға табынатындардан асып түсіп, оларды ұятқа қалдырар еді.

МӘСІХТІ КҮНДЕЛІКТІ ҚАЖЕТІМІЗ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ

Қапарнаумдағы мәжілісханада Иса яһудилерге: «Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін», және: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: егер көктен келген Билеушінің денесінен «жеп», қанынан «ішпесеңдер», сендерде шынайы өмір болмайды» деген (Жохан 6:48, 53). Мұнда көп маңызды ақиқат болса да, біз олардың біреуін ғана қысқаша қарастырамыз: Исаны қабылдау дегеніміз – Оны өміріміздің қайнар көзі, өмірімізге қажеттінің барлығы ретінде қабылдау. Ол – өмірімізді толық ету үшін қосатын нәрсе емес. Өмірімізді жақсартатын бір жетпей тұрған бөлік емес. Ол – өміріміздің бірден-бір бастауы мен мақсаты, біздің тамағымыз және сусынымыз. Ол – жүзім бұтасы, ал біз Одан нәр алатын сабақтарымыз.¹⁴

14 Жохан 15:1–6; Қолостықтарға 3:4

Жаңадан келген адам бұл шындықты шамалы ғана түсінсе де, бұл ақиқаттың орындалуы өмірінен аса көрінбесе де, оның бойында игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді.¹⁵ Сенуші мәсіхшілік өмірін жалғастыра келе, дүниелік нәрсенің бәрі Мәсіхтің даңқы мен рақымының жарығында күңгірттенетін болады.¹⁶ Сенуші Мәсіхпен тығыз байланыста болғанда, одан табылатын қанағат өзін-өзі қамтамасыз ету мен өзін-өзі қанағаттандырудан әлдеқайда артық. Қасиеттілік жұмысы арқылы тән басшылық етпегендіктен бірте-бірте әлсірей береді. Адам өз қолымен қазған тесік құдықтарын тастап, Дәуіттің әулетінде ашылған тірі судың қайнар көзінен сусындайды.¹⁷

Мәсіхті өміріміздің қайнар көзі және азығы ретінде қабылдауда екі маңызды тұс бар. Біріншіден, Мәсіх тағамның бір бөлігі емес, Ол толық астың өзі: Құдайға ұнамды жаңа өмірге не қажет болса, Исада оның бәрі бар.¹⁸ Пауыл елші Қорынттағы қауымға жазғандай, «Құдай Мәсіхті даналығымыздың бастауы етіп, бізді Ол арқылы ақтап, Өзінің қасиетті халқы қылып, күнәнің құлдығынан құтқарды», осылайша біз енді өзімізбен немесе діни іс-әрекетімізбен емес, қайта Исамен және оның біз үшін жасаған ісімен мақтанамыз (Қор. 1-х. 1:30–31). Мәсіхті қабылдау – бұл өзін-өзі қамтамасыз етуден, бұрынғы олжа-жүлдеден және қазіргі және болашақ мақтау-марапаттан бас тарту. Мәсіхті қабылдаған сенуші қуана-қуана мәңгілікке «Рақымды қабылдаған жан» деген жалғыз атаққа ие болуға дайын.

Шынайы мәсіхші болу дегеніміз – кез-келген игі сыйдың Иса Мәсіхтің тұлғасы мен ісі арқылы жоғарыдан келетінін мойындау.¹⁹

Адамның бойында Құдайдан бөлек еш құндылық, жақсылық жоқ. Оған еңбектеніп қол жеткізу мүмкін емес. Біздегі бар жетістік, игілік, қандай да бір құндылық – бәрі Мәсіхтен. Шынайы сенуші осыны қуанышпен көпшілік алдында мойындауға дайын. Шынымен сену – ауа, су мен тамақты қалай қажет етсек, тұра солай Оған тәуелді өмір сүру. Шынайы сенімі бар кісі ақшасын нәрсіз тамаққа, еңбегін қанағат қылмайтын нәрсеге жұмсамайды, себебі адамның жанын

15 Філіпіліктерге 1:6

16 Хелен Х. Леммел, «Turn Your Eyes upon Jesus», қайырмасы.

17 Еремия 2:13; Зәкәрия 13:1

18 Петірдің 2-х. 1:3

19 Жақып 1:17

тек Исамен тығыз байланыс қанағаттандырады.²⁰ Мәсіхті қабылдаған жан Исаның асына дәмдес болып, жасанды тағамдарды, дүниелік алмастырғыштарды іздемейді, өйткені ол Жаратқанның ізгілігін татып көріп, Оның рақымына көз жеткізді!²¹ Мысырдың пиязы мен сарымсағы Мәсіхтің маннасымен салыстыруға да келмейді ғой!²²

Мәсіхті күнделікті қажетіміз ретінде қабылдаудың екінші қыры бар. Бұл дінге келу сәтімен шектелетін және ешқашан қайталанбайтын бір реттік дастархан емес, керісінше өмір бойы жалғасатын үздіксіз той. Сенімге келу – үнемі жетіліп келе жатқан мәсіхшіге Киелі Рухтың беретін сарқылмас, мәңгілік тағамының бастамасы. Қазіргі мәсіхшіліктегі үлкен күнәлардың бірі – құтқарылуды бір реттік өткен оқиға ретінде қарастырып, оның қазір және болашақта жалғасатынын ескермеу. Үнемі, өмір бойы жалғасатын қасиеттілік еңбегі Құдайға біржола бетбұрудың, нағыз сенімнің дәлелі болып табылады. Сол сияқты, сенушінің Мәсіхтен үнемі рухани нәр алуы алғашында Исамен дастархандас болғанына дәлел. Иса – жұмаққа кіргізер билет емес. Оны дұға арқылы сатып алып, қалтаға тығып қоюға, сосын өлер алдында жұмаққа кіру үшін алып шығуға болмайды. Құтқарылу – «күнәкар дұғасын» оқығандардың тағдырын бекітетін бір реттік мәміле деп есептелсе, шынайы емес.

Күнәкар тәубе етіп сенімге келгенде, Жаратқан Иенің ізгілігінің дәмін татады.²³ Алайда оның таңдайы лас. Бұл дүниенің қалдығы қарнында шіріп, шынайы астың дәмін татуға кедергі болады. Ол Мәсіхтің берген кенеулі етін жей алмайтындықтан, тек сүтпен қоректенуге мәжбүр.²⁴ Еврейлерге арналған хатта жазылғандай: «“Сүтпен” тамақтанатындар... Ізгі хабарды әлі де не ұқпайды, не дұрыс қолдана да алмайды. Олар — рухани сәбилер» (Евр. 5:13). Алайда Құдай жаңа мәсіхшіні сол күйінде қалдырмай, есейтіп-жетілдіреді. Осылайша, сәби мәсіхшіміз осы заманның өлімге әкелетін жасанды тамағын тастап, жаңа туған нәресте сияқты, сөздің таза сүтін аңсайтын болады.²⁵ Сөйтіп ол құтқарылуда өседі.

20 Иша 55:2

21 Забур 33:9

22 Рұларды санау 11:5

23 Забур 33:9

24 Еврейлерге 5:12

25 Петірдің 1-х. 2:1–3

Бірте-бірте Құдайдың тәрбиесі, ақыл-ойдың жаңаруы және жеңу үшін берілген рақым арқылы Киелі Рух сенушінің сезімін жақсылық пен жамандықты ажыратуға, дүниенің мәзірінен аулақ болуға және тек Мәсікке ұмтылуға үйретеді.²⁶ Аузынан шіріген тәннің дәмі кетіп, бірте-бірте рухани сезімдері тазартылады. Ол Мысырдың тамағын ұмытып қана қоймай, одан жиіркенеді. Мепібосет сияқты ол патшаның дастарханына үйреніп, енді осы дүниедегі азық-түліктерді қаламай, тіпіт оларды менсінбейді.²⁷

Осы қысқаша талқылауды аяқтамас бұрын, қайталап айту керек, дінге келу кезінде ешкім Мәсіхті қабылдау, Оған толық тәуелді болу немесе жалғыз Оны аңсау нені білдіретінін толық түсінбейді. Киелі Рухтың беретін жігері мен мүмкіндігі арқылы алғашқы түсінік қалыптасса да, ойымызға көп қате араласады, ниетімізде өзімізді қалаулар болады, ал жүрегімізге бәсекелес ықыластар таласады. Құдай өмірімізде ондаған жыл бойы киелі ісін жүргізгеннен кейін де бұл аурулар толығымен жойылмайды. Біздің рухани күйіміз әлдеқайда жақсарғанымен, Мәсікке тәуелділігіміз тереңдеп, Оған деген ынтамыз артқанымен, біз әлі де толықтай Оған бағышталған емеспіз. Оның құзырындағы даңқты мәңгілік өмір басталмайынша, кемел жүрекке қол жеткізе алмаймыз.

Сондықтан, рухани есейген сенушінің өзі жетік түсінік пен Құдайға жүз пайыз бағынуды әлі меңгеріп жатқанда, оны жаңадан келген адамнан талап ету үлкен қателік болар еді. Иә, Құдайға ұнамды қасиетті өмір – ақталудың нақты дәлелі, ал Мәсіхті өмір бойы үздіксіз қабылдау – Оны құтқарылу үшін қабылдаудың дәлелі. Дегенмен, адамға қолжетімсіз мінсіздікті сенімнің нышаны етсек, бір қате жібермейтін бағышталғандықты құтқарылудың айғағына айналдырсақ, сенушілерді жігерлерінен айырып, жасқандырып аламыз. Осыдан сақ болайық. Өзіміз ұстанған нәрсені, яғни Иса Мәсікке сәйкестікті түсіну үшін біз әрқашан күресетін боламыз.²⁸ Құтқарылудың дәлелі – мақсатқа жету емес, керісінше киелілікте өсу және Құдай істерінде бірте-бірте ілгерілеу үшін шынайы күрес. Мәсіхті шынымен қабылдағандар Исаны барған сайын жақсырақ

26 Еврейлерге 5:14

27 Патшалықтар 2-ж. 9:6–7

28 Філіпіліктерге 3:12–14

түсіне береді, себебі Мәсіхтің Өзі олардың өмірлерінде ақиқатқа айналады. Мәсіхті қабылдадық деп есептейтіндер, бірақ шынында қабылдамағандар ол ақиқатқа қадам баспайды, әрі шынайы сенімнің белгісін аңғартпайды.

БЕСІНШІ ТАРАУ



Жүректің есігін қаққан Иса

Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады.

— Аян 3:20

Саллман Уорнер есімді суретшінің салған «Christ at Heart's Door» атты туындысын мәсіхшілер де, Рим католиктері де жақсы таниды.¹ Уорнер суретін Аян 3:20-да Мәсіхтің Лаудіки қауымына айтқанына негіздеген: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады».

Суретшінің мәтінді бейнелегеніне сәйкес, Мәсіх адам жүрегінің есігін қағып, кіруді сұрайды. Мұқият қарасақ, суретте есіктің сырт жағында тұтқа жоқ. Суретші адамның жүрегін тек ішінен ғана ашуға болатынын көрсеткісі келді. Әрқашан мейірімді Мәсіх есікті адамның еркінсіз ашпайды әрі рұқсатсыз басып кірмейді. Құдай әр адамды құтқарғысы келеді, бірақ жүрегін ашып, Иемізге кіруге рұқсат беру – адамның өз қолында. Бұл туындының көшірмелері бүкіл батыс әлеміндегі үлкенді-кішілі қауым ғимараттарында ілулі тұр. Көптеген мәсіхшілік уағыздар, трактаттар мен кітаптар осы суретке сілтеме жасайды. Суретте бейнеленген көрініс Ізгі хабарды уағыздаудың маңызды бөлігіне айналған.

¹ Саллман Уорнер (1892–1968) – Чикагода туған мәсіхші суретші. Оның жұмысы британдық суретші Уильям Холман Ханттың 1853 жылы аяқтаған «Әлемнің жарығы» атты туындысына негізделген.

ҚАТЕ ТҮСІНІК

Өнердің қоғамға айтарлықтай әсері бар. Кез-келген түрін алсақ, ән, би, сурет, проза, фильм – бәрі үлкен күшке ие. Көптеген адамдар тарих туралы бастапқы дереккөздерден емес, натюрморт, роман немесе кинофильмдерден үйренеді. Көпшіліктің тарихи оқиғаларды түсінуі өнер шығармаларына негізделген. Сесил Б. ДеМилдің 1956 жылғы «Он өсиет» фильмі осының жақсы көрінісі. Исраил халқының Мысырдан қалай шыққанын көбісі Киелі кітаптан емес, осы фильмнен біледі.

Сол сияқты, Аян 3:20 бойынша уағыз айтатындардың көпшілігі мәтінді мұқият қарастырудан гөрі тәлімдерін Уорнердің суретіне көбірек негіздейтін сияқты. Осылайша, уағыздаушылар Мәсіх адамның жүрегінің есігін қағып тұр дейді, және адам оны дұға арқылы өзі ашса ғана, Иса кіре алады. Егер адам шын жүректен дұға етсе, онда Мәсіхтің жүрегіне кіріп, оны құтқарғанына сенімді бола алады. Қауымға жаңадан келген адам «Өз сезімдеріңе, эмоцияларыңа сенбе, тек сенім арқылы осы ақиқатты ұстан» дегенді естиді. Жаңадан келгендер күмәндана бастаса, әдетте келесідей дәлел келтіріледі:

1. Жүрегіңнің есігін ашсаң, Мәсіх жүрегіңе кіруге уәде берді.
2. Есікті сенім мен дұға арқылы аштың.
3. Мәсіх әрқашан уәделерін орындайды, сондықтан Ол жүрегіңе келді. Келмесе, онда Ол өтірікші болғаны.
4. Алайда біз Мәсіхтің өтірік айтпайтынын білеміз. Сондықтан сен құтқарылдың. Оған дау жоқ.

Осы логикаға байланысты көптеген адамдар өмірлерінде өзгеріс аз болса да, құтқарылғандарына сенеді. Күнделікті өмірлерінде Исаға деген мойынсұну, Оған бағыну жоқ. Шынымен мәсіхші болудың сыртқы белгілері де жоқ. Мұны қалай түсіндіре аламыз? Бұған Киелі кітаптың мәтіні кінәлі емес, керісінше, айып – оны қате түсіндіруде және қолдануда.

Аян 3:20-ны өзінің контекстінде қарастырсақ, қазіргі заманғы мәсіхшіліктің жағдайы ол кездегіден тіпті басқаша сияқты. Біріншіден, Мәсіх күнәкардың жүрегінің есігін емес, Лаудіки қауымының есігін қағып тұр. Екіншіден, Оладамдардан дұға ету арқылы Оны жүректерінің

әлдебір терең ойығына шақыруды сұрамайды. Қайта, өздерін мәсіхшіміз дейтіндерді әшкерелеп отыр. Оларды немқұрайлылығына бола (олар жылымшы), рухани соқырлығына бола (өздерінің бейшара, бақытсыз, кедей, соқыр, және жалаңаш екенін көрмейді), және олардың дүниеқұмарлығы мен тәкаппарлығына бола (өздерін баймыз, ауқаттымыз, ештеңеге мұқтаж емеспіз дейді) айыптап отыр.² Үшіншіден, Ол адамдарды Ізгі хабарға сенуге шақырмайды немесе сенбейтін ізденушілерге мәңгілік өмірді уәде етпейді. Керісінше, Оның сөзі мәсіхшілерге арналған. Олар Исаның даусын естіп, шынайы тәубе етіп, Онымен қарым-қатынасын жаңартса, Мәсіхпен рухани жақындыққа келіп, мәңгілік сыйды алатын болады.

ҚАУІПТІ ҚАЙШЫЛЫҚ

Аян 3:20-дағы тікелей контекст пен мақсаттың Ізгі хабарды таратуға қатысы жоқ екенін білдік. Бұл қауіпке меңзеуі керек. Жазбаның ешбір жерінде адам жүрегін ашып, Исаны кіргізу арқылы Ізгі хабарды қабылдасын деп айтылмаған. Оның орнына Жазба адамдарға күнәлары үшін өкініп, Мәсіхке сенім артуды бұйырады.³

Бір қызығы, бұл үзінді көптеген заманауи әдіснамаларға негіз болды және Ізгі хабарды таратуға аз қатысы болса да, дәл осы салада ең көп қолданылатын үзіндінің біріне айналды. Сонымен бірге, Елшілердің істері 16:14-те елшілер Ізгі хабарды қалай таратқаны және Құдайдың жүрекке қалай түрткі салатыны сипатталған: «Солардың арасында Лүдия есімді әйел болды, ол Тиятир қаласынан келген, қызыл мата сатушы еді. Лүдия басқа ұлттық болса да, Құдайды қастерлейтін. Иеміз оның жүрегін жібітіп, Пауылдың айтқан сөзіне құлақ түргізіп, соны қабылдатты».

Көптеген уағыздаушылар Аян 3:20-ны адамдарға жүректерінің есігін Мәсіхке ашуға шақыру үшін және адам жүрегінің тұтқасы ішкі жағында екенін көрсету үшін пайдаланады. Олардың айтуынша, Құдай оны сырттан аша алмайды және мұны тек адам ғана істей алады. Уорнердің суретіндегідей, Мәсіх амал жоқтан сыртта дәрменсіз күтіп, кіруге рұқсат беруді өтінеді. Солайша, өкінішке орай, Киелі

2 Аян 3:16–17

3 Марқа 1:15; Лұқа 24:46–47; Елшілердің істері 16:30–31; 17:30

кітаптағы мәтін онда жоқ мағынаны көрсету үшін пайдаланылған әрі Жазбаның еш жерінде кездеспейтін мәсіхшілік әдістемені растау үшін қолданылған деп қорытындыласақ болады.

Сонымен қатар, Аян 3:20-ның қазіргі түсіндірмесі мен қолданылуы Елшілердің істері 16:14-тегі нақты сипаттамаға тікелей қайшы келеді. Мұнда Құдай Пауылдың уағызына жауап ретінде Лүдияның жүрегін жібіткені анық айтылған. «Жібіту» сөзі гректің «дианойго» сөзінен аударылған⁴, оған атақты грек ғалымы А.Т.Робертсоның берген анықтамасы келесідей: «жиналмалы есік екі жағынан ашылғандай, әлденені кең немесе тұтастай ашу».⁵ Грек лексикологы Джозеф Генри Тайер осыған ұқсас аударма берген: «бөлу немесе жіктеу арқылы ашу, ұқыпты түрде ашу».⁶ Өз жазбасында Лұқа дәл осы сөзді анасының құрсағынан шыққан тұңғыш нәрестені сипаттау үшін қолданған⁷. Исаның Киелі кітапты түсінсін деп шәкірттерінің саналарын оятқаны да сол сөзбен сипатталған.⁸ Құдай оң жағында тұрған Исаны көрсету үшін көкті ашқаны да осы сөз бейнелейді.⁹ Бұл әрекеттер енжар, әлсіз емес, керісінше, олар белсенді қимыл-қозғалысты, күшті көрсетеді, біріншісі бала тарапынан, басқа екеуі Құдай тарапынан келеді.

Дұрыс пайдалану

Ізгі хабарды заманауи уағыздау Аян 3:20-ны қауіпті түрде теріс пайдаланады, бірақ дұрыс теология мен шынайы сенімді дұрыс түсіну онымен бірге жүрсе, бұл мәтін Ізгі хабарға шақыру ретінде әбден жарамды. Көрнекті ғалымдардың көпшілігі Мәсіхтің немқұрайлы, өз-өзіне қанағаттанған және өзін-өзі алдайтын қауымға сөйлеп тұрғанын бірден атап өтсе де, олар мәтіннің Мәсіхтің күнәкарға шыдамдылығы мен Оның мәңгілік қарым-қатынас ұсынысын бейнелейтінімен де келіседі. Қазір Аян 3:20-ның әр сөйлемін бөлек-бөлек қарастырып, дұрыс қолданысын анықтап алайық.

«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын...»

Осы сөйлемге қарасақ, Ізгі хабардың шақыруы барлық адамға

4 Грекше «диа» жалғауы (екі, бөлек, арқылы) және «анойго» етістігі (ашу).

5 Робертсон, «Word Pictures», 3:252.

6 Тайер, «Greek-English Lexicon», 140.

7 Лұқа 2:23

8 Лұқа 24:45

9 Елшілердің істері 7:56

қатысты екенін түсінеміз. Құдай барлығымызды құтқарып, әрқайсымызбен жеке қарым-қатынас құрғысы келеді. Мәсіхші бола тұра осы ақиқатты ешкім жоққа шығара алмайды. Жазбада анық айтылған: Құдай зұлымдардың өліміне қуанбайды, керісінше, олардың теріс жолдан қайтып, өмір сүруін қалайды.¹⁰ Сондықтан, жер бетіндегі күллі адамдарға Ізгі хабар жариялап, оларды теріс жолдарынан қайтуға шақыру – біздің міндетіміз.¹¹ Жаратқан Ие қайтып келгенге дейін мұны ынталы, дәйекті түрде істеуіміз керек. Бізбен бірге бір уақытта тұратын адамдардың барлығына Ізгі хабар айту – қуатты құлшынысқа, өмірлік мақсаттарымыздың біріне айналуы керек. Тыңдаушыларымызға Мәсіх осы хабар арқылы оларға келгенін және оларды жекеше шақырып жатқанын кішіпейілділікпен айтуымыз керек. Екіншіден, бұл сөйлемнен Құдай күнәкарды шақыруда шыдамды және төзімді екенін білеміз. Ол мейірімді де қайырымды Құдай — Ол тез қаһарланбайды және өте рақымды.¹² Сондықтан Ол тіпті ең қатыгез күнәкарды да шақырады және өмір бойы Оның мейірімінен аулақ болғандарды күтеді. Иша Я Құдайдың асқан шыдамдылығын керемет суреттейді:

Мен туралы сұрамағандарға Өзімді көрсеттім. Іздемегендер Мені таба алды. Маған сиынбаған халықты: «Мен мұндамын, осында келіңдер!» деп шақыра бердім. Өз беттерімен жүріп, теріс жолға түсіп, қасарысқан халықты күні бойы құшақ жайып шақырумен болдым. Бұл халық әрдайым көз алдымда күнә жасап, ашуымды туғызады (65:1-3).

Уағызшылар Құдайдың күнәкарларға деген шыдамдылығын көрсетуі керек, өйткені Құдайдың мейірімділігі, төзімділігі және сабырлылығы адамдарды тәубеге етуге жетелейді.¹³ Сонымен бірге, уағызшы тек Құдайға белгілі сот күні туралы ескертуге міндетті. Ол кезде құтқарылу уақыты аяқталып, соттау ғана қалады.

«Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса...»

Бұл сөйлемнен түсінетініміз – Құдай адамдарды Ізгі хабар шақыруына жауап берсін дейді. Адамдарды әрекетке шақырмайтын кез-келген уағыз ең жақсы дегенде бұралаң, және ең нашар дегенде қауіпті жалған

10 Езекиел 18:23

11 Марқа 16:15; Елшілердің істері 17:30

12 Мысырдан шығу 34:6

13 Римдіктерге 2:4

ілім. Уағыздан кейін адамдар Ізгі хабарға сай әрекет етуге, Ізгі хабардың шақыруына жауап беруге асығу керек. Тыңдармандар шұғыл түрде Ізгі хабарды қабылдамайынша, қателесіп жүргендерін білу керек. Мұнсыз уағыздаушының жұмысы бітпейді. Бұл Иса Мәсіх пен елшілердің бізге қалдырған үлгілерінен анық көрінеді. Қызметінің басынан бастап Иса адамдарға тәубе етіп, Ізгі хабар шақыруына сеніммен жауап беруді бұйырған.¹⁴ Алғашқы өнім мейрамында Петір тыңдаушыларына әрекет етуге үндеу тастаған: «Мына азғын ұрпақтың арасынан шығып, (Құдайдың қаңарынан) құтқарылыңдар!» (Елшілердің істері 2:40). Пауыл елші Мәсіхтің атынан күнәкарлардың Құдаймен татуласуын өтінді.¹⁵ Күнәкарларға арналған ең күшті ескертулердің бірі мынадай: «Тыңдаңдар: Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!» (Қор. 2-х. 6:2).

Ізгі хабарды естіген адамнан оған жауап беру талап етіледі. Бұл шақыру анық, әрі батыл. Одан ұялудың керегі жоқ. Күнәкардың Ізгі хабарға деген жауабы «күнәкар дұғасын» қайталаумен шектеледі ме? Жоқ. Киелі кітаптың кеңесі – күнәкарлар өз өмірлерін Мәсіхтің құтқарушы ісіне және егемен билігіне ашу арқылы жауап беруі керек. Жазба оларды күнәлары үшін өкінуге, автономиядан немесе өзін-өзі басқарудың барлық түрінен бас тартуға және Исаны Иеміз ретінде мойындауға жетелейді.¹⁶ Оларға өз бетінше, өз тәні арқылы құтқарылуға тырысуды қоюға бұйырады. Олардың жалғыз үміті – Құдайдың Мәсіх арқылы адамзатқа көрсеткен рақымы. Сәтсіздікке ұшыратпайтын жалғыз үміт – осы. Мәсіхтің даусын есту және Оған өміріміздің есігін ашу қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін Жохан Ізгі хабарындағы келесі үзінділерді қарастырайық:

Сендерге тағы бір өте маңызды шындықты айтып тұрмын: рухани өлілер Құдайдың рухани Ұлының даусын естіп, Оған сенетін уақыт болады, тіпті сол уақыт келді де. Сонда Оның даусына құлақ салғандар тіріледі (5:25).

Өз «қойларым» даусымды естіп, бағынады. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді (10:27).

Бірінші аятта Мәсіх құтқарылуды рухани өлілердің қайта тірілуі

14 Марқа 1:15

15 2-Қорынттықтарға 5:11, 20

16 Римдіктерге 10:9–10

ретінде түсіндірген. Бұл күнәкардың жүрегін өзгертетін және оған рухани өмір сыйлайтын өте ерекше әрі керемет іс. Мәсіхтің тамаша шексіз құдіреті арқылы жаңадан сенген адам өлімнен қайта тіріліп, жаңа жаратылыс болды.¹⁷ Бұл рухани тірілу Елазардың тіріліп, өз қабірінен шыққанымен бірдей ғажап. Сонда Елазардың өмірі біржола өзгерді емес пе? Құтқарылып, рухани өлімнен азат болған адам да тура солай. Сондықтан адам Мәсіхтің даусын шынымен естіп, Құдайдың құдіретті жұмысынан кейін әлі де өзгермеген, ескі қалпында қала береді деу – ақылға сыймайды. Жохан 5:25-те жазылғандай «Оның даусына құлақ салғандар *тіріледі*» (курсив автордыкі). Демек, олар да «жаңаша өмір сүретін болады» (Рим. 6:4).

Жоханның Ізгі хабарынан келтірілген екінші үзіндіден мынаны білеміз: Мәсіхтің даусын шынымен естіп, Оған өз өмірлерін ашқандар Исаның соңынан еріп жүреді. Адам Мәсіхтің даусын естіп, рухани өлімнен қайта тірілсе, міндетті түрде оның өмірінен осының тұрақты әсері байқалады. Мұны жоққа шығару қисынсыз, әрі жалған ілім болушы еді. Сол сияқты, құтқарылу үшін адам өмірін Мәсіхке біраз уақытқа ашып, сосын өз бетімен тәуелсіз өмір сүру үшін, Мәсіхті еш елемей өмірін қайтадан жауып алуына болады деу Жохан 10:27-ге қайшы келеді. Еврей тіліндегі «есту» деген әрекет тек тыңдауды ғана емес, сонымен бірге бағынуды да білдіретінін есте ұстағанымыз жөн.

Ізгі хабардың қарапайым негізгі ақиқатын тағы да қайталағым келеді: адамдар тек сенім арқылы, Құдайдың рақымымен ғана құтқарылады. Құтқарылу — Құдайдың сыйы, ол адамның барлық еңбегінен бөлек, әрі ешкім ол өзімнің жетістігім деп мақтана алмайды.¹⁸ Киелі Рухтың ғажайып, басқа ешкімнің қолынан келмейтін жұмысы арқылы адам жаңа жаратылысқа, Құдайдың бірегей туындысына айналады. Осы жұмыстың арқасында Құдайдың даусын естіп, Оған өмірін ашқан адам Жаратқан Иеге ұнамды қасиетті өмір сүре алады. Уақыт өте сенуші Мәсіх Исаға көбірек ұқсас болады. Киелі кітаптағы ақиқат бізге осындай кепілдік берген. Бұл сенушінің мықты ерік-жігеріне емес, құтқарушы Құдайдың күші мен адалдығына байланысты. Адамның өмірінде игі істі бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді.¹⁹

17 2-Қорынттықтарға 5:17; Ефестіктерге 2:10

18 Ефестіктерге 2:8–9

19 Філіпіліктерге 1:6

«...Мен оның жан дүниесіне еніп...»

Жаңа келісімнің ең ұлы және ең тамаша нәтижелерінің бірі – Мәсіхтің Өз халқының арасында тұруы. Ол шынымен де, заманның ақыр соңына дейін біздің Имануил.²⁰ Айта кетейік, Жазбада Мәсіхтің сенушілермен бірге болуы айтылғанда, ол небір ауыспалы, поэтикалық не метафоралық мағынада айтылмайды. Ол – Құдайдың әрбір перзентіне қатысты таймайтын ақиқат. Пауылдың Қолостағы қауымға жазған хатына сәйкес, Мәсіх жүрегімізден орын алғандықтан, біз болашақ ұлылыққа үміттен аламыз.²¹ Яғни, мәңгілікке деген үмітіміздің себебі – Мәсіхтің ішімізде болуы. Мәсіхтің Рух арқылы бізде өмір сүруі ішкі жан дүниемізде өзгеріс тудырады. Бұл өзгеріс сырттай да көрінеді. Сонда сенуші өзінің Мәсіхтікі екенін біледі және болашақтағы соңғы, мәңгілік даңққа үміттен алады. Осылайша, Мәсіхтің Рух арқылы бізде тұруы енжар, сылбыр емес, қайта жігерлі де әрекетшіл.²² Ол құпия, мистикалық, субъективті зат емес, керісінше, бұл айқын көрінетін, нақты байқалатын шындық.

Мәсіхті сеніммен қабылдағандардың барлығына Иса жақын болуға, жүректерінен орын алуға үде берген. Дегенмен, сенімнің дәлелі, Мәсіхті қабылдағанымыздың дәлелі – Исаның біздің жан дүниеміздегі белсенді, талмас еңбегі. Сол еңбек арқылы біз Оның үлгісіне ұқсап өзгере береміз. Оның атын мойындайтын адам осылай бірте-бірте, тұрақты түрде өзгеретін болады. Жоханның Ізгі хабарында Мәсіхтің сенушінің жан дүниесінде тұруы нені білдіретініне қатысы үзінді бар: «Иса былай деп жауап берді: Кім Мені сүйсе, сол айтқан сөздерімді берік ұстанады, әрі Әкем оны сүйеді. Біз сондай адамдарға келіп, өмірлерінен орын аламыз» (14:23).

Назар аударсаңыз, Исаның сенушінің жүрегінен орын алуы сенушінің Мәсіхті қанша сүйетініне, немесе Мәсіхке қанша

20 Ишая 7:14; Матай 1:23; 28:20

21 Қолостықтарға 1:27. А. Т. Робертсон былай дейді: «Пауыл хатын яһудилерге емес, басқа ұлт өкілдеріне жазған. Мұндағы «жүректеріңнен» сөзінің мағынасы «араларыңда» емес, «іштеріңде». Яғни, Мәсіхтің әр сенушінің жеке өміріне келуі, әр сенушімен жеке қарым-қатынасы айтылған. Ефестіктерге 3:17-дегі жүрекке орнығу идеясы осыған ұқсас. Болашақ ұлылыққа деген үміт те Мәсіхте, себебі Ол – Құдайдың «шехинасы» (еврейше Құдайдың құзыры, бір жерде болуы). Мәсіх – үмітіміздің Бастауы (Тімотеге 1-х 1:1) және болашақтағы салтанатты ұлылық (Римдіктерге 8:18)». «Word Pictures», 4:485.

22 Уильям Хендриксен, «New Testament Commentary: Exposition of Colossians and Philemon» (Гранд Рапидс: Бейкер, 1964), 91.

бағынатынына негізделмейді. Мәсікке деген сүйіспеншілік және Оның Сөзін сақтау Мәсіхтің сенушінің өмірінен орын алуын қамтамасыз етпейді. Қайта, сүйіспеншілік пен бағыну Мәсіхтің адамның жүрегінде бар екеніне дәлел. Рухани жаңадан туылғанымызды және Рух арқылы Мәсікте өмір сүргенімізді қайдан білеміз? Өйткені бізде бұрын болмаған сүйіспеншілік пайда болды. Өйткені Жаратқан Иенің Сөзіне бұрын болмаған бағыну пайда болды, әрі ол артып келеді.

Бастапқы кең тараған пікірге оралайық. Бір рет дұға етіп, Исаны жүрегіне шақырғандықтан, адам құтқарылғанына сенімді бола алады ма? Қарап отырсаңыз, бұл Киелі кітаптағы шындыққа қайшы келеді. Мәсіхтің адамның өмірінен орын алғаны іштей де сезінбесе, сырттай да көрінбесе, адамның өзі оны қалай біледі? Тек «Мен Исаның жүрегіме келуін сұрадым ғой, ал Иса сөзіне берік, сондықтан күмәндануға болмайды» деу қалады. Олай болса, Мәсіхтің сенушінің өмірінен орын алуы – енжар, әлсіз, білінбейтін ғана нәрсе болып шығады. Мұндай қате пайымдаудың былай қорытынды жасауға болады: құтқарылу – адамның мінезіне және Құдаймен қарым-қатынасына еш әсер етпейді, ол тек көкке апарар билет.

Өкінішке орай, дәл осы түсінік өте кең тараған. Алайда оның Киелі кітапқа еш қатысы жоқ. Иә, адам Құдайға бет бұрған кезін еске түсіріп, құтқарылдым деген сенімділігін арттыра алады. Бірақ шынайы мәсіхшілік жалғыз сол кезге негізделмейді ғой. Басқа да өте маңызды тұстар бар, оның ішінде тәубенің тереңдеуі, сенімнің нығаюы, Мәсікке деген үлкен ризашылық және Оның еркіне мойынсұну. Мұның бәрі сенушінің өмірінде Құдайдың жүргізетін үздіксіз жұмысының нәтижесі. Осының арқасында сенуші Құдайға ұнамды, киелі өмір сүре алады.

«...онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады»

Ізгі хабардың ең үлкен сыйларының бірі – Мәсіхпен қарым-қатынас. Дегенмен, заманауи қауымның назары өмірді жақсарту деген басқа пайдада сияқты. Уағызшылар «Иса Мәсіхті өміріңе шақыр, сонда осы дүниедегі өмірің керемет болады, ал мәңгілікте тозақтан қашып құтыласың» дейтін көрінеді. Бұл сөзде шындық жоқ емес, бар. Бірақ ешбір жақсылық, ешбір жарылқау Мәсіхпен қарым-қатынастан артық емес. Басқа кез-келген игілікті одан жоғары қою

– Ізгі хабарды бұрмалау. Иса мәңгілік өмірдің мағынасын былай түсіндірген: «Мәңгілік өмір — Сені, жалғыз шынайы Құдайды, әрі Өзің жерге жіберген Мені, Иса Мәсіхті, жақыннан тану» (Жохан 17:3).

Шайтан адам өз басын аман сақтау үшін бәрін жасайтынын айтқан кезде дұрыс түсінді. ²³ Ол дұға етуге, қауымға баруға, қызмет атқаруға және тіпті өзін шейіт қылуға дайын. Дегенмен, күнәмен былғанған адам Киелі Рухтың баға жетпес жұмысы арқылы түбегейлі өзгерсе ғана, Мәсіхті тиісінше қадірлеп, Онымен қарым-қатынаста болуды қалайды. Жақсырақ өмір немесе мәңгілік бақыт көптеген тәндік адамдарға тартымды, бірақ Мәсіхпен қарым-қатынас Құдайдың Рухы түрткі салса ғана тартымды. «Мені жіберген Әкем Өзіме жақындатып тартса ғана, адамдар Маған келе алады; ал Мен оларды ақырғы күні қайта тірілтіп аламын» (Жохан 6:44).

Мәсіхтің Ізгі хабарын уағыздауда Аян 3:20-ны қолданғымыз келсе, екі маңызды шындықты есте сақтауымыз керек. Біріншіден, уағызда Мәсіхтің керемет тұлғасын көрсету қажет. Тыңдаушылар Мәсіхтің қаншалықты бағалы ұсыныс жасағанын түсінгенде ғана, Онымен қарым-қатынасты бәрінен артық көретін болады. Ізгі хабардың айтуға тұрарлық сансыз артықшылығы бар, бірақ біз Мәсіхті осы игіліктердің бәрінің бастауы екенін айтуымыз керек. Бар жақсылықтың бәрін қосып санаса да, Иса одан әлдеқайда құнды. Шын мәнінде, күнәкар мынаны түсінуі керек: Мәсіхтің нұрында барлық басқа игіліктер түкке тұрмайды.

Мәсіхтің құндылығын немен салыстырып түсіндіреміз? Жаратқан Иенің дастарханында тамақтанғаннан гөрі шошқалармен бірге қабық жегенді ұнататын күнәқұмар адамдарға Ізгі хабарды тартымды етеміз деп, Иса Мәсіхті айтпай, азырақ нәрселер туралы айтуымыз керек пе? Егер біз Мәсіхтің сұлулығын және Оның Ізгі хабарының даңқын басты тақырыбымыз қылсақ, уағызымыз онша көп адамға тартымды болмайды, бірақ келгендер бекер келмейді. Құдайдың Рухымен олар Мәсіх үшін келеді және Мәсіх үшін қалады. Жердегі қуаныш пен гүлденудің кез келген уәдесі орындалмай жатқандай көрінсе де, олар даңқты Мәсіхті бір-ақ рет көргендіктен, таңдаған бағытты ұстанады, ал

23 «Әзәзіл: «Теріні терімен айырбастар» деген. Адам өз басын аман сақтау үшін қолындағының бәрін де сарп етер! — деп қарсылық білдірді» (Әйіп 2:4).

қалғандарының бәрін мұнымен салыстырғанда қоқыс деп санайды.²⁴

Екіншіден, бұл танымал үзіндінің мағынасын дұрыс түсіндіруіміз керек: адам жүрегінің есігін Мәсікке ашса, шынымен Құдайға бет бұрса, оның дәлелі – Мәсіхпен қарым-қатынаста болуы. Иса: «Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» деп уәде берді. Бұл жерде Иса не дейді? Иса адамның өмірінен орын алса, нәтижесінде Өзі мен сол адам арасындағы шынайы және тұрақты қарым-қатынас басталады және жалғаса береді. Шынымен сенімге келудің бір айғағы осы. Мәсіхтің бізді құтқарғанын және өзара қарым-қатынасымыздың арқасында Исаның өмірімізден орын алғанын қалай білеміз? Біз онымен дастарқандаспыз, Одан нәр аламыз.

Бұл тұрақты серіктестік жайлы уәде – болашақ, бұлыңғыр мүмкіндік емес, қайта нақты шындық, әрбір шынайы сенушінің өмірінде болатын нәрсе. Мұны дәл солай түсіндірген жөн. Бұл Көне өсиеттегі жаңа келісімге қатысты ең әдемі уәделердің біріне өте ұқсас: «Менің кейінгі заманда Исраил халқымен жасайтын Келісімім мынадай болады: Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын әрі жүректеріне «жазып» та қоямын. Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады».²⁵

Мұнда қай халық туралы айтылған? Мәсіхтің өтеуші құрбандығы арқылы Құдаймен татуласқан, Киелі Рух арқылы жаңадан туылған адамдар – Құдайдың халқы туралы айтылған. Жаратқан Иенің құдіретімен олар Құдайдың халқы, ал Ол – олардың Құдайы болады. Бұл әлсіз бір жалған тәңірдің жүзеге аспайтын қиялы емес, ол – барша құдіретті Құдайдың өзгермейтін жарлығы. Ол Өзінің халқына мызғымас адалдығын уәде етіп қана қоймай, сонымен бірге олардың жан дүниелерімен жұмыс істейтін болады. Сонда олардың жүректері жаңарып, олар Құдайдың шақыруына тиісті түрде жауап қайтарады. Олар Жаратқанның халқы болады.

Аян 3:20-дағы сөз дәл осындай сенімділікпен айтылған. Мәсіх шынымен тәубе еткен адаммен қарым-қатынасын жалғастырып қана қоймайды. Сонымен бірге Ол адамның жүрегін түрлендіреді. Сонда

24 Філіпшіліктерге 3:7–8

25 Еремия 24:7; 31:33; 32:38; Еврейлерге 8:10

сенуші Мәсіхтің істегенін істеп жауап қайтарады. Әрине, жол бойында сенуші сәтсіздіктерге ұшырауы мүмкін, сенімі кей кезде жылымшы болуы мүмкін. Дегенмен, сенушінің өмірінде Мәсіхпен шынайы және айқын көрінетін қарым-қатынас болады. Ол өзінің құтқарылатынына сенімділігін баяғыда оқыған дұғасында ғана емес, тірі Мәсіхпен тұрақты және өзара қарым-қатынаста табады.

КЕШКІ АСҚА КІМ КЕЛЕДІ?

Бұл тарауды аяқтап, әрі қарай жылжымас бұрын, соңғы бір нәрсені айтып кеткім келеді. Ізгі хабарды таратуда Аян 3:20-ны пайдалану көп түсініспеушілік пен қатеге әкелгенін көріп отырмыз. Есікті Кім қағып тұрғанын білсек, жаңылыстың бәрі ғайып болушы еді. Ол біздің құлшынысымызды жалбарынып сұрайтын, құдаланған бейшара біреу емес. Ол Ұлылықтың Иесі! Адамзаттың Оған не керегі бар? Аспан – Мәсіхтің тағы, ал жер табан тіреніші сияқты.²⁶ Ол пенделердің Өзіне қызмет етуіне зәру емес. Қайта, Оның Өзі барлығына өмір, дем және қажеттінің бәрін сыйлайды.²⁷ Аш болса, Оған адамдардың қызметі керек жоқ, себебі бар әлем мен ондағылар — Исаның меншігі.²⁸ Адам күнә жасаса, онысымен Құдайға не істейді? Күнәлары тіпті көбейіп кетсе, Оған қандай әсер етеді? Ал егер әділ болса, Оған бұдан не пайда?²⁹ Э. У. Тозердің жазғанымен келісемін: «Адамзаттың бәрі кенеттен соқыр болып қалса, күндіз күн, түнде жұлдыздар жарқырай беретін еді. Ештеңе өзгермеуші еді. Миллиондаған адам аспан денелерінен пайда көріп жатыр, бірақ жаратылыстың адамның алдында еш міндеті жоқ. Демек, жер бетіндегі әрбір адам атеист болатын болса да, мұның Құдайға еш әсері болмайды. Оның болмысы ешкімге тәуелді емес. Оның өмірі ешкімге қарап тұрған жоқ. Ол адам жаратылғаннан бұрын қандай болса, қазір де сондай. Құдайға сену немесе сенбеу Оның қасиетінен ештеңе алып-қоспайды».³⁰

Осылайша, Мәсіх адамның жүрегінің есігін рақымды Иесі ретінде қағады. Оған сәйкесінше құрмет көрсету керек. Ол қайыр сұрап қағып тұрған жоқ. Адамның жүрегіне кірген кезде барлық шарттар мен

26 Ишая 66:1

27 Елшілердің істері 17:25

28 Забур 49:12

29 Әйүп 35:6–7

30 Э. У. Тозер, «The Knowledge of the Holy» (Нью-Йорк: Харпер энд Роу, 1961), 40.

талаптарды қоятын – біз емес, Исаның Өзі. Ол Өз еркін адамдардың қалауына көндірмейді. Мәсіх адамның бүкіл болмысын, бар адалдығын талап етеді. Міне, сондықтан Киелі кітапта «Жүректері пәк тазалар бақытты» делінген (Мат. 5:8). Жүректері таза, өзара бәсекелес мүдделері жоқ, қай қалауын қуарын білмей ұшқалақтап жүрмейтін адамдар бақытты, өйткені олар Құдайды көреді.

Мысал үшін, Мәсіх адамның жүрегінің есігін қағып тұр делік. Ол адамға сауықтыру, тыныштық және мәңгілік өмір туралы тамаша уәделерін береді. Сонда мұндай құтқарудың пайдасын естіген адам есіктің тұтқасына қол созып, ашуға дайын болады. Алайда, ол құлыпты ашпас бұрын, Мәсіх былай деп ескертеді: «Егер есікті ашсаң, мен кіріп, саған берген барлық уәдемді орындаймын. Бірақ Мен Тәңір Иең ретінде кіріп келемін және Менің еркім – заң. Өзің және сенде бардың бүкілі – Менікі болады, және Мен оны ізгі ниетім мен мақсатыма сәйкес қолданамын. Сен Менің қызметшім, ал Мен – сенің Қожайының боламын. Саған сабақ беріп, сынайтын боламын. Сені жөнге саламын және Маған ұнамайтынның бәрін алып тастаймын. Өміріңе иелік етемін және сені Өзіме ұқсас қыламын. Алдын ала ескерттім! Маған есікті ашқан сәтте, басқа есіктің бәрін жабасың. Маған иә дегенің – әлемге жоқ дегенің, ал Мені қабылдауың – дүниеден бас тартқаның». Мұндай Ізгі хабарды жоққа шығару — Исаның сөзімен келіспеу. Мәсіхтің үйреткеніне қарасақ, шынайы бетбұрыс пен шәкірттік адамға ымырасыз талап қояды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Жаңарған жүректер және шынайы сенімнің табиғаты



Сондықтан Израил халқына хабарымды жеткіз: Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Уа, Израил халқы, Мен енді әрекет етемін. Бірақ сендерге бола емес, Өзімнің қасиетті есіміме бола солай істеймін. Сендер жер аударылып барған халықтардың арасында есімімді қорлыққа ұшыраттыңдар. Бірақ Мен өздерің халықтардың арасында қорлаған ұлы есімімнің қандай киелі екенін көрсетемін! Осылайша Мен халықтардың көз алдында Өзімнің киелілігімді араларыңда көрсеткенімде олар Менің Жаратқан Ие екенімді білетін болады», — деп нық айтады Жаратушы Тәңір Ие. Өйткені Мен сендерді халықтардың арасынан шығарып, барлық елдерден жинап, өз елдеріңе алып келмекпін. Мен сендерге таза су бүркіп сепкендей, өздеріңді арамдаған бүкіл былғаныштарыңнан тазартамын. Сендерді барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын. Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын, әрі бойларыңа өз Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын. Сендер Мен ата-бабаларыңа табыстаған елді қайтадан мекендеп, Өзімнің халқым боласыңдар, ал Мен Құдайларың боламын.

— Езекиел 36:22-28

АЛТЫНШЫ ТАРАУ



Ұлы ниет және құтқарылудың соңы

Сондықтан Израил халқына хабарымды жеткіз: Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Уа, Израил халқы, Мен енді әрекет етемін. Бірақ сендерге бола емес, Өзімнің қасиетті есіміме бола солай істеймін. Сендер жер аударылып барған халықтардың арасында есімімді қорлыққа ұшыраттыңдар. Бірақ Мен өздерің халықтардың арасында қорлаған ұлы есімімнің қандай киелі екенін көрсетемін! Осылайша Мен халықтардың көз алдында Өзімнің киелілігімді араларыңда көрсеткенімде олар Менің Жаратқан Ие екенімді білетін болады», — деп нық айтады Жаратушы Тәңір Ие.

— Езекиел 36:22-23

Мәсіхшілік дініндегі ең маңызды сұрақтардың бірі мыналар: әділ және қасиетті Құдай зұлым адамдарға неліктен жақсылық жасайды? Күнәға батқан адамзат үшін неге жалғыз Ұлын құрбан етті? Көзі зұлымдыққа қарауға тым пәк болса, Ол қалай күнәкарлармен тату бола алады? Бүкіл жер жүзінің Төрешісі әділ шешім қабылдамаушы ма еді?²

Теологияны (яғни, Құдайдың тұлғасы мен сипаттарын) және күнәға батқан адамзаттың түбегейлі азғындығын байыппен қарастырған кез-келген адам Құдай мен адамдардың мінезі мен істері арасында ешқандай ұқсастық жоқ екенін бірден түсінеді. Құдай – ізгі, әділ және сүйіспеншілікке толы. Күнәкар адамзат – зұлым, әділетсіз, тек өз басының қамын ойлайды және қатыгез. Егер адамға деген осы қатал көзқарас бізді таң қалдыратын болса, Жазба адамзатты одан бетер айыптайды:

1 Аббақұқ 1:13

2 Жаратылыстың басталуы 18:25

Олардың тұла бойлары тұнған әділетсіздік, бұзықтық, дүниеқорлық, залымдық, қызғаншақтық, кісі өлтіруге құмарлық, даукестік, алдамшылық және арам ниеттілік. Олар жасырын жамандап, ашық та өсектегіш, Құдайды жек көретін, күш көрсеткіш, өркөкірек, мақтаншақ, жамандықты ойлап тапқыш, ата-анасын сыйламайтын, санасыз, опасыз, тасбауыр, мейірімсіз жандар (Рим. 1:29-31).

Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер бар: Бірде-бір әділ кісі жоқ, ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ. Бәрі тайып кетті теріс жолға, әбден бұзылып кетті бірігіп барлығы да. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да. Арандары олардың көрдей ашық, майда тілдерімен айтады жалғандық. Сұр жыланның уы тілдерінен тамады. Ауызынан шыққандар: қарғыс, өтірік, жалғандық. Аяқтары жазықсыз қан төгуге асығады. Олар жүрген жерлерін қиратып, азап шеккізеді. Татулық дегенді олар білмейді. Құдайды қастерлейтін ниеттері жоқ (Рим 3:10-18).

Киелі жазбаның адамға берген бағасын ескерсе, Киелі кітапты білетін кісі Құдай адамдарға қалай ғана қарсы шығатынын, оларды қалай соттай алатынын немесе қалай мәңгілік жазаға кесетінін сұрамайды. Керісінше, ол Құдайдың адамдарды қалай жақсы көретінін, оларды қалай ақтайтынын және Өзінің ізгілігіне немесе адалдығына күмән келтірмей, адаммен қалай тығыз қарым-қатынаста бола алатынын сұрайды. Өйткені, адамның қарым-қатынастары мен ұстанатын өмірінің өзі адамгершілігіне күмән тудырады.

Төмендегі сипаттама мәселені түсіндіреді. Жаман қылықтары үшін адамды зұлым деп тануға болады. Мысалы, Гитлер адамзатқа қарсы жасаған қиянатының арқасында тарихқа зұлымдықтың үлгісі ретінде енді. Алайда, ондай қылмыстарды жасамаған, бірақ қылмыскермен араласып, оны қолдайтындар да зұлым емес пе? Мысалы, Гитлердің қиянатын жасамаған, бірақ оның қылмыстарын білетін, әлі күнге дейін Гитлерді дос санайтын және оны тиісті жазадан құтқарғысы келетін адамды кінәсіз деуге болмайды, келісесіз бе? Оның жасалған қылмысқа тікелей қатысы жоқ болса да, ол өзінің зұлымдығын қылмыскермен араласуымен және достығымен көрсетеді.

Олай болса, неге зұлымдықты жек көретін, зұлымдықты төзбейтін

қасиетті және әділ Құдай зұлым адамдармен қарым-қатынас орнатуға және оларды күнәларының салдарынан құтқаруға тырысады? Жазбаның жауабын қарастырмас бұрын, қазіргі заманғы танымал және күпірлік пікірді жоққа шығаруымыз керек: Құдай адамзатты Өзінің қандай да бір мұқтаждығынан немесе қарым-қатынасқа деген құштарлығынан құтқарған жоқ.

Keң тараған пікір Жазбаға және тарихи мәсіхшілік ойға тікелей қайшы келсе де, көптеген сенушілер қайшылықты білмейтіні өте өкінішті. Құдайдың қасиеттеріне қатысты ең маңызды ілімдердің бірі – Оның Өзі-Өзіне жеткілікті болуы. Жаратқан Иеге ештеңе керек емес. Адаммен қарым-қатынас Оған керек емес нәрсе. Батыстағы мәсіхшілік адамның құндылығын шектен тыс жоғарылатып жіберді. Адамзат Құдайдан да құнды болып кеткен сияқты. Бәрінің басы және соңы – адамзат деп санайды көптеген сенушілер. Аспан бізсіз аспан болмайды, ал Құдай адамзатсыз толық бола алмайды деп сенетін сияқтымыз. Алайда Жазбаға үңілсек, бар халықтар «судың шелектегі тамшысындай ғана» және «таразыға қонған шаң-тозаң іспетті» (Ишай 40:15). Құдайдың тек адам ғана қанағаттандыра алатын мұқтаждығы бар дегеннен аулақ болыңыз, ол – жалған ілім! Оған жауап ретінде Пауыл елшінің сөзін келтіруге болады: «Ол — әлемді және ондағының бәрін жаратқан Құдай, көк пен жердің Иесі! Сондықтан Ол адамның қолынан шыққан киелі үйлерде тұрмайды» (Елшілердің істері 17:24).

Құдайдың еш кемшілігі жоқ. Оның өмірін сақтайтын, өмірін жалғастыратын зат дүниеде жоқ. Құдай Өзінен басқа ештеңеге де, ешкімге де мұқтаж емес. Оның үстіне, Құдайға ешкіммен қарым-қатынас та қажет емес, өйткені Әке, Ұл және Рух мәңгілік бойы бір-бірімен тамаша қарым-қатынаста. Шексіз жомарт Құдай дүниені қандай да бір қажеттіліктен емес, Өзінің молшылығынан жаратты.

ҚҰДАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

Енді басында өзімізге қойған сұраққа жауап беру үшін Жазбаға жүгінейк: Құдай бізді неге құтқарғысы келеді? Біз қарастыратын бірінші жауап Жоханның 1-хаты 4:8-де. Бір жағынан, бұл мәсіхшілерге өте таныс үзінді, ал екінші жағынан, ол әрқашан бізді таң қалдыруы керек: «Құдай — сүйіспеншілік». Құдай күнәға батқан адамдарды жақсы көрді,

өйткені Құдай — сүйіспеншілік. Бұл қарапайым сөзден түсінетініміз, Құдай тек сүйіп қана қоймайды, Ол — сүйіспеншіліктің Өзі. Сүю – Оның істейтін әрекеті ғана емес, Оның болмысы. Құдайдың сүйіспеншілігі шешімнен, бейімділіктен, еңбектен әлдеқайда үлкен. Бұл Құдайдың қасиеті, Оның болмысының немесе табиғатының бір бөлігі. Өзінің Кім екеніне байланысты, Ол Өзін басқаларға еркін және риясыз берді. Адамзат ол сыйдан айтып жеткізбес пайда көрді. Осылайша, Құдайдың адамдарға деген сүйіспеншілігі Оның Кім екендігінің нәтижесі болып табылады. Құдайдың сүйіспеншілігінің сіз бен бізден табылған қандай да бір құндылыққа немесе еңбегімізге еш қатысы жоқ. Құдай адамзатты жақсылығына бола құтқарған жоқ, жамандығына қарамастан құтқарды. Құдайдың сүйіспеншілігі Оның ізгілігі мен еркінен шығады. Адамның мінезіндегі немесе істеріндегі қандай да бір ізгілік немесе артықшылық — айқын немесе жасырын, туа біткен немесе жүре пайда болған — Құдайдың сүйіспеншілігін тудырмайды. Логикамыз қарапайым: Құдай зұлым адамдарды сүйгендіктен құтқарады. Оларды Өзі сүйіспеншілік болғандықтан жақсы көреді.

Құдайдың сүйіспеншілігіне лайық болу мүмкін емес. Құдай сүйсе, шартсыз сүйеді. Бұл ақиқат Заңды қайталау кітабында тамаша суреттелген. Онда Құдай Исраилді неге таңдағанын түсіндіреді. Мұса халыққа былай деп еске салады: «Жаратқан Иенің сендерді сүйіп, таңдап алғанының себебі сендердің басқа халықтардан үлкен болғандықтарыңнан емес! Шынында сендер барлық халықтардың ішіндегі ең азы едіңдер. Қайта, Жаратқан Ие сендерді сүйгендігінен... ғана таңдап алды» (7:7-8).

Исраил: «Неге мені сүйдің?» деп сұрайды. Сонда Құдай: «Мен сені сүйгендіктен сүйдім» деп жауап береді. Осылайша, Құдайдың Исраилге және бүкіл адамзатқа деген сүйіспеншілігі олардың кім екеніне немесе не істегеніне байланысты емес. Керісінше, бұл Құдайдың Кім екеніне және Оның не шешкеніне қатысты. Құдай күнәкар және азғырылған адамдарды жақсы көреді, өйткені Ол — сүйіспеншілік және адамзатқа сүйіспеншілігін дарытуды шешті.

Адамзатта еш ізгілік жоқ. Осындай жаратылысқа деген Құдайдың сүйіспеншілігі Езекиел кітабында одан әрі суреттелген. Онда Құдай құтқаруға дейін Исраилдің және бәріміздің аянышты, тіпті жиіркенішті күйімізді сипаттайды:

Жаратушы Тәңір Ие Иерусалимге мынаны айтады: Сенің (рухани) ата-тегің қанахандықтар: әкең — аморлық, шешең — хеттік. Сен дүниеге келген күні кіндігің кесілмеді. Сені ешкім шомылдырып, қаныңнан тазартпады, үстіңе тұз жағып, жөргекке де орамады. Сені аяп-мүсіркеп, осылардың біреуін де істеген ешкім болмады. Керісінше, сен дүниеге келе салысымен-ақ жек көрініп, ашық далаға тасталдың.

Мен сол жермен өтіп бара жатып, үстің қан-қан күйінде аяқ-қолдарыңды ербеңдетіп жатқан бейшара халіңді көрдім. «Өмір сүр!» деп сені бауырыма бастым (Езекиел пайғамбар 16:3-6)

Бұл мәтінде Құдай Исраил халқын және күллі күнәкар адамзатты тексіз, жау нәсілінен туған, арам перзент ретінде сипаттайды. Шешесі түсік түсіріп, ай далада тастап кеткен, қан-қан болып иреңдеп, жылап жатқан нәресте. Тіпті ең нәзік жүректің өзі мұны көріп, аулақ жүруші еді. Ең мейірімді адамның өзі ондай баланы құтқаруға жігері жетпес еді. Соған қарамастан, рақымы мол Құдай, бізді зор сүйіспеншілікпен сүйген Құдай, күнәға батып өлген бізді Мәсіхпен бірге тірілтті.³

Құдай Өз сүйіспеншілігіне лайық, сүйкімді, Өзіне өте керек жаратылысты құтқарған жоқ. Адам Құдайдың махаббатын тудыра алмайды. Құдай бізсіз өмір сүре алмайтындай емес. Қайта, Құдай жеккөрінішті, жауыз, бойында сау жері жоқ жаратылысты құтқарды. Өзін толығымен азғырған адамзатты басқаның бәрі тастап кетті. Тек сүйіспеншіліктің Өзі болып табылатын Құдай бейшара күнәкарды құтқарды. Ізгі хабардың даңқы осында жатыр.

ҚҰДАЙДЫҢ ДАҢҚЫ

Езекиел 36:22–28 үзіндісінен қысқаша ауытқып, Құдайдың сүйіспеншілігі – лайықсыз күнәкарларды құтқаруға басты себеп екенін білдік. Енді Құдайдың барлық істерінің астарында жатқан керемет ниетті табу үшін тараудың басындағы мәтінімізге ораламыз. Ол ниет – Құдайдың даңқын паш ету. Қорыта айтқанда, Құдай адамдарды Өзі үшін және Өзінің разылығы үшін құтқарады. Бұл сөз тек зайырлы санаға ғана емес, гуманизмге малынған қазіргі мәсіхшілікке де оғаш, тіпті қорлайтындай көрінуі мүмкін.

3 Ефестіктерге 2:4–5

Езекиелдегі үзіндіні оқығанда назарымызға түсетін бірінші көрнекті шындық – Құдай Исраилді халықтың әлдебір жақсылығына бола құтқарған жоқ. Қысқа мәтінде Исраилдің халықтар арасында Құдайдың есіміне нұқсан келтіргені екі рет айтылған. Пауыл елші исраилдіктердің пұтқа табынушылықтары мен зұлым істеріне бола басқа ұлттар арасында Құдайдың есіміне тіл тигізілді деп айтуға дейін барады.⁴ Исраилдің істегені құтқарылуға емес, айыпталып, құрып кетуге апару керек.

Құдайдың таңдап алған Исраил халқы туралы осылай айтылса, дүние жүзіндегі пұтқа табынушы басқа халықтар жайлы не дейміз? Құдайдың заңы мен уәделеріне ие яһудилердің еш ізгілігі мен жетістіктері жоқ болса, қараңғы, қатал, пұтқа табынушы басқа ұлттар не істемек? Яһудилердің жарамсыздығы өздеріне де, бүкіл әлемге де мақтан тұтуға ештеңе қалдырмайды.⁵

Осылайша, үкім шығарылған кезде, қай халық болсын, бәріміздің үніміз өшеді:

Бірде-бір әділ кісі жоқ, ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ. Бәрі тайып кетті теріс жолға, әбден бұзылып кетті бірігіп барлығы да. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да (Рим. 3:10-12).

Құдайдың бізді құтқаруға еш себебі болмаса, Ол неге құтқарады? Жауапты мәтіннен табамыз: «Бірақ сендерге бола емес, Өзімнің қасиетті есіміме бола солай істеймін». Және тағы да: «Мен... ұлы есімімнің қандай киелі екенін көрсетемін! Осылайша [халықтар]... Менің Жаратқан Ие екенімді білетін болады». Құдай халықтардың арасынан Өзі үшін бір халықты құтқаруды шешті және мұны Өзінің ұлылығы үшін, Өзінің ұлы есімі үшін және Өзінің даңқы үшін істеуге бел байлады. Жаратқан Ие – жалғыз Құдай екенін бәрі білсін деп істеді. Иеміз Еремия пайғамбар арқылы былай дейді:

Оларды Менің алдымда жасаған күнәларының бәрінен тазартып, солардың Маған қарсы бас көтергенде жасаған әділетсіз істерінің барлығын кешіремін. Сонда осы қала Менің оған істеген барлық жақсылықтарым туралы естіген

4 Римдіктерге 2:24

5 Римдіктерге 3:19

жердің барлық халықтарының алдында Маған атақ пен қуаныш, мадақ пен даңқ әкеледі. Сол халықтар Менің осы қалам үшін жасаған барлық жақсылықтарыма және берген аманшылық пен тыныштығыма шошына дірілдейтін болады (Еремия 33:8-9).

Осы жерде Құдай Өзінің халқын қай мақсатпен құтқарғанын анық айтады: Құдайдың Исраилдіктерге көрсеткен рақымын естігендер Оны мадақтап, құрметтеуі үшін.

Құдайдың Өз даңқына деген құмарлығы Киелі кітаптың басынан аяғына дейін көрінеді. Жазбаның үйреткеніне сәйкес, ғаламның жаратылуы, адамның азғырылуы, Исраил халқын таңдау, Мәсіхтің айқышы, қауымның туылуы және халықтарға үкім шығарудың бір ұлы және түпкілікті мақсаты бар: Құдайдың даңқы. Басқаша айтқанда, Құдай істегенінің бәрін Өзін жаратылысқа көрсету үшін істейді. Құдайдың істерін көрген жаратылыс Оның Кім екенін түсініп, Жаратқан Иені Тәңір ретінде құрметтейді, дәріптейді және Құдаймен қарым-қатынаста бақыт табады. Қауым тарихындағы ең көрнекті теологтар мәтіннің бұл түсіндірмесін қуана қолдайды. Чарльз Ходж былай жазған: «Адамдар ұзақ уақыт бойы «Құдай дүниені не үшін жаратты? Дүние қандай мақсатқа жету үшін жаралған?» деген сұраққа жауап іздеп келеді. ...Бұл жұмбақтың шешімін табудың жалғыз жарарлық әдісі – Киелі жазбаға жүгіну. Онда Құдайдың даңқы, Оның кемелдігінің көрінісі – барлық істерінің соңғы мақсаты екені анық үйретіледі».⁶ Джонатан Эдвардс былай дейді: «Осылайша Құдайдың істерінің керемет түпкі мәніне көз жеткіземіз. Ол Киелі жазбада әрқилы сөзбен айтылған, бірақ шын мәнінде мақсат БІР ғана. Оның ең дұрыс, әрі бәрін қамтитын атауы “ТӘҢІР ИЕНІҢ ДАҢҚЫ!”».⁷

Құдайдың Өзінің даңқына деген құмарлығы — Жазбаның анық және ымырасыз ілімі болып табылады. Дегенмен көптеген адамдар, кейде тіпті шыншыл сенушілер де «Құдайдың Өз даңқы үшін әрекет еткені дұрыс па?» деп сұрайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін Құдайдың Кім екенін қарастыру жеткілікті. Жазбаға сәйкес, Ол Өзінің

6 Чарльз Ходж, «Systematic Theology», редакторы Эдвард Н. Гросс (Гранд Рапидс: Бейкер, 1988), 1:565, 567.

7 Джонатан Эдвардс, «Dissertation on the End for Which God Created the World», «The Works of Jonathan Edwards» жинағынан (Эдинбург: Banner of Truth, 1974), 1:119.

барлық жаратылыстарының жиынтығынан *шексіз үлкен*. Демек, Құдайдың ең жоғары орынға ие болуы және Өзінің ұлылығын барлық істерінің себебі немесе басты мақсаты етуі дұрыс қана емес, сонымен қатар қажет те. Оның даңқы (яғни, Оның кім екендігінің толықтығы) баршаға мәлім болуы үшін және Оның бәрінен жоғары дәріптелуі (яғни, құрметтелуі және мадақталуы) үшін Құдайдың барлық назарды Өзіне аударып, ұлы істерін паш етуі әбден дұрыс. Жаратқан Ие Өзінің даңқын көздеме, Өзіне тиісті мадақтан қашса, Өзінің Құдай екенін жоққа шығарушы еді. Құдайдан басқа біреу өзі үшін сонша қадір-құрмет іздесе, ол пұтқа табынушылықтың ең өрескел түрі болар еді. Бұл тағы да теолог пен уағызшының бірдей ортақ пікірі. А. А. Ходж былай жазған: «Құдайдың Өзі барлық жаратылыстың жиынтығынан шексіз лайықты болғандықтан, Оның даңқының көрінісі... ең жоғары және ең лайықты мақсат болып табылады». ⁸ Чарльз Сперджен былай дейді: «Құдайдың ниеті – бәрінен жоғары ниет. Құдайдың даңқын көздеуден асқан ниет жоқ». ⁹

Енді тағы бір өте маңызды тұсты қарастырайық. Оны да шындық деп түсінуіміз керек. Құдайдың мадақталуы Оның жаратылысын жарылқаумен бірге жүреді. Құдай ешқашан жаратылысына зақым келтіретіндей Өзіне даңқ іздемейді. Шындығында, Құдайдың жаратылысқа жасай алатын ең үлкен жақсылығы және көрсете алатын ең үлкен мейірімі — Өзін ұлықтау болып табылады. Құдайдың шынымен Кім екенін көру – жаратылыс үшін ең үлкен игілік. Сондықтан Құдай барлық жайттарды осыған бағыттап басқарады. Егер Тәңір Ие шексіз құндылық, сән-салтанат және сұлулық иесі болса, Оның жаратылысқа бере алатын ең құнды, ең керемет және ең әдемі сыйы – Өзін ашуы деген қорытынды шығады. Осы құнды түсінікке қатысты Луи Берхоф былай жазған: «Өз есімінің даңқы үшін Өзін-Өзі көрсетуге ұмтылғанда Құдай басқалардың әл-ауқатын, олар үшін ең үлкен жақсылықты назардан тыс қалдырмай, қайта оны арттырды... Демек, Құдай даңқының көрінісі – басты мақсат, ал жаратылыстың бақыты мен құтқарылуы, шүкіршілік етуі мен Құдайға табынуы онымен ілесе жүреді». ¹⁰

8 А. А. Ходж, «Outlines of Theology» (Эдинбург: Banner of Truth, 1972), 245

9 Ч. Х. Сперджен, «The Metropolitan Tabernacle Pulpit: Containing Sermons Preached and Revised» (Пасадена, Техас: Pilgrim Publications, 1969–1980), 10:304.

10 Луи Берхоф, «Systematic Theology» (қайта басылған, Эдинбург: Banner of Truth, 1998), 136–37.

Құдайдың Өзінің жаратылысына Өзінің Кім екенін көрсету үшін барлық нәрсені басқарып, әрекет ету арқылы Өзін дәріптейтінін білдік. Бұл әсіресе Мәсіхтің айқышына және сол арқылы жүзеге асқан құтқаруға қатысты. Осы бір оқиғада Құдайдың қасиеттерінің толықтығы ашылады. Сонда Жаратқанды жақыннан таныған періштелер де, құтқарылғандар да Оны қадірлеп, қастерлеп, Одан ләззат алады. Неліктен Құдай зұлым адамдарды құтқару үшін жалғыз Ұлын құрбан етті? Оның себебін азғырылған, қадірін жоғалтқан, еш жақсылығы жоқ адамзаттан іздемей-ақ қойыңыз. Құдайға қараңыз! Жаратқан Ие керемет құтқару жұмысын Өз есімі үшін және Өзінің даңқын мадақтау үшін орындады! Бұл түсіндірме бізге жақпаса, мынаны ұғып алайық: Құдай бізді Өзі үшін құтқармағанда, бізді құтқаруға Оның басқа еш себебі жоқ еді.

Бұл үйреншікті уағыздарда еститінімізден сәл басқаша, солай ма? Оқып отырғаныңыз сізді таң қалдыруы мүмкін. Бірақ бұл тек таң қалдырмай, құтқаруға қатысты іс жүзіндегі әрекетке де түрткі болады. Міне, осы себепті сенушінің өмірінде бастаған ізгі жұмысында Құдай ешқашан сәтсіздікке ұшырамайды. Бізде игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жетілдіреді, өйткені Ол бәске Өз есімін тігіп отыр.¹¹ Құтқару — Құдайдың ісі. Құтқару — Құдайдың ең үлкен жетістігі десек те шындықтан ауытқымаймыз. Бұл ерекше істегі сәтсіздік Оның даңқына нұқсан келтірер еді. Мұны Исраилдің шөл даланы кезгендегі оқиғаларының бірінен көруге болады. Әңгімеде халық тағы бүлік шығарғанда, Мұса оларға араша түседі.

Барлаушылар хабар әкелген соң, Исраилдіктер қорыққандарынан Уәде етілген жерге кіруден бас тартады. Құдай олардың күмәнін көргенде, қаһарланып, халықты толығымен жойып жіберетінін айтады. Құдайдың үкіміне қарсы Мұса келесі сөзбен араша болды:

Бірақ егер Сен мына халықты бір адамын да қалдырмай қырып тастасаң, онда Өзің туралы естіген бөтен халықтар: «Әне, көрдің бе, Жаратқан Ие сол халықты оларға беруге Өзі ант еткен елге жеткізе алмапты. Сол себепті Ол халықты елсіз далада қырып тастапты» деп Сені табаламақ. Сондықтан да, уа, Ием, Сенің зор құдіретің көріне түссін!... Өзіңнің ұлы да берік мейіріміңе сай осы халықтың кінәсін

11 Філіпшіліктерге 1:6

кешіре гөр! Оларды Мысырдағы кездерінен бастап қазірге дейін осылайша кешіріп келдің ғой (Ру. сан. 14:15-19).

Мұсаның дәлелі оның Құдайдың даңқына деген құмарлығынан туындайды. Пайғамбардың логикасы тамаша: егер Құдай Өз халқын мүлде қабылдамай, оларды Уәде етілген жерге жеткізбесе, халықтар бұл сәтсіздікті Құдайдың қабілетсіздігіне жабар еді. Сол сияқты, Құдай жеке сенушідегі құтқару ісін тастамайды, бірақ игі істі бастаған Ол оны соңғы күнге дейін аяқтайды.¹² Құдайдың адалдығы мен Өз халқын құтқаруға деген табандылығының түпкі мақсаты – Құдайдың даңқы.

Осылайша [халықтар]... Менің Жаратқан Ие екенімді білетін болады (Езекиел 36:23).

Сонда осы қала Менің оған істеген барлық жақсылықтарым туралы естіген жердің барлық халықтарының алдында Маған атақ пен қуаныш, мадақ пен даңқ әкеледі. Сол халықтар Менің осы қалам үшін жасаған барлық жақсылықтарыма және берген аманшылық пен тыныштығыма шошына дірілдейтін болады (Еремия 33:9).

Күннің шығысынан батысына дейін халықтар арасында Менің есімім зор даңққа бөленеді. Барлық жерлерде де Маған арналып хош иісті заттар түтетіліп, адал сый-тартулар ұсынылады. Себебі халықтар арасында Менің есімім даңқталады, — деп нық айтады Әлемнің Иесі (Малахи 1:11).

ЖЕТІНШІ ТАРАУ



Құтқарылудың авторы

Өйткені Мен сендерді халықтардың арасынан шығарып, барлық елдерден жинап, өз елдеріңе алып келмекпін. Мен сендерге таза су бүркіп сепкендей, өздеріңді арамдаған бүкіл былғаныштарыңнан тазартамын. Сендерді барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын. Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын, әрі бойларыңа Өз Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын.

Сендер Мен ата-бабаларыңа табыстаған елді қайтадан мекендеп, Өзімнің халқым боласыңдар, ал Мен Құдайларың боламын.

— Езекиел 36:24-28

Ізгі Құдай зұлым адамдарды не себептен құтқаратынын білдік, енді әрбір адамның сенімге келгендегі жеке рөлін қарастырайық. Езекиел 36:24–28 — Мәсіхтің келуімен және Оның құтқару ісімен басталатын жаңа келісімге қатысты Көне өсиетте жазылған ең әдемі және қуатты пайғамбарлық сөздердің бірі. Онда жаңадан туылу және сенімге келу жайлы Жазбадағы ең айқын мысалдың бірі келтірілген.

Бұл мәтіннің мазмұнын түсінген сенуші оны екі түрлі мақсатпен қолдана алады. Біріншіден, мұны өлшем құралы ретінде қолдануға болады. Жоғарыдағы мәтінге сүйеніп біз Мәсіхке деген сеніміміздің дұрыстығын анықтап, сол арқылы Киелі кітапқа негізделген растау ала аламыз. Мәтінімізге сәйкес, шынайы бетбұрыс – Құдайдың табиғаттан тыс жұмысының нәтижесі. Сол арқылы адамның жүрегі, табиғаты өзгеріп, ол Құдайдың еркіне сай әрекет етуге қабілетті болады. Осылайша, Құдайдың киелі ететін үздіксіз жұмысы және Оның еркіне

мойынсұну шын мәнінде сенімге келгендердің өмірінен анық көрінеді. Екіншіден, бұл мәтін қуаныш пен жұбаныштың таусылмайтын көзі. Сенушінің рухани жетілу жолында ілгерілеуі көбінесе баяу болады, әрі көптеген сәтсіздіктер мен ауытқулар оған кедергі келтіреді. Сенуші бөгет бола беретіннің бәрінен, әсіресе тез шырмап алатын әрбір күнәдан арылатын сәт бола ма деп ойланады.¹ Бұл мәтінді оқып, әр сенуші мынаны есте сақтасын: бізде игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін аяқтайды, бізді барлық арамдықтарымыз бен пұттарымыздан тазартады және бізге Өзінің жарғыларымен жүруді үйретеді.²

Бұл мәтіндегі біз қарастыратын бірінші керемет ақиқат, Құдай құтқарылуымызды Өзі бастап, Өзі аяқтайды. Әрбір жеке адамның да, жалпы қауымның да құтқарылуы – Құдайдың ісі. Жаратқан Ие Киелі Рух арқылы адамның жүрегіне Өзі түрткі салып, Өзіне тартады. Құтқарылудың жалғасын Өзі қадағалайды және оны Иса Мәсіхтің қайта оралатын күні аяғына дейін жеткізеді. Мұны бәріне танымал клише ретінде жазған жоқпын. Мұнда Құдайдың тәуелсіз билігін сенуші үмітінің негізі және күшінің қайнар көзі ретінде көрсеткім келді. Құдай айтқан сөзіне берік. Ол ешқашан күмәнданып сөйлемейді. Бұл мәтіндегі келесі тіркестерден көрінеді. Бірінші жақтағы «Мен» есімдігінің (әрекет етуші – Құдай), одан кейін сөзсіз уәденің (ол орындалмай қалмайды) қолданылуын байқаңыз:

«Мен сендерді халықтардың арасынан шығарып аламын».

«[Мен сендерді] барлық елдерден жинап аламын».

«[Мен сендерді] өз елдеріңе алып келмекпін».

«Мен сендерге таза су бүркіп өздеріңді арамдаған бүкіл былғаныштарыңнан тазартамын».

«[Мен] сендерді барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын».

«[Мен] Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын».

«[Мен] көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын».

«[Мен] бойларыңа Өз Рухымды дарытамын».

«[Мен] сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын».

1 Еврейлерге 12:1

2 Філіпіліктерге 1:6

Бұл сөзде күмән немесе белгісіздіктің бір тамшысы жоқ. Құдай жай ғана ойларын дауыстап айтып жатқан жоқ, бұл – Оның бұлыңғыр үміттері мен армандары емес. Ол «сендермен татуласа алсам, мынаны істеуші едім, шіркін» демейді. Керісінше, Ол «барлық қалауын іске асыратын Құдай» және «ниет еткендерінің бәрін Өз еркіне сай орындайды» (Заб. 113:11; Ефес. 1:11).

Сондай-ақ көріп отырсаңыз, Құдай әрбір мәсіхшінің өмірінде не істейтінін айтып қана қоймай, сонымен қатар жұмысының нәтижесіне кепілдік береді:

«Сендер таза боласыңдар».

«Сендер бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын боласыңдар».

«Сендер Мен ата-бабаларыңа табыстаған елді қайтадан мекендейсіңдер».

«Сендер Өзімнің халқым боласыңдар, ал Мен Құдайларым боламын».

Қауымды құтқаруда және оның әрбір мүшесін Өзіне қаратып өзгертуде Құдай неткен құдіретті! Құдай кімдерді шақырып алса, соларды рухани өлімнен тірілтті. Кімдерді тірілтсе, соларды ақтап, тазартты. Кімдерді ақтап алса, солардың жүректерінде орын алады. Кімдердің жүректерінде орын алса, соларға бұйрықтары мен ережелерін мұқият сақтайтындай үйретеді. Пауыл елшінің Римдегі қауымға жазғанына ұқсас, құтқарылудың алтын тізбегін көріп отырмыз.³ Пауыл сияқты біз де: «Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!» дей аламыз (Рим. 8:31).

Бізде игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін аяқтайды. Бұл құтқарылудағы адамның жауапкершілігін немесе әр сенушінің күнәға қарсы табанды күресін жоққа шығару емес. Мәсіхтің бейнесіне ұқсай беруге ұмтыламыз, әрі ол жолда үлкен жеңістер де, жеңілістер де болып жатады. Менің айтайын дегенім – Құдай Өзіне халық

3 Римдіктерге 8:29–30 жиі «Құтқарылудың алтын тізбегі» деп аталады. Онда Құдайдың сенушінің өмірінде іске асыратын құтқарудың барлық сатылары сипатталған. Олар: таңдау, белгілеу, ақтау, киелі ету, ұлықтау. «Құдай алдын ала білетін біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсасын, осылайша рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді. Құдай кімдерді бұрыннан белгілеп қойса, соларды шақырып алды, шақырып алғандарын ақтап та алды, ақтап алғандарына ұлылық та сыйлады».

жасауды мақсат етті, және Ол Өзінің құдіретімен оны міндетті түрде іске асырады. Құдай шақырған жандардың барлығы Оған келеді, ал келгендердің ешқайсысы жоғалмайды.⁴ Мәсіхтің қаны арқылы олар ақталады, ал Киелі Рухтың күші арқылы қайта тіріледі, киелі болады және Тәңір Иенің жетелеуімен жүреді.⁵ Әрқайсысы өз қарқынымен және өз дәрежсінде рухани өсіп-жетіледі. Кейбіреулері өте шапшаң, басқалары өте баяу өссе де, олардың бәрі Мәсіх арқылы Құдайдың шақыруына қарай ілгерілейді. Сөз жүзінде де, іс жүзінде де олар Құдайдың халқы және Ол олардың Құдайы болады.⁶

Қарастырған мәтінімізден білген мағызды ақиқаттарды қымбатты оқырман жақсылап түсініп алсын деймін. Қайта-қайта айта беру керек, шынайы, Киелі кітапта айтылған бетбұрыс әрбір сенушінің өмірінде жемісін береді. Жеміс әртүрлі болуы мүмкін, кейбіреулері жүз есе, ал басқалары алпыс, енді біреулері тек отыз есе өнім береді.⁷ Дегенмен, барлығы да жеміс береді, әрі жемістерінен, яғни іс-әрекеттерінен танылады.⁸ Бұл сенушінің берілгендігіне емес, бетбұрыстың табиғатына байланысты. Құдайға шынымен бет бұрудың өзі сондай нәтиже береді. Тек сенім арқылы, Жаратқан Иенің рақымымен ақталғандар «Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаралған. Соларды орындау үшін Құдай алдын ала жағдай тұғызды да» (Ефес. 2:10).

4 Жохан 6:37, 39; 18:9

5 Жохан 3:3–8; Римдіктерге 5:9; 6:11; 8:14; 1-Қорынтықтарға 6:11; Фалаттықтарға 5:18; Титке 3:5

6 Філіпіліктерге 3:14

7 Матай 13:23

8 Матай 7:16–20

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ



Бөлініп шығу және тазару

Өйткені Мен сендерді халықтардың арасынан шығарып, барлық елдерден жинап, өз елдеріңе алып келмекпін. Мен сендерге таза су бүркіп сепкендей, өздеріңді арамдаған бүкіл былғаныштарыңнан тазартамын. Сендерді барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын.

— Езекиел 36:24-25

Батыста мәсіхшіліктің өсуі қауымдағы нәпсіқұмарлықтың өсуімен бірге жүретін сияқты қазіргі кезде. Сондықтан Киелі кітапта сипатталған шынайы бетбұрыстың қандай екенін білу маңызды. Адам рухани қайта туылғанда не болады? Ол туылу сырттай қалай көрінеді? Бір жақсысы, Езекиел 36:22–28-де жазылған жаңа келісімнің уәдесінде бұл сұраққа анық жауап бар.

Келесі тарауларда біз шынайы сенімге келудің маңызды сипаттамаларын қарастырамыз. Адамның өмірінде бұлар бірінен соң бірі емес, басқаша тәртіпте келуі мүмкін. Біз оларды мәтінде берілгендей қарастырамыз. Зерттеу барысында өзімізден бұл белгілер біздің өмірімізде қай дәрежеде көрінетін сұрағанымыз дұрыс болар. Пауыл елшінің сөзімен айтқанда, шынында сенім жолында жүрміз бе, жоқ па, тексеруіміз керек.¹

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗДІ БӨЛІП ШЫҒАРУЫ

Шынайы бетбұрыстың алғашқы көзге түсетін нәтижелерінің бірі — дүниеден бөлініп шығу. Оның Киелі кітапқа сәйкес анықтамасы — Құдайға ұнамайтын және Оның еркіне қайшы келетін барлық

¹ Қорынттықтарға 2-х. 13:5

нәрселерден бас тарту. Мұндай бөліну өз алдына мақсат емес, керісінше одан үлкенірек мақсатқа жетудің алғашқы және маңызды қадамы. Ол керемет мақсатымыз: Құдайға жақындау және оның мақсаттары мен еркіне өзімізді бағыштау. Бұл Езекиел 36:24-те уәде етілген және тамаша суреттелген. Езекиел пайғамбар арқылы Құдай өз халқына: «Мен сендерді халықтардың арасынан шығарып, барлық елдерден жинап, өз елдеріңе алып келмекпін», – дейді.

Бұл жаңа келісімнің уәдесі Израил халқының Бабыл тұтқынынан физикалық түрде оралуына ғана байланысты емес. Ол Құдай Өзінің халқын, яһудиді де, басқа ұлтты да барлық халықтардан шақырып, оларды сүйікті Ұлының туының астына жинайтын күнге меңзейді. Оның үстіне, қайта тудыру және киелі ету жұмысы арқылы Құдай Өз халқын пұтқа табынушы халықтардың арасынан шығарып қана қоймайды, сонымен қатар сол басқа халықтардың Өз халқына деген ықпалын жояды. Жаратқан Ие таңдаған халқын Өзіне тартады. Ол олардың Құдайы, ал олар Оның халқы болады.

Езекиелдегі мәтінде назарымызға түсетін бірінші ой мынадай. Өз халқын оларды қоршаған дүниеден бөліп алудың себепшісі немесе негізгі қозғаушысы – Құдайдың Өзі. Киелі кітаптағы бөлініп шығу адамның жауапкершілігін қамтыса да, бұл ең алдымен Құдайдың жұмысы, және Ол жұмысына кепілдік береді. Құдай Өз халқын осы құлдырап кеткен дүниенің азғыруынан, бұзылуынан *алыстатады* және оларды Өзіне *жақындатады*. Сенуші осы заманның идеалдары мен ләззаттарынан бірте-бірте *айырылып*, Құдаймен бірге жүруді және Оның өсиеттерін ұстануды *үйренеді*. Біздің мәтініміз және Жазбадағы басқа да көптеген үзінділер осындай ілгерілеуге кепілдік береді. Құдай біз үшін сенім жолын салады да, мақсатымызға жеткізеді де.² Біз Құдайдың ерекше жаралған туындысымыз.³ Бізде жақсы ісін бастаған Құдай оны аяқтайды.⁴

Батыстағы мәсіхшіліктің соңғы жылдарында көптеген маңызды және құнды шындықтар жойылған немесе кем дегенде ұмытылған сияқты. Сондай ақиқаттардың бірі: қауым және әрбір жеке сенуші – Құдайдың меншігі болып табылады. Әрбірімізді жаратқан да, ақтап

2 Еврейлерге 12:2

3 Ефестіктерге 2:10

4 Філіпіліктерге 1:6

алған да – Құдай, сондықтан Оның біздің өмірімізге толық құқығы бар. Жаратқан Ие бізді өмірге келтірді және күнәдан азат ету үшін үлкен құн төледі.⁵ Сондықтан, қауым да, әр адам да – Құдайдыкі. Ол қалағанынша істей алады. Көне өсиетте Құдай Исраилге былай деген: «барлық халықтардың ішінде сендер Менің ерекше құнды меншігім боласыңдар. Бүкіл жер — Менің иелігім».⁶

Жаңа келісімде Құдай қауымға да солай дейді. Біз Құдайдың ұлылығын мадақтау үшін және бүкіл әлемде Оның ұлылығын жариялау үшін таңдалған Құдайдың нәсіліміз.⁷ Сол себепті Мәсіх бізді жамандық атаулыдан азат етіп, Өзінің меншікті, игі істерге ынталы халқы ету үшін жанын қиып, құрбан болды.⁸

Құдайдың барлық қалағанын істеуге құқығы бар, келісесіз бе? Егер біз жаратылыс бойынша және ақталу бойынша екі есе Оған тиесілі болсақ, Оның бізді адамзаттан бөліп алып, Өзі үшін, Өзінің разылығы үшін және мәңгілік мақсаттары үшін талап етуге құқығы бар, келісесіз бе? Жазба бұл сұрақтарға иә деп жауап береді.

Сондай-ақ ұмытылған тағы бір ақиқат келесідей. Құдайдың аттарының бірі «Қызғаныш», ол Өз халқының сүйіспеншілігін басқалармен бөліспейді.⁹ Сол себепті Ол Исраилге басқа тәңірлерге табынбасын және оларға қызмет етпесін деп қатаң бұйырды.¹⁰ Тура осы себептен Құдай қауымға және әрбір сенушіге былай ескертеді: осы дүниемен дос болғысы келген адам Құдайдың жауына айналады. Сонымен қатар, Жаратқан Ие біздің Оны ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды.¹¹ Өкінішке орай, Құдайдың қызғанышы туралы ілім адамдардың сүйіп тыңдайтын уағыздарына жатпайды. Дегенмен, бұл Жазбадағы ең көрнекті шындықтардың бірі. Бұл Құдайдың Өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігінің дәлелі. Ерлі-зайыптылардың бірі жұбайын басқа біреумен бөлісуге дайын болса, олардың арасында жақын қарым-қатынас бар ма? Оған күмәнім бар. Құдайдың сүйіспеншілігі де солай емес пе?

5 1-Қорынттықтарға 6:20; 7:23; Қолостықтарға 1:16

6 Мысырдан шығу 19:5-6

7 Ефестіктерге 1:14; Петірдің 1-х 2:9

8 Титке 2:14

9 Мысырдан шығу 34:14

10 Мысырдан шығу 20:4-5

11 Жақып 4:5

Құдайдың Өз халқын сүйгеннен жасайтын ең үлкен игілігі – оларды шынымен қанағаттандыра алмайтын және тек зиян әкелетін басқа «махаббаттардан» сақтау.

Біз Құдайдың меншігі болғандықтан және Құдайдың бізге деген қызғанышынан, Жаратқан Ие барлық сенушілерді осы бұзылған дүниенің жалған сүйіспеншілігі мен моральдық құлдырауынан ажырату үшін еңбек етеді. Солайша Ол бізді түрлендіріп, тазартып, Өзіне қарай тартады. Осы мақсатына жету үшін Құдай ешбір шығынды тым қымбат демейді. Ол барлық мүмкіндікті пайдаланып, барлық ресурстарды қолдануға дайын. Еремия пайғамбардың сөзімен айтсақ, Жаратқан Иенің халқына қатысты еркі міндетті түрде орындалады және Құдай мұны «шын жүректен, бүкіл жан дүниесімен» жасайды (Ер. 32:41). Басқаша айтқанда, жұмысты аяқтау үшін Ол бар күшін салады.

Жалғастырмас бұрын, бір сұрақ қояйық: бөлініп шығу біздің өмірімізден көрінеді ме? Құдайға бет бұрғаннан бастап өміріңізде өзгеріс болды ма? Құдайға жақындадыңыз ба? Осы күнәкар дүниенің моральдық бұзылуынан алыссыз ба? Бұл әрбір шынайы сенушінің куәлігі мен мұрасы. Өмірімізде киелілік ұлғайып жатпаса, жоғарыда айтылғандар байқалмаса, өзімізді тексеру керек деген сөз. Сенімнің бар-жоғын сынау қажет.¹²

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗДІ ТАЗАРТУЫ

Күнәкар адамдардың барлығына ортақ бір қасиет – олардың моральдық арамдығы. Забур жыршысы «бәрі тайып кетті теріс жолға, әбден бұзылды бірігіп барлығы да.

Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да» деп жазған.¹³ Ишая пайғамбар

«Бәріміз де күнәға батып рухани ластанып кеттік! Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті!» деген.¹⁴ Әйүп болса, адамның моральдық бұзылғаны сонша, ол дерттің емделуі мүмкін емес деп шешті.¹⁵

12 2-Қорынттықтарға 13:5

13 Забур 13:3

14 Ишая 64:6

15 Әйүп 9:29–31

Жазба адамзатты қатал айыптайды, бірақ бұл шындық. Адамзат тарихының әрбір парағынан көретініміз, күнәкар адам нәсілі – толықтай азғырылған, моральдық жағынан құлдыраған және кез-келген адами әрекет оны ретке келтіре алмайды. Сондықтан Езекиел 36:24–25-тегі Құдайдың бізді барлық арамдықтарымыз бен пұттарымыздан тазартатыны туралы уәдесі үлкен қуаныш әкеледі.

Мәсіхшілік діні басқалардан ерекше, өйткені ол бір жағынан тазаруды қажет етеді, бірақ екінші жағынан адам өз күшімен тазара алмайды дейді. Басқа діндерден айырмашылығы, ол адамның өзін-өзі моральдық құлдықтан босатуға немесе азғындықтан өзін-өзі тазартуға деген барлық әрекеттерін жоққа шығарады. Өз кезегінде, біздің сеніміміз дәрменсіз адамдарға азат ететін және тазартатын жалғыз Құдайды ұсынады. Жаратқан Ишая пайғамбар арқылы жариялағандай: «Мен Жаратқан Иемін, Менен басқа Құтқарушы жоқ!» (Ишая 43:11).

Езекиел 36:24–25-те Құдай Өзі бөліп алғандардың барлығына Құдайдың тазарту жұмысын уәде етеді. Жазбадан біз бұл тазартудың позициялық және тәжірибелік екенін түсінеміз. Бұл ақтаумен де, киелі етумен де байланысты. Екеуі егіз рақым, сондықтан бір-бірінен ажырамайды. Құдай кімді ақтаса, соны киелі де етеді.

Жазбаға сәйкес, адам өз-өзіне сенуден бас тартып, Мәсіхтің өтеу ісіне сенген сәттен бастап ақталады, яғни Құдай алдында әділ деп танылады. Осы сәтте оның Құдай алдындағы дәрежесі забуржыршысы жариялағандай: әділетсіз істері кешірілген, барлық күнәларынан ақталған және Иеміз оның мойнына кінә артпайды, оның жан дүниесінде жалғандық болмайды.¹⁶ Көне өсиетте діни қызметкер айсағыз (үсөп) бұтақшасын құрбандықтың қанына батырып алып, өкінген күнәкарға бүркетін. Осы теңеуді қолдансақ, ақталған адам құрбандық қанымен тазартылып, қардан да аппақ болған жаңа жаратылыс сияқты.¹⁷ Тіпті қасиетті және бәрін білуші Құдайдың Өзі де ақталған адамның бойынан ешбір дақ немесе мін таба алмайды.¹⁸

Сенім арқылы ақталу Жазбадағы ең керемет және жұбаныш беретін ақиқаттардың бірі болса керек. Бірақ ол мәсіхшінің өмірінде ешқашан

16 Забур 31:1–2; Римдіктерге 4:7–8

17 Забур 50:7

18 Таңдаулы ән 4:7

жалғыз жүрмейді. Барған сайын, сенушінің өміріндегі киелілік арта береді. Бұл рақым ақталудан кем емес, әрі әрдайым сонымен бірге жүреді. Ақталу арқылы сенуші Құдайдың алдында кінәдан және кез-келген моральдық кір мен пұтқа табынушылықтан біржола тазарады. Ақталған адам Мәсіхтің әділдігін кигендей болады, сөйтіп ол Құдайдың әділдігіне ортақтасады.¹⁹ Сонымен қатар, үздіксіз ұлғайып отыратын қасиеттілік арқылы ақталған сенуші бірте-бірте Мәсіхке ұқсай береді. Құдайдың құдіреті Рух пен Сөз арқылы сенушіні жабысып қалған кірден тазартады. Құдайға толығымен бағынуға, Құдайға адал болуға кедергі болатын пұттар да жойылады. Ақталу – біткен іс. Одан алып-қосатын ештеңе жоқ. Құдай ол керемет еңбекті аяқтады. Дегенмен, бізді қасиетті ету жұмысы — үздіксіз үдеп отыратын еңбек, оны Құдай біз осы дүниеден кеткенше жалғастырады. Өміріміздің соңында Жаратқан Иенің алдына барғанда ғана ол жұмыс аяқталады. Тағы да қайталаймын, ақтау мен киелі ету әрқашан бірге болады. Ақталу киелі болуды мүмкін етеді, ал киелі болу біздің ақталғанмыздың дәлелі.

Езекиел 36:23–28-дегі уәделер – болар-болмайтыны белгісіз алыс армандар емес, мәңгі Құдайдың жарлығына негізделген, сөзсіз іске асатын жоспар дедік. Құдайдың әр сенушіге «Сені Өзіме ұқсатып киелі қыламын» дегені де тура сондай берік ант. Мәсіхшінің өмірінде рухани күрес те, жеңіс те, жеңіліс те болып жатады. Бірақ қалай болса да, игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді²⁰. Сенушіге кедергі жасайтын күнә бірте-бірте *жойылады* және сенушіні Құдайдан алыстататын пұттар *құриды*. Сенуші бұл өмірде ешқашан күнәсіз болмаса да, ол Құдайдың істерінде ілгерілеп, Иса Мәсіхке ұқсай береді. Құдай Өзінің билігін бекітіп, мәсіхшінің өміріндегі барлық нәрсені осы мақсатқа бағыттайды. Неге десеңіз, Жаратқан Ие мұны Өз есімінің даңқы мен халқының игілігі үшін жасайды. Құдай сөзіне берік. Ол әлденені уәде етсе, ол орындалмай қалмайды. Ал қазір келесі мысалды оқиық.

Американың Орта Батысында ауыл шаруашылықпен айналысып өскен баланы елестетіңіз. Ол күн сайын таң атқаннан кеш батқанша сиыр қораларында жүріп, егіс алқабын жыртады. Үйге келгенде күні бойғы жұмыс пен ойыннан үсті-басы кір-кір болып келеді. Үйдің

19 2-Қорынттықтарға 5:21

20 Філіпіліктерге 1:6

табалдырығынан аттап үлгермей, шешесінің: «Киіміңді кірге тастап, жуынып кел!» дегенін естиді. Осыны анасы күн сайын айтады.

Балақай әдетте мамасының тілін алып, суға түседі. Бірақ бір күні кешке өз дегенін істегісі келіп, қырсығады. Мұнысы ақымақтық болса да, «Шомылмаймын, шаршадым. Үстім де кір емес» дейді. Анасы заңды билігін қолданып, мәселені тез-ақ шешеді. Баланың бөлмесіне барып: «Жуын дедім ғой мен саған, айтқанымды істе!» - дейді.

Ата-аналық билікке қарсы шыға алмайтынын біліп, кішкентай досымыз еріксіз ваннаға барады. Кранды ашып, аяқ-қолындағы ең кір жерлерге аздап су ағызады. Сосын денесін орамалмен тез құрғап, пижамасын киіп алады. Кірдің басқасы пижаманың астында көрінбей қалады. Анасы ваннаға кіріп келгенше бәрі ойдағыдай жүріп жатыр. Бірақ анасы ваннаға келіп, аппақ орамалдарының қап-қара болғанын, ал баланың аяғы басқан жер кір-кір екенін көреді. Баласына жақындап, иегіне, мойнына жабысқан кірді байқайды. Пижамасының жеңі мен балағын түріп, баланың шынтағы мен тізесінің айғыз-айғыз екенін көреді. Анасы мұны олай қалдырмай, баланы қайтадан шешіндіріп, дұрыстап жуынуға бұйырады. Баласы аяғын тіреп, ирелеңдеп, шыңғырып жатса да, оны су толған ваннаға отырғызып, сабынды көпірте бастайды. «Сен менің баламсың, мен сені кір-кір қылып қоя бермеймін!» деп шешесі баласын шомылдырады.

Баланың анасы өмірінің көп бөлігін фермада өткізді. Шынында ол өте тәрбиелі, инабатты әйел. Ферманың жұмысын істеп, ол талай еркектерден көп еңбектенетін. Мал да баққан, шөп те орған. Шөпті жем қылып жүк көліктеріне де артқан. Ауыр еңбектен қолына сүйел шыққан. Ол балаларын шомылдырғанда, денелерінде бір қиқым кір қалмайтын. Ваннадан олар тап-таза болғанда ғана шығатын. Анасы уқалап-ысқылап кірмен қоса терінің бір қабатын да алып тастайтындай еді. Әйел балаларын жуындырғанда олар таза болып шығатын!

Айта кетейік, баланың шешесі баласын шомылдырған кезде ешкім жеке еркіндік пен бас бостандық мәселесін көтермейді. Анасы билігін асыра пайдаланды немесе баласының еркіне қол сұқты деп ешкім айтпас еді. Ол жай ғана қырсық, кейде тілазар, жуынғысы келмеген баласын тәртіпке салды. Бұл оның ата-ана ретіндегі құқығы және міндеті.

Енді мынадай сұрақ туындайды: Батыстағы мәсіхшілік Құдайды неге шектейді? Құдайдың Өз балаларына қатысты әкелік билігін қолдануға құқығы жоқ па? Ол жаратылыстың бәріне әмірші емес пе? Жердегі ананың балаларына деген қамқорлығы мен билігі Құдайдыкінен асып түскені ме? Біреу былай деген екен: американдық мәсіхшілердің Құдайы – құдіреті шексіз және бәрінен жоғары тұрған Құдай, бірақ рұқсат етілмейінше, Ол ештеңе істемейді. Дәл айтылған сөз. Адам күлетін жағдай, келісесіз бе? Ол Өз балаларын тозақтан құтқара алады, бірақ олардан әлдене талап етуге құқығы жоқ. Әйтпесе, адамның тәуелсіздігі деген ойдан шығарылған нәрсе бұзылып қалады. Солай болғаны ма?

Енді келесі жағдайдың қисынсыздығын, тіпті ұятсыздығын елестетіп көріңізші: далада киімдері алба-жұлба, үсті-басы кір-кір бірнеше кішкентай бала жүгіріп жүр. Олардың ата-анасы қайда қарап жүр деп іздесе, әкесі бар екен. Үкіметтің әлеуметтік қызметі ол кісіні тексермек болады. Балалар дұрыстап тамақтанып жүр ма, таза киімдері бар ма деп әкесін сотқа шақырады. Соттың алдында әкесі күн сайын балаларына тамақ дайындайтынын, суға түсуін қадағалайтынын және керек кезде жаңа киім сатып алып беретінін айтады. Дегенмен, оның еңбекқорлығына қарамастан, балалары әкесінің тілін алмай, айтқанын орындамайды. «Балаларыма бар жақсылықты тілеймін, әрине. Бірақ олардың әрқайсысының өз еркі бар ғой. Менің айтқаным көнсе, жақсы, көнбесе – мен олардың бостандығын құрметтеуім керек. Сондықтан, балаларымның өміріне араласпаймын» дейді әкесі. Бұған сот не дейді? «Бұл кісінің істеп жүргені дұрыс» деп ешкім айтпайтын еді. Керісінше, ата-аналық міндетін атқармағаны үшін оны жауапқа тартады. Қоғам да ол мінезді айыптайды.

Кейінгі кезде ішімдіктің кесірінен көлік апаттары көбейіп кетті. Өте қауіпті, тіпті өлімге әкеп соққан оқиғалар жетіп жатыр. Мұның алдын алу үшін теледидарға бір жарнама шықты. «Досыңызға мас күйінде көлік жүргізуге жол бермеңіз» деген хабар таратылған. Яғни, нағыз дос болса, ол досының ішіп алып көліктің руліне отырмауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Бір қызығы, осы тұста «Масқара, адамның еркіндігіне қол сұғылды» деп ешкім шу шығармайды. Бұған ешкім аса назар аудармайды да, бұл бір қиын мәселе демейді де.

«Досымның еркін қорғап жүрмін, сондықтан оның мас күйінде көлік жүргізуіне келістім» деп біреу айтса, ниеті жақсы емес, онысы тіпті қылмысқа жатады.

Адамның тәуелсіздігін Құдайдан қорғайтын қазіргі кең тараған пікір саналы адамның ойына да, Киелі кітапқа да жат. Біріншіден, Киелі кітаптағы Құдай «ниет еткендерінің бәрін Өз еркіне сай орындайды» (Ефес. 1:11). «Бағынбайтын ұлттардың ойларын шайқалтып, арамза жоспарларын жоятын» Құдай (Заб. 32:10) Өз халқын басқаруды басқа біреуге тапсырады ма? Жоқ, Ол халықтың игілігін көздеп, оны Өзінің ниетіне сай басқару үшін тізгінді Өз қолында ұстайды. Осы себепті Нақыл сөздерде былай жазылған: «Жүрер жолын адам жүрегінде жоспарлар, ал оның қадамдарын Жаратқан Ие бағыттар» және «Жүрегінде адам көптеген жоспар құрар, ал Жаратқанның ұйғарымы жүзеге асар» (16:9; 19:21). Үрейге бой алдырмаңыз. «Жеке бостандығыма қол сұғылды» деп Құдайдан қашпаңыз. Өйткені Құдайдың әрбір сенушінің өміріне арналған жоспары бар. Құдіреті шексіз Жаратқан Ие оны орындап шығады. Бұл біз үшін зор жұбаныш пен үміт. Еремия пайғамбардың кітабында былай делінген: «Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие» (Ер. 29:11).

Құдайдың Өз халқының өмірінде Өзінің разылығына сәйкес жұмыс істеуге құқығы бар. Ол Өз халқының Жаратушысы және Құтқарушысы. «Жоқ, Құдайдың Өз жаратылысымен қалағанын істеуге құқығы жоқ» деу Тәңір Иені сынап, шағым айтуден тең.²¹ Олай ойлатын адам табиғи заңды аяғынан басына аударып, саз балшықты құмырашыға теңестіргісі келеді.²² Жаратылыс ретінде біз ойдан шығарылған құқықтарды қорғаудың орнына, Құдайдың Жаратушы және Құтқарушы ретіндегі құқығын құрметтегеніміз жөн. Құдай бәрінен жоғары, Одан жасырын ештеңе жоқ. Ол – сүйіспеншіліктің Өзі және жаратылыс үшін ненің шынымен жақсы екенін біледі. Осымен келісіп, Тәңір Иеге Ишая сияқты мойынсұнғанымыз абзал. Пайғамбар былай жазып қалдырған:

21 Ишая 45:9

22 Ишая 29:16

Алайда, о, Жаратқан Ие,
Сен рухани Әкемізсің.
Сен құмырашыға, біз саз балшыққа ұқсаймыз.
Бәріміз Сенің қолыңнан шыққан жаратылысыңбыз
(Ишая 64:8).

Сенушінің өмірі – Құдайдың мәңгі адалдығының көрінісі. Ол бізді күнәдан құтқаруда ғана емес, сонымен қатар бізді өмір бойы қасиеттілікке жетелеуде адал. Көп жыл бойы сенімді берік ұстанып келген, Құдаймен тығыз, тұрақты қарым-қатынас құрған мәсіхшілердің бәрі бір ауыздан осыны растайды. Мәсіхші өміріне көз жүгіртсе, Құдайдың құдіреті оны барлық арамдық пен пұтқа табынушылықтан тазарту үшін керемет жұмыс жасап келгенін көреді.

Құдайдың бізді тазартуын көріп отырмыз ба? Баяғы пұттарымызға табынудан арылып келе жатырмыз ба? Өмірімізде Құдайдың жұмысы байқалады ма? Мәсіхші ретінде өткізген жылдарымызға қарасақ, зергер балқытатын отпен күмісті тазартқандай, Құдайдың өмірімізде тұрып қалған қақты тазартып жатқанын көріп отырмыз ба? Мата ағартушы бұйымын сілтімен жуғандай, Тәңір Иенің бізді тазартып жатқанын көріп отырмыз ба?²³ Құдай азоттықтардың пұты Дагонның бытшытын шығарып, жерге тастағандай, біздің өміріміздегі жалған тәңірлерді да жойып жатыр ма?²⁴ Шынымен мәсіхші болсақ, Құдайдың бізге иелік етуі және өміріміздегі қасиетті ету жұмысы бізге ғана емес, айналадағыларға да айқын болады. Сенушілік өміріміздің көптеген жылдарында Мәсіхтің істерінде ілгерілеп жатқанымызды және Оның бейнесіне ұқсап бара жатқанымызды байқайтын боламыз. Өйткені біз Жаратқан Иенің туындысымыз және бізде ізгі ісін бастаған Құдай оны аяқтайды.²⁵ Ол уәде етіп еді ғой: «Мен сендерге таза су бүркіп сепкендей, өздеріңді арамдаған бүкіл былғаныштарыңнан тазартамын. Сендерді барлық арамдықтарыңнан әрі табынып келген тәңірсымақтарыңның бәрінен арылтамын».

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗДІ ТӘРБИЕЛЕУІ

Сонымен, бөлініп шығу мен тазарту жұмыстарын қарастырдық. Бізді бұларға жеткізу үшін Құдай тәртіпті қолданады. Сондықтан,

23 Малахи 3:2

24 Патшалықтар 1-ж. 5:2–7

25 Ефестіктерге 2:10; Філіпіліктерге 1:6

тәртіпті айтпасақ, талқылауымыз толық болмайды. Біздің Құдайымыз сүйіспеншілік пен даналықтың қайнар көзі. Оның дұрыс пікіріне сәйкес, мәңгілік барлық уақытша ләззаттардың барлығынан шексіз маңызды. «Менің перзенттерім Исаға неғұрлым көп ұқсаса, соғұрлым өздеріне жақсы болады. Бұл олар үшін ең үлкен игілік» деп есептейді Құдай, және мұны жоққа шығару мүмкін емес.²⁶ Осылайша, Тәңір Ие Өзінің халқын түрлендіру үшін барлық қажетті әділ құралдарды қолданады: тәлім береді, әшкерелейді, түзетеді және әділдікке тәрбиелейді.²⁷ Осылай тәртіпке салу кейде жеңіл болады, кейде ауыр тиеді. Бірақ Құдай оны әрқашан сүйіспеншілікпен жасайды, әрі әрдайым сенушіге игілік болатынды көздейді. Бізді өз бетімізше қоя берейін десе, тым қатты жақсы көреді. Сондықтан бізді баяғы қалпымызда қалдыра алмайды. Уақытша көретін азаптарымыз болашақ мәңгі ұлылықтың қасында түк те емес, сондықтан қиындықтарға да ұшырап жатамыз.²⁸

Жақыптың өмірінде осындай тәртіптің ерекше үлгісін көріп отырмыз. Жаратқан Ие Малахи арқылы адасқан Исраилге былай деді: «Мен Жақыпты сүйіп таңдап алдым, Зал Есауды таңдамадым» (Мал. 1:2-3). Бұл тұста Исраил халқы саяси және экономикалық жағдайдың зор қиындығынан зардап шекті. Құдай оларды тұтқыннан құтқарып, туған жерлеріне қайтарды. Алайда тәрбие әлі аяқталмаған сияқты. Уәде етілген береке-байлық та еш көрінбейді. Сондықтан исраилдіктер шаршап, Құдайдың сүйіспеншілігіне күмәндана бастады.

Олардың күмәнін жою үшін Малахи пайғамбар халыққа Құдайдың Жақыпқа (Исраил) жасағанын ағасы Есауға (Едом) жасағанымен салыстыруды ұсынды. Иә, Исраилді Құдай Өз қолымен қатаң тәртіпке салды, бірақ бұл олардың ақталуы үшін болды. Ал Едом болса, жайбарақат, тыныш жатқан елдей көрінді. Олар еш зардап шекпеген сияқты және Исраилдің қиналуынан қайта пайда тапқандай. Шынында бұл Құдайдың Едомнан теріс бұрылғанының белгісі болды. Құдай теріс бұрылса, ол халық жойылатын болады. Басқаша айтқанда, Малахи пайғамбар күмәнданған Исраилге былай дегісі келді: «Құдайдың түзетуі мен тәрбиесіне қарап “Құдай бізді сүймейді

26 Римдіктерге 8:28–29

27 Тімотеге 2-хат 3:16

28 2-Қорынттықтарға 4:17

дейсіңдер”, шынында ол Жаратқанның сүйіспеншілігіне дәлел!». Сүлейменнің Нақыл сөздерінің даналығы осы сөзімізді растайды:

Балам, Тәңір сені тәрбиелегенде
 Онысын ешқашан менсінбей жүрме,
 Ол сені жөнге келтіргенде
 Лайым еңсең түсіп жүнжіме!
 Иеміз Өзі сүйетін әркімді
 Түзетеді әрі тәрбиелейді.
 Әкесі сүйікті баласын да
 Жазалайды қажет болғанда (3:11-12).

Жақып пен Есаудың жеке өмірін және Құдайдың олармен қарым-қатынасын қарастырсақ, бұл мәтін мәсіхшілерге де қатысты екенін көреміз. Есауға деген қаһарын төккенде, Құдай Жақыпқа деген сүйіспеншілігін қалай көрсетті? Жақыпқа келсек, Құдай оны бөліп шығарды, оның өміріне иелік етті және оны Өзінің еркіне сай қылу үшін тынбай жұмыс жасады. Есауға қарасақ, Жаратқан оны бос қойып, өз еркіне қалдырып, басқа пұтқа табынушы ұлттар сияқты болуға еркіндік берді.

Әкесі Ысқақ Есауға бата бергені есіңізде ме? Есаудың өміріне қарап отырсақ, Құдайдың оған берген барлық уәделері орындалды. Ол бауыры Жақыптың өзгісінен босап, гүлденгені сонша, Жақыптың қолдауына, сыйлықтарына мұқтаж болмады.²⁹ Дегенмен, Құдай Есаудан бас тартты және Есаудың өміріне араласпады. Бұдан Тәңір Иенің қаһарын көреміз. Бөліп шығару және қасиетті ету жоқ. Құдай «Не істегісі келсе, соны істесін» деп Есауды өз бетінше қоя берді. Уақыт өте Жаңа Өсиетте опасыз, азғын адам туралы айтқанда, Есауды мысалға келтірген.³⁰

Керісінше, Жақыптың өміріне қарасақ, Құдайдың оның әр қадамын өте мұқият бақылап, қатал түрде түзетіп отырды. Құдай Жақыпқа жетекшілік етті және керек кезде тәртіпке келтірді. Шынында, Жақыптың өміріндегі тәрбиенің қатаң болғаны сонша, ол Уәде етілген жерге қайтқанда, ақсап келді.³¹

29 Жаратылыстың басталуы 27:40; 33:9

30 Еврейлерге 12:16

31 Жаратылыстың басталуы 32:31

Құдайдың әрекеті Жақыптың денесіне қатты әсер еткенмен, алдаудан тайынбайтын Жақыпты мойынсұнғыш ұлға айналдырды. Осылайша Құдай Өзінің әрбір заңды перзенттерімен мынадай қарым-қатынас жасайды: «Иеміз Өзі сүйетін әркімді түзетеді әрі тәрбиелейді, бауырына басқан әр баласын да жазалайды қажет болғанда» (Евр. 12:6).

Бұл мәтіннен шынайы бетбұрыстың ең үлкен дәлелдерінің бірі — киелілікке апаратын Құдайдың тәртібі екенін білеміз. Сүйіспеншілікпен Құдай балаларының әрқайсысын жеңісе аарады. Ол бізден бас тартпайды. Құмырашы саз балшықты илеп, пішінін келтіріп, әдемі бұйымға айналдырғандай, Тәңір Ие соңына дейін бізбен жұмыс істейді. Өзінің киелілігіне ортақ болуымыз үшін, біздің игілігіміз үшін Құдай бізді жігерлендіреді, тәрбиелейді және жөнге салады.³² Ол Өзінің перзенттерін басқа халықтардың арасынан алып шығып, Өзі дайындаған жерге, Өзі дайындаған өмірге әкеледі.

Көбінесе мәсіхшілер батаны ауыртпалықпен шатастырады. Жарылқауды бағалаудың орнына олар оны қиындық деп санайды. Кейде сенушілер былай деп жатады: «Басқалар Құдайдың заңын оңды-солды бұзса да, жазаға тартылмайды. Зұлымдықтарының салдарын көрмейді. Мен болсам, бір ұсақ қателігім үшін бірден жауап тартамын». Бұл реніш-өкпеге емес, қуануға және мадақтауға себеп болуы керек. Бұл рухани жаңадан туылудың керемет дәлелі. Бұл ұлдықтың дәлелі: «Көріп жатқан азаптарыңа тәрбие ретінде шыдаңдар. Құдай сендерге рухани баласына қарағандай қарайды. Әкесі түзетпейтін бала бола ма? Барлық сенушілер де соны бастарынан өткізеді. Егер сендер осылай тәрбиеленбесеңдер, онда Оның шынайы рухани балалары болмағандарың» (Евр. 12:7-8).

Жазғы демалыстан кейінгі бірінші күні мектепке барған жас баланы елестетіп көріңіз. Анасы оған жаңа мектеп киімін кигізіп, «Сабақ біткенде бірден үйге кел» дейді. «Басқа балалармен кешке дейін жүгіріп жүрме, ойнап жүріп өзеннің жанына да барма». Алайда, балақай үйге қайтып келе жатқанда, ойынның қызығымен бәрін ұмытып, достарының соңынан өзенге қарай жүреді. Бір минут бір сағатқа қалай айналғанын, таза киімі қалай кір-кір болып, жыртылып кеткенін байқамай қалады. Анасының айтқаны есіне қараңғы түскенде

32 Еврейлерге 12:10

бір-ақ келеді. Қателігін түсініп, анасының ашуын күтіп, балақай екі досымен үйіне қайтады. Анасы оны көріп, тәртіпке шақырғанда, ол тез арада басқа ұлдарға нұсқап, «Оларға неге ұрыспайсыз? Мен ғана кінәлімін бе?» деп ренжиді. Анасы: «Олар менің балаларым емес. Оларға қамқор болатын өздерінің ата-аналары бар. Әйтсе де, сен менің баламсың, менің тәлім-тәрбием саған ғана тиеді» дейді.

Әңгіменің мәні мынада: Тәртіп – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жоққа шығармайды, қайта оның дәлелі болып табылады. Анасы баласын неге түзетеді, неге тәрбиелейді? Себебі баласын жақсы көреді, оның қамын ойлайды, жаман, қауіпті жағдайға түспесін дейді. Еврейлерге арналған хаттың авторы бұл ойды анық түсіндірген: «Туған әке-шешелеріміз бізді тәрбиелейді, біз оларды қастерлеп, сыйлап келеміз. Ендеше шынайы өмірге ие болу үшін көктегі рухани Әкемізге одан бетер мойынсұнуымыз керек емес пе? Әке-шешелеріміз өз пайымдауларынша шектеулі уақыт аралығында жазалап та тәрбиелесе, Құдай бізді нағыз игілігіміз үшін басымызға қиыншылықтар туғызып тәрбиелейді. Осылайша Өзінің қасиетті болғанындай бізді де қасиетті етуді көздейді» (12:9-10).

Құдай балалары – Оның меншігі. Тәңір Ие перзенеттерінің өмірінде киелілікті үнемі арттырып отырады, оларды иіп, жетелейді. Әрқашан айқын болмаса да, Ол әрдайым жұмыс істейді, үйретеді, түзетеді, жазалайды және тәртіпке келтіреді. Құдайдың Өз халқына деген сүйіспеншілігі Оны халқының өмірлерінде тынымсыз жұмысшы етеді. Ол жұмысы бітпейінше, балға мен қашауын тастамайды.

Құдайды кейбіреулер немқұрайлы, балаларынның өмірімен шаруасы жоқ, оларды қараусыз қалдыратын әке деп ойлайды. Тәңір Ие ұл-қыздарын осы дүниенің көшелерінде қараусыз жүруіне жол бермейді. Ол отарын қаңғыртып қоя беретін жалдамалы қойшы емес. Мәсіхші өмір бойы өзгермей, күнәға батып жүре алады дейтіндер Құдайды әлгіндей айыптайды! Олар Құдайдың рақымын мадақтаудың орнына, оны азғындықтарына сылтау етіп бұрмалайды.³³ Құдайдың шыдамдылығын дәріптеудің орнына, олар Оны ешкіммен шаруасы жоқ әлсіз әке ретінде бейнелейді. Олар Ізгі хабарды қастерлеудің орнына, оның күші жоқ деп дейді. Бұл үлкен қателік күнәкар дүниенің одан

сайын азғыруына әкеледі. Пауыл елші жазғандай: «Басқа ұлттардың арасында сендерге бола Құдайдың аты қорланады» (Рим. 2:24).

Осы тарауды аяқтамас бұрын, Исаның атын мойындайтын әрқайсымыз бірнеше сұраққа жауап берейік: бізді дүниеден бөліп шығарып, Құдайға жақындататын Тәңір Иенің құдіреті айқын ба? Біз сенімге келген кезден бастап өмірімізге көз жүгіртсек, Құдайдың бөліп шығары және киелі ету ісінің дәлелін табамыз ба? Жалғыз Оған тиесілі ерекше адамдарға айналып бара жатырмыз ба? Құдаймен қарым-қатынасымызда Оның риза екенін сеземіз бе? Қателессек, Ол бізді түзетеді ме? Тәңір Иенің сүйіспеншілікке толы ата-аналық тәрбиесі біздің өмірімізден көрінеді ме? Бұл өте маңызды сұрақтарды елемей қалдырмаңыз. Өмірімізден Құдайдың киелі ісін көріп отырсақ, ол бізге үлкен сенімділік әкелуі керек. Ал оның жоқтығы бізді қатты алаңдатуы керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ



Жаңа жүрек

*Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын.
Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал
жүрек сыйлаймын.*

— Езекиел 36:26

Езекиел 36:26 жаңару туралы Жазбадағы ең маңызды аяттардың бірі болып табылады. Жаңарудың Киелі кітапқа сәйкес не екенін түсініп қана қоймай, оның қаншалықты зор ұғым екенін білгеніміз жөн. Жаңаруды қаншалықты түсінсек, Құдайға бетбұруды да, Ізгі хабарды таратуды да соншалықты түсінеміз..

Адамның рухани жаңаруы Құдай Рухының табиғаттан тыс жұмысына жатады. Соның арқасында рухани өлі күнәкар тіріледі және оның опасыз да азғын табиғаты өзгереді. Жаңартудың арқасында ол Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын естіп, тәубеге келе алады. Westminster Confession және 1689 жылғы London Baptist Confession құжаттары Киелі Рухтың жаңарту жұмысын былай сипаттайды: «Жаңару кезінде құтқарылу арқылы адамның санасы рухани нұрланады. Сонда ол Құдайдың істері мен Сөзін түсінуге қабілетті болады. Оның тас жүрегі жұмсақ, сезімтал жүрекке алмастырылады. Оның ерік-жігері жаңарады... және ол Иса Мәсіхке қарай ұмтылатын болады. Жаңарған адам – шынымен ерікті адам. Исаның рақымымен ол бостандығын Құдайға мойынсұну үшін қолданады»¹.

«Жаңару» сөзі қайтадан жасау дегенді білдіретін латын етістігінен шыққан.² Жаңа өсиет жазушылары оны сипаттау үшін әртүрлі сөз

1 «Westminster Confession of Faith», 10-тарау; 1689 жылғы «London Baptist Confession», 10-тарау.

2 Латынша «регенераре».

тіркестері мен терминдерді пайдаланады. Жоханның Ізгі хабарында Иса жаңаруды қайта туылу немесе жоғарыдан туылу деп сипаттайды.³

Петір елші бірінші хатында қайта туылу немесе жаңадан туылу дегенді білдіретін гректің жекеше түрдегі етістігін қолданған.⁴ Пауылдың анықтамасына сәйкес, жаңару дегеніміз – жаңаша өмір сүру үшін өліден қайта тірілу.⁵ Бұл әлемде басқа еш жерде кездеспейді. Киелі Рухтың адамды жаңартуы керемет құдіретті және жан-жақты еңбек болғандықтан, Пауыл Мәсіхпен тығыз байланыстағы кез-келген адамды жаңа жаратылыс деп санайды.⁶

Езекиелдің жазғанында біз жаңартудың тамаша түсіндірмесін көріп отырмыз. Пайғамбар айтқандай, жаңару үстіртін өзгерістен асып түседі. Адамның өз еркі бойынша жасайтын жаңа жүріс-тұрыстан да әлдеқайда асып түседі. Ол онтологиялық өзгерісті қамтиды.⁷ Жаңару кезінде адамның тұлғасының табиғаты жойылып, қайта жасалады. Құдайдың түрткісін сезбейтін ескі тас жүрек сезімтал, жұмсақ жүрекке айналады.

Мұны былай түсіндіргім келеді. Адам бейнесінде жасалған тас мүсіннің алдында тұрмыз делік. Мүсін саналы, өз еркі бар, тірі адамға қатты ұқсайды. Соған қарамастан ол тастан жасалған, сондықтан жансыз. Біз оны теуіп, итеріп, тіпті отқа жағуымыз мүмкін, ол ештеңе сезе алмайды. Бұл жансыз тас, оған жігер беру, әлденеге итермелеу мүмкін емес. Алайда, тасты тірі жанға айналдыра алсақ, біздің барлық нұқып, түрткеніміздің нәтижесі мүлдем басқаша болар еді. Дені сау, тірі адамның сезімталдығы жоғары. Ол сезіп қана қоймайды, әрекетте етуге де қабілетті. Ол терісімен ең жеңіл желді сезеді және саусақтың кішкене тиюін де байқайды. Тірі ағза тітіркендіргіштерге сәйкесінше тікелей жауап бере алады.

Сол сияқты күнәкар да рухани өлі және Құдайдың шақырған даусына жауап бере алмайды. Бұл қабілетсіздік оны күнәлі болудан босатпайды және Құдай алдындағы жауапкершілігін төмендетпейді. Өйткені, оның қабілетсіздігі өз ісінің кесірінен болды. Күнәкар

3 Жохан 3:3, 6–7; грекше «йеннао анотен».

4 Петірдің 1-х. 1:3, 23; грекше «анаенао».

5 Римдіктерге 6:4; Ефестіктерге 2:4–5

6 2-Қорынттықтарға 5:17

7 Адамның немесе заттың болмысына, табиғатына, осы дүниеде бар болуына қатысты нәрсе.

Құдайдың құтқару ұсынысын қабылдай алмайды, өйткені оның табиғаты сондай. Күнәкардың Құдайды тануға және Оның ашылған еркін түсінуге қажетті қабілеті болса да, ол шындықты бар күшімен басып тастағысы келеді.⁸ Ол әділетсіздікті құмарта жасайды және тек өз бетінше өмір сүргісі келеді. Осылайша ол өзін Құдайға дұшпан етіп қойды. Осы себеппен ол Жаратқан Иені мойындап, Оның заңына бағына алмайды.

Адамға қатысты бұл ащы шындық Жүсіп пен оның бауырлары арасындағы қарым-қатынаста жақсы көрінеді. Жүсіптің бауырлары «Жүсіпті жаратпай» онымен дос ретінде, жылы сөйлесе алмайтыны айтылған (Жар. 37:4). Моральдік қабілетсіздік деген осы. Ағалары «Мұнымыз дұрыс емес, Жүсіп туған бауырымыз ғой» десе, онымен тіл табысып, жылы сөйлесе алушы еді. Алайда олар Жүсіпті жек көргендіктен мұны істей алмады. Олар Жүсіпті жек көргендіктен, онымен дос болғысы келмеді. Сондықтан онымен достаса алмады да.

Ойымды келесі мысал арқылы түсіндіргім келеді. Тақта отырған билікті мойындағысы келмей, түрмеге жабылған саяси тұтқынды елестетіп көріңіз. Патша мейірімділік танытып, тұтқынды зынданнан шығарады. Әміршінің бір шарты бар. Тұтқын патшаның билікке деген құқығын мойындаса, толығымен кешіріледі. Алайда, өшпенділіктің жетегінде кеткен бүлікші: «Сенің алдыңда тізе бүккенше, тозақта шіріп өлгенім артық» дейді. Тұтқынның кешірім туралы ұсынысты естіп, түсіну қабілеті болды. Есік ашылып, жол салынды. Алайда тұтқын патшаға бағына алмады. Билеушіні жек көргендіктен, оған мойынсұнғысы келмеді.

Тәңір алдында жаңармаған адамның жолы осы. Ол Құдайға келе алмайды, өйткені барғысы келмейді. Ол әділетсіздікке деген сүйіспеншілігі мен киелі және құдіретті Құдайды жек көруі үшін келмейді. Осылайша, оның жүрегін таспен салыстыруға болады. Киелі Рухтың әрекетінсіз ондай адам Ізгі хабардың шақыруына жансыз және жауап бермейді.

Кейбір сенушілер былай дейді: «Біз күнәкарларға Иса туралы нақтырақ көзқарас берсек, дүние өзгерер еді». Алайда бұл пікір адамзаттың моральдық бұзылуын, рухани соқырлығын және Құдайға

8 Римдіктерге 1:18–32

деген дұшпандығын елемейді. Біз шымылдықты ашып, Құдайға сенбейтін адамдарға назареттік Исаны таныстыра алдық деп елестетіп көріңізші. Олар қалай жауап берер еді?

Біріншіден, біз олардың рухани соқырлығына тап боламыз. Жазбаға сәйкес, олар Мәсіхтің бірегейлігін мойындамайды және Исаның ілімін құнды деп бағаламайды. Сыртқы келбетін айтсақ та, тәндік адамдар үшін таңырқап қарайтындай ажары мен келбеті немесе оларға ұнайтындай ұсқыны жоқ.⁹

Жазбада өз еркімен жүретін адам Құдайдың Рухынан келгенді қабылдамайтындығы, соны түсіне алмай, ақымақтық деп санайтыны айтылған.¹⁰ Алайда, олар өз надандықтарының құрбаны емес, керісінше оның себебі: өздерін ақылдымыз деп жүріп, олар шын мәнінде ақымақ болып шықты.¹¹

Екіншіден, Құдайға бет бұрмаған адамдардың рухани соқырлығы жойылып, олар Мәсіхті көріп, Оның ілімін айқын көре алатын болса да, біз одан да қиынырақ мәселеге тап боламыз. Олардың жүректері моральдық тұрғыдан бұзылған және олар әділдікке дұшпан. Киелі кітап адамдардың түбегейлі азғындалғанын айтады. Олар Құдайды және Оның әділ заңын жек көреді. Сондықтан, бұл адамдар Мәсіхтің шынайы болмысын және Оның ілімін неғұрлым көбірек түсінсе, соғұрлым Оны жек көретін болады. Күнәкарларға әділ Мәсіхтің ашылуы оларды Исаға жақындатпайды, керісінше, Одан қуып жібереді. Исаның Өзі былай деді: «Соттың мәні мынадай: “Құдайдың Нұры” жерге келді, бірақ адамдар Одан гөрі түнекті жақсы көрді, себебі олардың істері жаман еді. Жамандық істеген әркім Нұрды жек көреді және жасаған істері әшкереленбес үшін Нұрға жоламайды» (Жохан 3:19-20).

Мәсіхке бет бұрмаған адамның көзі ашылғаны жеткіліксіз. Сонымен бірге оның табиғаты да өзгеруі керек. Ол жаңа сүйіспеншілігі бар жаңа жаратылысқа айналуы керек. Сонда ғана ол Мәсіхтің шынымен Кім екенін көреді және өзі көрген Мәсіхті сүйетін болады.

Мәсіхке әлі келмеген адам зор өзгерісті қажет етеді. Ол өзгерісті күшпен мәжбүрлеп жүзеге асыру мүмкін емес. Ол Киелі Рухтың

9 Ишая 53:2

10 1-Қорынттықтарға 2:14

11 Римдіктерге 1:22

табиғаттан тыс қайта жаңарту жұмысын талап етеді. Елестетіп көріңіз, жалғыз қасқыр бір отар қойды шабады. Қойшылар бірігіп, малды аман ұстап қалады. Енді мәселенің үш ықтимал ұзақ мерзімді шешімі бар. Біріншіден, шопандар қасқырды өлтіріп, оның шабуылын тоқтата алады. Бұл әрекет қойшылар мен қойларға пайда әкелсе де, қасқырға өте аз пайда әкеледі. Бұл Құдайдың әділ үкімін алған адамды білдіреді. Екіншіден, шопандар қасқырды торда қалдырып, өмір бойы күзетіп жүре алады. Жануардың мінез-құлқы өзгереді, бірақ ол торда болғандықтан ғана. Сорлы қасқыр амалсыздан тордың ішінде әрі-бері жүрген өлтіруші болып қала береді. Ол өзінің табиғатын жоққа шығара алмайды немесе болмысынан арыла алмайды.

Ол өлтіруді және жеуді аңсайды. Егер қараусыз қалса, ол тордан шығып, мүмкіндігінше көп қырғын жасайды. Бұл діннің құлдығына түскен, бірақ іштей өзгермеген адамды білдіреді. Тағы да, қасқыр торда жатқанда, қойшылар мен қойлар пайда көреді, бірақ қасқыр қойға құмар болып қалады. Үшінші шешімді іске асыру үшін шопандардың мүмкіндігі мен күші жетпейді. Ол – аңның табиғатын ашкөз қасқырдан мойынсұнғыш қойға айналдыру. Қасқырдың табиғатын өзгерту оның қойшыларға да, қойларға да көзқарасын өзгертеді. Ол қойшының соңынан еріп, қоймен тату өмір сүреді. Бұл Киелі Рухтың күшімен жаңарған адамды білдіреді. Адамның қолынан келмейтін нәрселер Құдайдың қолынан келеді.¹²

Чарльз Спердженнің әлі өзгермеген ескі болмыстың не екенін түсіндіру үшін қолданған мысалын ұнатамын. Біз шошқаның алдына екі түрлі тамақты қойдық деп елестетіп көріңіз. Бір жақта қолымызда бар ең жақсы тағамдар қойылған дастархан жайдық. Екінші жақта жерге шұңқыр қазып, жуынды-шайынды аралас балшықпен толтырып қойдық. Содан кейін шошқаны ортаға қойып, өзі қалағанын таңдауға еркіндік бердік. Қала тұрғындары таң қалатын шығар, бірақ шошқаны жақсы білетін фермерге бұл жаңалық емес – жануар арғы беттегі мол тағамға бір қарамай, тіке шұңқырға қарай жүгіреді. Содан кейін ол басын балшыққа батырып, аптығып-асығып, «тамағын» шашып тойғанынша жейді. Қоқыс жесе де ауырмайды және басқалардың алдында істегені үшін ұялмайды. Шын мәнінде, ол өзінің табиғатына

12 Луқа 18:27

сәйкес әрекет етті. Ол шошқаның істейтінін істеді және онысын ешқашан қоймайды.

Дегенмен, мысал үшін, шошқаның табиғатын өзгертіп, оны адамға айналдыруға күшіміз бар делік. Бұл табиғаттан тыс және онтологиялық өзгерістің нәтижесі қандай болмақ? Біріншіден, адамның бірнеше минут бұрын қалаған нәрсесі енді оған жиіркенішті болады. Ол бұрын байқамаған сұмдық өткір иісті сезе бастайды. Екіншіден, басын шұңқырдан суырып алып, бұрын жеп тоя алмаған лас қалдықтарды құсып тастайды. Шошқаға ұнайтын, бірақ адамның асқазаны көтере алмайтын заттар бар. Үшіншіден, ол басқалардың оны көріп тұрғанын түсінеді. Ол ұялғанынан жерге кіріп кете жаздап, кешірім сұрайды. Төртіншіден, ол өзінің өзгерген күнін ешқашан ұмытпайды. Шұңқыр және ондағы қоқыстың иісі оған өле-өлгенше жиіркенішті болып қала береді.

Көңілге қонымды ой болмаса да, бұл мысал шын мәнінде Мәсіхке келген әрбір адамның сенімге келуін сипаттайды. Жазба біздің бәріміздің құрсақта жатқаннан-ақ күнәкар екенімізді және сенімге келуден бұрын зұлымдықты су сіміргендей оңай жасағанымызды айтады.¹³ Құдай біздің алдымызда дастарханын жайып, ізгілігінің дәмін татуға шақырғанымен, біз Оның мейіріміне мән бермедік.¹⁴ Ол жайылған дастарханына бір қарамай, осы құлдыраған дүниенің шұңқырын таңдаған қасарысқан халыққа күні бойы қолын созумен болды.¹⁵ Шошқа батпаққа жүгіргендей, біз моральдық азғындыққа жүгірдік. Осылай істегенде, біз өзіміздің түбегейлі бұзылған және моральдық жағынан азғын болмысымызға сай әрекет еттік. Жүрегіміз тас болды әрі өзіміз күнәмызға батып өлген едік. Құлдыраған дүниенің ағымымен, тіпті Құдайдың қас жауының қалауымен жүрдік. Азғын табиғатымыздың жетегінде кетіп, нәпсіқұмарлыққа берілдік және Құдайдың қаһарына лайық болдық.¹⁶

Алайда сауығудың кез-келген түріне деген барлық үміт жоғалған кезде, Құдай араласып, бізді жаңаша өмір сүру үшін Мәсіхпен бірге қайта тірілтті.¹⁷ Ол біздің жансыз тас жүрегімізді алып тастап, оның орнына тірі жүрек берді. Ол табиғатымызды өзгертті, осылайша біздің ерік-

13 Әйүп 15:16; Забур 50:7

14 Забур 33:9; Ишая 55:1–2

15 Ишая 65:2; Римдіктерге 10:21

16 Ефестіктерге 2:1–3

17 Римдіктерге 6:5; Ефестіктерге 2:4

жігеріміз бен сүйетін нәрселеріміз басқаша болды. Ол бізді Құдайдың бейнесінде шынайы әділдік пен киелілікте қайта жаратты, осылайша көздейтін нәрселеріміз де өзгерді – енді біз әділдікке ашпыз.¹⁸

Нәтижесінде біз бұрын жақсы көрген күнәмізді енді жек көретін болдық және бұрын жек көрген әділдікті енді сүйетін болдық. Баяғы мақтан тұтқан бүлігімізден ұялып, енді Құдайдан қашудың орнына, Оны мадақтаймыз.¹⁹ Тәндік құмарлықтар мен артта қалдырған лас нәрселермен күресуді жалғастырсақ та, енді олардың қаншалықты жаман екенін білеміз. Алданып, соларға қарай артқа шегінсек, арамдығын иіскеп, шірігінің дәмін татамыз. Сондықтан оларға ұзақ шыдай алмаймыз. Біздің жаңарған табиғатымыз олардан жиіркеніп, ұялып тәубе етуді талап етеді. Енді біз басқа нәрсеге талпынамыз және сол ынталарымыз бізді Құдайға қайтарады. Жаңа жаратылыс болдық.

Қорытындылай келе, осы тараудағы талқылау алдымызға екі түрлі санаттағы жеке сұрақтар қояды. Біріншіден, біз Мәсіхті қабылдау туралы жай ғана шешім қабылдағандардың біріміз ба, әлде шынымен жаңа жаратылыспыз ба? Біз мәсіхшілік сенімнің қандай да бір көрінісіне немесе институтына жай ғана қосылып кеткен адамдармыз ба, әлде жүректері шынымен өзгерген, Құдайға бағышталған жандармыз ба? Құтқарылуды мақтан тұтатындай оған дәлел бар ма? Қандай нәрселерге ұмтылып жүрміз? Ұнататын нәрселеріміз өзгерді ме? Құдайдың тұлғасын және еркін көбірек біліп, оларға сәйкесінше өмір сүруге ынтамыз бар ма? Пауылдың мына сөзін есте ұстағанымыз абзал: «Енді сүндеттелу мен сүндеттелмеуде тұрған ештеңе жоқ, мәселе Құдайдың адамды жаңадан жаратуында» (Ғал. 6:15). Өйткені Мәсіхпен тығыз байланыстағы әркім – жаңадан жаратылған адам.²⁰

Екіншіден, Ізгі хабарды уағыздау және оның адам жүрегіне жетуі – біздің қолымызда ғана емес. Оған Киелі Рухтың табиғаттан тыс еңбегі қосылады. Осыны түсінеміз бе? Ізгі хабарды таратуымыз осы түсінікке сәйкес келеді ме? Егер адамның құтқарылуы оның ерік-жігерін немесе эмоцияларын басқаруға ғана байланысты болса, онда құтқарылуға жеткізудің сансыз жолдары бар. Бірақ адамның сенімге келуі үшін Әлемнің жаратылуымен және Мәсіхтің өлгеннен қайта

18 Матай 5:6; Ефестіктерге 4:24

19 Римдіктерге 6:21

20 2-Қорынттықтарға 5:17

тірілуімен тең дәрежеде тұрған Киелі Рухтың керемет жұмысы қажет. Онда біз әлемдегі барлық нандыру, мәжбүрлеу және айла-шарғы жасау жеткіліксіз екенін білеміз. Шешендіктің, ақылды дәлелдердің және айлалы шақырудың тәндік құралдарынан бас тартуымыз керек.²¹ Құдайдан бөлек адамдар – құрап қалған сүйектер тәрізді. Құдайдың тікелей және жеке ісінен тыс, олардың өмір сүруге мүмкіндігі жоқ. Осыны ұмытпайық. Не істесек те, тек Құдайдың құдіретіне сенім артайық.²² Бүкіл қызметімізді Киелі кітаптағы Ізгі хабар – Құдайдың құтқаратын құдіреті екеніне негіздейік, және оны нық сенімділікпен, айқындықпен және батылдықпен уағыздайық.²³

Осы дүниенің адамдарына уағыздағанда, өзімізді құрғақ сүйектер алқабында жүрген Езекиел сияқты көруіміз керек.²⁴

Егер бізден: «Бұл сүйектер өмір сүре ала ма?» деп сұраса біз тек Құдайдың билігі мен күшіне ғана нұсқауымыз керек. Қайта тірілту үшін қажет күш адамда жоқ және ол адамның қалауымен жүзеге аспайды. Жел қалаған жерден соғады, біз оның дыбысын естиміз, бірақ Құдай ғана оның қайдан келгенін және қайда бара жатқанын біледі.²⁵ Дегенмен, сенім арқылы біз жансыз сүйектердің қасына тұрып, Езекиелдей пайғамбарлық сөзбен оларға: «Уа, құраған сүйектер, Жаратқан Иенің сөзін тыңдаңдар!» деуіміз керек.²⁶ Киелі Рух желдей келіп, осы өлілерге дем беруі үшін, олар тірілу үшін дұға етуіміз керек. Құдай берген қабілетімізге жүгінуге тура келсе де, тәни құралдардың барлығын сақтықпен алып тастауымыз керек. Ізгі хабарды таза күйінде ғана уағыздайық. Өйткені бұл құтқаратын Құдайдың құдіреті және Құдай Рухының өлгендерді тірілтіп, күнәкарларды сенімге келтіретін құралы.²⁷

21 1-Қорынттықтарға 2:1–2

22 «Жаратқан Иенің рухани құдіреті маған қонып, Оның Рухы мені көтеріп алды да, жазық алқаптың ортасына апарып қойды. Алқап сүйекке толы екен. Жаратқан Ие мені соларды айналдырып жүргізді. Сонда алқаптағы сүйектердің өте көп әрі мейлінше құрап қалғанын көрдім. Ол менен:

— Ей, пендем, мына сүйектер өмір сүре ала ма? — деп сұрады.

— Уа, Жаратушы Тәңір Ие, оны тек Сен ғана білесің! — деп жауап бердім» (Езекиел 37:1–3).

23 Римдіктерге 1:16

24 Езекиел 37:1–10

25 Езекиел 37:3; Жохан 3:8

26 Езекиел 37:4

27 Римдіктерге 1:16

ОНЫНШЫ ТАРАУ



Құдіретті Киелі Рух

Бойларыңа өз Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын. Сендер Мен ата-бабаларыңа табыстаған елді қайтадан мекендеп, Өзімнің халқым боласыңдар, ал Мен Құдайларың боламын.

— Езекиел 36:27-28

Адамның жүрегіндегі жаңару жұмысын қарастырдық. Енді сенушінің Киелі Рухқа кенелуі және соның нәтижесі туралы сөз қозғаймыз. Жоғарыдағы Езекиел 36:27–28 үзіндісін оқи отырып, берілген уәде тағы да нық сенімділікпен айтылғанын байқадыңыз ба? Құдайдың Сөзінде үлкен күш пен құдірет сезіледі. Жаратқан Иенің халқын толық ақтап алмақ жоспары бар және Ол Өзінің даңқы мен халқының игілігі үшін ол ниетін міндетті түрде жүзеге асырады. Құдай Өз халқын шақырып, басқа ұлттардың арасынан бөліп шығарады, жандүниелерін өзгертеді және Киелі Рухына кенелтеді. Өз кезегінде олар Жаратқан Иенің халқы, ал Ол олардың Құдайы болады. Таңдалған халқы Оның жарғылары бойынша жүріп, Оның ережелерін мұқият орындайды. Әлем жаратылғаннан бері оларға дайындалған мұра бар және Құдай халқы өзіне тиістісін иеленетін болады.¹ Пауыл елші Ефестегі қауымға былай жазған: «Құдай... бізді Мәсіхпен байланысты өз халқы болуға алдын ала таңдап алған еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы мақсатына сәйкес болды» (Ефес. 1:11).

Құдайдың құдіреті мен ұлылығын соңына дейін зерттеп, біліп шығу мүмкін емес. Мәңгілік бойы Оның даналығын зерттесек те, бір

¹ Матай 25:34; Ефестіктепре 1:4

пайызын да біле алмаймыз. Бүкіл әлем жабылып Құдайдың істерін, Сөзін, рақымын талқыласақ да, әлі мол құпия қалар еді. Алайда бір нәрсені нақты айта аламыз: Құдай Өз халқын белгіленген жеріне жеткізеді және үлкен отарының ішінде бір қойын да жоғалтып алмайды. Бізде игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді.²

Құдай ешкімді күштеп, мәжбүрлемейді. Құдайдың халқына жататын әркім жаңарған жүрегінің қалауына еріп, еркін келеді. Олардың еріктеріне еш нұқсан келтірілмейді. Құдай перзенттерінің жүректерін жаңарту арқылы оларды Өзіне бағындырады. Олардың ішкі жан-дүниелері өзгергендіктен, сыртқы жүріс-тұрыстары да басқаша болады. «Біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам» (2 Қор. 5:17). «О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты; Шешімдеріне адам ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!» (Рим. 11:33).

БОЙЫМЫЗДАҒЫ РУХ

Алдыңғы тарауда Құдайдың жаңа халықты жаратуға уәде еткенін білдік. Ол Киелі Рухтың керемет жаңарту жұмысы арқылы жүзеге аспақ. Тәңір Ие рухани өлі, толықтай азғындалған, Өзіне дұшпан және еркіне қарсы шыққан жүректі жойып, оның орнына Құдайдың бейнесінде қайта жасалған жаңа, тірі жүректі жаратады.³ Бұл жаңа жүрек Құдайдың даусын естіп, оған жауап бере алады. Құдайдың жетелеуіне еріп, Оның тапсырғанын орындайды. Құдайды құрметтейді және Оның заңынан ләззат алады. Бұл «жаңа рух» Жаратқан Иеге мойынсұнуға ішкі бейімділік танытады.

Тараудың басындағы мәтінге қарасақ, Құдайдың бізді жаңартуы табиғатымыздың, рухымыздың, мінез-құлқымыздың өзгеруімен бітпейді. Сонымен қатар біз Оның Киелі Рухына кенелеміз. Ол мұны Өзі бастаған ізгі ісін жүргізу және аяқтау үшін жасайды: «Бойларыңа өз Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын». Осыған және алдыңғы тарауда талқылағандарға сүйене отырып, Құдай сенушінің өмірінде келесі тәртіппен жұмыс істейді деуімізге болады.

2 Філіпіліктерге 1:6

3 Езекиел 36:26

- *Жаңа жүрек беремін* — Құдай сенушінің жүрегін жаңартады және оның болмысын өзгертеді; ол жаңа жаратылысқа айналады.⁴ Бұл әрбір мәсіхшіге тиісті шындық.
- *Бойыңа жаңа рух дарытамын* — Бұл жаңарудың нәтижесі. Құдайдың бейнесінде қайта жаратылған жаңа адам Құдайға ұмтылатын жаңа рухқа, ішкі бейімділікке ие. Ол Құдай мен Оның заңынан рахат табады.⁵
- *Бойыңа өз Рухымды дарытамын* — Құдай Киелі Рух арқылы сенушіде өмір сүреді. Ол Құдайдың бұйрықтарына сәйкес жүруге итермелейді, күш береді және ақиқатқа нұсқайды.⁶

Осы үш қарапайым нәрсе құтқарылудағы Құдайдың даналығы мен күшін көрсетеді. Осыларға аз ғана ой жүгіртсек те, жүрегімізде үлкен сенім мен қуаныш сезімі пайда болады. Біз азғындық пен күнәға батып өлдік, Құдайды жек көрдік, шындықты аяққа бастық және әділдікке дұшпан болдық.⁷ Қолымыздан ештеңе келмейтін әлсіз, күш-қуатсыз болдық. Құдаймен татуласу үшін ештеңе істей алмадық, өзімізді күнәнің күшінен босата алмадық.⁸ Үміттен және Құдаймен қарым-қатынастан қол үзіп қалдық.⁹ Дегенмен, адамның қолынан келмейтін нәрсе Құдайдың қолынан келеді.¹⁰ Есімінің даңқы мен халқының игілігі үшін Тәңір Ие бізді құтқару әдісін ойлап тапты және оның істеліп шығуын бұйырды. Жаратқан Ие дүниені жаратқанға дейін осының барлығын ойластырған еді. Оның тамаша жоспары біздің заманымызда Иса Мәсіх пен мен Киелі Рух арқылы іске асты. Мәсіхтің азапты өлімі арқылы Жаратқан Ие Өз халқымен татуласуды қамтамасыз етті. Киелі Рухтың керемет жаңарту жұмысы арқылы Ол жүректерімізді өзгертті. Бұл сәйкесінше біздің не қалайтынымызды, қай нәрсеге ұмтылатынымызды да өзгертті. Ол бізге Өз Рухын дарытты және солайша бізді мойынсұнуға шақырады және ол үшін күш береді. Тәңір Ие мұның барлығын Өз рақымын паш ету үшін және ұлылығын мадақтау үшін жасайды. Сонда Оның істеген барлық

4 Езекиел 36:26

5 Езекиел 36:26

6 Езекиел 36:27

7 Римдіктерге 1:18; 1:30; 8:7; Ефестіктерге 2:1

8 Римдіктерге 5:6; 7:24; 8:7

9 Ефестіктерге 2:12

10 Матай 19:26; Марқа 10:27; Лұқа 18:27

жақсылықтарын естіген жер бетіндегі халықтар Тәңір Иенің есімін қуанышпен мадақтайды.¹¹

Құдайдың Өз халқы үшін жасайтын бұл ішкі жұмыс Дәуіттің Забур жырларында жазғанына ұқсас:

Уа, Құдайым, жүрегімді тазарта гөр,
Рухымды берік қылып, жаңарта гөр.
Қасыңнан мені қуып шыға көрме,
Киелі Рухыңды менен ала көрме,
Мені құтқарғаныңа қуантып тағы,
Сыйлай гөр азғырылмайтын берік рухты (50:12-14).

Дәуіт бұл сөзін Құдайға қарсы үлкен күнә жасап, өкінгенінде айтқан еді. Құдайдан былғанған жүрегі мен рухын қалпына келтіруді сұрап, өзіне ең қажет екі маңызды нәрсені айтып кеткен. Біріншіден, Дәуіт оның бойындағы рухты берік қылуды сұраған. Ол дегеніміз, мызғымас сенімі бар рух. Ол дегеніміз, азғыру қайтадан шабуыл жасағанда, оған қарсы тұра алатын ішкі күш. Екіншіден, ол өз бетімен Құдайға қарсы бас көтермеуі үшін, қасақана бағынбай кетпеуі үшін, Киелі Рухтың өз бойында қалуын және оның рухын жаңарған күйінде сақтауын сұраған.

Бұдан мынаны білуіміз керек: мәсіхшінің өміріндегі құтқару жұмысын орындау үшін екі нәрсе қажет – бастапқыда жүректің жаңаруы және оны сол күйінде сақтау. Жаңару бір сәттік оқиға болса, жүректі жаңарған күйінде сақтау – өмір бойы жалғасатын үрдіс. Құдайға бет бұрған кезінде, адамға жаңа жүрек беріледі, нәтижесінде жаңа рух немесе Құдайға ұмылатын ішкі бейімділік пайда болады. Дегенмен, адамның бойындағы Киелі Рух үздіксіз жұмыс жасайды. Ол сенушіні үнемі қолдап, демеп, нығайтып отырады. Бұл әр сенушінің өте маңызды және үздіксіз қажеттілігі. Құдайдың даналығы, құдіреті және рақымы арқылы ол қажеттілік жан-жақты қанағаттандырылады. Жаратқан Ие Киелі Рухтың жаңартатын жұмысы арқылы бізде жаңа, дұрыс рухты жаратып қана қоймай, Өзінің Рухын бізге қондырады. Біздегі Құдайдың Рухы игі ісін соңғы күнге дейін жалғастырып, ілгерілетеді.

Құдайдың дүниені жаратуы мен алдын-ала барлығын білуі бір-бірін толықтырады. Құдай ғаламды жаратып қана қоймай, ондағы

11 Еремия 33:9; Ефестіктерге 1:6

тіршілік үзілмеу үшін оны әрі қарай қолдай беруі керек.¹² Ол өмірдің бастауы ғана емес, сонымен қатар өмірдің жалғасуын қамтамасыз ететін құдіретті Құдай.¹³ Егер Жаратқан Ие Өз Рухын тартып алса, барлық тіршілік жойылып, адам қайтадан топыраққа айналар еді.¹⁴ Сол сияқты, Құдай бізді жаңартып, жаңа тіршілік иелері етіп қана қоймай, осы жаңа жаратылысты әрі қарай қолдайды. Құдай ішімізге жаңа рухты салып қана қоймай, сонымен бірге сол жаңа рухты қолдау үшін Киелі Рухты бойымызға дарытады. Қарапайым тілмен айтқанда, Құдай адамды құтқарып қана қоймай, сол құтқарылған күйінде сақтайды.

Бұларға баса назар аударуымыз керек, себебі Құдайдың адамды құтқарудағы күші мен рөлін азайтып көрсетуге болмайды. Шынайы мәсіхші қасиетті болу жолында ілгерілеп, рухани жеміс беретінін түсінейік. Осыған қоса, мұнда мәсіхшілік өмір үшін маңызды шындық жатыр: сенуші Киелі Рухтың өмірді қолдайтын жұмысына толығымен тәуелді. Қазірге кезде қауымда Киелі Рухқа қатысты өте қауіпті жалған ілім бар, сол көптеген шынайы сенушілер Рухтың мәсіхші өміріндегі рөлін дұрыс білмейді. Дегенмен, Киелі Рухтың тұлғасы мен қызметін басқа нәрсемен алмастыру мүмкін емес, Ол өте қажет. Одан бөлек мәсіхшілік өмір мүмкін емес. Сенушінің үздіксіз өсуі мен жемісті болуы үшін ол осы ақиқатты танып, Киелі Рухтың тұлғасына, даналығына және құдіретіне толығымен тәуелді болып өмір сүруі керек. Ғалаттықтар сияқты, біз де Рухпен басталған рухани өмірді өз күшімізбен жетілдіруге болмайтынын есте ұстайық.¹⁵ Ақталу сенімнен басталып, сеніммен аяқталғандай, қасиетті болу Киелі Рухтың тұлғасы мен жұмысынан басталып, Өзімен аяқталады.¹⁶

СӘЙКЕС НӘТИЖЕ

Сенушінің өміріндегі Құдайдың уәделері мен істері мол. Осыған сәйкес нәтижелер де бар. Езекиел пайғамбар арқылы Құдай бізге өз Рухын дарытуға уәде берді. Сосын Өзінің құдіретіне барынша сенімді болып, Жаратқан Ие бұл сый жаңа өмірге әкелетінін айтады.

12 Жарат. баст. 1:1–2; Әйүп 12:10; 34:14–15; Забур 103:27–30; Жохан 1:2–3; Қолостықтарға 1:17; Еврейлерге 1:3

13 Тимотеге 1-х. 6:13

14 Әйүп 34:14–15

15 Ғалаттықтарға 3:3

16 Римдіктерге 1:17

Жаңа өмірде Құдайдың еркіне деген мойынсұну бар. «Бойларыңа өз Рухымды дарытамын. Осылай сендерді бұйрықтарыма сәйкес өмір сүріп, ережелерімді мұқият орындайтын қыламын» (Езек. 36:27).

Мұнда «қыламын» деп аударылған сөз себеп болуды білдіретін еврей етістігінен алынған. Ол сондай-ақ «жасау» немесе «қозғау» деген мағынаға ие.¹⁷ Езекиел пайғамбардың айтқысы келгені, Киелі Рух халықтың Құдайға бағынып жүруіне себепші болады. Оларды Құдайдың бұйрықтары мен жарғыларын орындауға сақ етеді. Дәуіт Забур 118:35-те басқа еврей етістігін қолданса да, ол дәл осы ойды айтады: «Жүргізе гөр мені өсиетіңнің жолымен, содан зор қуаныш тауып келемін мен».

Құдай ұл-қыздарын Өзінің өсиеттерін орындайтын қылады. Тәңір Иеге бағынуымыздың себепшісі – Жаратқанның Өзі. Бұл Киелі кітапқа сәйкес келетін даусыз шындық, сондықтан ешқандай қорғауды қажет етпейді. Дегенмен, Құдай оны нақты қалай істейтінін түсініп көрейік. Ең алдымен, мынаны ұғып алайық: Құдай ешкімді еркіне қарсы Өзіне бағындырмайды, ешкімді Оның айтқанын орындауға мәжбүрлемейді. Құдайға бағынғымыз келмесе, Құдайға емес, басқа нәрсеге ұмтылсақ, Ол біздің еркімізге қарсы шықпайды. Керісінше, Құдайға бет бұрғанда, Ол жүрегімізді жаңартып, жаңа ұмтылыс, жаңа мақсат береді.

Осылайша, ол Құдайдың еркіне қайшы келетін нәрселерге құмар болмайтын, бірақ Иеміздің заңында рахат табатын жаңа табиғаты бар жаңа жаратылысқа айналады.¹⁸ Сонымен қатар, Құдай сенушіге Киелі Рухын дарытады. Сенушінің жердегі өмірінде Киелі Рух Құдайдың еркімен жүруге көмектеседі. Рух әрбірімізді үйретіп, жетелеп, жаңартып, күш береді. Мәсіхші әлі де сансыз азғыруларға ұшырап, көптеген күнәлардан зардап шегеді және әрқашан рақымға мұқтаж болады. Дегенмен, оның өмірінен Құдайға деген шөлікпеу мен Рухтың күш-қуаты байқалады. Бұл сенушіге Құдайға үнемі мойынсұнып өмір сүруге мүмкіндік береді. Құдай Өз халқының бағынуын қамтамасыз етсе де, оларды тепкілеп, айғайлап мойынсұндырмайды. Керісінше, қой шопанына ергеніндей, халық Тәңір иенің соңынан ереді. Иса

17 Еврейше: «аса».

18 Забур 1:2; Жохан 1-х. 5:3

сенбейтін яһудилерге айтқанындай: «Өз «қойларым» даусымды естіп, бағынады. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді» (Жохан 10:27).

ТӨРТ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ЖАҒДАЙ

Жоғарыда айтқанымды әрі қарай түсіндіру үшін және оның қолданылуын көрсету үшін қазіргі заманғы мәсіхші қауымдарда жиі кездесетін төрт оқиғаларды қарастырамыз. Алғашқы үшеуі өздерін мәсіхшілер деп санайтын, бірақ өмірлерінде шынайы сенімнің Киелі кітапқа сәйкес белгілері аз немесе тіпті жоқ адамдар туралы. Төртіншісі шын мәнінде қайта туылған және рухани жеміс әкелеген адамды сипаттайды.

Бірінші жағдайда Мәсіхке еруге шешім қабылдаған, бірақ Құдайдың істеріне онша қызығушылық танытпайтын және «Иә, сенемін» деп ауызша айтудан басқа ешбір айқын жеміс әкелмейтін адамның өмірін қарастырайық. Ол сенімге жаңадан келді, бірақ оның сенімге деген ықыласы мен көбірек білуге, рухани өсуге ұмтылысы жоқ. Бұл мәселені шешу үшін оған көмекші ретінде қауымдағы бір адамды серіктес қылып тағайындайды. Ол адамды жаңадан келгендерге арналған бағдарламаға тіркейді. Серіктесі өз жұмысын беріліп істейді. «Рухани сәби» досына барынша көмектесуге тырысады. Сонда да, нәтижесі ойдағыдай емес. Жаңадан сенген кісінің үйіне бірнеше рет келіп, телефон соққаннан кейін ол жексенбілік таңертеңгі қызметке келеді. Тағы бірнеше ай бойы тынымсыз еңбектенгеннен кейін жаңадан қабылданған адам шомылдыру рәсімінен өтеді. Бұл да бір жеңіс, солай емес пе? Дегенмен, үнемі сұрастырып, қолдап, қауымға шақырып отырмаса, ол қайтадан немқұрайлы күйге түседі де, сөйтіп ақырында мүлдем қауымнан кетіп қалады. Ол діни қызметкер Еходайдың тұсында Жаратқан Иеге ұнамды нәрсені істеген, бірақ Еходай қайтыс болған сәтте Құдайдан теріс бұрылып, пұтқа табынып кетке Жоғас патшаға ұқсайды.¹⁹

Осы бірінші кейіпкеріміздің өмірінен жаңарудың, жаңа жүректің немесе жаңа талпыныстың белгілері көрінбейді. Басқа біреудің үнемі тұртіп-итермелеуі оған әсер етті, бірақ ол Бағушының даусын естіп,

19 Шөжірелер 2-ж. 24:2, 17–18

мойынсұнатын қой сияқты Құдайға өз еркімен ермеді.

Екінші оқиғадағы адам өте замануи қауымға барады. Ондағы мадақтау әндерінің өзі бір бөлек концерт. Жиналыс кезінде ең озық медиа құралдары қолданылады. Өмірге пайдалы қағидаларды түсіндіретін қысқа, қызық уағыздар айтылады. Кейіпкеріміз қызметке рахаттанып барып қайтады. Қауымдағы кісілермен жақсы қарым-қатынас жасайды. Өзін осы қауымның бір бөлігі ретінде сезінеді. Барлық керегі қамтамасыз етілгендей сезінеді. Бұрын өмірдің мән-мағынасы жоқ сияқты көрінсе, қазір олай емес, қуаныш та, мақсат та, мағына да бар. Алайда, бір қарағанда бәрі жақсы болса да, бұл адам Ізгі хабар мен Мәсіхтің шәкірті болудың қымбат құнын білмейді. Осының кесірінен ол өз кезегінде Құдай туралы білімге немесе Жазбаны күнделікті өмірінде қолдануға аса ұмтылмайды. Оның мақсаты, ой-пікірлері мен істері айналасындағы зайырлы мәдениеттікіне өте ұқсас. Сонымен, ол Мәсіхтің Өзіне келді ме әлде өзіне ұнайтын әлеуметтік топқа қосылды ма? Оның құндылықтары мен ұмтылыстары Мәсіхті бәрінен жоғары санайтындай өзгерді ме? Әлде ол жай ғана қазіргі өмірін жақсартатын орын мен адамдарды тапты ма?

Үшінші жағдайда бір кездері Мәсіхті Құтқарушым деп мойындаған, бірақ көп жыл бойы қауыммен араласпаған адамның өмірі. Қауымға жаңа бағушы тағайындалады да, осы үшінші кейіпкеріміздің үйіне барады. Әңгіме кезінде оның қауымға баруға дайын екені және бұрынғы өміріне өкінгені анық болады. Бағушы оның дүниеқоңыздығы, жеміссіз өмірі және қауымға немқұрайлылығы туралы айтады. Ол қателескенін мойындайды. Сенімнен алшақ кеткен досымыз «барлық жаман қылықтарымнан бас тартуым керек, мені қызықтыратын күнәдан арылу үшін өзімді тәртіпке келтіруім керек» деп келіседі. Осыған қарағанда, Құдай оның жүрегінде жұмыс жасаған сияқты. Бірақ мұқият тексергенде, оның жүрегі мен қалаулары баяғы қалпында қалғанын тез түсінеміз. Расында, өз сөздері оған айып тағады. Қалай десеңіз, ол өзін соттан құтқару үшін және көктегі өмірге ие болу үшін шынымен істерісі келетін зұлымдықтарынан бас тартып, жаны жаратпайтын әділ істерді жасауға шешім қабылдады!²⁰

20 Бұл ойды алғаш рет Миссури штатындағы Кирксвилл қаласында Lake Road Chapel қауымының бағушысы Чарльз Лейтерден естідім.

Алайда, ол шын мәнінде, Құдайдың нағыз перзенті емес. Нағыз мәсіхші азғырулармен және оған қарсы күресетін тәннің қалауларымен күресетін болса да, оның ұмтылыстары өмір бойы Құдайға ұнамдыға қарай өзгере береді. Ол «Күнәдан бас тартқаным дұрыс, сондықтан күнәма өкінемін» демейді. Немесе «Жақсылық істеген дұрыс қой, сондықтан әділ өмір сүрейін» демейді. Керісінше, ол Құдай жек көретін күнәны шынымен жек көре бастайды және Құдай жақсы көретін әділдікті шынымен жақсы көреді. Ол міндет болған соң жақсы кісіге айналмайды. Қайта, оның жаңа жүрегінде жаңа ұмтылыстар пайда болады. Ол енді бұрынғы күнәні емес, Құдайға ұмтылуды қалайды.

Төртінші жағдайды қарастырайық. Бұл әңгіmemіз бір жиналыста Ізгі хабарды естіп, Мәсікке деген сенімін мәлім еткен адам туралы. Ол нақты не болғанын және оны қалай түсіндірерін білмей отыр. Бір нәрсе анық – адамның өзі өзгеріп кеткен. Ол бұрынғы өмірін жаңа қырынан көре бастайды. Бұрын мақтан тұтқан нәрселері қазір ұят көрінеді. Бұрында неге қуанғанын еске алса, ол дұрыс емес көрінеді. Ол жаңа сеніміне және Киелі кітапқа қызығушылық таныта бастайды. Мәсіхтің Кім екенін, Оның еркін білгісі келеді. Кейіпкеріміз ескі достарынан алыстап кетеді және қауымдағы сенушілермен жақсы дос болып кетеді. Ол рухани өсіп-жетіле береді, әрі сенімде ілгерілей береді. Әрине, қиындықтар мен жиі сәтсіздіктерге де тап болады. Құдайдың еркін орындауда рахат табады, бірақ сонымен қатар барлық азғыруларға бірдей төтеп бере алмайтынын біледі. Ол сырттағы әлеммен және іштегі ескі болмыстың қалдықтарымен күреседі. Ол жеңуге мүмкіндік беретін Құдайдың рақымына қуанады және тайып кетіп, сәтсіздікке ұшыраған кездеріне күйінеді. Ол өзінен үлкен қарама-қайшылықты табады. Мысалы, ол көп уағыз тыңдап, діни кітап оқып, барлық нәрсенің соңы, әрі мән-мақсаты – Мәсіх екенін түсініп шаттанады. Содан бірнеше минуттан кейін ол жүрегiнiң жылымшы екенін сезіп, сонымен күреседі. Киелі кітапты оқығанда үлкен жұбаныш алады, бірақ Сөз оны екі жүзді семсердей тесіп, бұрын белгісіз болған күнәны әшкерелейді. Ол рухани сапарында алға жылжыған сайын, Құдайдың оның өміріндегі әкелік билігін айқын сезеді. Кейде Құдайдың тәртіпке салуы жеңіл болса, бірде қамшылап жатқандай қатты тиеді. Бірнеше рет тіпті сенім жолын тастап кетуді

ойлайды, бірақ ол мүмкін емес. Мәсіхтен ажырап қалу туралы ойдың өзі жанына батады, сөйтіп ол «әлсіз-күшсіз, ауру және жаралы» болып қайтады.²¹ Мәсіхші алға үш қадам жасаған сайын, екі қадам кері шегінетіндей көрінеді. Ол күнә жасайды, бірақ күнәсін жалғастыра алмайды; құлайды, бірақ құлаған күйінде жата алмайды. Ол төбенің басына шығып алса да, келесі сәтте сол төбенің басқа жағынан түсіп бара жатады. Дегенмен, ол бірте-бірте көтеріліп, ілгерілеп, өсіп келеді. Осының бәрі, жақсысы да, жаманы да, сенімнің бұлтартпас дәлелі. Барлық шынайы сенушілердің өмірінен осы оқиға көрінеді.

Осы тарауды аяқтамас бұрын бәріміз келесі сұраққа жауап берейік. Құдай біздің табиғатымызды түрлендіріп, ұмтылыстарымызды өзгерткеніне дәлел бар ма? Бізге тәлім беретін, бізді жетелейтін, Құдайдың ережелерін орындауға күш беретін және Оның еркін орындауға мұқият қылатын Киелі Рух бойымызда бар ма? Сенімнің табиғаты мен құдіретін түсінгіміз келсе, алдымен мына шындықпен келісуіміз керек: Құдай адамды күнәнің үкімінен құтқарып, содан кейін оның күшін жеңу үшін қажет көмексіз қалдырмайды. Керісінше, Тәңір Ие Оның заңымен жүруіміз және Оның еркін мұқият орындауымыз үшін керектің бәрін қамтамасыз етеді.

21 Джозеф Харт, «Come, Ye Sinners, Poor and Needy», 1-шумақ.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Жаңарған адамдар және шынайы сенімнің табиғаты



Қайта, Менің кейінгі заманда Исраил халқымен жасайтын Келісімім мынадай болады: Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын әрі жүректеріне «жазып» та қоямын. Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады. Сонда ешкімге замандасы мен ағайынына: «Жаратқан Иені жақыннан танып біл!» деп үйретудің қажеті болмайды. Өйткені үлкенді-кішілі барлығы да Мені жақыннан танып білетін болады. Себебі Мен олардың әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын.

— Еремия 31:33-34

Сонда олар Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын. Олар Мені әрдайым қастерлей алулары үшін оларға шын жүректен бірігіп, бір жолмен жүруді сыйлаймын. Бұл олардың өздері мен кейінгі балалары үшін игілікті болады. Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын. Мен оларға шаттана жақсылық жасап, оларды осы елде шын жүректен, бүкіл жан дүниеммен қайтадан берік орналастырамын.

— Еремия 32:38-41

ОН БІРІНШІ ТАРАУ



Жаңа Келісімнің даңқы

Жаратқан Ие мынаны айтады: «Біліп алыңдар, Мен Солтүстік Израилдің және Яһуданың үрім-бұтақтарымен Жаңа Келісім жасайтын уақыт келді. Бұл Келісім Менің олардың ата-бабаларын қолдарынан жетелеп Мысырдан алып шыққанда солармен жасаған Келісіммен бірдей болмайды. Өйткені Мен оларды әйелін қатты сүйген күйеуі іспетті жақсы көрсем де, олар сол Келісімге адал болмады, — дейді Жаратқан Ие. — Қайта, Менің кейінгі заманда Израил халқымен жасайтын Келісімім мынадай болады: Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын әрі жүректеріне «жазып» та қоямын.

— Еремия 31:31-33

Өткен тарауда Езекиел 36:22–28-ді зерттей отырып, біз Көне өсиеттегі жаңарудың кейбір белгілерін қарастырдық. Бұл үзіндіден екі маңызды шындықты түсіндік. Біріншіден, ғаламды жарату және Иса Мәсіхті өліден қайта тірілту үшін қандай құдірет қажет болса, адамның сенімге келуі үшін сонша құдірет қажет. Ол – Құдайдың керемет тамаша жұмысы.¹ Құдайдың ғажайып жұмысы адамның табиғатын түрлендіріп, ынта-ұмтылыстарын өзгертеді. Жаңарған жан Тәңір Иенің заңын орындағысы келеді. Ол Жаратқанның ережелерін мұқият сақтайды. Құдай бұл істі Өзінің Рухымен жүзеге асырады. Тәңір Ие бұл істі Өзі үшін бастайды және Өзінің ұлы есімі үшін соңына дейін жеткізеді.

Екіншіден, сенімге келуді Киелі кітап бір басқа, заманауи қауым бір басқа түсіндіретінін көрдік. Екі көзқарастың арасында үлкен қарама-қайшылық бар. Бүгін сахнадан естіліп жататын Ізгі хабар, өкінішке орай, бірнеше рухани заңдарға дейін төмендетіліп, қарабайырланып кеткен. Тіпті мәсіхшіліктің ұзақ тарихында әрдайым маңызды болған

1 2-Қорынттықтарға 5:21; Ефестіктерге 2:5-6

қағидалар мен ілімдер елеусіз қалған. Уағызшылар адамдарды «шешім қабылдауға» шақырады. Ол шешімнің нағыз құны қандай екенін ешкім айтпайды. Киелі кітапқа сәйкес сенім адамнан не талап ететінін де дұрыстап түсіндірмейді. Мәсіхті таңдап «шешім қабылдағандарды» Құдайдың отбасына қарсы алуға асығады, бірақ оларға қажетті ескерту мен тәлімді бермейді.

Шынайы бет бұрудың дәлелдері туралы еститіндер өте аз. Жазбаға сәйкес өздерінің сенімде ме, жоқ па, соны тексеру керек екенін білетіндер өте аз.² Ақырында, тәни мәсіхшілердің рухани өсуіне арналған сансыз әдістемелер мен шәкірт тәрбиелеу бағдарламалары іске қосылады. Бұлардың пайдасы аз. Тірі, жанданған қауымдар бұлардың әсерінен пайда болмайды. Соған қарамастан, қауымдағы «тәни мәсіхшілер» жай ғана шынымен Құдайға бет бұрмаған адамдар деген жағымсыз шындықты естігіміз келмейді.

Еремия 31:31–33 үзіндісін қарастыра отырып, біз сенімге келудің табиғатын және шынайы мәсіхшінің ерекшеліктерін әрі қарай түсінуге тырысамыз. Көне өсиетте Құдаймен келісім жасасқан Исраил халқы мен Жаңа Өсиетте Иса Мәсіхпен жаңа келісім жасаған қауымды салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырудан бастаймыз. Осыдан кейін Ыбырайымның тікелей ұрпақтарынан құралған Исраил халқының көп бөлігі жаңармаған жандар екенін, олардың арасында нағыз сенушілердің немесе шынайы исраилдіктердің аз ғана бөлігі бар екенін түсінеміз. Осы себепті Исраилдің тарихында пұтқа табыну, бүлік шығару және дұрыс жолдан адасу жетіп жатыр. Керісінше, Иса Мәсіхтің қауымы Ыбырайымның рухани ұрпақтарынан құралған. Оларға яһудилер де, басқа ұлттар да жатады. Қауымның әрбір шынайы мүшесі Киелі Рух арқылы қайта туылған. Құдайдың заңы оларға тас тақталарға қашалып берілген жоқ, қайта жүректеріне жазылды. Осы себепті шынайы қауым тіпті ең қорқынышты жағдайларда да адалдық, мойынсұнушылық және табандылық сақтайды.

ЕСКІ КЕЛІСІМНІҢ ӘЛСІЗДІГІ

Еремия 31:31 «Біліп алыңдар» деп басталады. Бұл сөз өзінен кейінгіге ерекше назар аударуға шақырады. Яғни, Құдайдың Исраилге

2 2-Қорынттықтарға 13:5

айтып тұрғаны аса маңызды нәрсе. Киелі кітаптың барлығы Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған Құдайдың тірі Сөзі, сонда да дәл осы сөз ерекше. Тәңір Ие бұрын-соңды естілмеген маңызды мәлімдеме жасамақшы. Сондықтан барлық әрекет тоқтатылып, барлық әңгіме доғарылып, барша халық Құдай айтатын сөздерге құлақ тұру керек.

Израилдің назарын Өзіне аударып, Құдай енді олардың болашағы туралы айтады. Халықты Мысырдан алып шыққандағы келісімнен де әлдеқайда керемет жаңа келісім жасаймын деп уәде береді.

Жаратқан Иенің Израилмен Синай тауында жасаған келісімінің өзі қаталдығына және этникалық шектеулеріне қарамастан өте рақымды болды. Бірақ ол ескі келісім Исаның келуімен өзгеруі керек еді. Біз заманауи оқырман ретінде бұл жаңа келісім туралы хабарға көп мән бере қоймаймыз. Алайда, осы жаңалықты алғаш рет естіген израилдіктер үшін ол жер сілкінгендей болды. Израил халқы және оның ұлт ретіндегі бүкіл тарихы Синайда жасалған келісімге негізделген. Ол келісімді жою немесе алмастыру туралы ойдың өзі төңкеріспен бірдей қауырт өзгерісті шақырумен тең. Израилдің өмірінің және Құдаймен қарым-қатынасының негізі өзгермек деген сөз. Бұл жай ғана кезекті өзгеріс емес. Бұрыннан білетін өмір жойылып, оның орнына тіпті басқа нәрсе келеді.

Құдайдың Еремия кітабында айтқанын түсінбейінше, жаңа келісімнің ескі келісімнен қаншалық жоғары тұрғанын біле алмаймыз. Мұндағы сөзді жақсылап талқыламасақ, қауым табиғатын да, шынайы сенімнің не екенін де түсіне алмаймыз. Еремия пайғамбар арқылы Құдай халқын ғажайып жолмен құтқарып алмақ ниетін білдірді. Ол құтқаруды бұрын көз көріп, құлақ естімеген және адамның ойына ол бұрын ешқашан келмеген. Құдайдың бұл еңбегі біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда асып түседі.³

Сонымен, осындай терең мәнді хабарды бастап, Құдай әрі қарай ескі келісімнің әлсіз жақтары туралы сөз қозғады. Бұл осал жақтар Құдайдың мінез-құлқындағы қандай да бір кемшіліктен немесе Оның даналығы жетпей қалғаннан емес, әрине. Керісінше, ескі келісімнің әлсіздігі толығымен адам мен оның құлдырауына байланысты болды. Пауыл елші былай жазған: «адамдардың барлығы бірдей өтірікші

3 1-Қорынттықтарға 2:9; Ефестіктерге 3:20

болса да, Құдай берген сөзінен таймайды. Бұл туралы Забурда мынадай сөздер жазылған: Осылай айтқандарыңның әділ екені көрінеді, Сен айыпталғанда жеңімпаз болып шығасың» (Рим. 3:4).

Құдай ескі келісімді бұзуды Исраил халқына деген адалдығын көрсетуден бастайды. Ол халықты қолынан жетектеп, Мысырдағы құлдықтан алып шықты. Олармен күйеуі мен қалыңдығы арасындағыдай келісім жасасты. Ол Исраилге және оның қажеттіліктеріне үлгілі түрде қамқорлық жасады. Алайда Исраилдің қайтарғаны тек опасыздық болды. Халық Ошия мен Гомер арасындағы қарым-қатынаста өте жақсы суреттелген қалыңдықтың түріне айналды. Ол қандай десеңіз, Гомер жеңіл жүрісті әйел болатын.⁴ Тура жолдан адасқан әйел адал күйеуінің сүйіспеншілігінен бас тартып, жезөкшелігімен оны ұятқа қалдырғанындай, Исраил халқы да Құдайдың келісімін аяққа басты. Ол қайта-қайта өзін сүйетін Тәңір Иеге емес, жалған пұттардың құшағына жүгірді. Қайта-қайта, адал күйеуі оны үйге қайтарды. Ақыры, опасыз халық қуып шығарылды. Жаратқан Ие олардың Өз халқы болуларын, ал Өзі – олардың Құдайы болуын армандаса да, халық оған көнбеді.

Исраилдің қайта-қайта Құдайға қарсы шығуы бір маңызды шындықты көрсетеді. Ескі келісім бойынша Құдай оларды Өзінің халқы етті, бірақ Исраилден тарағандардың бәрі бірдей шынайы Исраил қауымы емес.⁵ Мысырдан шыққан халық Ыбырайымның тікелей ұрпақтары болды, бірақ олардың барлығы бірдей сенуші болған емес. Киелі кітап та осыны растайды. Елде шын мәнінде жүректері жаңарған, сенім арқылы ақталған құдайшыл қалдық жоқ емес, бар еді, бірақ ол аз ғана бөлік болатын. Басым көпшілігі қайта туылмаған пұтқа табынушылар болды. Еврейлерге арналған хаттан Мұса бастаған Мысырдан шыққандардың басым көпшілігі Тәңір Иеге сенбегендеріне бола шөл далада өлгенін білеміз.⁶ Тіпті патшалықтар кезінде де Исраилдегі шынайы сенушілердің саны соншалық аз еді. Осыған орай Ілияс пайғамбар: «Уа, Жаратқан Ие! Олар Сенің пайғамбарларыңды өлтіріп, Саған арналған құрбандық үстелдерін қиратты. Жалғыз өзім ғана қалдым» деп дауыстаған (Рим.

4 Ошия 1:2

5 Римдіктерге 9:6

6 Еврейлерге 3:16–19

11:3; Патшалықтар 3-жазба 19:10, 14 қараңыз). Құдайдың ұнжырғасы түскен пайғамбарға берген жауабын оқып, шынымен сенетіндер Исраил ұлдарының санымен салыстырғанда өте аз екенін білеміз. Тәңір Ие: «Мен Өзіме жеті мың адамды аман қалдырып отырмын. Олар (Маған адал болып, жалған тәңір) Бағал алдында тізе бүкпегендер», — деген еді (Рим. 11:4; Патшалықтар 3-жазба 19:18 қараңыз). Бұл қайғылы шындық Исраил тарихының көп бөлігіне қатысты көрінеді. Тіпті Мәсіх туылған кезде де «әділ, Құдайды қастерлейтін» және «Иерусалим қаласының құтқарылуын аңсап күтіп жүрген» сенуші жандардың бірнешеуі ғана қалған (Лұқа 2:25, 38).

Көріп отырсаңыз, ескі келісім кезіндегі Исраилдің мінезі мінсіз болудан өте алыс. Мұны білгеніміз өте маңызды, себебі Исраил халқының сол кездегі бүлікшіл табиғаты қазіргі «мәлімдеуші қауыммен» салыстырылып, оны ақтау үшін қолданылады.⁷ Бұл пікірге сәйкес, қауымда тәни, күнәкар құмарлықтарына еретін адамдардың басым болуы, ал шынымен сенетін нағыз мәсіхшілердің аз болуы заңды, себебі Исраил тарихында да тура солай болған. Алайда, әрі қарай көретініміздей, Исраил мен мәсіхші қауымды салыстыру дұрыс емес.

Ойлап көріңізші, жаңа келісім не үшін керек болды? Өйткені, ескісі жарамай қалды. Жаңа келісім жасаудың мәні — бұрынғы жағдайды өзгерту. Ескі келісімде Құдай Ыбырайымнан тараған халықты Өзінің халқы деп атады, бірақ сол көп адамдардың ішінде аз ғана бөлігі шын мәнінде жаңарып, сенген жандар болды. Қалғандары ескі болмыстарының жетегінде жүрді және мәңгілік үкімге лайықты болды. Жаңа келісімде Құдай яһудилер мен басқа ұлт өкілдерінен тұратын рухани халықты шақырады және олардың барлығы іштей жаңарып, шынымен сенетіндер. Шынайы қауымда Құдайға ұнамды азшылық болмайды; Құдайға ұнамды азшылық — шынайы қауымның өзі. Басқалары оған жатпайды.

Киелі Жазба қауымда сенушілер мен сенбейтіндер әрқашан аралас болады деп үйретеді.⁸ Сондай-ақ Киелі кітаптан және мәсіхшіліктің тарихынан білетініміз, қауым тәртібін елемей кетсе, Исаның Өзі әкелген

7 «Мәлімдеуші қауым» дегеніміз Иса Мәсіхке сенетіндерін асыға мәлім ететін және өздерін мәсіхшілерге жатқызатын адамдар. Бірақ, «мәлімдеуші қауымның» Иса Мәсіхтің шынайы қауымына қатысы жоқ.

8 Матай 13:24–30, 36–43

Ізгі хабарды таза күйінде айтпаса, бұл зиянды жағдай ұшығып кетеді. Дегенмен, шынайы қауым тек қайта туылған, күнәларына өкінген және шынымен сенетін жандардан құралады. Олар барған сайын Мәсіхтің Өзіне ұқсас болады. Бұл ескі және жаңа келісімдердің басты айырмашылығы, біз оны есте сақтап, басқаларға айтуымыз керек.

ЖАҢА КЕЛІСІМНІҢ ДАҢҚЫ

Синай тауында Құдай декалог немесе он өсиетті тас тақтайшаларға ойып жазып, Мұса арқылы оларды Исраил халқына берді.⁹ Жазбада былай айтылған: «Жаратқан Ие Синай тауының басында Мұсаға арнаған сөзін бітіргеннен кейін оған өз қолымен Келісімнің ережелерін жазған екі тас тақташаны табыс етті» (Мыс. ш. 31:18).

Заң Құдайдың Исраилге берген үлкен сыйы болды және ол халыққа барлық жағынан пайдалы болуы керек еді.¹⁰ Алайда Құдай заң берген бойда халық оны бұзды. Мұса Синай тауында заңды қабылдап жатқанда, халық алтын бұйымдарды балқытып, өздеріне жас бұқаның мүсінін жасап алды. Ол мүсінге бізді Мысыр жерінен алып шыққан тәңір деп ғибадат етті.¹¹ Он өсиеттің алғашқы екі ережесін бұзып, халық жиренішті қылықтарын тоқтатпай, күнәға әбден батты.¹² Тауратта айтылғандай: «Халық жайғасып отырып, құрбандықтан ішіп-жеді; біраздан кейін олар азғын ойындар ойнау үшін орындарынан тұрды» (Мыс. ш. 32:6–7).

Осы масқара жағдайды көріп, Мұса тас тақташаларды жерге лақтырып, быт-шытын шығарды.¹³ Құдайдың Исраилге өмір сыйласын деп берген заңы оларға үкім шығарып, өлімге кесетін болды.¹⁴ Ақырында, халықтың үнемі Құдайға күмәндануы, Оның бұйрықтарынан әрдайым бас тартуы халықтың шөл далада толығымен жойылуына әкелді. Еврейлерге арналған хатта былай деп жазылған: «Ал Құдай қырық жыл бойы кімдерге ашуланды? Олар күнә жасағандықтан айдалада жүргенде өліп, жерленген ата-бабаларымыз емес пе еді?» (3:17).

9 «Декалог» сөзі грекше «dekalogos» (deka [он] + logos [сөз]) сөзінен шыққан. Сондықтан декалог кейде «он сөз» деп аталады.

10 Римдіктерге 3:1–2

11 Мысырдан шығу 32:1–5

12 Мысырдан шығу 20:3–6

13 Мысырдан шығу 32:19

14 Заңды қайталау 30:15, 19; Римдіктерге 7:9–10

Израил халқының осы қайғылы, бірақ жиі қайталанатын бүлігінде үш маңызды зат анық болады. Біріншіден, заңның бастауы мен табиғаты Құдайдан екені анық ашылады. Бұл адамның немесе періштенің өнертабысы емес; оны Құдайдың Өзі жазды. Оған дәлелді Мұсаның сөзінен табамыз: «Тас тақташаларды жасау да, беттеріндегі сөздерді ойып жазу да Құдайдың ісі болатын» (Мыс. ш. 32:16). Заңның бастауы Құдай болғандықтан, ол Жаратқанның әділдігі мен даналығының сенімді көрінісі. Пауыл елшінің сөзімен айтқанда: «Ендеше Таурат заңы қасиетті, өсиет те қасиетті, әділ және игі» (Рим. 7:12). Сондықтан ескі келісімнің әлсіздігі заңдағы қандай да бір қателіктен емес. Заң Израил халқына өмір бере алмады, себебі күнәкар адамзаттың болмысы дәрменсіз болды.¹⁵

Екіншіден, заң Құдай тауынан алынған тас тақтайшаларға қашалған еді. Тас тек заңның өзгермейтін сипатын ғана емес, сонымен бірге оны алған жүректердің табиғатын білдіреді. Израилдіктердің басым көпшілігі «күнә жасай беріп, рухани өлі еді», ал жүректері тастай қатты болды (Ефес. 2:1). Киелі Рух халықтың азғантай бөлігі шынайы сенушілердің жүректерін жаңартса да, қалғандары өзге ұлттардай пұтқа табынушылар тәрізді болды. Олар «Құдайға шын жүректен бағынбай, Оның сөзіне құлақ салмады», «Таурат заңын тыңдамау үшін жүректерін тастай етіп қасарыстырып қойды» (Елшілердің істері 7:51; 3әк. 7:12).

Заң израилдіктердің жүрегіне емес, тас тақташаларға жазылған еді. Заң олардың *барлығына* берілгенімен, көпшілігі оны *іштеріне* қабылдаған емес. Көпшілік үшін ол заң сырттан келген, жат нәрсе еді. Заң олардың табиғатына және қалауларына қарама-қарсы келетін. Олардың заңға еш жақындығы болмады. Олар заңның не үшін керек екенін білмеді, заңды орындауға да ынталары болмады. Керісінше, олар заңды жек көріп, оған қарсы шықты. Жүректері тас болғандықтан, заңның Он сөзі оларға қарсы он тармақтан тұратын айыптау үкімін шығарды. Осылайша оларды өмірге апарар нәрсе халықтың өліміне себеп болды.¹⁶ Сондықтан Езекиел пайғамбар Киелі Рухтың келетін күнін асыға күтті. Сонда қатып қалған тас жүректер сезімтал, Құдайға жақын жүректерге айналар еді.¹⁷

15 Римдіктерге 8:3

16 Римдіктерге 7:9–10

17 Езекиел 36:26

Үшіншіден, заң, яғни ескі келісім Мұса арқылы берілді. Құдайдың Өзі тағайындаған пайғамбар болғанымен, ол да пенде еді. Исраилдіктердің күнәлары мен әлсіздіктері Мұсаға жат емес еді. Ол Құдайдың үйінде қызметші ретінде адал болғанымен, Мысырдан шыққан халықтың күнәсін өтеуге немесе олардың ішкі жан-дүниелерін түрлендіруге құдіреті болмады.¹⁸ Құрбанға шалынған бұқалар мен қошқарлардың қаны адамдардың ар-ұжданын жасаған күнәларынан түпкілікті арылта алмайды.¹⁹ Адамның болмысының дәрменсіздігіне байланысты, заң адамның қалауларын өзгерте алмайды, оның істері мен ой-санасын түрлендіре алмайды.²⁰ Дәл осы себепті Құдай Еремия арқылы бұрыннан керемет уәделерге негізделген жаңа, бұрынғыдан асып түсетін келісім туралы қуанышты хабарды мәлімдейді.²¹ Жаңа келісіммен салыстырғанда, ескі келісім кемелдіктің көлеңкесі ғана еді. Жаңа келісімде бұрын болмаған толықтық бар. Ескі келісімге қарағанда, жаңасы әлдеқайда қатал талап қояды, бірақ сонымен бірге ол талапты орындай алатындай қылып адамды іштей өзгертеді және күш береді. Бұрын заң тас тақташаларға жазылып, тас жүректерге берілген еді. Нәтижесі айыпталу мен өлім болды. Жаңа келісімде Құдай халқының зұлымдығын Мұсадан жоғары тұрған Иса арқылы жойды; олардың тас жүректерін тірі, сезімтал жүрекке айналдырып, Өзінің заңын жандарына жазды.²²

Құдай Еремия арқылы: «Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын әрі жүректеріне «жазып» та қоямын» дегенде, Ол қайта туылу туралы айтып отыр. Жаңа келісімде Құдай заңды оны орындағысы келмейтін халыққа жүктеп қоймайды. Қайта Тәңір Ие сол адамдарды қайта жаратып, оларды жаңа заңға лайық етеді. Бұл дәл Езекиелдің пайғамбарлық сөзіндегідей болады. Құдай Өз халқының тас жүректерін алып тастап, оның орнына сезімтал тірі жүректерді қояды. Олар енді Құдайға қарсы, Оның заңына көнбейтін бүлікшіл халық болмай, керісінше ерікті, мойынсұнғыш және Құдайды дәріптейтін сенушілер болады. Басқаша айтқанда, Киелі Рухтың жаңарту жұмысы арқылы Құдай Өз адамдарын Өз бейнесіне сәйкес қылады. Ол

18 Еврейлерге 3:5

19 Еврейлерге 9:9; 10:4

20 Римдіктерге 8:3

21 Еврейлерге 8:6

22 Еврейлерге 3:1–3

халқының табиғатын өзгертіп, нәтижесінде олар жаңа қалаулар мен ұмтылыстарға ие болады. Сәйкесінше, Тәңір Ие заңын олардың жүректеріне өшпес сиямен жазады. Мұндағы «қалам» – Құдайдың саусағы. Содан кейін, игі істі жасау үшін және оны соңына жеткізу үшін Ол халқын Киелі Рухтың мекені етеді. Оларды Өзінің жарғыларымен жүргізіп, Оның бұйрықтарын сақтауға мұқият қылады.²³

Мұнда айтылғандар жай ғана шабыт-жігер беру үшін жазылған әдеби сөздер емес. Асыра айтатын поэтикалық, лирикалық заттар да емес. Құдайдың жаңа келісім арқылы уәде еткені қазір Иса Мәсіхтің шынайы қауымында бар. Мәсіхтің денесінің әрбір шынайы мүшесі Құдай Рухының керемет жаңа жаратылысы болып табылады. Әрқайсысының болмысы түп-тамырында өзгеріске ұшырады. Әрқайсысының жүрегіне Құдай заңы жазылған. Жаңа келісімдегілер үшін заң енді олардың болмысына қайшы келетін жат зат емес. Керісінше, заң олардың ішкі дан-дүниелеріне еніп, ой-саналарының бір бөлігіне айналды. Заң енді ауыртпалық әкелетін, орындауға мүмкін емес ауыр жүк болмайды. Қайта, қуаныш пен бақыттың көзі. Заң енді адамның айыпталуы мен өлімінің себепшісі емес, қайта көбірек қасиеттілікке апаратын тиімді нұсқаулық.

Осы жерде бір тұсты анықтап алайық. Әрбір жеке сенуші мен тұтастай алынған қауым әлі де өздерінің соңғы және толықтай даңқталуын күтуде. Жоғарыда жазғандарым мұны жоққа шығармайды. Тіпті ең адал сенуші әлі де көптеген әлсіздіктер мен сәтсіздіктерге ұшырап жатады. Олардың барлығынан Мәсіхтің қайтып келуіне дейін және барлық нәрселердің аяқталуына дейін арылу мүмкін емес. Соған қарамастан, Құдайға және Оның еркіне деген жаңа көзқарас шынайы мәсіхші мен шынайы қауымнан міндетті түрде білінеді. Жаңа келісімде бүлік пен мойынсұнбау енді Құдай халқының басты белгілері емес. Керісінше, олардың жаңа ерекшелігі — Құдайға, Оның Ұлына және Оның өсиеттеріне деген жаңа сүйіспеншілік. 118-забур жырында жаңарған жанның күйі әдемі сипатталған:

Өсиеттеріңді қатты ұнатамын,
Олардан жұбаныш пен рақат табамын.
Өсиеттеріңді сүйіп, қабылдаймын,
Жарлықтарың жайлы үңіле ойлаймын (47-48 аяттар).

Ережелеріңді қабылдадым мәңгі мұраға,
Жүрегімді кенелтеді олар қуанышқа.
Жүрегімде нық шешім қабылдадым бағынуға
Ақырына дейін Сенің жарлықтарыңа (111-12 аяттар).

Ал мен Сенің өсиеттеріңді алтыннан
Артық көремін, әрі саф алтыннан!
Содан бар бұйрықтарыңды әділ деп санаймын,
Бүкіл бұрыс жолдарды да жақтырмаймын (127-28 аяттар).

Исраилдің Құдайға қарсы тұрақты дерлік тайталасын мысалға келтіріп, өзгермеген, ескі болмысы басым, өздерін мәсіхші дейтіндерді және мәлімдеуші қауымды ақтауға тырысу герменевтикалық тұрғыдан дұрыс емес және өте қауіпті (герменевтика – мәтіндерді түсіндірумен айналысатын ғылыми сала, аудармашының ескертпесі). Батыстық мәсіхшіліктегі өршіп тұрған мойынсұнбау мен күнәқұмарлық жаңа келісімнің ескісімен бірдей екенінен, немесе жаңа келісімдегі әлдебір осал жерінен емес. Қауымдағы селқостық, немқұрайлылық, дүниеқоңыздық және Құдайға қарсыластық қайдан келді десеңіз, жауабы қарапайым. Мәсіхті мойындайтындардың көпшілігі шын мәнінде Мәсіхтікі емес және қауым деп аталатындардың көпшілігі мүлде шынайы, тірі қауым емес. Біз Мәсіхтің Ізгі хабарын қарабайыр қылып, оның талаптарын жеңілдеттік. Қауымды әлемге ұқсайтын етіп киіндірдік. Қымбатқа түскен рақымды және арамдайтын нәрселерден бөлінуді уағыздауды қойдық. Қауымдағы тәртіпті елемей, тежеу салуды, әшкерелеуді тоқтаттық. Осы және тағы басқа себептерге байланысты көптеген адамдар еш дәлелі болмаса да, өздерін мәсіхшіміз дейді, ал қауымға ұқсайтын, бірақ шынымен қауымнан алшақ ұйымдар өздерін мақтанышпен қауым деп атайды. Бұлардың Жаңа Өсиетте сипатталған Мәсіхтің қалыңдығымен ұқсастығы шамалы.

Сондықтан жаңару мен Құдайға бет бұрудың Киелі кітаптағы анықтамасына оралуымыз керек. «Қауымдағылардың барлығы құтқарылған, бірақ көбісі ескі күнәларынан арылмаған, ал Мәсіхтің рухани, адал ізбасарлары өте аз болады» дейтін танымал пікірмен келісуімізге болмайды. Талмастан, қанша рет керек болса да: «Қайта туылу керек!» деп дауыстайық. Қайта туылған жанның жаңа жүрегіне Құдайдың заңы жазылғанын, ол осы заңнан рахат табатынын айтудан шаршамайық.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ



Жаңа халықтың пайда болуы

Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады.

— Еремия 31:33

Құдай Еремия арқылы: «Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын әрі жүректеріне «жазып» та қоямын» дегенде, қайта туылу туралы айтқан. Тәңір Ие: «Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады» дегенде, қайта туылудың нәтижесі туралы айтқан. Ол нәтиже – Құдай мен шынайы қауым арасындағы қарым-қатынас. Шынайы қауымға Жаратқан Иенің есіміне сенетін және Оның еркін орындайтын адамдар жатады. Осындай жаңа келісім сенушілері Құдайдың заңына мойынсұнып қана қоймай, сонымен бірге өмірлерін Тәңір Иеге бағыштап, Оның алдында адалдықта жүреді. Олардың жүректері жаңарған және Құдайға барынша жақын болуға тырысады. Бұл олардың табиғи ұмтылысы. Құдай оларды Өзінің меншікті халқы деп санайды. Тәңір Ие оларға адалдық пен әділдік танытатын Құдай болады. Ал олар Киелі Рухқа кенеліп, шындап мойынсұнып, Тәңір Иені дәріптейтін болады. Құдай осындай нағыз сиынушылардың болғанын қалайды.¹

ҚҰДАЙ ӨЗІНЕ БАҒЫШТАЛҒАН ХАЛЫҚТЫ АҢСАЙДЫ

Адам ата күнә жасаған кезден бастап Құдайдың мақсаты – күнәкар адамзаттан Өзіне мойынсұнатын халықты жасау еді. Бұл Киелі кітаптың басынан аяғына дейін үзілмей келе жатқан мақсат. Жаратқан Ие Ыбырайымға былай деген: «Қазір өзің жат жұрттық ретінде тұрып жатқан бүкіл Қанахан елін саған және келер ұрпақтарыңа

¹ Зәкәрия 8:8; Жохан 4:23

мәңгі иеленуге беремін. Мен ұрпақтарыңның да Құдайы боламын» (Жар. 17:8). Ал Мұсаға: «Израилдің үрім-бұтағының арасында тұрып, олардың Құдайы боламын» және «Араларыңда жүріп, сендердің Құдайларың боламын, ал сендер Менің халқым боласыңдар» деп уәде берді (Мыс. ш. 29:45; Леу. 26:12).

Құдай Израил халқына Өзімен ең жақын қарым-қатынасқа түсуді ұсынды, бірақ олардың қайтарған жауабы тек қасарысу болды. Сондықтан пайғамбарлар халықты жиі қатаң сөгеді. Әр өгіз иесін, ал есек қожайынының жем салатын астауын біледі, бірақ ираилдіктер Құдайды танымайды, әлемнің Жаратушысын қадірлемейді, Тәңір Иемен қарым-қатынасты жете бағалай алмайды деп Ишая пайғамбар жазып кеткен еді.² Малахи пайғамбар былай деген: ұлдың әкесін сыйлауы, қызметшінің қожайынын құрметтеуі заңды, бірақ Израил Құдайды қастерлемеді де, қадірлемеді де. Керісінше, халық Жаратқанның есімін менсінбей, Оның өсиеттерін қабылдамады.³ Нехемия кітабында Израилдің бірігіп, халық ретінде бұрынғы күнәларына өкінгені жазылған. Ол ұзақ уақыт бойы Құдайға мойынсұнбағанын және Оған қарсы шыққанын мойындайды. Жаратқанның заңын менсінбей, халықтың қылмыстарын әшкерелеген, тура жолға қайтуға шақырған пайғамбарларды өлтіргендерін айтып өкінеді.⁴ Құдай олармен келісім жасап, оларға басқа халықтарға ашылмағандай ашылса да, Жазба Израил туралы «Құдайға шын жүректен бағынбай, Оның сөзіне құлақ салмай, қасарысқандар» және «Киелі Рухқа қарсы шыққандар» дейді (Елшілердің істері 7:51). Мұндай қыңыр бүлік Құдайдың жүрегін қатты ренжітті. Тәңір Иенің мұңы мен үміті келесі үзіндіде анық көрінеді: «Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен! Сонда олардың өздері де, ұрпақтары да әрқашан игілікті өмір сүретін болады» (Заң. қ. 5:29).

Израилмен келісім жасағаннан бастап, Құдайдың бір үлкен қалауы болды. Ол Өзін құрметтейтін, Оның заңын орындайтын халықты аңсады. Сонда Құдай сол халықты молынан жарылқап, оларды мәңгілікке орната алатын еді. Көне өсиетті оқи отырып, Тәңір Иенің

2 Ишая 1:3

3 Малахи 1:6

4 Нехемия 9:26

бұл арманы нақты уәдеге айналғанын көреміз. Ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайтын Құдай қалағанын міндетті түрде іске асырады.⁵ Өзін Тәңір Ие ретінде терең қастерлейтін халықты Ол Өзі жасап шығарады. Олардың тас жүректерін жұмсартып, Өзінің еркіне сай әрекет ететін қылады. Мұны Еремия мен Езекиел пайғамбарлардың келесі жазғандарынан білеміз:

Оларға Мені, Жаратқан Иені, жақыннан танып біле алатын жүрек сыйлаймын. Олар Маған шын жүректен қайтып келгендіктен Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын (Ер. 24:7).

Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Біліп қойыңдар, Мен бөтен халықтардың арасына тарап кеткен Исраил халқын солардың ішінен алып шығып, жан-жақтан жинаймын да, өз елдеріне қайтарып әкелемін. Мен оларды сол елде, Исраилдің тауларында, бір халық қыламын. Барлығының үстінен бір патша болады. Бұдан былай олар не екі халық, не екі патшалық болып бөлінбейді.

Халық енді қайтып өздерін жалған тәңірлерінің мүсіндерімен, басқа да жиренішті нәрселерімен және бас көтеріп жасаған өзге күнәларымен арамдамайды. Мен оларды Өзімнен бас тартып, опасыздықпен жасаған күнәларынан арылтып тазартамын. Осылай олар тағы да Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын. Менің қызметшім Дәуіт оларға патшалық құрады. Осылайша барлығының бағушысы біреу болады. Халқым Менің шешімдеріме сәйкес әрекет етіп, ережелерімді сақтап, іске асыратын болады (Езек. 37:21–24).

Құдай әу бастан Өзіне бағышталған халықты аңсады, бірақ бұған жарайтын халық табылмады. Шешім адамның арасында емес, Құдайдың даналығында, билігінде және құдіретінде екені анық болды. Адамның қолынан келмейтін нәрсе Құдайдың қолынан келеді!⁶ Күнәға батқан және моральдық тұрғыдан толығымен бұзылған адамзаттан Құдайдың халқын жасау үшін керемет қажет. Әлемнің жаратылысымен бір деңгейде тұрған құдіретті керемет

5 Ефестіктерге 1:11

6 Матай 19:26; Марқа 10:27; Луқа 18:27

қажет. Дүние жаратылмас бұрын қара түнек басқан тұңғиықта қалықтап ұшып жүрген Құдай Рухы енді Құдайдың жаңа халқының жүрегінде қалықтап, оларды азғын және күнәкар адамзаттан тірі Құдайдың балалары етіп қайта тірілтеді.⁷

ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЛАУЫ ОРЫНДАЛДЫ

Бұл істің кереметтілігі сонша, ол аңыз не қиял тәріздес көрінеді. Сонда да, Құдай жаңа келісімде дәл осыны уәде етті. Дәл осы әр жеке сенушінің өмірінде және тұтастай алынған қауымда күн сайын іске асып отыр. Мәсіхтің күнәні өтеу ерлігі және Киелі Рухтың жаңарту ісі арқылы Құдай Өзіне жаңа халық жасады. Олардың тас жүрегін шығарып, оның орнына тірі, сезімтал жүректі қойды. Оларды таңдаулы нәсіл, патшаның діни қызметкерлері, қасиетті ұлт, Құдайдың меншікті халқы етіп қайта жаратты; өздерін қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың ұлылығын осы халық жариялайтын болады.⁸

Ескі келісімдегі Исраил халқы мен жаңа келісімдегі Иса Мәсіхтің шынайы қауымының арасындағы айырмашылықты көріп отырмыз. Исраил халқы Ыбырайымның ұрпақтары ретінде ата тегі бір адамдардан тұрды. Соған қарамастан, басым көпшілігі Киелі Рухты қабылдамайтын, «өз еркімен жүретін» немесе «ескі күнәкар болмыстарыңа сүйенетін» адамдар болды.⁹ Олар алғаш күнә жасаған әкелері Адам атаға ұқсас болды. Күнәлі болмыстарының құмарлықтарына беріліп, ойлары мен бойларындағы тілектерін орындады.¹⁰ Көпшілігінде бабалары Ыбырайымның сенімі жоқ еді – олар қайта тумаған, сенбейтін және қыңыр халық болатын. Пауыл елші Римдегі қауымға жазған хатын Исраилден тарағандардың барлығы бірдей Исраил қауымы емес екеніне негіздеді.¹¹

Керісінше, жаңа келісім бойынша шынайы қауым әртүрлі тілде сөйлейтін, әртүрлі халыққа жататын әйелдер мен ерлерден тұрады және бұдан былай яһуди не басқа ұлттық, сүндеттелген не сүндеттелмеген, шетелдік не көшпенді скиф, құл не еріктінің арасында

7 Жаратылыстың басталуы 1:2

8 Петірдің 1-хаты 2:9

9 1-Қорынттықтарға 2:14; 3:3

10 Жаратылыстың басталуы 5:3; Жохан 8:33–34; Ефестіктерге 2:3

11 Лұқа 3:7–8; Римдіктерге 9:6–8

ешқандай айырмашылық жоқ.¹² Олардың бірлігі Ыбырайымнан тарағындығында емес, сенімдерінің бір болуында; олар Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхке сенеді, сондықтан ақталған.¹³ Олар Құдайдың пайғамбарлар арқылы берген барлық уәделері Мәсіх арқылы орындалды деп сенді.¹⁴ Оған қоса, жаңа келісімнің адамдарын біріктіретін тек ортақ қызмет, дін немесе ортақ этикалық ұғымдар ғана емес. Тірі Құдайдың Рухы шынайы қауымның әрбір мүшесін қайта тірілтіп, әрқайсысына жаңа өмір берді.¹⁵

Дүние жаратылмай тұрып, «қараңғылықтан нұр жарқырасын» деп бұйырған Құдай жаңа халықтың жан-дүниесін де жарқыратып, оларды Иса Мәсіхтің бетінен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығы арқылы нұрландырды.¹⁶ Олар Мәсіхті көру үшін жаратылды және көргендерін жақсы көру үшін, Оған мәңгілік байланысты болу үшін өзгертілді. Олар Құдайға шөліктейтін және Оның заңынан ләззат алатын жаңа халық. Мұның себебі Исраилден гөрі жақсырақ ұлттан шығуда емес, Киелі Рухтың оларды қайта жаратуында. Олар Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болғандықтан, жаңа жаратылысқа айналды. Ескі өмірлері өтіп кетіп, жаңасы пайда болды.¹⁷

ҚАУЫМҒА ТАҒЫЛАТЫН АЙЫПҚА ЖАУАП

Сенушілер де, сенбейтіндер де қауымда айналадағы дүниедегідей зұлымдық бар деп жиі шағымданады. Тарихшылар крест жорықтарынан бастап инквизицияға дейінгі ғасырлар бойы қауым

12 Қолостықтарға 3:11; Аян 5:9

13 Жаратылыстың басталуы 15:6; Римдіктерге 4:3, 16; Фалаттықтарға 3:6; Жақып 2:23

14 «Оның барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, «иәға» айналады; сондықтан «аумин» деп, Мәсіхтің атымен Тәңір Иенің ұлылығын мадақтаймыз» (Қор. 2-х. 1:20). «Сендерге айтамын: Мәсіх Құдайдың адалдығын дәлелдеу үшін сүндеттеу рәсімін ұстанып келген Исраил халқына қызмет көрсетті. Ол осылай Құдайдың ата-бабаларымызға берген уәдесін іске асырды. Сонымен қатар, Мәсіхтің ісі басқа ұлттық сенушілердің Құдайдың өздеріне деген мейірімін мадақтауларына да себепші болды. Бұл туралы Киелі жазбаларда былай делінген: «Басқа халықтар арасында сондықтан Сені мадақтаймын, Сенің атыңа ән-жырымды арнаймын». Киелі жазбалардың тағы бір жерінде мынадай сөздер бар: «Шаттаныңдар енді, уа, басқа ұлттар, Жаратқан Иенің халқымен қатар!». Сондай-ақ: «Иемізді даңқтаңдар, барлық ұлттар, Оны мадақтаңдар, күллі халықтар!» — деп те жазылған. Ал Ишая пайғамбар мынадай сөздерді жазып қалдырған: Есей ұлы Дәуіт патшаның «тамырынан» өскін іспетті шыққан Ұрпақ халықтарға билік құрады. Басқа ұлттар Оған үмітін артады» (Рим. 15:8–12).

15 Римдіктерге 6:4

16 2-Қорынттықтарға 4:6

17 2-Қорынттықтарға 5:17

сансыз зұлымдықтар жасаған деп айып тағады. Заманауи сауалнама жүргізетіндер қауымның жыныстық азғындыққа, фанатизмге, ашкөздікке, өшпенділікке, жалғандыққа және қоғамда кездесетін басқа барлық жамандыққа толы екенін дәлелдейтін статистика келтіреді. Өздерін қазіргі заманның пайғамбарлары дейтіндер қауымды оның жиіркенішті істері үшін қорлап, оны біресе Содом мен Ғомораға теңестіріп, біресе адасушы жезөкшемен салыстырады. Дегенмен, олардың барлық айыптары шындыққа жанаспайды. Бұл сөздің барлығы бір теологиялық қатенің нәтижесі болып табылады: оларда қауым туралы Киелі кітапқа сәйкес түсінік жоқ. Сондықтан өздерін қауымның бір бөлігі деп санайтын, бірақ қауымның Құтқарушысына еш қатысы жоқ адамдардың қатыгездігі үшін шынайы қауымға айып тағылып жатады.

Біріншіден, тарихта «мәсіхшілер жасаған зұлымдықтарды» қарастырайық. Оған мысал — Қасиетті инквизиция. Тарихшылардың пікірінше, Рим Папасы Григорий IX (1227–1241 ж.ж.) инквизицияны құрды. Ол дінсіздікті басатын, негізінен Италияның солтүстігінде және Францияның оңтүстігінде белсенді жұмыс істеген, адамдарды қанқұмарлықпен қанаған діни сот ретінде танымал болды. 1542 жылы папалық инквизиция өз назарын жаңа жауға — протестанттарға аударды. Маңызды шындық мынада: инквизиция Рим-католиктік шіркеу деп аталатын жалғыз ұйымның трибуналы болды. Олай болса, шынайы қауымды құдалаған, жалған ілімге негізделген ұйымының зұлымдықтары үшін шынайы қауымды қалай кінәлауға болады? Адам Мәсіхке сенемін десе де, оның теріс әрекеттері сөзінің жалған екенін дәлелдейді.¹⁸ Өзін қауым дейтін ұйымның сөзімен де тура солай. Иса айтқандай, «Ағаш жемісімен танылар» (Мат. 12:33).

Екіншіден, қауым өзін қоршап тұрған мәдениет сияқты азғын дейтін сауалнамашылардың статистикасына назар аударайық. Бұл өте маңызды мәселе. Қауым, сауалнама жүргізушілер айтқандай, зұлымдықтың құлдығында болса, осы құдайсыз дүниеден артық болмаса, онда Киелі Жазба өтірік айтады және мәсіхшілікте ақиқат жоқ. Көне Өсиетте жаңа келісімге сілтейтін үзінділер Құдайдың яһудилерден де, басқа ұлттан да Өзін қастерлейтін және Оның

18 Матай 7:21–23; Жақып 2:18–19

алдында мойынсұнушылықпен жүретін халық жасап шығаратынын анық айтқан. Қауымның бағышталғандығы, Құдайға бағынуы дүниенікінен артық болмаса, онда уәделер орындалмады. Алайда Құдайдың Сөзі орындалмауы мүмкін емес. Иса Мәсіхтің шынайы қауымы адал, Құдайды терең қастерлейді, жеміс беріп, күннен күнге Иеміздің бейнесіне ұқсас болып өсіп келеді. Әлі күнге дейін күнәға қарсы күресіп, әрқашан рақымға мұқтаж болса да, шынайы қауым өзін қоршап тұрған құдайсыз және азғын мәдениетке мүлде қарамақайшы. Сауалнамаға жүргізетіндердің үлкен қателігі – олар өзін мәсіхші дейтін әркімді шынайы мәсіхші санайды және өзін қауым деп атайтын әрбір ұйым шынымен де қауым деп есептейді.

Сауалнамашылардың зерттеу саласы олар ойлағандай анық емес. Зерттеуге қатысушылардың барлығы бірдей мәсіхші емес, сондықтан сауалнама нәтижелері қате. Мәсіхшіліктің ең кең таралған дерттерінің бірі – сенімді ұстанатындардың көпшілігі Киелі кітап және дәстүрлі мәсіхшілікке жат нанымдар мен тәжірибелерді ұстанады. Олар Мәсіхке белгілі бір адалдық танытуы да мүмкін, бірақ өздерінің доктринасы, этикасы немесе өмір сүру тәсілі бойынша олар мәсіхші емес. Сондықтан, оларды қауымның өкілі деп санау да, олардың пікірлері мен іс-әрекеттеріне сүйене отырып, қауым туралы қорытынды жасау да – әбестік. Төмендегі мысалдар мәселені ашу үшін пайдалы.

Иса Мәсіхтің қайта тірілгені – сенімнің негізінде жатқан өте маңызды ілім екеніне дау жоқ. Егер адам Исаның тірілгенін толық қабылдаса, оны Киелі кітаптың тарихтың кез-келген стандартымен мәсіхші деп санауға болмайды. Сондықтан, егер біз мәсіхшіміз деп мәлімдеген мың адамның арасында сауалнама жүргізіп, олардың 75 пайызы қайта тірілуге сенбейтінін анықтасақ, барлық мәсіхшілердің 75 пайызы қайта тірілуге сенбейді деп қисынды қорытынды жасай алмаймыз. Керісінше, өзін мәсіхші деп санайтын адамдардың 75 пайызы мүлдем мәсіхші емес деген тұжырым дұрыс болар еді. Дәлелді әрі қарай жалғастыру үшін, қаламызда өшпенділікпен, жанжалмен және ұрыскеріс үшін танымал қауым бар делік. Ай сайынғы іскерлік кездесу кезінде қауымға жік салған үлкен дау туындайды. Қауым екіге бөлініп, бір-біріне қарсы шығады. Жиналғандарды ашу-ыза кернеп, айқай-шу басталады. Олар келіспей, бір-біріне жағымсыз сөз айтып, бір-бірін қатыгездікпен қорқыта бастайды. Ақырында, қауымдағы бір құдайшыл

адам орнынан тұрып тоқтау салады: «Бәріміз мәсіхші емеспіз бе? Бір-бірімізді жек көрмеуіміз керек», — дейді дауыстап. Алайда ол: «Бір-бірімізді жек көрсек, мәсіхші емеспіз!»¹⁹ десе, дұрыс болар еді.

Шынайы қауым оны қоршап тұрған қоғам сияқты азғын және құдайсыз емес. Иә, қауымның даңқы Иса қайтып келгенде ғана толығымен ашылады, бірақ қазірдің өзінде де шынайы қауым киелілікпен, берілгендікпен және мойынсұнушылықпен ерекшеленеді. Ол сүрініп, күнә жасағанда, жүрегі ауырып, қатты өкінеді. Ол Құдай мен адамдардың алдында күнәсін мойындауға дайын. Мұны жоққа шығаратындар қауымның шынайы болмысын білмейді. Қауым қандай келісімге негізделіп құрылғанынан хабарсыз.

Үшіншіден, қауымды жексұрын істері үшін қорлап, оны Содом мен Ғомораға және адасушы жезөкшеге теңейтін жақсы ниетті «пайғамбарларға» келейік. Адамдар қазір қауым деп атайтын жиналыстарға қарасақ, шынымен көптеген жиіркенішті және азғын заттарды көреміз. Тіпті сенбейтіндердің арасында кездеспейтін азғындық өзін қауым деп атайтындардың арасында кездесіп жатады; масқара нәрселер бар, ол туралы айтып, өз-өзімізді ластанмай-ақ қояйық.²⁰ Алайда бұлар Мәсіхтің шынайы қалыңдығына тән заттар емес, олар қой терісін жамылған қасқырлар мен бидаймен бірге өсетін арамшөптердің істері.²¹

Шынайы қауымның күнәға иммунитеті жоқ және кейде аз уақытқа дүниелік істермен айналысып кетуі мүмкін. Сол сияқты, шынайы сенуші де күнәмен күресіп, кейде өзінің қайғысына орай құлауы мүмкін. Алайда шынайы қауымда да, шынайы сенушіде де осы дәуірдегі құдайсыздық пен азғындық жоқ. Гүлді басқаша атаса да, ол гүл болып қала береді, өйткені атауына қарамастан, оның гүлге тән сипаттамалары бар. Дегенмен, тікенек арамшөпті гүл деп атаса, ол гүлге айналамай, тікенек арамшөп болып қала береді. Көпшілік алдында өздерін Мәсіхпен және Оның қауымымен байлыныстыратындар мен шын мәніндегі мәсіхшілер және Мәсіхтің денесінің мүшелері болып табылатындар арасында үлкен айырмашылық бар. Екеуін шатастырмайық.

19 Бұл мысалды Миссури штаты, Кирксвилл қаласындағы Lake Road Chapel қауымының бағушысы Чарльз Лейтерден естідім.

20 1-Қорынттықтарға 5:1; Ефестіктерге 5:1

21 Матай 7:15; 13:24–30, 36–43

Қауымға қарсы сөйлейтін «пайғамбарлар» Мәсіхтің қалыңдығына мін айтпас бұрын сақтық танытулары керек. Серкенің қылығы үшін қойды кінәлауға болмайды, арамшөпке бола, бидай алқабын өртеп жіберуге болмайды. Оның үстіне, Мәсіхтің қалыңдығын Содом мен Ғомораға теңеу я оны жезөкше деп қорлау қорқынышты емес пе? Көне өсиетте Исраил халқына қатысты мұндай тілдің қолданылғаны рас, бірақ бұл сөз жүректері тастай қатқан, істері пұтқа табынушы ұлттардан да өрескел болған, қайта туылмаған халыққа айтылғанын есте ұстауымыз керек. Дегенмен, шынайы қауымға, Мәсіхтің қалыңдығына қарсы мұндай ауыр сөздерді ешкім айтпауы керек. Әйеліне опасыздық, арамдық, жезөкшелік сияқты айып тағылып жатқанда, бірде-бір адам қол қусырып қарап отырмас еді. Қалай ойлайсыз, Мәсіх Өзінің сүйікті қалыңдығына мұндай сөз айтылғанына шыдайды ма? Қауымның күнәсін әшкерелеу керек болса да, біз кімге сөйлеп жатқанымызды және оның Кімге тиесілі екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Осы себепті Жаңа өсиет пайғамбарларына қауымды «нығайтып, жігерлендіріп, жұбату» тапсырылған (Қор. 1-хат 14:3). Оларға қауым жасамаған қылмыстары үшін оны жәбірлеу айтылмаған. Барып тұрған күнәкарға да ауыр тиетін сөзді Құдайдың қауымына неге айтамыз? Біз қауымды «Құдай берген қамқорлықпен қызғыштай қорғауымыз» керек, бірақ оның Мәсіхтің қалыңдығы ретіндегі мәртебесі жүректерімізде құрмет тудырсын әрі удай ащы сөзді айтудан сақтасын (Қор. 2-хат 11:2). Қауымды Мәсіхке пәк таза қыз күйінде ұзату үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек²². Қауымға ешқашан күш көрсетіп, оған дөрекі қарауымыз керек.

ҚАУЫМНЫҢ «НӘПСІҚҰМАРЛЫҒЫНЫҢ» СЕБЕБІ

Осы ретте бірнеше маңызды сұрақ қоюымыз керек. Шынайы қауымды басқалардан ажырату неліктен сонша қиын? Өздерін Мәсіхтікіміз дейтіндер, бірақ рухани жеміс аз беретіндер неге сонша көп? Қазіргі мәсіхшілік қауымда тәндік адамдар неге көпшілік болып көрінеді, ал рухани жетілген, Құдайға бағышталғандар неге өте аз болып сияқты? Бұған әртүрлі себеп бар. Бәрін тізіп айта берсе, бөлек кітап шығады. Қазір кейбіреулерімен ғана шектелейік.

22 2-Қорынттықтарға 11:2

Біріншіден, өздерін қауымға жатқызатын, бірақ ескі болмыстарының жетегінде жүргендер — Киелі кітапта жоқ «Ізгі хабарды» уағыздаудың нәтижесі. Осы кітапта бірнеше рет айтып кеткенімдей, қазіргі таңда Иса Мәсіхтің Ізгі хабар қатты жеңілдетілген күйінде таратылады. Оны бірнеше қағидаға дейін қысқартып, адамдар қабылдасын дейміз. Ізгі хабардың талаптарын және дау шығаратын шындығын алып тастадық. Біз Құдайдың үстемдігі мен жаратылысынан әлдеқайда жоғары тұрғанын елемей, адамды сахнаның ортасына шығарамыз. Адамның бастан аяқ азғындығы мен күнәсының сұмдық сипатын сирек айтамыз және ешкімге ыңғайсыздық туғызбау үшін ол тұстарға аса назар аудармаймыз. Тәубе мен сенімге шақырудың орнына жай ғана біреудің артынан дұғаны қайталау жеткілікті дейміз. Қауым жетекшілері сенімге келудің дәлелдеріне мән бермей, құтқарылуға кепілдік беруге асығады. Мәсіхтің шәкірті болу қымбатқа түсетіні туралы, киелілік туралы айтпаймыз. Осы себептерге байланысты ескі болмысына еретін, шынайы сенімі жоқ адамдар Сиондыкіміз дейді де, ар-ұжданының айыптауын естімей, саналарында қайшылықты білмейді.

Екіншіден, қауымда қайта туылмаған, іштей жаңармаған адамның көптігі сенімге келудің не екенін жете түсінбеуімізде. Жаңару туралы дұрыс түсінік жоғалуда. Қазіргі кезде қайта туылу «Мәсіхті таңдап шешім қабылдау» және «күнәкардың дұғасын оқу» дегенді білдіреді. Оның үстіне, көп адамдардың ойынша, қайта туылсаң да, өмірің өзгермей, ескіше әрекет етіп, ескіше ойлауыңа болады. Қауым «сенушілердің» үздіксіз нәпсқұмарлығына шыдап қана қоймай, сонымен бірге оны күтетін сияқты. Киелі Рухтың керемет қайта тудыратын жұмысы бізге түсініксіз болып көрінеді. Адамдар бұдан былай Ізгі хабардың күнәні жеңетін құдіретіне және адамды Мәсіхке ұқсатып түрлендіретін күшіне сенбейтін сияқты. Уағыздаушылар адамдардан «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі соған лайықты іс істеңдер!» деп талап ететін елшілік хабарды сирек жариялайды (Елшілердің істері 26:20). Уағыздарымыз күшінен айырылып қалғандай, «Құдайдың өздеріңді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өмірлеріңмен нық бекітуге ынтамен ұмтылыңдар!» деген кеңес сахнадан естілмейді (Петірдің 2-хаты 1:10). Енді сенімде екенімізді білу үшін өзімізді тексеріп, сынаудың қажеті жоқ деп ойлайтын көрінеміз.²³ Осылайша,

Құдаймен шаруасы жоқ адамдар Сион әндерін шырқап, жүректері осы дүниені қаласа да, болашақ үйіміз аспанда деп қателеседі.

«Ұлы ояну» деп аталатын кезеңге дейін, қауымдар білімді, бірақ қайта туылмаған адамдарға толы еді. Олар шомылдыру рәсімінен өткендіктен, қауым басшыларынан растау алғандықтан, мәдениетті болғандықтан, Құдайдың алдында ақталдық деп өздерін сенімді сезінді. Толығымен мәсіхші ұлттың нағыз мәсіхшілеріміз деп ойлады. Алайда Құдай Джордж Уайтфилд, Джон және Чарльз Уэсли, Хоуэлл Харрис және Дэниел Роуланд сияқты керемет қызметкерлерді жіберді. Олардың хабары Англия мен Уэльсті өзегіне дейін дүр сілкіндірді.

Олардың уағыздарында неге сонша күші болды десеңіз, олар Ізгі хабар адамды күнәнің үкімінен құтқарып қана қоймай, сонымен бірге оның билігінен де азат ететінін айтты. Олардың уағыздаған Ізгі хабары адамды толығымен жаңартады және барып тұрған күнәкардың өзін тірі Құдайдың адал рухани перзентіне айналдыра алады. Қауымға барып жүрген, бірақ ескі болмысынан айрылмаған адамдар мұндай уағызды естігенде, не сенімдерінің жалғандығын түсініп Ғолғотаға жүгірді, не ашуланып, шындықты бетке басқан уағыздаушыларға шабуыл жасады.

Рухани ояну қазіргі таңда орын алса, тура сондай жағдайды көрер едік. Уайтфилд заманында қайта туылмаған адамдар шомылдыру рәсімінен өткенге бола және қауым басшыларының растауына бола сенімдеріне күмәнданған жоқ. Қазіргі кезде дәл осындай нәсіпқұмар адамдар «Бұрын шешім қабылдаған емеспіз бе? Сонда күнәкардың дұғасын да шын жүректен оқыдық» деп құтқарылғандарына сенімді. Бағушылар оларды шынайы сенушілерден ажыратпай, дұрыс нұсқау бермей, Ізгі хабардағы қажетті ескертулерді айтпай, Құдайдың отбасына қарсы алады. Бағушылардың ниеті жақсы болса да, олар адасып жүргендерді одан сайын адастырады. Мәсіхшілік қауым деп аталатын жиналыста рухани ояну мен жаңғыруды аңсайтын болсақ, онда уағыздарымыз «Қайтадан туылу керек!» дегеннің аясында болуы тиіс. Мұны дұрыс жарияламас бұрын, алдымен оның нені білдіретінін түсініп алайық.

Үшіншіден, қауым өзін айналадағы әлемге қатты ұқсатып жіберді. Осы себептен көптеген нәсіпқұмар адамдар өздерін қауымға жатқызады. Бүгінгі күннің басым, бірақ өате теориясы – қауым өзекті

болуы үшін, Мәсіх туралы хабарды неғұрлым көп адамға жеткізуі үшін мүмкіндігінше әлемге ұқсауы керек. Осылайша, біз сыртқы келбетімізді, қызметтерімізді және бағыт-бағдарымызды өзгертеміз. Нәсіпқұмар адамдарға не қызық болса, біз де сол нәрселерге қызығушылық танытамыз. Сөйтіп адамдарға жақын болсақ, олар да бізге қызығушылық танытады деп ойлаймыз. Бұл үлкен қателік. Әлем қауымға қатты мұқтаж. Қауымның керектігі оның әлемге ұқсастығында, әлем сияқты ойлауында, әлемге қызық заттарға қызығуында емес. Біз әлемге керекпіз, өйткені өмірдің барлық саласында өзімізді Мәсіхке бағындыруға тырысамыз және Ол біздің қалауларымызды, іс-әрекеттерімізді және сыртқы түрімізді өзгертеді. Біздің әлемнен айырмашылығымыз бізді өзекті етеді. Әлемнен айырмашылығымыз неғұрлым көп болса, соғұрлым өзектілігіміз артады. Тұздың ерекше дәмі болмаса, оны асқа қосудан не пайда? Тұздың өзіндік дәмі тағамды өзгертеді. Жарықтың қараңғылықтан еш айырмашылығы болмаса, одан не пайда? Жарықтың ерекше қасиеттері оны қараңғылықтан ажыратады.

Қауымды сәнді жерге, спорт алаңына немесе ойын-сауық орталығына айналдырғаннан адамдар Мәсіхке келе бастамайды. Нәсіпқұмар адамдарды қауымға тарту үшін әлемнің тәсілдерін қолданатын болсақ, оларды қауымда ұстап қалу үшін әлемнің тәсілдерін қолдануды жалғастыруымыз керек. Кейбіреулер ойлағандай, орта жолда тамақты рухани диетаға ауыстыра алмаймыз. Ізгі хабарды дұрыс уағыздау арқылы Киелі Рух адамның жүрегімен жұмыс жасайды. Одан басқа, адамдар ешқашан көктен түскен нанға ұмтылыс танытпайды.²⁴

Оның үстіне, нәсіпқұмар адамдардың көңілін аулаумен болсақ, нағыз қойлар аштықтан өледі. Олар ойын-сауықты қаламайды. Олар ғибадат етуді қалайды. Олар тек моральдық әңгіме, өмірге пайдалы қағида, мақал-мәтел тыңдап өмір сүре алмайды. Олар Құдай Сөзінің шынайы сүті мен етіне мұқтаж.²⁵ Олар Құдайға мойынсұнуды және Оған қызмет етуді үйренгісі келеді. Олар құлаққа жағатын тәтті сөзді, өздерін мақтайтын жарамсақтықты қаламайды. Олар Мәсіхтің бейнесіне сәйкес болғысы келеді. Дінге ынтасы оянып, жаңадан ізденіп

24 Жохан 6:26, 35

25 Еврейлерге 5:14; Петірдің 1-хаты 2:2

жүргендерге арналған сөз шынайы сенушілерге қорек болмайды. Олар қауымда жай көңіл көтеріп, әзіл-сықақ естігісі келетіндерден де басқаша. Олар тек Құдайды және Ол жіберген Иса Мәсіхті білгілері келеді.²⁶ Сонымен қатар, өмірі мен қызметін осы дүниенің күнәқұмар ұрпағын қанағаттандыруға жұмсап, Мәсіхтің қойлары жемсіз және күтімсіз қалуына жол берген бағушы, ақсақал немесе тәлімгердің мәңгілік тағдыры не болмақ?

Төртіншіден, қауым тәртібі мәселесінде Құдайдың айтқанын істемейміз. Ол да қайта туылмағандардың өздерін қауымға жатқызатындарына себеп. Қауым тәртібі Жаңа өсиеттегі алғашқы қауым өмірінің ажырамас бөлігі болғанымен, мәсіхшілер арасында етек алып кеткен түсініспеушіліктің көзі болып табылады.²⁷ Қауым тәртібіне қарсы қолданылатын ең көп тараған аргумент – тәртіпте сүйіспеншілік жоқ, тәртіп адамды тек шектеп, айыптай береді. Бұл пікірді жоққа шығару үшін бар болғаны тәртіпті есте ұстаңдар деп бұйырған Раббымыздың ілімін келтіруіміз керек. Исаның бұйырғанын орындауда сүйіспеншілік жоқ болса, Иса оны бұйырғанда да сүйіспеншілігі болмағаны ма? Біздің үкім айтуға, цензуралық көзқараспен баға беруге құқымыз жоқ, бірақ, қажет болса, зұлымдық жасайтындарды арамыздан аластату бұйырылған.²⁸ Ақырзаманда біз періштелерді соттайтын болсақ, қазірдің өзінде қауым мен оның амандығына байланысты мәселелерге баға бере алмаймыз ба?²⁹

Күнәларына өкінбейтін, ескі болмыстарымен күреспейтін адамдарға сүйіспеншілігіміз бар деп мақтануымыз жақсы емес. Азғана ашытқы бүкіл қамырды ашытатынын түсінбейміз бе?³⁰ Қауымда күнәнің өршіп кетуіне жол беріп, Құдайдың есімі сенбейтіндердің арасында қорлануына мүмкіндік берсек, ол Құдайға деген сүйіспеншілігіміз бе?³¹ Мәсіхші бауырластарымыз әдетке айналып кеткен күнәнің кесірінен тозаққа кетіп бара жатыр. Осыны көріп тұрып, үндемей отырсақ, біздің оларға деген сүйіспеншілігіміз бар ма? Әлде қақтығыстан қашқақтап өз-өзімізді тым қатты сүйгеніміз бе?

26 Жохан 17:3

27 Матай 18:15–20; 1-Қорынттықтарға 5:1–5; 2-Салоникалықтарға 3:6, 14

28 Матай 7:1–5, 15–20; 1-Қорынттықтарға 5:13

29 1-Қорынттықтарға 6:3

30 1-Қорынттықтарға хат 5:6

31 Римдіктерге 2:24

ҚОРЫТЫНДЫ

Қауым – Құдайдың меншігі және Мәсіхтің қалыңдығы екенін есте ұстағанымыз абзал. Өзімізге дұрыс болып көрінетін нәрсені жасауға құқымыз жоқ. Тек Мәсіхтің билігіне бағынып, Оның Сөзіне сәйкес қауымға қамқорлық жасауымыз керек. Құдайдың халқына Құдай айтқандай қызмет етуіміз керек.

Қазіргі таңда шынайы Ізгі хабардың өте аз бөлігі уағыздалады! Қаншама адам құтқарылмаса да, қауым орындықтарында еркін отырады? Құдайдың тоқтылары әлсіреп, Сөзге, шынайы ғибадатқа және Құдаймен қарым-қатынасқа мұқтаж болған кезде, қаншама қауымдар нәсіпқұмар адамдарға ұнамды болу үшін қызмет етеді? Өздерін Мәсіхтікіміз дейтін, бірақ Оған қатысы жоқ адамдардың әрекетіне бола, Мәсіх пен қауым туралы қате пікір қалыптасады. Соның кесірінен сенбейтіндердің арасында Құдайдың есімі қаншалықты жиі қорланады?

Сенімге келудің Киелі кітапқа сәйкес анықтамасына оралуымыз керек. Шынымен сенімге келу – Киелі Рухтың керемет тамаша жұмысы. Ол жұмыстың барысында қасиеттілік үздіксіз өсе береді және сенуші рухани жеміс беруді тоқтатпайды. Шынайы қауымның Киелі кітапқа сәйкес анықтамасына оралуымыз керек. Шынайы қауым – құтқарылған ерлер мен әйелдердің рухани қауымдастығы. Олар тек Мәсіхті танып-білуге келеді, және одан артық немесе одан кем ештеңені қаламайды. Нәсіпқұмар адамдарды таң қалдырамыз деп, олардың қызығушылығын арттырамыз деп, қауымды сәнді жерге айналдырудан бас тартуымыз керек. Құдай Өзі үшін Оны Тәңір Иеміз деп санайтын халықты жаратады. Ол халық қалай пайда болады? Құдайдың тамаша Ізгі хабарын жариялау арқылы. Құтқарылып, қайта туылғандардың қарапайым, киелі, сүйіспеншілікке толы өмірлері арқылы. Шынайы сенушілер азғын да алдамшы ұрпақ арасында өздерін Құдайдың еш кінәсіз таза балалары екендерін дәлелдейді және қараңғы дүниеде жарық жұлдыздай жарқырайды.³²

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ



Мәсіхшінің Құдай жайлы нық білімі

Сонда ешкімге замандасы мен ағайынына: «Жаратқан Иені жақыннан танып біл!» деп үйретудің қажеті болмайды. Өйткені үлкенді-кішілі барлығы да Мені жақыннан танып білетін болады. Себебі Мен олардың әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын.

— Еремия 31:34

Жоғарыдағы үзінді – Жазбадағы ең керемет уәделердің бірі. Мұнда қауымның әрбір мүшесі Құдай туралы шынайы, жақын білімге ие болатыны айтылған. Бұл метафора немесе гипербола емес. Бұл – Жаңа өсиет мәсіхшісінде орындалған Ескі өсиет пайғамбарлығы деп түсінуіміз керек. Еврейлерге арналған хаттың жазушысы мұны растап, мәтіннен ұзақ үзінді келтіріп, оны Иса Мәсіхтің қауымына қатысты қолданады: «Сонда ешкім көршісі мен ағайынына: “Жаратқан Иені жақыннан танып біл!” деп үйретпейді. Себебі сәбиден қартқа дейін барлығы да Мені жақыннан танып білетін болады. Мен олардың әділетсіз істеріне рақыммен қарап, жасаған күнәлары мен заң бұзғандарын бұдан былай есіме алмаймын”» (8:11-12, ағылшыншадан аударма).

ЕСКІ КЕЛІСІМДЕГІ БІЛІМСІЗДІК

Бұл уәденің мәнін түсіну үшін алдымен оның контексін түсінуіміз керек. Ескі келісім бойынша Құдай туралы білім аз адамға ғана қол жетімді болды. Ол адамдар – пайғамбарлар, діни қызметкерлер, дін мұғалімдері және кейбір патшалар. Білім жауапкершілікен бірге жүретін. Әлгі кісілердің Құдай жайлы білімі бар болған соң, олар қалған Исраил халқына дұрыс жол көрсетіп, нұсқау беруге міндетті болды. Алайда бұл жауапкершілік ауыр жүк болған көрінеді. Себебі,

біріншіден, исаилдіктердің көптігі. Екіншіден, халықтың рухани соқырлығы мен жүректерінің тас қаттылығы. Олар өз еркімен надан болуды таңдаған. Осы надандық Құдайдың халыққа жиі таққан ең үлкен айыптарының біріне себеп болған сияқты.

Жаратқан Иенің сөзін тыңдаңдар, уа, Исаил халқы! Ол осы елдің тұрғындарына қарсы дау көтермек: «Елде адалдық пен мейірімділік әрі Құдайды жақыннан тануға деген ниет жоқ» (Ошия 4:1).

Өз халқымның сана-сезімі кем, олар Мені жақыннан танымайды. Халқым ақылсыз балалар сияқты түсінік дегеннен жұрдай. Жамандықты істеуге келгенде шебер-ақ, ал жақсылық жасауды білмейді! (— дейді Жаратқан Ие.) (Ер. 4:22).

Себебі бұл — бас көтергіш халық, өтірікші балалар, Жаратқан Иенің тәлімін тыңдаудан бас тартатын перзенттер. Олар көріпкелдерге: «Аян көруші болмаңдар!» — дейді, пайғамбарларға да былай деп тыйым салады: «Ненің ақиқат екені туралы емес, бізге ұнамды жайттар туралы айтыңдар! Қиялдар көріп, соларды жеткізіңдер! Біздің жолдан тайып тұрыңдар, өздерің жүретін тым тар соқпақтан бұрылып шығыңдар! Исаилдің Киелі Құдайына назарымызды аудартпаңдар!» (Ишая 30:9–11).

Құдай пайғамбарларға «Сені тыңдамайтын халыққа жіберемін» деп жиі ескерткен. Оның неге керек екенін жоғарыдағы мәтіндерді оқып түсініп отырымыз. Жаратқан Ие Ишая пайғамбарға жүректері қасарысқан сезімсіз, құлақтары керең, көздері соқыр халыққа баратынын айтты.¹ Еремияға Өзін жақыннан танымайтын ақымақ халықпен және түсініктері жоқ балалармен сөйлесу керектігін ескертті.² Езекиелді Исаилге пайғамбар етіп тағайындағанда, Құдай былай деді: «Олар тілдері түсініксіз, міңгірлеп сөйлейтін, айтқандары саған беймәлім болатын көп халықтың бірі емес. Ал егер Мен сені сондай халықтардың біріне жіберсем, олар саған сөзсіз құлақ асар еді. Бірақ Исаил халқы сені тыңдағысы келмейді, себебі олар Мені тыңдағылары келмейді. Өйткені бүкіл Исаил халқы тоңмойын

1 Ишая 6:10

2 Еремия 4:22; 10:14

қыңыр. Бірақ сені солардың өздері сияқты бетіңнен қайтпайтын, маңдайы қатты қайсар етемін» (Езек. 3:6-8).

Пайғамбарлар заманында Израил өз еркімен Құдайды танып-білуден бас тартты. Олардың білімсіздігі Құдайдың жасырын болғанында емес, керісінше, оған себеп адамдардың қатал жүректері, күнәға деген сүйіспеншілігі және «Израилдің Киелі Құдайына назарымызды аудартпаңдар!» деген талабы (Ишая 30:11). Кез-келген жағдайда дерлік Израилдің жалғыз шынайы Құдайды білмеуі халықтың жүрегі азғындығына байланысты. Еремия пайғамбар халықтың білімсіздігін олардың кем сана-сезімімен және зұлымдықты құмарта істеуімен байланыстырды.³ Ишая олардың қасарысқан жүректері мен Құдайға қарсы бүлікшіл көзқарастарын айыптады.⁴ Езекиел оларды қыңырлығы мен опасыздығы үшін сөкті.⁵

Пауыл елші Жаңа өсиетте адамдардың Құдайды білмеулерін жүректерінің азғындығымен тікелей байланыстырады. «Барлық азғындығы мен әділетсіздігі [...] арқылы олар шындықты аяққа басады» делінген.⁶ Міне, сондықтан надандық қылмыс болып табылады және надандар қылмыскерлермен бір деңгейде тұр. Міне, осы себепті Құдай Израил халқын түсінбеушілігі үшін жер аударып, білімсіздігі үшін жойды.⁷

ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ УӘДЕ ЕТІЛГЕН БІЛІМ

Ескі өсиеттің жаңа келісім жайлы айтатын тұстарында Құдай Өзін танитын, Өзін қастерлейтін және Өзінің өсиеттерін орындайтын халық жасауға уәде берді. Ол уәде Мәсіх арқылы орындалмақ. Құдай оны да айтып қалдырды. Мәсіхтің өмірге келуі, күнәні өтеуі және рухани өлгендерді тірілтетін күші арқылы Құдайдың жаңа халқы пайда болады.⁸

Ескі өсиет Жазбасына сәйкес, Мәсіх келгенде, Өз халқын рухани

3 Еремия 4:22

4 Ишая 6:10; 30:9

5 Езекиел 3:7

6 Римдіктерге 1:18

7 Ишая 5:13; Ошия 4:6

8 «Сендерге тағы бір өте маңызды шындықты айтып тұрмын: рухани өлілер Құдайдың рухани Ұлының даусын естіп, Оған сенетін уақыт болады, тіпті сол уақыт келді де. Сонда Оның даусына құлақ салғандар тіріледі» (Жохан 5:25).

соқырлықтан және одан туған моральдық құлдыраудан құтқаратын болады. Бұл Мәсіхтің жерге келуінің негізгі себептерінің бірі. Ишая 42:6-7-дегі пайғамбарлық сөз мұны анық көрсетеді. Бұл үзіндіде Құдай Мәсіхке тапсырма береді және Оның жұмысының мақсатын түсіндіреді:

Сені әділдікпен Өзім шақырдым,
 Қолыңнан ұстап, қорғаймын, әрі қойдым
 Келісімнің кепілі болуға өз халқыма,
 Жол көрсеткіш Нұр да өзге ұлттарға.
 Соқыр көзді ашып, тұтқынды түрмеден,
 Түнектегіні қапастан босату үшін
 Сені Мен, Тәңір Ие, жіберемін.

Құдайдың рухани Ұлы ретінде Мәсіх тек нұрдың тасымалдаушысы ғана емес, нұрдың Өзі де. Ол көп аянның бірі емес, әлем бұрын-соңды көрмеген Құдайдың ең ұлы аяны. Осы себепті Ишая пайғамбар қараңғылықта жүрген халық ғаламат нұрды көретінін және түнек басқан жерде тұратын ел таңның сәулесін көретінін айтты.⁹ Аббақұқ пайғамбар Ишаяның хабарын толықтырып, Құдайдың Мәсіх арқылы ашылатын аяны бір аймаққа немесе бір халыққа ғана шектеліп қалмайтынын жазған. Қайта, теңіздің суға толы болатынындай, бүкіл жер жүзі Иеміздің ұлылығы туралы білімге толады.¹⁰ Демек, ашылған аян адамдары Құдайды беріліп дәріптейтін қылады. Күннің шығысынан батысына дейін халықтар арасында Тәңір Иенің есімі зор даңққа бөленеді.¹¹

Иса Мәсіхтің дүниеге адам денесінде келуі арқылы Құдай туралы білім осы құлдыраған әлемнің ең қараңғы жерлерінде жарқырайды. Дегенмен, Жазбаның адам жүрегінің азғындығы және оның Құдай туралы білімге деген дұшпандығы туралы айтқанын ескерсек, Мәсіхтің хабары адамға әсер ету үшін, оның жүрегі өзгеру керек. Онсыз, Құдайдың жіберген аянының асқан ұлылығына қарамастан, еш өзгеріс болмайды. Құдай туралы білім әрбір жеке алынған адамда және тұтастай қоғамда шұрайлы жерге тұскен тұқымдай өсіп-өну үшін, жүректі жаңарту керек, жүректі өзгерту керек. Дәл осы себепті

9 9. Ишая 9:2; Матай 4:15–16

10 Ишая 11:9; Аббақұқ 2:14

11 Малахи 1:11

Ескі өсиетте жаңа келісім жайлы айтылғанда, сөз Мәсіхтің Құдайды адамзатқа жақыннан танытумен бітпейді. Сонымен бірге Исаның адам жүрегін қайта тірілтетініне және адамға Ізгі хабарды қабылдауға қабілет беретініне баса назар аударылған. Құдай Еремия пайғамбар арқылы жариялағандай, «Оларға Мені, Жаратқан Иені, жақыннан танып біле алатын жүрек сыйлаймын» (Ерм. 24:7). Бұл уәде жаңа келісімнің негізінде жатыр. Құдай өз халқының тас жүректерін алып тастап, олардың орнына тірі жүректерді береді.¹² Содан кейін Тәңір Ие олардың жаңа жүректеріне Өз заңын жазады және барша, кішіден үлкеніне дейін, Жаратқанды танып-білетін болады.¹³ Осылайша, Ол Өз халқын қоршап тұрған қараңғылықты жояды. Жаңа келісімнің арқасында қоғамның кез-келген тірі мүшесі, дамыған мәдениетпен қатынаспайтын тайпадағы ең білімсіз адамдардан бастап, тарихтағы ең ұлы ғалымдар мен қауым қызметкерлеріне дейін барлығы Тәңір Иенің тұлғасы мен еркі туралы шынайы, жақын білімге ие болады. Ендігәрі Құдай туралы білім тек таңдалған адамдар үшін емес. Ошия пайғамбар барлық сөзімізді жақсы түйіндейді:

(Уа, халқым,) Мен сені Өзіме мәңгілікке атастырамын. Мен әділдік пен әділет, берік сүйіспеншілік пен рақымдылық танытып, сені Өзіме айттырамын. Иә, сені Өзіме сенімділікпен әйелім етемін. Сонда сен Мені, Жаратқан Иені, мойындайтын боласың (2:19-20).

УӘДЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫ

Ескі өсиеттегі тамаша уәделердің орындалуын сансыз көп адам ғасырлар бойы күтті. Уақыт келгенде, аңсап күткен нәрселер Жаңа өсиетте Иса Мәсіхтің тұлғасы мен ісі арқылы жүзеге асты. Жаңа өсиет жазушылары назареттік Иса — пайғамбарлар айтқан шынайы нұр деп мәлімдейді. Дүниеге келген Ол — әрбір адамға сәулесін түсіретін нұр.¹⁴ Иса Мәсіх — Әлемнің Нұры және Оның соңынан ерген әркім «енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады» (Жохан 8:12). Құдайды ешкім ешқашан көзімен көрген емес, бірақ әрқашан Әкенің жағында болған Иса Құдайды

12 Езекиел 36:26

13 Еремия 31:33–34

14 Жохан 1:9

бізге жақыннан танытты.¹⁵ Ұлын көрген адам Әкені көрді, өйткені Ұл көзге көрінбейтін Құдайдың бейнесі, Оның салтанатты ұлылығы және болмысының дәлме-дәл сипаты.¹⁶

Ескі өсиет пайғамбарлары елдің күнәсін бір-ақ күнде алып тастайтын бәрінен жоғары құрбандықты күтті.¹⁷

Бұл құрбандық Дәуіттің әулетін күнә мен арамдықтан тазартатын қайнар көзді ашады.¹⁸ Бұл әділ Құдайға халқының әділетсіз істерін кешіріп, күнәларын бұдан былай есіне алмауға мүмкіндік береді.¹⁹ Бұл Құдай халқын әділдікпен Оған мәңгілікке атастыруға мүмкіндік береді.²⁰ Жаңа өсиет жазушылары назареттік Иса — бұл біржолғы құрбандық деп бірауыздан мәлімдейді.²¹ Ол — дүниенің күнәсін алып тастайтын Құдайдың Тоқтысы.²² Оның қаны төгілгенде, көптеген адамдардың күнәсы кешіріліп, жаңа келісім бекітілді.²³ Ол бізді Өзімен тығыз байланысқа келтіріп, даналығымыздың бастауына айналды әрі бізді ақтап, қасиетті қылып, күнәдан құтқарды.²⁴ Оның арқасында біз Құдаймен татуластық.²⁵ Мәсіхтің Өзі — татулық және тыныштығымыздың Бастауы.²⁶

Ескі өсиет пайғамбарлары Құдайдың барлық халқы, үлкенінен кішісіне дейін, Оны жақыннан танитын уақытты аңсап күтті: ол кезде теңіз суға толғандай, жер беті Құдайды қастерлейтін адамдарға толы болады.²⁷ Жаңа өсиетті жазушыларына сәйкес, Иса Мәсіхтің өлімі, қайта тірілуі және Киелі Рухтың төгілуі осындай дәуірді бастады.²⁸ Құдай Рухының жаңартатын жұмысы арқылы адамның жүрегі танымастай өзгереді. Қатқыл, қасарысқан, Ізгі хабарды менсінбейтін жүрек Құдайдың Сөзін кішіпейілділікпен қабылдайтын шұрайлы топыраққа

15 Жохан 1:18

16 Жохан 14:9; Қолостықтарға 1:15; Еврейлерге 1:1–3

17 Зәкәрия 3:9

18 Зәкәрия 13:1

19 Еремия 31:34

20 Ошия 2:19–20

21 Еврейлерге 7:27; 9:12; 10:10

22 Жохан 1:29

23 Матай 26:28

24 1-Қорынттықтарға 1:30

25 Римдіктерге 5:11

26 Ефестіктерге 2:14

27 Ишая 11:9; Еремия 31:34; Аббақұқ 2:14

28 Елшілердің істері 2:16–21

айналады.²⁹ Бұл жаңарған және құнарлы жүрек «Құдайдан тәлім алмақ» және Мәсіхті қадірлеп, құтқарылу үшін Оған жақындамақ (Жохан 6:45). Мұндай жай ғана білім алу емес. Бұл Киелі Рухтың ғажайып жұмысы. Оны жаратылыстың бірінші күнімен, Құдай алғашқы қараңғылықтан жарық шығарған кезбен салыстыруға болады. Пауыл елші мұны былай сипаттайды: «Жаратылыстың басталуында қараңғылықтан нұрдың жарқырауын бұйырған Құдай жан дүниемізді де жарқыратып, бізді Иса Мәсіхтің бетінен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығын білуіміз арқылы нұрландырды» (Қор. 2-х. 4:6).

Шынайы сенушінің жүрегі мен санасында орын алатын Құдайдың жұмысы – керемет ерекше. Ол табиғи, өзінен-өзі болатын нәрсе емес. Оның қаншалықты ғажап екенін асыра айту мүмкін емес. Мәсіхтің Киелі Рухарқылы жасайтын осы нұрландырушы ісі сенушінің жүрегінде бар болса, ол кісі шынымен де Құдайға бет бұрды. Бұл тамаша іс біреуін қалдырмай сенемін дейтін барлық адамға уәде етілген. Осы себепті Жохан елші әршынайы сенушіге қатысты келесі сөзді жазды: «Құдайдың рухани Ұлының келгенін де білеміз; біздің шынайы Құдаймен танысуымыз үшін Ол көзімізді ашты. Сондықтан шынайы Құдаймен және Оның рухани Ұлы Иса Мәсіхпен байланыстамыз. Ол — шынайы Құдай және мәңгілік өмір» (Жоханның 1-хаты 5:20).

Осындай нық білім әрбір сенушінің өмірінде болу керек. Ол Киелі Рухтың жаңарту жұмысының нәтижесінде пайда болады. Оның нұрландыратын және киелі ететін үздіксіз қызметінің арқасында қараңғылық жойылып, Құдайдың әрбір перзентінде шынайы жарық нұрын шашады.³⁰ Сол хатта Жохан елшіміз сенімге жаңадан келгендерге де Киелі Рухтың қонғанын, олар Құдай туралы шындықты білетінін жазған.³¹ Киелі Рухтың қонғаны жеткілікті, Оның Өзі қажеттінің бәрін үйретеді және ешкімнің жаңа ілім үйретуі керек емес деп те қосады Жохан елші.³²

Бұл мәсіхшілерге Құдайға ұнамды ұстаздар қажет емес дегенді білдірмейді. Ұстаздар Құдайдың халқын өз қызметтерін атқаруға

29 Матай 13:19; Жақып 1:21

30 Жоханның 1-хаты 2:8

31 «Киелі Құдай сендерге Өзінің Рухын қондырғандықтан барлығын ажырата білесіңдер» (Жоханның 1-хаты 2:20). Яки, Құдайдың рухы сенушілердің жүректеріне кіріп, іштей жаңартады.

32 Жоханның 1-хаты 2:27

дайындауға тиіс, сонда қауым өсіп, күшейе бермек.³³ Бірақ ұстаздар Көне өсиеттегі діни қызметкерлер сияқты емес. Ол кезде, Исраилдің ескі келісім жасаған уақытында, Құдайдың ақиқатын білу үшін діни қызметкер керек болатын. Ол Құдай мен халықтың арасында делдалдың жұмысын атқарды. Жаңа келісімде шынайы сенушілердің барлығы Иса Мәсіхтің тікелей білу үшін «Құдайдан тәлім алған» (Жохан 6:45). Оларға «бір-бірін сүюді Құдайдың Өзі үйретті» (Сал. 1-хат 4:9). Құдайдың тәлім беру қызметі сенушінің өмір бойы жалғасады және Құдайдың құдіреті, Киелі Жазба және түсінік беретін Киелі Рух оны жүзеге асырады. Бұған жауап ретінде мәсіхші құтқарылуына сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылады, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден жиіркенеді. Құдайды жақыннан танып білуге жан сала ұмтылады. Тәңір Иенің кінәратсыз жұмысшысы, Оның сөзін дұрыс үйретушісі ретінде Құдайға ұнамды болуға жан сала ұмтылады.³⁴

Петір елшінің сөзімен айтқанда, сенуші «Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе береді» және сол білімге сәйкес рухани өмірінде өнімсіз қалмайды.³⁵

ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мәсіхтің өтеу ісі және Киелі Рухтың жаңарту ісі арқылы Құдай Өзі үшін жаңа халық жасады. Оларды Өзімен татуластырып, Тәңір Иені білетін және барған сайын Оны жақынырақ танығысы келетін адамдардың бірлескен қауымына айналдырды. Қауым Құдайдың кім екенін біледі. Өздері бұрын қандай болғанын біледі. Құдай олар үшін не істегенін біледі. Құдайға ұнамды қалай өмір сүру керек екенін біледі. Бұл ақиқаттар олардың өмірін басқарады. Тәңір Ие оларға жалғыз шынайы Құдайды және Өзі жіберген Иса Мәсіхті жақыннан тану үшін мәңгілік өмір берді.³⁶ Құдай оларға ненің жақсы екенін және олардан не талап ететінін айтты: әділ істер істеу, мейірімділікті сүю және кішіпейілділікпен жүру.³⁷ Құдай мен Оның еркі туралы бұл нақты әр жеке сенушіде бар білім шынайы қауымның ерекше белгісі болып

33 Ефестіктерге 4:11–12

34 Ошия 6:2–3; Філіпіліктерге 2:12; Тімотеге 2-хат 2:15

35 Петірдің 2-хаты 1:8; 3:18

36 Жохан 17:3

37 Миха 6:8

табылады. Әрбір шынайы мәсіхшінің өмірінде бұл тұрақты шындық болады. Иса өзіне қарсы шыққан яһуди басшыларына айтқандай: «Өз «қойларым» даусымды естіп, бағынады. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді» (Жохан 10:27).

Құдайдың өз халқын қой деп атайтынын жиі естиміз. Неге десеңіз, қой – адасып кетуге бейім ақымақ жануар. Алайда, Мәсіхтің өз қойларын сипаттағанын оқысақ, «қой – адасуға бейім» деу Жазбаға қайшы болып көрінеді. Қыңыр, құтыра беретін серкелерге карағанда, қойлар момын. Қой шопанның даусын анық ажыратып, оған жуастықпен ереді. Олай болса, «қой – өзімен өзі айдалаға кезіп кететін жануар болғандықтан, Құдай қауымды қой дейді» деген танымал, бірақ зиянды клише қайдан шықты? Бұл қате кері логика. Әр жеке қой немесе тұтастай алынған отар қандай деп Киелі кітапқа үңілудің орнына, көпшілік өздерін қауымға жатқызатын адамдарды бақылап, пікір қалыптастырады. Батыстағы көптеген мәсіхшілер Құдайдың қарапайым ақиқаттарынан бейхабар болғандықтан және Бағушысының даусын естімейтіндей болып көрінетіндіктен, Құдайдың қойлары – үнемі қаңғып жүретін, Қожайынын білмейтін, оның даусын ажырата алмайтын санасыз аңдар ғана деп есептейміз.

Мәсіхтің қойлары Оның дауысын еститінін және соңынан еретінін ұмытамыз. Сондықтан мәсіхшілік қауымда Мәсіхті мойындайтындардың көбісі шынайы қойлар емес десек, қателеспейміз. Бұл ойымыз Киелі кітапқа көбірек сәйкес келеді. Керісінше, көбісі – ескі болмыстарына еріп өмір сүретін, жаңармаған серкелер. Ақырзаманда Мәсіх оларды шынайы отардан бөліп шығарып, сол жағына орналастырады. Сонда Мәсіхтің Өзінен қорқынышты үкім естіледі: «Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!».³⁸

Шынайы мәсіхшілер мен көзге көрінбейтін қауымның басқалардан бірден-бір айырмашылығы — оларда Құдай туралы білім бар. Олар сол білімге сәйкес өмір сүреді. Барлық сенушілер түзетуді, тәлім алуды, әшкерелеуді қажет етсе де, қасиетті ету жұмысы бұл өмірде толығымен бітпесе де, шынайы мәсіхші Құдайды білуімен

38 Матай 25:31–33, 41

және осы білімге мойынсұнуымен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл айырмашылық тіпті қазір ғана Құдайға бет бұрған адамның өмірінде де айқын болады. Жүрегінің жаңарғаны, бойына Киелі Рух қонғаны арқылы, ол Құдайдың кім екенін және Оның заңы нені талап ететінін нақты білетін болады. Ол күнәнің бұрыстығына, мойынсұнудың дұрыстығына көз жеткізеді. Ешкімнің оған «өтірік айтпа, ұрлық жасама, неке адалдығын бұзба, Құдайдың атын босқа айтпа» деуінің қажеті жоқ. Ол бұларды өзінен-ақ білетін болады және барған сайын білімі артып отырады. Өйткені оның бойында игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді.³⁹

Қорытындылай келе, өзімізге келесі сұрақтарды қояйық: «Құдайдан тәлім алғанымызға» дәлел бар ма, әлде сеніміміздің қарапайым шындықтарынан бейхабармыз ба? Біліміміз өсіп жатыр ма, әлде немқұрайлықта қозғалмай отырмыз ба? Бұрынмен салыстырғанда, Құдайды білгенімізге сүйеніп өмір сүреміз бе, әлде Құдайға ұнамды өмірдің дәлелі аз ба? Қожайынымыздың даусын естіп, Оның соңынан ереміз бе, әлде жолымызды өзіміз таңдап, саңырау-соқыр арамза болып жүрміз бе? Құдайдың рухани Ұлы біз үшін құрбан болғанын, күнәларымыздың кешірілгенін нық білеміз бе? Өзін мәсіхші дейтін әр адам осы сұрақтарға жауап беруі керек. Мәсіхтің әр адал қызметшісі қауымның санасы мен жүрегіне бұл сұрақтарды жеткізуге міндетті.

39 Філіпшіліктерге 1:6

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ



Құдай халқының жүрегі мен жолы

Сонда олар Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын. Олар Мені әрдайым қастерлей алулары үшін оларға шын жүректен бірігіп, бір жолмен жүруді сыйлаймын. Бұл олардың өздері мен кейінгі балалары үшін игілікті болады.

— Еремия 32:38-39

Жоғарыдағы үзінді – жаңа келісім туралы айтатын Ескі өсиеттің ең әдемі тұстарының бірі. Бұл Құдайдың билігінің көркем, бірақ күшті мәлімдемесі: Ол Өзіне халық жасап шығаруға уәде етті және оны міндетті түрде орындайды. Күнәдан ақтау адамзат тарихының барысына созылса да, сенімнен айырылмауымыз керек. Құдайдың билігі нені бұйырса, Құдайдың құдіреті соны орындайды. Құдай Ишая пайғамбар арқылы былай деп жариялаған:

Аспаннан жауған жаңбыр мен қар аспанға бекер қайта оралмайды. Керісінше, олар жерді суарып, көгертіп, дақылдарды өсіріп шығарады да, диқанға себуге тұқым, халыққа жеуге нан береді. Менің аузымнан шыққан сөзім де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің сөзім еркімді толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады» (55:10-11).

Құдайдың жарлығына сәйкес, уақыты жеткенде, Ол Өзінің рухани Ұлын жіберді. Ол бір әйел арқылы дүниеге келіп, Таурат заңы үстемдік етіп тұрған халықтың арасында сол заңға бағынғандарды босатып, Өзінің рухани балалары ету үшін келді.¹ Соңғы екі мың жыл бойы Ол құтқару жұмысын іске асырып келеді. Ізгі хабарды уағыздау және

¹ Галаттықтарға 4:4

Киелі Рухтың жаңарту жұмысы арқылы сансыз көп халық күнәларынан азат болды.

Осы арқылы Тәңір Ие Өзі үшін «Олар Оның халқы, ал Ол олардың Құдайы» деп айтуға тұрарлық шынайы қауымды жасап шығарды. Өзінің ұлы рақымы арқылы Құдай оларды басқа адамдардан бөліп, Өзінің асыл меншігіне айналдырды.² Дәл осы рақымымен Жаратқан Ие олардың ықыластарын Құдайға бұрды. Нәтижесінде, олардың басқа қалайтын ешнәрсесі Құдайға тең келмейді.³ Олар Құдайдың ізгілігінің дәмін татты және игілігіне көз жеткізді.⁴ Құдай оларды көз алдында қуанышқа бөлейді және Оң жағында мәңгі игілік береді.⁵ Тиісінше, олар Тәңір Иенің киелі үйінің ауласында өткізген бір күнді басқа жерде өткізген мың күннен артық көреді. Сенбейтін адамның салтанатты шатырында тұрғанша, Құдайының үйінің қақпасында тұрғанды қалайды.⁶ Тәңір Ие – олардың Құдайы, ал олар Оның халқы. Ол оларға өздерінің және олардан кейінгі сансыз ұрпақтың игілігі үшін бір жүрек, бір жол және бір қорқыныш берді.

БІР ЖҮРЕК

Құдай Өзіне халық құруға деген адал ниетін мәлім еткеннен кейін, бұл халықтың бірінші қасиетін ашты: олардың жүрегі бір болады. Олар Құдайға деген сүйіспеншілігінде, бір-біріне деген сүйіспеншілігінде және өмірлерінің мақсаты мен жүріс-тұрысында бір бүтін. Басқаша айтқанда, олар біртұтас болады.⁷

Көптеген шынайы сенушілер үшін бұл уәде үлкен қиындық тудыратын сияқты. Мәсіхшіліктегі көптеген конфессиялар мен доктриналық ауытқулардың шексіз дерлік алуан түрлілігін ескере

2 Заңды қайталау 26:18

3 Нақыл сөздер 3:14–15

4 Забур жырлары 33:9

5 Забур жырлары 15:11

6 Забур жырлары 83:11

7 «Бұл отардан басқа да қойларым бар, соларды да алып келуім керек. Олар даусымды естіп таниды, сонда барлығы бір-ақ Бағушысы бар біртұтас отар болады» (Жохан 10:16). «Бұдан былай Мен осы дүниеде қалмай, Саған бара жатырмын. Бірақ олар осы дүниеде қалады. Киелі Әке, Маған берген есіміңнің құдіретімен шәкірттерімді қорғай гөр. Екеуіміздің біртұтас екендігіміздей, олар да біртұтас болсын» (Жохан 17:11). «Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін» (Жохан 17:21).

отырып, жаңа келісімнің бірлік туралы уәдесі қауымда орындалғанын қалай білеміз? Бұл мәселенің жауабы екі жақты.

Біріншіден, шынайы, Рухқа толы мәсіхшілер жиналған кезде олардың арасында барлық шеткері доктриналық айырмашылықтарынан әлдеқайда асып түсетін бірлік пен сүйіспеншілік болады. Екіншіден, мәсіхшіліктегі бөлінудің көбісі – Мәсіхті мойындайтын әрбір адам шынайы сенуші емес және өзін қауым дейтін әрбір діни мекеме шын мәнінде қауым емес деген шындықтың жиі ұмытылуының нәтижесі.

НАҒЫЗ БІРЛІК

Сенушілер ретінде біз шындықтың маңызын және одан ауытқудың қауіпін мойындаймыз. Осы себепті сенімімізді қорғауға дайынбыз және оны басқаларға жариялауда табандымыз. Осыған кейде арамызда орын алып жататын мақтаншақтық, өзімшілдік, менмендік және барлық айтқанымызды іс жүзінде дәлелдеуге деген ұмтылысты қоссақ, бауырластарымызбен қарым-қатынасымыз неге қиын екенін түсінеміз. Шын мәнінде, сенімін жан сала қорғауға дайын батыл адамдардың бірлікте, тату өмір сүре алатыны сенімнің адамнан емес, Құдайдың сыйы екеніне дәлел.

Қауым жікке бөлінуден жүз пайыз сақталған деп ешкім кепілдік бере алмайды. Ол Жаңа өсиетте де жазылған.⁸ Тіпті бір кезде бірге қызмет еткен Пауыл елші мен Барнаба да біраз уақытқа бөлініп кетті.⁹ Осыған қарамастан, шынайы, Рухқа толы мәсіхшілер бас қосқанда, олардың арасында әлемдегі ынтымақтастықтан асып түсетін бірлік пен сүйіспеншілік болады. Олардың Құдайға және Оның қымбатты Ұлына деген сүйіспеншілігі, айқыштағы құрбандықтың қадірін білулері, Тәңір Иенің рақымын жете бағалаулары және бойларына Киелі Рухтың қонғаны оларды біріктіреді. Бұл оларды бір-бірінің ауыртпалығын көтеруге, бір-біріне қызмет етуге, тіпті қажет болса, бір-бірлері үшін жанын қиюға дайын етеді. Бұл жай ғана тәтті сөз емес. Қауым тарихында дүниенің қай жерінде болмасын, шынайы сенушілер дәл осындай еді. Бауырластарға деген сүйіспеншілік

8 1-Қорынттықтарға 1:10–12; 11:18; Філіпіліктерге 4:2

9 Елшілердің істері 15:37–40

әрқашан нағыз мәсіхшіліктің ерекше белгісі болды.¹⁰

Келесі оқиғаны елестетіп көріңіз: жас американдық миссионер Оңтүстік Америкадағы джунглиге қауымдарға барады. Қапырық климат пен шырмаланып өскен қалың бұталар сапарды қиындатады. Оған қоса, аумақ террористердің қоластында болғаннан, әрдайым сақшылар қарауылы бар. Бір түні миссионер адасып, шағын ауылға келеді.

Қызметкер джунглиде түнеу ақылсыз екенін біледі. Жергілікті тұрғындардың үйіне барайын десе, террористерге ұстап береді ме деп күдіктенеді. Ақыры, қажеттілік қорқынышты жеңеді. Досымыз төбенің бүйіріне ойып салынған кішкене ағаш үйшіктің есігін қағады. Бірнеше минуттан соң қолында шам ұстаған кемпір есікті ашады. Жүзінен қорыққаны анық. Ол қызметкердің атын сұрайды. Мәсіхші миссионер екенін естігенде, пальтосынан ұстап, ішке тартады. Жағдай өте қауіпті екенін айтып, қызметкерді үйінің жертөлесіне жасырады. Үйілген жүгері сабақтарының үстінде жатқызып, кемпір жас балаға қауымдағы бауырластарды шақырып, тамақ әкелуді тапсырады. Бір сағаттың ішінде сенушілер жаңа ғана сойылған тауық пен бірнеше картоппен келеді. Тез тамақ пісіріп, аш миссионерді тойдырады. Тамақ үстінде әңгімелесіп отырғанда, үй иелері қонағы баптист екенін біледі. Өздері назарендік сенушілер екенін айтады. Бұл екі ағымның айырмашылығы көп, бірақ сол түні оның бәрі мәнсіз болып көрінеді. Олар бір-бірін өздеріндей сүйеді. Бір-біріне Мәсіхтің Өзі келгендей қызмет етеді. Бір-бірінің қажеттерін ескеріп, бір қауымдай уақыт өткізеді. Қызметкер оларға Киелі кітапты әкелу үшін тәуекелге барды, ал олар оған түнге баспана беру үшін қауіпке түсті. Доктриналық айырмашылықтарына қарамастан, олар Еремия пайғамбар жазып кеткендей шын жүректен бірікті.¹¹

Иеміз Иса Мәсіх айқышқа шегеленер алдындағы түні Бас діни қызметкер ретінде Әкесіне сиынғанда, халқы біртұтас болсын деп өтінді.¹² Әке бұл дұғаны естімеді немесе жаңа келісім уәдесінің осы бір тармағын іске асырудан жаңылды деп ойламайық. Шынайы сенушілер Мәсіхтің атымен жиналғанда, қайшылықтар, келіспеушіліктер, тіпті қақтығыстар болуы мүмкін, бірақ сонымен

10 Жохан 13:35; Жоханның 1-хаты 2:9–11; 4:7–12

11 Еремия 32:38–39

12 Жохан 17:11

қатар әрқашан сүйіспеншілік болады. Сүйіспеншілік жоқ болса, онда жиналғандардың «сенеміз» деген сөзінің өзі күмән тудыруы керек.

ҚАЖЕТ БӨЛІНІС

Батыстық мәсіхшіліктегі көптеген адамдар мен ағымдар өздерін Мәсіхтікіміз дейді, бірақ көбісі мәсіхшілік сенімнен тыс тұр. Ілімдері мен іс-әрекеттері Киелі Жазбаның сөзіне қайшы келетіні сонша, оларды мәсіхшілік сенімге жатқызу мүмкін емес.

Мұнда бір шешім ғана бар: не олардыкі дұрыс және барлық тарихи мәсіхшілік қате, не олар — Мәсіх пен елшілер ескерткен жалған ұстаздар мен жалған бауырлар: «Алайда сол заманда Құдай халқының арасында жалған пайғамбарлар да пайда болды. Дәл солай сендердің араларыңда да жалған тәлім берушілер болмақ. Олар жік салғыш зиянды ілімдерді жасырын енгізеді; тіпті өздерінің күнәларының құнын өтеп жанын құрбан еткен Әміршісі Мәсіхті де мойындамайды! Сондықтан олар бастарына кенеттен түсетін жойылуды өздері шақырып алады. Көптеген адамдар солардың азғындықтарына еріп кетпек. Оларға бола ақиқат жолы масқараланатын болады» (Петірдің 2-хаты 2:1-2).

Шынайы мәсіхшілер өз араларында кейде бөлініп жатқанмен, «бүкіл мәсіхшілікті қақ бөлетін үлкен және жиі қайшылықтар» Мәсіхтің денесінің мүшелері арасында емес, бидай мен арамшөп, қойлар мен серкелер, жақсы шопандар мен жауыз қасқырлар арасында болып жатады.¹³ Осы себепті елші Пауыл Қорынттағы қауымға Құдайға ұнамды адамдар көрінуі үшін өздерін Мәсіхтікіміз дейтіндер арасында пікір алалығы болуы керек деп жазды.¹⁴ Басқаша айтқанда, қауымда бөліну болып жатса да, Құдай оны екі жақты мақсат үшін қолдана алады: біріншіден, нағыз мәсіхшілерді анықтау және басқаларды әшкерелеу; екіншіден, Оның халқын одан әрі арамдамауы үшін жалған ұстаздар мен жалған бауырластарды қауымнан алып тастау.

Мәсіхшіліктің ішінде соңынан көп адам ерген көптеген танымал тәлімгерлер бар. Үлкен стадиондар оларды тыңдауға келген халыққа толады. Олар бүкіл әлем бойынша қызмет етеді. Олардың ілімдері — ежелгі жалған пәлсәпа, қазіргі психология, гуманизм және еліктіретін

13 Матай 13:24–30, 36–43; 25:31–33; 7:15; Елшілердің істері 20:29–30

14 1-Қорынттықтарға 11:19

сезімнің қоспасы. Олар ізбасарларын өзін-өзі жүзеге асыруға, материалдық әл-ауқатқа, физикалық денсаулыққа және уақытша қуанышқа итереді. Нәтижесінде көптеген адамдар тарихи мәсіхшілік діннен алшақтап, Үменей мен Ескендір сияқты ар-ұжданынан безіп, сенімдерін құртты.¹⁵ Мұндайды өз көзіңмен көру жүрекке ауыр тиеді. Бұрын сенімде нық тұрған бауырластарыңның Құдайдан алшақ кеткені жанға батады. Сонда да, Құдай бұл мәселені көріп отырғаны және қол қусырып отырмай, әрекет етіп жатқаны есімізде болсын. Ол осы жалған ұстаздар арқылы Иеміз серкелерді қойлардың арасынан бөліп алып, өз отарын олардың доктриналық және этикалық қателіктерінен қорғау үшін оларды бөлек қораға орналастыруда.

Ежелгі дәрігер жарадан ұды алып тастау үшін ыстық қыша дайындайтын сияқты, Құдай бұл жалған пайғамбарларды өз халқының арасынан имансыз және қайта туылмағандарды шығару үшін пайдаланады, осылайша олардың уы шығып, көпті арамдамайды.¹⁶

Қауым тұтастай алғанда Мәсіхтің қауым тәртібін орындау туралы бұйрығына немқұрайлы қараған кезде, Ол бұл мәселені өз қолына алады.¹⁷ Ол жақсы бақташы сияқты, Есау сияқты азғын, опасыз адамның өз халқының арасында көпке қалмауын қадағалайды.¹⁸ Қауым шынымен қауым болса, Мәсіх шынымен олардың арасында болса, Ол күмісті балқытып тазалайтын зергердің оты мен мата ағартушының сілтісі сияқты әрекет етеді. Ол зергер тәрізді өз халқын алтындай тазартады.¹⁹ Алайда, Мәсіх қауымды қадағаламаса, арада имансыздар көп болса, онда шырағдан алынды әрі қауым бұдан былай қауым емес. Қақпаға Иқабод деп жазылды, өйткені Салтанатты ұлылық ол орынды тастап кетті.²⁰

БІР ЖОЛ

Ескі келісім жасаған Израил халқының ерекшелігі қаскөйлік еді. Ақылсыз ат немесе есек тәрізді қасарма халық өзін-өзі құртпас үшін

15 Тімотеге 1-хат 1:19–20

16 Еврейлерге 12:15

17 Матай 18:15–18

18 Еврейлерге 12:15–16

19 Малахи 3:2–3

20 Патшалықтар 1-жазба 4:21

аздап ауыздық пен жүген салу керек болды.²¹ Осы себепті Құдай Ишая пайғамбар арқылы былай деген еді: «Өз беттерімен жүріп, теріс жолға түсіп, қасарысқан халықты күні бойы құшақ жайып шақырумен болдым» (65:2). Құдай Исраилді қайта-қайта шақырды:

«Жол торабына барып, айналаны байқап қараңдар, ежелгі жолдардың қайда екенін сұрап алыңдар! Ізгі жолдың қайда екенін сұрастырып біліп алып, онымен жүріңдер! Сонда жандарыңа тыныштық табасыңдар. Бірақ сендер: «Жоқ, онымен жүрмейміз!» деп бас тарттыңдар (Ер. 6:16).

Барлығы адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімен жүрді.²²

Исраил тағы да бүлік шығарып жатқанда, Құдай пайғамбарларын халықты әшкерелеу және түзету үшін жіберді. Пайғамбарлар, сонымен бірге, Тәңір Иені тыңдайтын және Оған мойынсұнатын жаңа халықтың пайда болатын күні туралы айтты.

Киелі Рух оларды түрлендіретін, оларға Өзі қонатын және басқаратын болғандықтан, оларға тізгін мен тәрбиелеуші қажет болмайды.²³ Құдай оларға әділдікті аңсап зарығатын жаңа жүрек береді және Өзінің қасиетті есімі үшін оларды тура жолмен жетелейді.²⁴ Олардың ортақ мақсаты мен құндылықтары болады. Олар Мәсіх белгілеген жолмен жүреді. Бұл киеліліктің, әділдіктің және сүйіспеншіліктің жолы болады. Ишая пайғамбардың осы жаңа дәуірге берген сипаты өте әдемі әрі қуатты:

Сол жерде даңғыл жол болып, ол «Қасиеттілік жолы» деп аталмақ. Бұл жолмен арам ниетті адамдар емес, тек Құдайдың халқы жүреді. Менмен ақымақтар оған еш түспейді. Оның бойында не арыстандар, не басқа да жыртқыш аңдар аңдып жүрмейтін болады. Өзге қауіптер де сонда болмайды. Тек жау қолынан азат етілгендер ғана сол жолмен жүрмек (35:8-9).

21 Забур жырлары 31:9

22 Ишая 53:6

23 «Осы сенімнің заманы туып, келуге тиісті Мәсікке сене алғанға дейін біз Таурат заңының бақылауында болып, тұтқынында жүрдік. Басқаша айтқанда, Таурат заңы «тәрбиелеушіміз» болып бізді Мәсікке әкелді, осылай Оған сеніп, ақталдық. Ал енді, сенімнің заманы туғаннан бері «тәрбиелеушінің қарамағынан шықтық». Өйткені барлығың Иса Мәсікке деген сенімдерің арқылы Құдайдың рухани баласысыңдар» (Фал. 3:23–26).

24 Забур 22:3; Матай 5:6

Ал енді Ол — өздеріңді үйрететін Ұстаздарың, жасырын емес, көз алдарыңда болмақ. Сонда сендер жолдан оңға не солға қарай бұрылмақ болғанда, бір дауыстың арт жақтан: «Жол мынау, сонымен жүріңдер!» дегенін еститін боласыңдар (30:20–21).

Шындықты көрмейтін халқымды Менің
Өзі білмейтін жолмен жетелеймін,
Бейтаныс жолдармен бастап алып жүріп,
Түнекті алдынан нұрға айналдырамын,
Қисық жолдардың бәрін түзетемін.
Халқым үшін осыларды жасаймын,
Ешқашан оны жалғыз қалдырмаймын! (42:16).

Ескі өсиетте жаңа келісім туралы уәде бергенде, Құдай тек жаңа халықты жаратып қана қоймай, сонымен бірге оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, осы тура жолдан таймайтынын бақылап отыратынын айтты.

Езекиел айтқандай, Құдай Өз халқына жаңа жүрек береді, бойларына Өз Рухын дарытады және Өзінің бұйрықтарына сәйкес жүретін қылады.²⁵ Құдай Өзі шақырып, белгілеп алған адамдары үшін жол салып, сол бағытпен жүруді үйретеді.²⁶ Ишая Құдайдың Өз халқы үшін қасиетті жолды салатынын айтты. Ол жолмен азат етілгендер ғана жүрмек және Құдай оларды кез келген қауіптен қорғайды.²⁷ Тәңір Ие олармен бірге ұстаз ретінде жүреді, ал олар жолдан адасып кетсе, кері қайтарады.²⁸ Тіпті көзі көрмейтіндердің өзі жолдан таймайды, себебі Ол түнекті нұрға айналдырып, қисық жолдардың бәрін түзетеді.²⁹ Осы жаңа келісімге сәйкес Нақыл сөздерден алынған келесі үзінді толығымен жүзеге асады:

Әділдің жолы таң шапағы іспетті
Тал түс болғанша жарқырай түседі.
Ал қылмыстының жолы түнекке ұқсайды,
Ол неден сүрініп, құлағанын ұқпайды (4:18–19).

25 Езекиел 36:26–27

26 Еремия 31:34; 32:39

27 Ишая 35:8–9

28 Ишая 30:20–21

29 Ишая 42:16

Мәсіхшілердің қуанышына орай, бұл уәделердің барлығы Мәсіхтің арқасында орындалды. Ғолғотадағы күнәдан ақталу мен Киелі Рухтың келуі Құдайдың уәде еткенін шындық қылды. Жаңа өсиетке сәйкес, Құдай Өзіне халықты бұрыннан белгілеп қана қоймай, сонымен бірге игі істер жасауға алдын ала дайындады.³⁰ Уақыты келгенде, Құдай Өзінің Ұлын оларды құтқару үшін жіберді. Ізгі хабарды уағыздау арқылы және Киелі Рухтың жаңартатын жұмысы арқылы, Тәңір Ие халқын Өзіне шақырады.³¹ Әкені тыңдап, Одан тәлім алғандар Ұлына келеді және Құдайдың рухани балалары болуға құқықты.³² Олар Құдайдың перзенттері болғандықтан, Құдай оларға Өзінің Рухын жібереді. Сол Рух оларды: «Абба! Әке!» деп сиындырады.³³ Дәл осы Рух оларға белгі салып, киелі етеді, Өз құдіретін беріп, Иса айтқан тар жолмен жетелейді.³⁴

Ақырында, олар күресіп, тырмысып, кейде құлап жатса да, Құдайдың тынымсыз қамқоры оларды соңғы күнге дейін сақтайды.³⁵

Бұдан бір үзілген буыны жоқ құтқарудың алтын тізбегін көріп отырмыз. Әрбір сенушінің өмірінде игі ісін бастаған Құдай оны соңына дейін жеткізеді.³⁶ «Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!» (Рим. 8:31).

Бірінші ғасырдағы мәсіхшілер де, олардың жаулары да мәсіхшілікті көбінесе «Жол» деп атағаны таңқаларлық емес.³⁷ Бір қызығы, Елшілердің істері кітабында Лұқа оны «Иеміздің жолы», «Құдайдың ізгі жолы», «ақиқат жолы» және «әділет жолы» деп атайды.³⁸ Бүгінгі қауым үшін бұл жақсы ескерту, өйткені біз мәсіхшілікті тек сенімге негізделген Құдай алдындағы заңды мәртебе ретінде қарастыруға бейімбіз. Көп жағдайда «тек сенім арқылы» деген ұстанымды қорғаймыз деп, біз мәсіхшіліктің сонымен қатар өмір салты екенін ұмытып кетеміз. Иса Мәсіх біздің Құтқарушымыз ғана емес, ол біздің

30 Римдіктерге 8:29–30; Ефестіктерге 1:4–5; 2:10

31 Езекиел 37:1–14; Жохан 3:3–8; Римдіктерге 1:16; Ғалаттықтарға 4:4–5

32 Жохан 1:12; 6:45

33 Ғалаттықтарға 4:6

34 Матай 7:13–14; Елшілердің істері 1:8; Римдіктерге 8:14; 15:13, 16; Ефестіктерге 1:13, 18–19; 3:16, 20; 4:30; 6:10; Қолостықтарға 1:29; 1-Салоникалықтарға 1:5; 2-Салоникалықтарға 2:13; Петірдің 1-хаты 1:2

35 Еврейлерге 12:5–11

36 Філіпіліктерге 1:6

37 Елшілердің істері 9:2; 19:9, 23; 24:14, 22

38 Елшілердің істері 18:25, 26; Петірдің 2-хаты 2:2, 21

үлгіміз де. Біз Оған сеніп қана қоймай, сонымен бірге Мәске еріп, Оған еліктеп, ойымызбен, сөзімізбен және ісімізбен Исаға ұқсауымыз керек.³⁹ Осы себепті Жохан елші былай деп еді: «Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» (Жоханның 1-хаты 2:6).

Құтқарылу тек рақыммен, сенім арқылы беріледі. Ол — біздің жетістігіміз емес, Құдайдан келген сый.⁴⁰ Осыны ешқашан ұмытпайық. Сондай-ақ, тек рақыммен, сенім арқылы құтқарылғандар Құдайдың ерекше жаратылысы болып табылады. Тәңір Ие оларды Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін жаратты. Ол игі істерді жасауға Құдай алдын ала жағдай тұғызды.⁴¹ Сенімдері арқылы ақталғандар жаңаша өмір сүру үшін өлімнен қайта тірілді.⁴² Құдай оларды жаңа сүйіспеншілікке толы жаңа жаратылысқа айналдырды. Жаратқан Ие оларды Өзінің рухани балалары ретінде қабылдап, Өзі қамқор болып, Өзі тәрбиелейді.⁴³ Оларды Өзінің шебер туындысы етті, және игі ісін бастаған Ол оны аяқтайды.⁴⁴ Сондықтан әділдік жолында жүру — мәсіхшілер жай ғана істеу керек нәрсе емес, мәсіхшілер оны шынымен істейді.

Ескі өсиет пайғамбарлықтары мен олардың Жаңа өсиеттегі орындалуын қарастыра отырып, барлық мәсіхшілерде ортақ мақсат пен этика бар екенін білдік. Олар Мәсіхтің үлгісі мен ілімі белгілеген жолмен жүреді. Мәсіхшілер мәдениеті, ақыл-ойы, жетілгендігі және басқа да көптеген санаттар бойынша әртүрлі болғанымен, олардың сенімі мен жүріс-тұрысында керемет ұқсастық болады. Шын мәнінде, ұқсастықтардың тамашалығы сонша, оларға тек Құдайдың ғажап жұмысы ғана себепші бола алады:

- Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх — адамзатты күнәсынан ақтай алатын жалғыз құрбандық екеніне және аспан астында адамды құтқаратын басқа есім жоқ екеніне барлығы сенеді.⁴⁵

39 Матай 16:24; Жохан 10:27; 1-Қорынттықтарға 11:1; 1-Салоникалықтарға 1:6; Римдіктерге 8:29; 2-Қорынттықтарға 10:5; Філіпіліктерге 3:10

40 Ефестіктерге 2:8–9

41 Ефестіктерге 2:10

42 Римдіктерге 6:4

43 Еврейлерге 12:5–11

44 Філіпіліктерге 1:6

45 Елшілердің істері 4:12

- Барлығы аузымен Исаны Жаратқан Ием деп мойындайды және Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне жүрегінде сенеді.⁴⁶
- Барлығы Киелі жазбаны сенім мен сенімді қолданудың қатесіз стандарты ретінде ұстанады және өз өмірлерін оның іліміне бағындыруға тырысады.⁴⁷
- Барлығы дүниенің азғындығынан аулақ болуға және бағышталған қасиетті өмір сүруге тырысады, онсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды.⁴⁸
- Барлығы Мәсіхтен үлгі алып, рухани жеміс беруге ұмтылады.⁴⁹
- Барлығы Құдайды шын жүректен жанымен, бүкіл ақыл-ойымен және бар күшімен сүюге, маңайындағы адамды өзін сияқты сүюге тырысады.⁵⁰
- Барлығы күнәға қарсы күрес жүргізіп келеді және жеңілгенде опық жейді. Күнә жасағанда оны бірден Құдайдың алдында мойындайды және Оның кешірім беретініне сенеді.⁵¹
- Барлығы Мәсіхтің қайтып келуін күтуде. Сәулетшісі де, құрылысшысы да Құдайдың Өзі болған, негізі берік қаланған мәңгілік қаланы көруді аңсайды.⁵²

Бұл қысқаша тізім толықтан алыс. Сонда да, Құдай Өз халқына бір жүрек пен бір жол бергенін анық көрсетеді. Дүние жүзіндегі әртүрлі қауымдарда көптеген айырмашылықтар болғанымен, шынайы мәсіхшілер өздерінің сенімдері мен жүріс-тұрысында біртұтас болғаны сонша, айырмашылықтар бірінші көрінгендей маңызды емес.

Әке Мәсіхтің бірлік туралы дұғасына жауап берді. Бір жүрек пен бір жолдың жаңа келісімі шын мәсіхшілер арасында бар.⁵³ Дегенмен, әрбірімізді жеке алғанда осы бірлікке қатысымыз бар ма, осы тар жолмен жүреміз бе деген сұрақ қалады. Егер адамның сенімі мен өмір салты барлық шынайы мәсіхшілердікіне қайшы келсе, онда ол

46 Римдіктерге 10:9

47 Жохан 17:20; Тімотеге 2-хат 3:15–17

48 Еврейлерге 12:14; Жақып 1:27

49 Қорынттықтарға 1-хат 11:1; Фалаттықтарға 5:22–23; Ефестіктерге 5:1

50 Матай 22:37–40; Марқа 12:30; Луқа 10:27

51 Матай 5:4; Фалаттықтарға 5:17; Жоханның 1-хаты 1:8–10

52 1-Салоникалықтарға 1:9–10; Еврейлерге 11:10

53 Еремия 32:38–39

алаңдап, өзінің сенімде екенін тексеруі керек.⁵⁴

БІР ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ

Қауымның қалауларын, маңызды мінез-құлқын қарастырып, қауымдағы бірлікке көз жеткіздік. Енді жаңа келісімдегі Құдай халқының үшінші ерекшелігіне тоқталамыз. Ол – тұтастық пен батаға әкелетін Құдайға деген басым құрмет немесе қорқыныш. Құдай Еремия арқылы: «Олар Мені әрдайым қастерлей алулары үшін оларға шын жүректен бірігіп, бір жолмен жүруді сыйлаймын. Бұл олардың өздері мен кейінгі балалары үшін игілікті болады», — деп уәде етеді (Ер. 32:39).

Адамдар Құдайды қастерлеуді жете түсінбегеннен оны жағымсыз нәрсе деп ойлайды. Дегенмен, Ескі өсиетті оқысақ, Құдайды қастерлеу – барлық ізгілік пен даналықтың негізі.⁵⁵ Құдайды қастерлейтіндер зұлымдықты жек көреді және одан бас тартады.⁵⁶ Құдайды қастерлесе, адам Тәңір Иені бар болмысымен сүйіп, дәріптеп, Оған қызмет ететеді.⁵⁷ Құдайды қастерлеудің арқасында адамдардың өзара қарым-қатынасы ретке түседі. Олар Құдайдың әділетсіздікке төзбейтінін біліп, бір-біріне өте мұқият болып, қамқорлық көрсетеді.⁵⁸ Осы және басқа да көптеген себептерге байланысты Жаратқанды қастерлеу – өмірдің бұлағы және Құдайға ұнамды болудың маңызды бөлігі болып табылады.⁵⁹

Шындығында, Тәңір Иені қастерлеудің Ескі өсиеттегі маңызы сонша, Израилдің бағышталған, құдайшыл тамтығы жиі «Жаратқан Иені терең қастерлеушілер» деп аталды (Мал. 3:16). Сондай-ақ пайғамбарлар келе жатқан Мәсіхтің керемет қасиеттерінің бірі – Иемізді терең қастерлеу болатынын айтқан:

Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады. Өзі Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады (Ишая 11:2-3).

«Қастерлеу» сөзі қорқыныш, үрей, зәресі ұшу, құрмет немесе қадірлеуді

54 2-Қорынттықтарға 13:5

55 Забур 110:10; Нақыл сөздер 1:7; 9:10; 15:33

56 Нақыл сөздер 3:7; 8:13; 16:6; 23:17

57 Заңды қайталау 6:13; 10:12; Патшалықтар 1-ж. 12:24; Шежірелер 2-ж. 19:9

58 Леуіліктер 25:17; Шежірелер 2-ж.19:7

59 Нақыл сөздер 14:27

білдіретін еврей сөзінен аударылған.⁶⁰ Көптеген сөздер контексіне, яғни жанындағы сөздерге байланысты әртүрлі мағынаға ие бола алады. Бұл әсіресе еврей тілінде байқалады. Құдайдың дұшпандары Жаратқан Иенің әділдігі мен үкімдерінен қорқады. Олар Оның жалмап кететін от екенін,⁶¹ «Мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп, сотталу қандай қорқынышты!» екенін біледі (Евр. 10:31). Таулар Оның алдында балауыздай еріп, бұйрығынан теңіздер кеуіп қалады.⁶² Құдай қаһарланған кезде Оның алдында ешкім тұра алмайды, қаһарының үздіксіз жануына ешкім төзе алмайды.⁶³ Сол себепті күнәкарлар үрейленіп, арсыздар дірілдеп қорқады.⁶⁴ Олар Құдайдан жасырыну үшін таулар мен құздардың үстеріне құлап түскенін сұрап жалбарынатын болады.⁶⁵

Құдай халқының терең қастерлеуі зұлымдардың қорқынышынан басқаша. Құдайдың халқы Оның алдында үреймен өмір сүрмейді. Тәңір Ие бәрінен жоғары тұрғанын, Оның қасиеттері санаға сыймайтындай керемет екенін, Оның істері мінсіз кемел екенін түсінгендіктен, Құдайдың халқы Оған терең және өзгермейтін құрметпен дәріптейді. Көкте болашақ даңқа ие болатындардың айтатын Тоқты жөніндегі жырында бұл анық көрінеді:

Уа, Құдай Ие, бүкіл әлемнің Билеушісі,
Сенің істерің керемет те ұлы!
О, халықтардың мәңгілік Патшасы,
Сенің жолдарың әділ де шынайы!
Уа, Жаратқан Ие, кім Сенен қорықпас,
Есіміңнің ұлылығын кім даңқтамас?
Сен ғана толықтай қасиеттісің!
Бар ұлттар келмек алдыңа Өзіңнің,
Бас ұрып мақтайды даңқыңды Сенің,
Себебі ашылды әділ үкімдерің!» (Аян 15:3–4).

Киелі Рухтың жаңартуы арқылы мәсіхші Құдайдың шексіз құндылығын, кемелді әділдігін, айтып жеткізуге болмайтын

60 Еврейше «йира»

61 Мысырдан шығу 24:17; Заңды қайталау 4:24; 9:3; Ишая 29:6; 30:27, 30; 33:14; Еврейлерге 12:29

62 Забур 96:5; Ишая 50:2; Миха 1:4; Нақұм 1:4

63 Забур 75:8

64 Ишая 33:14

65 Ошия 10:8; Аян 6:16

сұлулығын, теңдесі жоқ құдіретін және түпсіз сүйіспеншілігін біледі. Жердегі өмірдің барысында алынған бұл түсінік көктегі даңққа қарағанда көмескі болса да, қайта жаңғырған жүректі Құдайды қастерлеуге және Оның есімін мадақтауға талпындырады. Түсінік өскен сайын сенушінің Құдайды қастерлеу қабілеті де арта түседі. Ол құтқарылуына сай іс-әрекет жасап, оны толығымен жүзеге асыруға ұмтылады, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркенеді; себебі Құдайдың оның бойында Өз разылығы үшін әрекет етіп жатқанын түсінеді.⁶⁶ Ол айналадағы азғындық пен арамдықтан аулақ жүруді үйренеді, себебі осы күнәсі үшін әлемге Құдайдың қаһарлы соты төніп тұрғанын біледі.⁶⁷ Ол өзінің барлық істерімен Тәңір Иеге ұнамды болуға ұмтылады, өйткені уақыты келгенде Мәсіхтің төрелік тағының алдына келіп, істегенінің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағасын алатынын біледі.⁶⁸ Сонымен қатар, Жаратқанды терең қастерлеп, ол өз өмірін Құдайға бағыштап қана қоймай, басқаларды да осы шындыққа сендіруге тырысады.⁶⁹

Сондай-ақ, Құдайды қастерлеу мәсіхшілердің іс-әрекеттерін басқарып қана қоймай, Құдаймен қарым-қатынастарына да қатты әсер ететінін атап өткен жөн. Құдайды қастерлеу адамды кішіпейіл қылады. Мәсіхші Құдайға Әкем деуге хақылы болғанымен, ол Әкесінің көкте екенін және патшалардың Патшасы және иелердің Иесі ретінде қолжетімсіз нұрда мекендейтінін жақсы біледі.⁷⁰ Мәсіхші Әкеге сиына алады және Оның алдына нық сеніммен батыл жақындайды, бірақ бұл мүмкіндік тек Мәсіхтің арқасында бар екенін біледі және ол еркіндікті жөнсіз ерсілікке айналдырмайды.⁷¹ Мәсіхтің оны бауырласым деп атаудан ұялмайтыны рас, бірақ мәсіхші Мәсіхпен теңдікті талап етпейді және Ол туралы тек үлкен қадір-құрметпен сөйлейді.⁷² Егер ол қандай да бір жолмен Мәсіхті елеусіз қалдырғанын немесе Ол туралы тиісті ізетсіз айтқанын білсе, ұялып, жүрегі сыздайды.

66 Філіпшілерге 2:12–13

67 Ефестіктерге 5:3–7

68 2-Қорынттықтарға 5:9–10

69 2-Қорынттықтарға 5:11

70 Матай 6:9; Тімотеге 1-хат 6:15–16

71 Ефестіктерге 2:18; 3:12; Еврейлерге 4:16. «Ал Жаратқан Ие Өзінің (көктегі) киелі үйінде. Бүкіл жер беті Оның алдында үндемей, Оны терең қастерлейтін болсын!» (Аббақұқ 2:20). «Тілің сөйлеуге тез болмасын! Құдай алдында бір нәрсені айтуға тым асықпа! Құдай көкте, ал сен жердесің, сондықтан да сөзшең болма!» (Уағыз. 5:1).

72 Еврейлерге 2:11

Мәсіхші Құдайдың үстемдігі мен Оның істерінің ұлылығын тереңірек білген сайын, оның Құдайға деген құрметі де арта түседі. Уақыт өте келе Құдайды қастерлеу өмірінің барлық саласына сіңеді. Тіпті қасиеттілік үшін күресте жеңіліске ұшыраған кезде де, оның Құдайға деген терең және мәңгілік құрметі бар екенін, одан қашып құтыла алмайтынын көреді. Құдайдан келген бұл қастерлеу сенушіні тәубеге келуге және мойындауға жетелейді.⁷³

Иемізді қастерлеу көптеген мәсіхшілердің және мәсіхшілік қауымдардың арасында кеңінен тараған қасиет емес, өкінішке орай. Оның тапшылығы — басқа нәрсенің барлығы бұзылып жатқанның белгісі. Құдайды қастерлеу мен шынайы сенім тікелей байланыста болғандықтан, біреуінің азаюы екіншісінің әлсірегенін көрсетеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, Құдайды қастерлеу Киелі кітапқа сәйкес бағышталған өмірдің негізі болғандықтан, Құдайдың шынайы халқын көбінесе «Жаратқан Иені терең қастерлеушілер» деп атайтын.⁷⁴ Бізді жақсы білетін адамдар, біздің достарымыз бен жақындарымыз бізді осылай сипаттаушы ма еді? Өзімізге осы сұрақты қойғанымыз жөн. Құдай халқының арасында Тәңір Иені жете қастерлемеу көбінесе Құдайдың қасиеттері мен істерін білмеудің нәтижесі болып табылады. Жаратқан Иені қастерлеу болмаса, халық қайта туылмағанның, іштей өзгермеген күйде қалғанның белгісі.

ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСАТЫН ЖАРЫЛҚАУ

Еремия 32:38–39 жаңа келісім қауымына қатысты тағы бір уәдемен аяқталады: Жаратқан Иені қастерлеу әр жеке мәсіхші мен тұтастай алынған қауымға тән болады. Мұның игілігі өздеріне ғана емес, олардың балалары мен кейінгі ұрпақтарына да тарайтын болады. Еремия 39-аятта айтқандай, Жаратқан Иеден қорқатындар мұны «өздерінің және одан кейінгі балаларының игілігі үшін» жасайды.

Жаратқан Иені қастерлейтін адамның ұрпағы жарылқанатыны туралы уәде Көне өсиетте жиі кездеседі. Нақыл сөздерге сәйкес, Жаратқан

73 Еремия 32:40-та Құдай былай дейді: «Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын». Сенуші өз жүрегіндегі Құдайды қастерлеуді үнемі арттырып отыруы керек, алайда ең алдымен бұл – жаңару сәтінде Құдайдың беретін сыйы.

74 Малахи 3:16

Иені қастерлеу оны иемденгендерге сенімділік беріп қана қоймайды, сонымен бірге ол олардың балалары үшін пана болып табылады.⁷⁵

Жаратылыстың басталуы 18:19-да Жаратқан Ие Ыбырайымға бата берді. Онда Құдайды жақыннан танитындар мен олардың ұрпақтары арасындағы қарым-қатынас анық сипатталған: «Мен Ыбырайымды өз балаларына және кейінгі үрім-бұтағына Менің жолыма түсуді, дұрыстық пен әділдікті істеуді үйрету үшін таңдап алдым. Ыбырайым осылай істегенде Менің оған берген уәдем орындалады».

Ыбырайым ата Құдайдың жолымен жүретіндіктен, Ыбырайымның Құдайы Ысқақтың, Жақыптың және олардан кейінгі ұрпақтарының Құдайы болады. Осылайша, Исраилдегі әрбір ұрпақтың міндеті – келесі ұрпаққа Құдайдың ұлы істерін айтып, Оның өсиеттерін үйрету және құрмет пен мойынсұну арқылы шынайы сенімді көрсету болды. Мұндағы мақсат – әрбір ұрпақтың өзінің ұрпақтары мен айналасындағы пұтқа табынушы халықтарға нұр ретінде үлгі болуы, осылайша барлығы бір шынайы Құдайға адалдық пен мойынсұнудың артықшылықтарына көз жеткізеді. Осы себепті Мұса Исраил халқына мынадай өсиет айтты.

Тыңда, Исраил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай!

Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен сүй! Бүгін Мен өздеріңе тапсырып отырған осы сөздер жүрекеріңнен тұрақты орын алсын! Балаларыңа да бұл сөздерді мұқият үйретіңдер: үйде отырған не жол жүрген, төсекте жатқан не тұрып жатқан кездеріңде де солар туралы айтатын болыңдар! Бұл сөздер қолдарыңа байланған белгі, көз алдарыңдағы ескертпе жазба іспетті болсын. Оларды үйлеріңнің есік жақтауларына әрі қақпаларыңа да жазып қойыңдар (Заң. қ. б:4–9).

Иә, соларды мұқият сақтап орындаңдар! Себебі осылайша басқа халықтар сендердің даналықтарың мен ақыл-парасаттарыңа көз жеткізіп, осы ережелер туралы естігенде қайран қалып: «Ойпыр-ай, осы үлкен халық неткен дана да парасатты ел еді!» — дейтін болады (Заң. қ. 4:6).

Әр ұрпақтың әкелері келесі ұрпаққа тәлім-тәрбие беру міндетін

толығымен орындауы керек еді. Құдайдың өсиеттері үлкендердің жүрегінде жазылып, олар ақиқатты ұл-қыздарына ынтамен үйретулері керек еді. Құдай мен Оның Сөзі үйдегі және тыстағы өмірдің маңызды бөлігі болуы керек еді.⁷⁶ Алайда, Таурат пен Пайғамбарлар жазбалары Израилге мұның маңыздылығын үнемі айтып отырғанымен, ол сирек орындалды.

Шын мәнінде, Билер кітабының жазушысы Уәде етілген жерге кірген алғашқы ұрпақтың да қырсығып, бұл өсиетті ескермегенін айтады: «Сол буынның күллі адамдары дүние салып, ата-бабаларының қасына жөнелгеннен кейін, Жаратқан Иені танымайтын және Оның Израил үшін істеген ұлы істерін ескермейтін жаңа ұрпақ дүниеге келді» (2:10).

Израилдің бүкіл тарихында халық тәубе етіп, Құдайға бет бұрған кездер болғанымен, көп ұзамай, халық қайтадан теріс жолға түсетін. Адамдардың балаларына тиісінше тәлім бергені өте сирек болды. Бір ұрпақ Құдайдың өсиеттерін орындап, әділдік жолымен жүрсе де, әдетте келесі ұрпақ Тәңір Иеге қарсы шығып, өз дегендерін істейтін. Алайда, дәл осы жағдайда Еремия пайғамбар жаңа келісім жасайын буын туралы айтқан еді. Олар Құдайды шын жүректен қастерлейтін болады, және бұл бір ұрпақпен шектелмейді. Бұл олардың өздері мен кейінгі балалары үшін игілікті болады.⁷⁷

Бұл уәде мәсіхші отбасында туылған әр баланың міндетті түрде құтқарылуына кепілдік бермейді. Мұндағы мағына мынадай: әрбір шынайы мәсіхші, қауымның әрбір шынайы мүшесі Құдайды терең әрі мәңгілік қастерлейтін болады, және бұл оның балалары мен онымен қарым-қатынасқа түскен барлық адамға үлкен рухани пайда әкеледі. Шынымен де, адамның шынайы мәсіхші екенін көрсететін дәлелдің бірі — айналадағыларға, әсіресе жұбайына, балаларына, басқа да жақын адамдарына тиетін рухани жарылқау болып табылады. Тұтастай алынған қауым туралы да солай деуге болады. Қауымның шын мәнінде қауым екенін қалай білеміз? Оның ілімі мен Құдайға ұнамды өмірінің арқасында басқалар жарылқанып, рухани пайда көріп жатады.

Қорытындылай келе, мәсіхшімін дейтіндер келесідей бірнеше

76 Заңды қайталау 6:6–9

77 Еремия 32:38–39

маңызды сұрақтарға жауап берулері керек: өмірлеріміз Құдайды қастерлеумен ерекшеленеді ме? Қауымдарымызда Құдайды қастерлеу бар ма? Біздің Құдайға деген құрметіміз айналамыздағыларға, әсіресе ең жақындарымызға рухани жағынан әсер ете ме? Құдайдың ақиқатын келесі ұрпаққа жеткізу деген қасиетті міндетіміз бар, біз оны орындап келеміз бе? Балаларымызға тәлім беру — Құдайдың аманаты, оны іске асырып жатырмыз ба? Балаларымыз біздің үлгімізден пайда көріп жатыр ма? Осылар бізге жат нәрсе болса, арамызда сирек кездессе, алаңдай бастауымыз керек. Бұлар — мәсіхшілік сенімде таңдауға болатын заттар емес, бұлар — сенімнің дәлелі.

САЛДАР

Құдайдың жаңа келісімдегі халқының үш маңызды қасиетін білдік: біріншіден, шын мәсіхшілердің жүрегі бір. Олардың Құдайға сүйіспеншілігі және бір-біріне деген қамқорлығы бар. Екіншіден, олардың мақсаты мен жүріс-тұрысы бір: олар Иса Мәсіхтің ізбасарлары. Үшіншіден, олар Жаратқан Иені шын жүректен терең қастерлейді, соның нәтижесінде өздері және өздерінен кейінгілер жарылқанады.

Сенімге келу адамды қаншалықты өзгертетінін асыра айту мүмкін емес. Соған қарамастан, мәсіхші Құдайға бет бұрған күні әлі мінсіз емес. Бәріміз әлі де жамандық атаулыдан біржола азат болу мен көктегі ұлылықты күтудеміз.⁷⁸ Киелі Рух жан-дүниемізде жасаған барлық өзгерістерге қарамастан, бойымызда азғындықтың кішкентай қалдығы сақталып келеді. Ол біздің жаңа болмысымызға қарсы шығып, Мәсікке ұқсауға, Құдайға ұнамды өмір сүруге қарсы күреседі. Пауыл елші бұл жауды ескі болмыс деп атайды. Оның бізге қарсы соғысын былай сипаттайды: «Өйткені ескі болмысымыздың қалауы Киелі Рухқа қарсы, әрі Рухтың қалауы ескі болмысымызға қарсы. Бұл екеуі бір-біріне қарама-қайшы, сондықтан игі ниеттеріңді жүзеге асыра алмайсыңдар» (ғал. 5:17). Мәсіхшілік өмір — бұл рухани қайта туылған адамның ескі болмыспен, дүниемен және шайтанмен арпалысы. Мұндағы біздің жауапкершілігіміз — күнәға және өзіміздің осалдықтарымызға қарсы тұру және адасып кетсек те, тура жолмен

78 Римдіктерге 8:30; 1-Қорынтықтарға 15:51–52; Ефестіктерге 1:14; 4:30; Філіпіліктерге 3:19–20

алға ұмтылуымыз. Мұның бәрі Құдайдың біздегі құдіретін көрсетеді.

Дегенмен, Киелі жазбада Құдайдың жаңа келісімдегі халқы туралы не жазылғанын оқып, оны қазіргі батыстық мәсіхшіліктегі жағдаймен салыстырсақ, үлкен айырмашылықты табамыз. Көптеген жағдайларда гуманизм мен материализм Құдайға деген сүйіспеншілік пен бауырластарға деген қамқорлыққа қарағанда басым болды. Қауымға біржола аманатталған негізгі тәлім бұрын естілмегендей жаңаша түсіндірілді. Грамматиканы, толық мағынаны, тарихи сенім мен конфессияларды аз да болса ескермей, жаңа түсіндірме адамның жеке қалауына, батыстық ыңғайлылыққа және психологияға көбірек сүйенді. Мәңгілік сыйға әкелетін Мәсіхке ұқсау бұрын мәсіхшілердің ерекше мақсаты еді, ал қазір фокус уақытша әлемде өзін-өзі жүзеге асыруға ауып кетті.⁷⁹ Жаратқан Иені қастерлеу мен Киелі кітапқа сәйкес басқа да тәлімдер заманауи адамның нәзік жүрегі үшін тым қатал танылып, қауымдарда еленбей кетті, немесе тіпті жойылып кетті.

Киелі жазбадан және тарихи мәсіхшіліктің ең құрметті конфессияларынан ауытқитын осы қателіктерді ескерсек, мәсіхшілік қауымдастық пендешілік пен күнәға толы болып көрінуі таңқаларлық емес.

Дегенмен, өздерін мәсіхшілікке жатқызатын адамдар мен қауымдардағы ең жаманы – күнәмен күресуде емес, күнәмен мүлдем күреспеді. Батыстық сенімдегі ең үлкен қауіп – оның белгілі дәрежеде дүниеқоңыздықпен, немқұрайлылықпен және өзін-өзі сүйюмен ластануында емес, ол ластанудың жаманы жоқ деуінде. Негізінде, басым көпшілігі ол кірдің бар екенін байқамайтын сияқты. Өте қауіпті және айқын ауруы көрмесе, адам соқыр. Мұндай соқырлықтың тек екі себебі болуы мүмкін.

Бірінші мүмкіндік — мәсіхшіліктегі көптеген қызметшілер мен қауым мүшелері шынында Құдайға бет бұрмаған теріс және ескі болмыстарының жетегінде жүр. Тіпті Американың Ұлы ояну күндерінде де солай болды. Көрнекті уағыздаушы Джордж Уайтфилд (1714-1770) былай деген:

Уағыздаушылардың көбісі өздері білмейтін Мәсіхті уағыздап

79 Өзін-өзі жүзеге асыру Құдайды өмірдің тағынан алып тастап, адамға қызмет ету үшін жалған тәңірсымаққа айналдыруды талап ететінін атап өткен жөн.

жүргендеріне сенімдімін. Олар Оның құзарын сезіп те көрген емес. Ал қауымдардың өлі болуының себебі – оларда өлі адамдар уағыздап жүр. Уа, Жаратқан Ие оларды Өз есімі үшін тірілтсе және жаңғыртса екен! Өлген адамнан тірі бала қалай туады? Расында, Құдайдың еркі болса, адамдар шайтан арқылы да сенімге келе алады. Қаласа, Тәңір Ие қайта туылмаған қызметшілерді қолдана алады. Бірақ менің ойымша, Жаратқан Ие ол екеуін Өз мақсаты үшін оларды сирек пайдаланады. Жоқ, Жаратқан Ие Өзінің киелі мақсаты үшін киелі Рухтың әрекетімен толтырылған ыдыстарды таңдайды.⁸⁰

Мәсіхшілік Құдайға бет бұрмаған кісілерге толып кетті дейтіндерге көп айып тағылып жатады. «Оларда сүйіспеншілік жоқ, олар басқаларды төмен қойып өз-өздерін ақтауға тырысады, олар бауырластарын қабылдай алмайды» деген көп естіледі. Алайда, шындықты жасырудың пайдасы жоқ. Ақиқатты айтуымыз керек. «Мәсіхке сенемін!» деп даусымен жер жарса да, адамның қайта туылғанын біле алмаймыз. Иса Оған «Мырза, Ием!» дейтін әркім емес, Әкенің еркін орындайтын адам Патшалыққа кіретінін ескертті.⁸¹ Мәсіхші өзінің жемісімен танылады.⁸² Сион тауында алаңсыз ұйықтап жатқан жеміс әкелмейтін бауырластарымызға Құдайдың қаһары төніп тұрса, қалай үнсіз қаламыз? Демек, шындықты айтып, сүйіспеншілік танытудамыз. Құдай Езекиел пайғамбарға былай деді: «Сондықтан Менің аузымнан шыққан сөзімді естіген сайын халыққа Менің атымнан ескерту жаса! Егер Мен зұлым жанға: «Сен жазанды тартып сөзсіз өлесің!» деген хабарымды (өзің арқылы) жіберсем, ал сен оған соны ескертпесең, әрі оның өмірін сақтап қалу үшін жаман іс-әрекеттерін тастауын айтпай, үндемей қалсаң, онда сол зұлым адам өз күнәларының жазасын тартып өледі. Бірақ сен оның өліміне кінәлі боласың» (Езек. 3:17–18; 33:7–9 да қараңыз).

Екінші мүмкіндік – мінбеде тұрып уағыз айтатындардың көбінің кінәсінен, білімнің жоқтығынан шын мәнінде Құдайға бет бұрғандардың көбісі әлсірейді. Қауым сахнасынан Құдайдың мінезіне тиісінше мән берілмейді. Құдайдың сипаттары сирек

80 «George Whitefield's Journals», авторы Джордж Уайтфилд (Лондон, Banner of Truth, 1960), 470.

81 Матай 7:21

82 Матай 7:16, 20

үйретіледі. Адамның түбегейлі азғындығы не жоққа шығаралады, не еленбей кетеді. Іштей жаңармаған қызметкерлер айқышты Құдайдың әділдігін қанағаттандыру және киелі Тәңірдің қаһарын басу үшін кешірім ретінде емес, сүйіспеншіліктің құрбандығы ретінде көрсетеді. Олар Ізгі хабарды Мәсіх туралы бірнеше сөйлемге дейін қысқартты. Нәтижесінде қарабайырланған, бастапқы мазмұнға аз ұқсайтын мәліметті алдық. Оны сенімнің негізі деу өте қиын. Әлгі қайта туылмаған қызметкерлер тәубеге келуді мүмкін қылатын, сенімді талап ететін Ізгі хабарды күнәкар мен Құдай арасында жасалған ырымдық мәмілеге ауыстырды. Қызметкерлер бастарын иіп, қолдарын көтеріп, күнәкардың дұғасын қайталаған адамдардың құтқарылатынына кепілдік беретін болды. Мәсіхтікіміз дейтіндерге сенім жолымен жүретін-жүрмейтіндерін тексеру айтылмайды. Құдайдың оларды шақырып, таңдап алғанын өмірлерімен нық бекітуге ұмтылу айтылмайды.⁸³ Құдайға бағышталыған қасиетті өмірсіз ешкім Жаратқан Иені көре алмайтынын білетін адамдар өте аз.⁸⁴ Ақыры, осы дүниеде барынша жақсы өмір сүруді үйрететін практикалық қағидалар Құдайға ұнамды өмір салтын үйрететін және адамды мәңгілікке дайындайтын тәлімнің орнына келді. Біздің барлық әрекетімізге қарамастан, Жаратқан Иенің сөзін естуге деген аштық пен шөлді қандыра алмадық.⁸⁵

Бұл мәселені шешу үшін не істеуіміз керек? Біріншіден, дертті емдеу жалғыз өзіміздің қолымыздан келмейтінін мойындап, Құдайдан біз жасаған бейберекетсіздікті кешіруін сұрап жалбарынуымыз керек. Езекиелдің заманында Құдай халық жойылмас үшін әділдік қабырғасын тұрғызып, қабырғаның құлаған жерін өз денесімен жауып тұратын біреуді іздеді, бірақ ешкімді таппады.⁸⁶ Құдайдың рақымымен, Ол бізді күндіз-түні үнсіз қалмай, мінажат етіп жатқан жерімізден тапсын. Сонда Жасаған Ие жер бетінде қауымның даңқын асырмақ.⁸⁷

Екіншіден, біз қауымды «өсіру» үшін қолданылған барлық тәндік құралдарды ұмытып, олардан үлкен жиіркенішпен арылуымыз керек.

83 2-Қорынттықтарға 13:5; Петірдің 2-хаты 1:10

84 Еврейлерге 12:14

85 Амос 8:11

86 Езекиел 22:30

87 Ишая 62:6–7; Езекиел 36:37–38-ді де қараңыз

Саулдың сауытын шешіп тастап, сақпанымызға тек ең жақсы тастарды таңдауымыз керек. Ол тастар – Құдайдың Сөзі, арашашы мінәжат және құрбандыққа дайын сүйіспеншілік. Тәнімізде жүрсек те, ескі болмысымыздың айтқанымен жүрмейміз, осы есіңізде болсын. Біздің қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, Ізгі хабарға қарсы және Мәсіхтің Патшалығына қарсы қойылған кез келген бекініс пен кедергіні жоюға әлі келетін Құдайдың құдіреті.

Тек Құдайдың құдіреті арқылы осы дәуірдің өтірігі мен Құдай туралы білімге қарсы көтерілген барлық нәрсені жоя аламыз. Тек Құдайдың көмегімен біз адамдардың күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындыра аламыз.⁸⁸ Үшіншіден, адамның ризалығына құл болмауымыз керек. Адамның мақұлдауын күтуді доғаруымыз керек. Ол бізді басқармасын. Құдайдың адамына лайық мақтаудан басқа барлық мақтауды менсінбеуіміз керек. Бұған қатысты Пауыл елші нақты нұсқау берген еді:

Қайта, барлық істе де Құдайдың қызметшілеріне лайық болуға ұмтылып, зор шыдамдылықпен азаптар, ауыртпалықтар және қиын-қыстау жағдайларды басымыздан өткіземіз. Біз ұрып-соғылып, түрмеге қамалып, қуғындалғанда, сондай-ақ, ауыр еңбек етіп, ұйқысыз түндер мен аш күндерді бастан кешкенде таза жүреміз. Түсінігіміз, төзімділігіміз және ақпейілділігімізбен бойымыздағы Киелі Рух арқылы адал сүйіспеншілік танытамыз; шындықтың хабарын уағыздап, Құдайдың құдіретін көрсетеміз. Осылай Оның қызметшілері екенімізді паш етеміз. Екі қолымызда ұстанған «қаруымыз» — әділдік. Бізді не құрметтеп, не қараласа да, не сөгіп, не мадақтаса да, не өтірікшілер десе де, бәрібір адалмыз. Танымал болмасақ та, бізді таниды. Өлгендер деп санаса да, міне, тіріміз. Бізді жазаласа да, өлген жоқпыз. Бізді ренжітеді, бірақ әрдайым қуаныштымыз. Кедей болсақ та, көптеген адамдарды байытамыз. Ештеңеміз жоқ болғанмен, бәріне де иеміз (Қор. 2-х. 6:4–10).

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ



Мәңгі Келісім

Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын.

— Еремия 32:40

Шынымен мәсіхші болсақ, жақын арада біздің қауіпсіздігіміз бен құтқарылуымызға сенімділігіміз екі бағанаға негізделгенін түсінеміз. Біріншісі – Құдайдың келісімге адалдығы, екіншісі – Құдайдың бізді құтқару жөніндегі кемелді жұмысы.¹ Шынайы сенуші өмірінің барысында құтқарылу — Құдайдан, рақымнан және Мәсіхтен екенін барған сайын тереңірек түсінеді. Біз Оны сүймесек те, Құдай бізді сүйді.² Біз Одан теріс қарасақ та, Ол бізге келді.³ Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх бізді Құдаймен татуластырыды.⁴ Жеңілістеріміз көп болса да, жүрегіміздің айыптары мен шайтанның бізге жапқан жаласы жетіп жатса да, Ол бізден теріс қарамайды.⁵

Құтқарылу тек рақым арқылы екенін түсінген рухани жетілген сенуші, «жақсы істерің көп, сондықтан құтқарылдың» немесе «өзің жақсы адамсың, сондықтан құтқарылдың» деген кез-келген ойға жол бермейді. Біреудің ол туралы тым көп, ал Мәсіх туралы тым аз ойлағаннан гөрі, өзінің ең үлкен жеңілістерінің әшкереленіп, әлемнің оған жек көрушілікпен қарағанын қалайды. Оның үстіне, Мәсіхтің

1 Мен, Жаратқан Ие, еш өзгермеймін, (Келісіміме адал болып қаламын). Сондықтан да сендер, уа, Жақыптың ұрпақтары, құрып кеткен жоқсыңдар» (Малахи 3:6). «Иса сірке суын сорғаннан кейін: «Енді түгел орындалды!» — деді де, басын иіп, жан тапсырды» (Жохан 19:30).

2 Жоханның 1-хаты 4:10

3 Жохан 3:19–20

4 Римдіктерге 5:6

5 Жоханның 1-хаты 3:20; Аян 12:10

аяғына әкелінген мақтаудан басқасының бәрін жаны жаратпайды.

Дәл осы себепті рухани жетілген мәсіхші адамзаттың азғындығын әшкерелейтін уағыздан сескенбейді. Адамдағы қара түнек неғұрлым анық көрінген сайын, Таңғы жарық жұлдыз, Мәсіхт жарқырап көрінетінін біледі.⁶

Рухани жетілген сенуші Құдайдың адамзатты құтқару үшін жасаған ерлігіне сүйсінеді және тек Мәсіх арқылы өзінің ақталғанын, Құдайдың қасиетті перзенті болғанын және ақыр заманда қауыммен бірге даңқа ие болуын мақтан тұтады.⁷ Оның жүрегі: «Мен болсам, Иеміз Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінен басқа еш нәрсеге де мақтанбай-ақ қояйын» және «Біздің емес, уа, Жаратқан, тек Сенің атың рақымың мен адалдығың үшін даңқталсын!» деп соғады (Ғал. 6:14; Заб. 113:9). Бұл шындық Пауылдың Філіпідегі қауымға жазған хатында таңғажайып айқындықпен баяндалған, онда елші шынайы мәсіхшіге қатысты қысқа және күшті сипаттамалардың бірін береді. Ол былай деген: «Біз — Құдайдың «рухани сүндеттелген» халқымыз! Құдайға Киелі Рухының көмегімен қызмет етіп, Мәсіх Исаны мақтан етеміз, әрі өз болмысымызға сүйенбейміз» (Філіп. 3:3).

Егер сенімге келудің қандай да бір ерекше дәлелі болса, ол мынада: шынайы сенуші Мәсіхтің тұлғасы мен ісін мақтайды және өзіне, өзінің істеріне ең кішкентай болса да сенім артпайды. Мәсіхті жақыннан танып білу үшін, сенім арқылы Құдайдың алдында ақталу үшін, ол Таурат заңын орындауға негізделген жеке басының ақталуына сүйенбейді және басқаның бәрін залал деп санайды.⁸ Оның зор қуанышы мен сенімді мойындауы «жалғыз сенім, жалғыз рақым, тек Иса Мәсіх, тек Құдайға алғыс!» болады.

Бұл шындықты асыра айту мүмкін емес. Мәсіхші рухани жетілген сайын, оның беделі төмендеп, Мәсіхтің беделі артады.⁹ Ол өзінің еңбегіне деген барлық үмітін тастап, басқаның кемелді және аяқталған ісіне сенеді. Ол өзіне үңілуден сенім таппайды, тек Мәсіхке көз тастайды. Жүк тиеген түйе иненің көзінен өте алмайды.¹⁰ Сол сияқты өзін-өзі ақтайтын адам да аспан Патшалығына кіре алмайды.

6 Петірдің 2-хаты 1:19; Аян 22:16; Малахи 4:2-ні де қараңыз; Лұқа 1:76–79

7 1-Қорынттықтарға 1:30

8 Філіпіліктерге 3:8–9

9 Жохан 3:30

10 Матай 19:24; Марқа 10:25; Лұқа 18:25

ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМГЕ АДАЛДЫҒЫ

Еремия 32:40 Құдайдың Өз халқымен мәңгілік келісім жасасу туралы уәдесінен басталады: Ол халықтан ешқашан теріс қарамай, оларға жақсылық жасауды тоқтапайды.

«Мәңгілік» термині үздіксіз, бітпейтін немесе аяқталмайтын нәрсені білдіретін еврей сөзінен аударылған.¹¹ Яғни, Құдайдың келісімге адалдығы мен мәңгі келісімнің салдары осы сөзден білінеді.¹² Сенушінің бүкіл өмірінің барысында, осы дәуірде қалған көптеген ұрпақтар кезінде және алдағы сансыз мәңгілік күндерде бұл жаңа келісімнің жарылқауы ешқашан жойылмайды. Мәсіхтің келуі кейінгі, соңы заманды бастады әрі Тауратта және Пайғамбарлар жазбаларында алдын ала айтылғандарды керемет түрде орындады.¹³ Құдай бүкіл әлемді: көк пен жердегінің барлығын да біріктіріп, Бастығы ретінде Мәсіхтің билігіне тапсыратын уақыт жетті.¹⁴ Дегенмен біз әлі тәніміздің өткіншіліктен азат болуын және барлық нәрсенің Мәсіхке бағынуын күтсек те, Құдайдың алдындағы қазіргі жағдайымыз кемелді екенін білеміз.¹⁵ Ол біздің Құдайымыз болды, ал біз Оның халқымыз. Тәңір Ие «бізді Мәсіх арқылы жарылқап, көктегі әр қилы рухани игіліктерді сыйлады» (Ефес. 1:3). Біздің рухани мәртебеміз түпкілікті, мәңгілік, өзгермейтін және қайтымсыз. Құдай Өзінің халқынан бас тартқаннан гөрі күн мен түн жайлы келісімін бұзып, аспан мен жерге бекіткен заңдарын өзгертуге дайын.¹⁶ Әйел өз сәбиін ұмытып, құрсағынан шыққан ұлын аямаған күнде, емізетін баласын ұмытып, құрсағындағы баласын аямаса да, Құдай бізді ұмытпайды: Ол есімімізді алақанына ойып жазып алды.¹⁷

Бұл нақты айтылмаса да, Еремия 32:40-тың қалай жазылғанына қарап, былай түюге болады: жаңа келісімнің бұзылмайтын және өзгермейтін табиғатына деген сенім Құдайдың мінсіз болмысына

11 Еврейше «олам».

12 «Matthew Henry's Commentary on the Whole Bible», Мэтью Генри (Лондон: Флеминг Х. Ревелл, жылы белгісіз), 4:616.

13 Ишая 2:2; Ошия 3:5; Матай 5:17; 11:13; Елшілердің істері 24:14; 28:23; Римдіктерге 3:21; Еврейлерге 1:2; Петірдің 2-хаты 3:3

14 Ефестіктерге 1:10

15 Римдіктерге 8:23; Ефестіктерге 1:14; 4:30; Філіпіліктерге 3:20–21; 1-Салоникалықтарға 1:10; Аян 21:1

16 Еремия 33:25–26

17 Ишая 49:14–16

негізделген. Еремия пайғамбар арқылы Құдай Өзін құтқарудың негізгі орындаушысы мен қозғаушысы ретінде көрсетеді. Біздің Онымен жаңа келісіміміз толығымен Оған тәуелді. Ол былай дейді: «Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын» (Ерм. 32:40). Осылайша, Құдайдың өз сөзінен жаңа келісім толығымен Оның адалдығына және уәде еткенін орындау күшіне негізделгенін білеміз.

Бұдан екі жақты қорытынды шығарамыз. Біріншіден, бұл Құдайды мадақтайды. Құтқару — басынан аяғына дейін Оның жұмысы, сондықтан істің орындалуы тек Жаратқан Иеге ғана даңқ әкеледі. Екіншіден, бұл Құдайдың халқына жұбаныш және олардың күш-қуатының негізі ретінде қызмет етеді. Құтқарылуымыздың ең кішкентай бөлігі болсын, бізге тәуелді болса, жүрегіміз үмітін жоғалтып, қалпына келмейтіндей әлсірейді. Дегенмен, келісім сәтсіздікті білмейтін Құдайға және құны шексіз өтеу жұмысына негізделгендіктен, мәңгілік.

Бұл келісімде рақым азырақ болса, арамыздағы ең жақсы кісілердің өзі үміттен күдер үзіп қалатын еді. Құтқарылу адамның ісінен болса және біздің ең жаман істеріміз жойылып, Құдайдың сотының алдында тек ең жақсы істеріміз көрсетілсе, ешкім құтқарылмайтын еді. Біздің ең әділ істеріміз лас шүберектей, оны Киелі жазбадан білеміз. Құдайдың жалындаған ақ әділдігі алдында бәріміз жапырақ сияқты құрап қалар едік, ал күнәларымыз бізді жел сияқты ұшырып алып кетер еді.¹⁸

Құдайдың Еремия пайғамбар арқылы айтқан осы уәдесі болмаса, жағдайымыз сұмдық, халымыз аянышты болатын еді. Мұны Киелі жазбаны аздап қана білетін мәсіхшінің өзі түсінеді. Жаратқан Иенің сөзі тура Өзі сияқты – адал және мызғымас. Ол уәде оны берген Құдай сияқты мәңгілік. Ол уәде бізді, сенушілерді, қабілетсіз болғанымызға қарамастан, Құдаймен мәңгілік және сөзсіз келісім жасасқанымызға сендіреді. Мұның бәрі Оның ісі, сондықтан бізде тек осы өмірде ғана емес, болашақта да үміт артар берік сөз бар. Осы себепті бәріміз бірауыздан рақым арқылы құтқарылғанымызды мойындаймыз. Ол

– біздің жетістігіміз емес, «өзім құтқарылдым» деп ешкім мақтана алмайды.¹⁹

Жаңа келісімнің мәңгілік және сөзсіз табиғатын сипаттау тек Еремия пайғамбармен шектелмейді. Ишая пайғамбар да ол туралы айтқан. Құдай өз халқына былай деді:

Маған жақындап, айтқандарыма құлақ түріңдер! Сонда шынайы өмірге ие боласыңдар. Сендермен мәңгілік Келісім жасамақпын. Кезінде Дәуітке уәде еткен мызғымас рақымымды енді өздеріңе көрсетпекпін (55:3).

Бұл үзіндіден былай түюге болады: Құдайдың өз халқымен жасайтын мәңгілік келісімінің негізі – Тәңір Иенің Дәуітке көрсеткен адал рақымы. Бұл сөз тіркесін түсіндіру біршама қиын болғанымен, ғалымдардың көпшілігі төмендегілермен келіседі. Біріншіден, Құдайдың Дәуітке көрсеткен мейірімінің ең үлкені — Мәсіхтің келетіні туралы уәде. Дәуіттің өзі дүниеден қайтып, оның ұрпағы күнә мен Құдайға қарсы бүліктің кесірінен құрып кетуге жақын болса да,²⁰ Құдай Дәуіттің құлаған ағашынан жас өскін шығатынын уәде етті.²¹ Ол өз халқын және Дәуіттің үйін қалпына келтіреді және сол кісі арқылы әулет қайта жаңғырып, мәңгілік патшалық құрады.²²

Сәйкесінше, Құдай дәл осы мызғымас рақымды ұмытпағандықтан, Өз халқымен мәңгілік келісім жасасты. Уақыты келгенде, біз әлсіз, күш-қуатсыз және Құдайсыз болған кезімізде, Мәсіх Дәуіттің ұрпағынан туды.²³ Ол біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін жаншылды әрі Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық.²⁴ Үшінші күні Құдай Оны қайта тірілтіп, өлім

19 Ефестіктерге 2:8–9

20 Патшалықтар 3-ж. 2:10; Елшілердің істері 2:29; 13:36. Мәсіхтің туылған кезінде Дәуіттің әулеті әлсірегені сонша, ол «құрғақ жер» (Ишая 53:2) және «кесілген ағаштың түбірі» деп аталды (Ишая 11:1).

21 Ишая 4:2; 11:1; Еремия 23:5; 33:15; Зәкәрия 3:8; 6:12

22 «Сенің үйің мен патшалығың Менің көз алдымда мәңгілікке нығаяды, ұрпақтарыңның патшалық тағы дәйім тұрақты болмақ» (Пат. 2-ж. 7:16). «Әулеті жалғасады шексіз уақытқа, Оның патшалық тағы Менің көз алдымда, Күн іспетті ол әрдайым бар болады да, Ай іспетті ол тұрақты болып орнайды, Аспандағы адал айғаққа ұқсайды» (Заб. 88:37-38). «Оған құдірет, салтанатты ұлылық және патшалық билік тапсырылды. Барлық халықтар, ұлттар және тілдердің адамдары Оған бой ұсынып құрмет көрсетуге тиіс болды. Ол ешқашан өшпейтін мәңгілік билік құрады, Оның патшалығы еш уақытта жойылмайды!» (Дан. 7:14).

23 Римдіктерге 1:3; 5:6; Фалаттықтарға 4:4; Ефестіктерге 2:12

24 . Ишая 53:5

тұзағынан босатты, өйткені Оған қарсы өлімнің күші болмады.²⁵ Содан кейін Ол көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасты.²⁶ Ол арқылы Дәуіттің құлаған киелі шатыры қайта тұрғызылды, осылайша бүкіл адамзат, Мәсіхтің меншігі болуға тағайындалған барлық басқа ұлттар да Оған жақындай алады.²⁷ Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, күнәларымыз кешірілді. Осылайша Құдай Өзінің шексіз зор рақымын терең даналығымен және түсінігімен бізге молынан жаудырды.²⁸

Дәуіттің қираған үйін жөндеуге адам баласының күші де, шеберлігі де жетпейтін кезде, Мәсіх келіп оны қалпына келтірді. Сол сияқты, Ол қираған және бейшара күйімізде келіп, бізбен еңбегімізге емес, Өзінің сан қырлы және сарқылмас мейіріміне қарай мәңгілік келісім жасады. Дәуіт сияқты, біздің құтқарылуымыз және әділ өміріміздің жалғасуы толығымен Құдайға және Мәсіхке байланысты. Бұл шындық өз-өзінен үміт таппайтындарға зор үміт әкеледі. Біздің жеңілістеріміз бен осал жақтарымыз сансыз болса да, қорықпаймыз, өйткені Құдай да, Мәсіх те бізбен жасасқан келісімді міндетті түрде орындайды.

Екіншіден, Құдайдың Дәуітке көрсеткен мызғымас рақымы оның қойшы баладан Исраил патшасына дейін көтерілуімен немесе үйінің Мәсіх арқылы мәңгілік бекітілуімен шектелмейді. Құдай сонымен қатар Дәуіттің опасыздығына және моральдық сәтсіздіктеріне қарамастан, оған деген рақымын тоқтатпайды. Дәуіттің барлық керемет қасиеттеріне қарамастан, ол да сіз бен біз сияқты пенде болды. Оның да күнәкар болмысының жетегінде кетіп, Құдайдың заңын бұзған сәттері болды.²⁹ Дәуіт бар күшімен Құдайға еріп, басқа патшалар сияқты жалған тәңірлерге табынбаса да, оның бізге белгілі күнәлары барып тұрған опасыздық еді. Дәуіт Ахимәлікке өтірік айтқандықтан, діни қызметкерлер қаласы Нобтың барлық тұрғындары семсерден қаза тапты.³⁰ Дәуіттің Барсабиямен азғындық қарым-қатынасының кесірінен, Барсабияның күйеуі Ұрия көз жұмды

25 Матай 16:21; Жохан 2:19–21; Елшілердің істері 2:24; 1-Қорынттықтарға 15:4

26 Марқа 16:19; Еврейлерге 1:3; 10:12; 12:2

27 Елшілердің істері 15:16–17

28 Ефестіктерге 1:7–8

29 Жақып 5:17

30 Патшалықтар 1-ж. 21:2–10; 22:9–19

және Дәуіт пен Барсабияның сәби ұлы қайтыс болды.³¹ Дәуіттің санақ жүргізгендегі тәкаппарлығынан елде үш күн індет билеп, Даннан Бер-Шебаға дейінгі аралықта жетпіс мың адам өлді.³² Сонда да, Дәуіттің күнәсіне қарамастан, Құдай оған және оның үйіне берген барлық уәдесін орындады. Дүние салар алдында Дәуіт соңғы рет мынадай өлең жазды:

«Мәңгі Келісім жасады Ол менімен
Барлық жағынан да толық реттелген.
Құдай бұл уәдесін нақты бекіткен» (Пат. 2-ж. 23:5).

Тағы да, Дәуітке көрсетілген рақым мен бізге жаңа келісімде көрсетілген рақым біздің керемет қасиеттеріміз бен жақсылығымызға сай емес, қайта Құдайымыздың Кім екеніне негізделген. Келісім «барлық жағынан да толық реттелген және бекітілген», өйткені оны бастайтын да, аяқтайтын да Құдай. Жаратқан Ие өзгермейді, демек, біз де құрып кетпейміз.³³

Ол бізге неге жақсылық жасайды? Біз оған лайықпыз деуге болмайды. Құдайдың ниеті тек Өзінің сүйіспеншілігі мен мейіріміне негізделген. Біздің Иса Мәсіхке сеніміміз арқылы, Оның рақымы бізге жайылады. Шын мәнінде, Дәуіттің забур жырларында көп рет айтылған Құдайдың рақымы тек Мәсіх және Оның құрбандығының арқасында мүмкін болды.

Құдайдың мәңгілік келісімі мен ондағы уәделердің арқасында мәсіхшілер еш күмәнданбай, берік сене алады. Мәсіхте Құдай әрқайсымызбен мәңгілік, өзгермейтін және бұзылмайтын келісім жасады, әрі Ол бізден бас тартпайды. Бұл ақиқат сеніммен ұштасып, арамыздағы ең жасқаншақ сенушілерге де үлкен үміт сыйлауы керек. Мұны біліп, арамыздағы ең әлсіздер ар-ұжданның тынымсыз айыптары мен шайтанның қатыгез жаласына тап болған кезде де, арыстандай батыл болу керек. Айыптаушы жеңілістерімізді санап, келісімнің күші жойылды деп бізді әлсіреткісі келгенде, біз Құдайдың адалдығына және Мәсіхтің біз үшін кемелді жұмысына үміт артамыз. Жау бізді құрту үшін келгенде, біз бірдей күшпен Мәсіхке жабысамыз.

31 Патшалықтар 2-ж. 11:2–5, 14–17; 12:15–18

32 Патшалықтар 2-ж. 24:2–17

33 Малахи 3:6

Үмітіміз Құдайдың адал мейірімділігіне негізделген мәңгілік келісімнен келеді, сондықтан біз қорықпаймыз да, тайсалмаймыз да. Ол бізге жақсылық жасау үшін бізден бас тартпайды!

МӘСІХШІНІҢ ҚҰДАЙҒА БАҒЫШТАЛҒАН ӨМІРІ

Біз осы уақытқа дейін қарастырған уәделер сенушілердің үмітінің үлкен негізі мен қайнар көзі болып табылады. Осыған қарамастан, бұл уәделер жиі қате түсіндіріледі: егер Құдай бізден бас тартпайтындай мәңгілік келісім жасасқан болса, біз Оның заңдарына және еркіне немқұрайлы қарасақ та, Оған қарсы шықсақ та, бәрібір Құдайдың құтқарылған халқы болып қала береміз бе? Рақым молая берсін деп күнә жасай береміз бе?³⁴ Мүлдем жоқ! Өз халқынан ешқашан бас тартпаймын деп уәде еткен Құдай халықының бойына Өзінен ешқашан бас тартпайтындай ететін дәріптеу мен құрметті дарытады. Жаратқан Ие Еремия пайғамбар арқылы былай деді: «Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын» (Ер. 32:40).

Бұл аятты дұрыс түсіну және қолдану үшін біз оның екі өзара тәуелді уәдеден тұратынын түсінуіміз керек. Тиынның екі жағы сияқты, бірі болмаса, екіншісі де жоқ.

Бірінші уәдесінде Құдай Өз халқымен олардан бас тартпайтынын айтып, оларға жақсылық жасау үшін мәңгілік келісім құратынын мәлім етті. Алайда, екінші уәдеде халық Тәңір Иеден теріс бұрылып, мәңгілік сенімсіздік пен бүлік күйіне түспеу үшін Құдай олардың жүрегіне терең қастерлеуді салатынын айтып отыр. Барлығымыз сан қилы жолмен сүрініп жатсақ та, кейбіреулеріміз бір мезгіл ауыр күнәға батуы мүмкін болса да, шынайы мәсіхшілер кейіннен қателіктеріне қатты өкініп, сеніммен Құдайға қайтып оралады.³⁵ Олар алған бағытынан кері қайтып, жойылуға қайта орала алмайды.³⁶ Қауым тарихындағы ең ірі конфессиялар осы тамаша шындықпен келіседі:

34 Римдіктерге 6:1

35 Жақып 3:2

36 Еврейлерге 10:39

Сондай-ақ олар [мәсіхшілер] шайтанның және дүниенің азғыруынан, бойындағы бұзылудың басым болуынан, өздерін қасиетті күйде сақтайтын амалдарға немұқрайлы қарағаннан ауыр күнәларға бой алдырып жатады. Бұл белгілі бір уақытқа жалғасуы мүмкін. Осы кезде олар Құдайдың наразылығын туыдырып, Оның Киелі Рұхын ренжітеді. Сенушілер ретінде өздеріне берілген рақым мен жұбанышты қиратады. Олардың жүректері қатайтылып, ар-ұждандары жараланады. Олар бауырластарының көңілін қалдырып, өздеріне уақытша үкім шығарады. Бірақ [осының бәріне қарамастан] олар [уақыт өте келе] күнәға өкініп, Иса Мәсіхке деген сенім арқылы соңына дейін сақталып қалады.³⁷

Адамның сенімге келуі, бәлкім, Құдайдың ғаламдағы құдіретінің ең керемет көрінісі шығар. Ол жеке адамның шешімін қажет етсе де, бұл ең алдымен басынан аяғына дейін Құдайдың ісі. Құдайға бет бұрғанда, адамның жүрегі жаңарып, түрленеді, осылайша ол жаңа жаратылысқа айналады.³⁸ Бұл жай әдеби әсерлеу әдісі немесе көркем сөз үшін айтылған метафора не поэзия емес, оны сөзбе-сөз қабылдау керек. Киелі Рұхтың жаңарту жұмысы арқылы адамға жаңа, әділ болмыс беріледі. Бұл жаңа болмыстың ынталары мен ұмтылыстары мүлдем жаңа. Енді адам Құдайдан алыстауға, әлеммен достыққа немесе күнә жасауға шыдай алмайды.³⁹ Ол адасып кетсе де, ұзақ адасып жүре алмайды. Ішкі және сыртқы күштер оны Құдайға қайта оралуға мәжбүр етеді. Жаңа болмысы оның күнәсінен жиреніп, тыйым салынған ет тістерінің арасында тұрғанда да адамның өзіне күнәні жиіркенішті етеді.⁴⁰

Бойындағы Киелі Рух оның күнәсін әшкерелеп, Құдай кешіреді, қайта қалпына келтіреді деген үмітін жаңартады.⁴¹ Иса Мәсіх оны іздеп тауып, фолғотадағы құрбандық арқылы паш етілген шексіз

37 «Westminster Confession of Faith» және 1689 жылғы «London Baptist Confession of Faith», 17-тауар, «The Perseverance of the Saints». Жақшадағы сөздер Metropolitan Tabernacle of London қауымының бағушысы Питер Мастерстің қосқаны.

38 2-Қорынттықтарға 5:17

39 «Рухани мағынада Құдайдан туғандар күнә жасай бермейді, себебі олардың бойында Құдай сыйлаған жаңа өмір қала береді. Осылайша олар Құдайдан туғандықтан күнә жасауларын жалғастыра алмайды» (Жоханның 1-хаты 3:9).

40 Руларды санау 11:33

41 Ишая 55:6–13; 57:16–19; Жохан 16:8; Еврейлерге 4:15–16

сүйіспеншілік арқылы Өзіне тартады.⁴² Құдай Өке керемет даналықпен оны Өзіне қаратып, баласын жақсы көретін әкедей оны тәрбиелейді. Ол адасқан перзентін жойылу жолынан қайтарып, Тәңір Иені терең қастерлеуді үйретеді әрі Өзі қасиетті болғандай, сүйікті баласын да қасиетті етеді.⁴³ Осы себепті, шынайы мәсіхші жойылып Құдайдан біржола теріс қарамайды не құртылуға соңына дейін бармайды. Ол тек сенімде ғана емес, сонымен бірге жеке әділдікке апаратын қасиеттілікте де соңына дейін табанды болады. Өзінде игі ісін бастаған Құдай оны Иса Мәсіх қайта оралар күніне толықтай аяқтайды.⁴⁴

Жаңа келісімнің уәделерінде Құдай Өз халқы үшін не істейтінін ғана емес, сонымен бірге олардың *ішкі жан-дүниесінде* не істейтінін де айтқан, осыны түсіну маңызды. Мәсіхтің біз үшін жасаған өтеу ісі жаңа келісімнің негізі болып табылады және біздің ойларымыз бен адалдығымызда әрқашан басым болуы керек. Біздегі Киелі Рухтың қалпына келтіру жұмысы мұнымен бірдей маңызды. Жаңа келісімнің даңқы мынада: Құдай Өз халқын күнәнің үкімінен азат етіп қана қоймайды, сонымен бірге бізді оның күшінен де босатады. Біріншісі айқыштағы құрбандық арқылы іске асты. Екіншісі Құдайдың жаңа келісімдегі халқының әрбір мүшесін түбегейлі өзгертетін, рухани қайта тудыратын Киелі Рухтың жаңарту жұмысы арқылы орындалады. Нәтижесінде олар Құдаймен *заңды* түрде татуласып қана қоймай, сонымен бірге өздерін Құдайға адалдықпен *бағыштайды*. Демек, олар шын мәнінде Оның халқы, ал Ол шын мәнінде олардың Құдайы.⁴⁵

Бұл жерде тағы да атап өтуіміз керек, бұл уәделер әр сенушінің өміріндегі күнәға қарсы күресті жоққа шығармайды. Тіпті рухани ең жетілген сенушінің өзі үнемі сақ болып, киелілік үшін арпалысады. Соған қарамастан, Ізгі хабарға адал болу үшін «біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам» деген шындықты ұмытпайық.⁴⁶ Жаңа адам Құдайдан ешқашан теріс бұрылмайтындай Құдайға шөлікпейді, Құдай туралы шынайы білімге ие болады және Құдайды терең қастерлейді.

42 Лұқа 19:10; 15:4–7, 8–10; Римдіктерге 5:8–10; Жоханның 1-хаты 4:9–10

43 Еврейлерге 12:10

44 Філіпіліктерге 1:6

45 Еремия 31:33; Езекиел 36:28

46 2-Қорынттықтарға 5:17

Арамыздағы ең мықтыларымыз көп сүрініп құласа да, ең әлсізіміз де Құдайдан тым ұзаққа теріс қарамайды не біржола жолдан таймайды.⁴⁷ Дұрыс жолдан адаспаймыз, себебі адаса алмаймыз. Адаса алмаймыз, өйткені біз – енді Құдайдың нұрынсыз өмір сүре алмайтын, не осы дәуірдің қараңғылығы мен ластануына төзе алмайтын жаңа жаратылыспыз.

Осы ақиқаттарды естесектесек, сенушінің Құдайға ұнамды өмір сүруі – шынайы бетбұрыстың дәлелі болып табылатыны анық. Шынымен рухани қайта туылғандар ақырына дейін үмітпен Құдайдың қолынан ұстап тұрады. Оның үстіне, оларда мойынсұнушылыққа әкелетін Құдайға деген шынайы құрмет болады. Керісінше, жүректерінде мұндай тұрақты құрмет жоқ адамдар келісімдегі өз үлесіне сене алмайды. Өздерін Мәсіхтікіміз дейтін, бірақ сенімде, қасиеттілікте және Иемізді қастерлеуде табандылық танытпайтындар келісімге үміт арта алмайды. Шуахтық Билдад айтқандай: «[Арсыздардың] сенім артқандары әлсіз де үзілгіш, сүйенгендері өрмекшінің торындай сенімсіз» (Әйүп 8:14).

Жаңа келісімнің ақиқаттары «құтқарылдық» деп мақтанатын және Сионда бейқам тұрып жатқан рухани өлі және салғырт қауым мүшелеріне үлкен ескерту ретінде қызмет етеді.⁴⁸ Олар Құдай өз халқынан ешқашан бас тартпайтынына сенулері дұрыс, бірақ өмірлері сенімдеріне қайшы келсе, олар өздерінің Құдайдың халқына жататынында қателеседі. Құдайдың оларды шақырып, таңдап алғанын олар өз өмірлерімен нық бекіту керек әрі өздерінің сенім жолында жүрген-жүрмегендерін тексеру керек.⁴⁹ Бұл өте маңызды ескертулер. Оларда Құдайды терең қастерлеудің белгілері байқалмаса, онда қанша жерден «Мәсіхке сенемін» десе де, олар шынымен Құдайдың халқы екеніне де дәлел аз. Құдайдың бізбен мәңгілік келісім жасасқанына дәлел — Тәңір Иенің жүрегімізді жаңартып, Оған деген үлкен құрмет бергені. Жаратқан Иенің адамдары осымен ерекшеленеді, мұны Киелі кітап та растайды. Осы екі белгі адамның өмірінен нақты, тұрақты түрде көрінсе, ол шынымен Құдайға бет бұрғаны.

47 Жақып 3:2

48 «Әй, Сион тауында бейқам тұрып жатқан және өздерін Самария тауында қауіпсіз сезінетіндер, сендер қасіретке қаласыңдар!» (Амос 6:1).

49 Петірдің 2-хаты 1:10; 2-Қорынттықтарға 13:5; Петірдің 2-хаты 1:10

Қазіргі батыс мәсіхшілік қауымда Ізгі хабар таратуға, сенімге келуге және құтқарылудың бұлтартпайтын дәлеліне қатысты айтылатын және қолданысқа түсетін заттардың көбісі Киелі жазбаға қарама-қайшы. Киелі кітаптың жаңа келісім, қайта туылу және Құдай мен құтқарылу туралы үйрететіні бір басқа, қауымдарда айтылып жатқан нәрсе бір басқа, өкінішке орай. Дәл осыған байланысты Еремия 32:40-тағы ақиқат өте маңызды. Құдай Өзі құтқарғандарынан ешқашан бет бұрмауға уәде берді. Дегенмен, Тәңір Ие сондай-ақ құтқарылғандар Өзінен ешқашан бас тартпау үшін олардың жүректеріне Құдайды терең қастерлеуді дарытуға уәде берді. Құдаймен жаңа келісімге түскенімізді қайдан білеміз? Баяғыда бір рет дұға еткеннен бе? Жұрт алдында «Мәсікке сенемін» дегеннен бе? Жоқ, әрине. Құдайды терең қастерлеп, барған сайын көбірек дәріптегеннен білеміз. Құдайға деген құрметіміздің салдарынан өміріміздің қасиетті болуынан білеміз. Қорытындылай келе, жаңару нәтижесінде киелі болуымыз сенім нәтижесінде ақталғанымыздың дәлелі!

Тарауды аяқтамас бұрын, мынаны еске салғым келеді. Еремия 32:40-тағы соңғы уәде — ескі болмысына еретін қауым мүшесіне ескерту ғана емес, сонымен бірге ол құтқарылатынына күмәндана бастаған шынайы сенушіге жұбаныш пен жігер береді. Жүректің айыптауынан, шайтанның жала жабуынан ең мықты сенушілер де әлсіреп жатады, бірақ Құдайдың сөзі бәрімізге күш берсін.⁵⁰ Төмендегі мысал осыны түсінуге және қолдануға көмектеседі.

Өмірінде шынайы бет бұрыстың дәлелі бар, бірақ құтқарылғанында сенімі жоқ болғаннан қиналып жүрген жас жігітті елестетіп көріңізші. Бірнеше бағушылармен жиі және ұзақ кеңескеннен кейін де, ол үмітке негіз таппайды. Жау оны ұрып-соғып, күнәларын ұлғайтып көрсеткені сонша, жігіт рақымның құдіретін көрмей қалған. Бір күні басқа қаладан келген қызметкер жігіттің қауымында уағыз айтады. Жиналыстан соң, сенуші онымен оңаша сөйлесіп, уайымын бөліседі. Жігіттің әңгімесін бір сағатқа жуық тыңдағаннан кейін қызметкер жас сенушінің бұл мәселеге қатысты жақсы кеңес алғанын, бірақ іс жүзінде мәселе шешілмегенін түсінеді. Сондықтан ол жігітке мынадай кеңес береді: «Мәсіх пен Оның Ізгі хабары сені үмітсіздік

50 Жоханның 1-хаты 3:19–20

пен қайғы-қасіреттің шұңқырына тастаған көрінеді. Былай істеп көр. Уайым мен мұңның бәрін ұмытып, Мәсіхті тастап кет. Өзіңді тежемей, қалағаныңша күнә жаса. Тым болмаса, ескі болмысқа еркіндік берсең, бір мезгіл қуанарсың. Немесе, күнәнің кесірінен жүрегің тасқа айналып, болашақ сотты ұмытарсың».

Жас жігіт уағыздаушының жауабына таң қалып: «Оны істей алмаймын» деп жауап береді.

Қызметкер жігітке ес жиғызбай: «Неге болмаса? Құтқарылғаныңа үмітің жоқ, күнәмен күресемін деп тек қиналып жүрсің. Мәсіхтен неге қашып кеткің келмейді?» деп жалғастырады.

Бұған жас мәсіхші: «Мәсіхтен қаша алмаймын, өйткені құтқарылу тек жалғыз Мәсіхте. Күнәларым мені мың рет жеңсе де, соған қарай жүгіріп, азғындыққа батқым келмейді, өйткені оны жек көремін. Құдайдан теріс бұрыла алмаймын, өйткені тек Тәңір Иемді дәріптеймін» деп нық жауап береді.

Сол кезде қызметкер жігітке қарап, Еремия 32:40-тағы сөздерді келтіреді: «Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын».

Сол кезде жас жігіттің көзі жайнап кетеді. Ол таңданып былай дейді: «Ол мені бірінші сүймесе, мен Оны қалай сүйе аламын? Ол менің жүрегімді жаңартпаса, мен күнәні қалай жек көремін? Ол жүрегіме терең қастерлеу бермесе, мен Оны қалай қастерлей аламын?». Өңгіменің аяғында жас жігіт үлкен сенімділік пен қуанышпен қайтады.

Құдайдың құдіреті мен адалдығы шынайы сенушінің құтқарады және өмір бақи сақтайды. Осы себепті, арамыздағы ең әлсізіміз Құдайдың бізге әрдайым жақсылық жасайтынына, бізден ешқашан бас тартпайтынына нық сене алады. Дегенмен, дәл сол дәрежеде жаңа келісімдегі шынайы бетбұрыс пен қарым-қатынастың дәлелі — адамның Құдайдан ешқашан толықтай бас тартпайтыны және күнәға біржола беріліп кетпейтіні. Осыған әрдайым берік сеніп, үнемі айтып отыруымыз керек. Жаңа келісімде көрініс табатын Құдайдың рақымы немқұрайлы көзқарасқа немесе жалқаулыққа әкелмейді, керісінше ол мәсіхшіні ұлғайып отыратын бағышталғандыққа және зор еңбекқорлыққа итермелейді. Бұл нәтижеге біз адамдардың күшіне

сенгендіктен емес, Құдайдың құтқарудағы мақсаты мен құдіретін түсінгендіктен сенімді бола аламыз. Өз халқында игі іс бастаған Құдай оны Иса Мәсіхтің қайта оралатын күніне дейін аяқтайды. Ол бізге Өзінің бұйрықтарын орындаудан, Өзіне жақын болудан ляззат алатын жаңа жүрек сыйлады.⁵¹ Біздің бойымызда бізге бағыт-бағдар беріп, күш-қуат дарытатын Оның Киелі Рухы бар.⁵² Құдайдың заңдары жүрегімізге жазылған, әрі жанымызда Оны терең қастерлеу бар, осының арқасында біз Одан кері бұрылып кетпейміз.⁵³ Ол біздің Құдайымыз, ал біз Оның халқымыз.⁵⁴

51 Езекиел 36:26

52 Езекиел 36:27

53 Еремия 31:33; 32:40

54 Еремия 31:33; 32:38; Езекиел 36:28

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ



Құдайдың халқына деген ізгілігі

Халқыммен мәңгілік Келісім жасап, оларға жақсылық жасауымды тоқтатпаймын. Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын. Мен оларға шаттана жақсылық жасап, оларды осы елде шын жүректен, бүкіл жан дүниеммен қайтадан берік орналастырамын.

— Еремия 32:40-41

Жоғарыдағы үзіндіден үш маңызды шындықты білдік. Біріншіден, Мәсіхтің өтеу ісі арқылы Құдай Өз халқымен мәңгілік және өзгермейтін келісім жасады — Тәңір Ие оларға жақсылық жасауды тоқтатпайды, әрі олардан бас тартпайды. Екіншіден, Киелі Рухтың жаңарту жұмысы арқылы Ол халқының Өзіне жақын болуға, Өзінің еркін орындауға деген бейімділігін орнатты: Құдайдың адамдары Оны терең қастерлейді және Одан теріс айналмайды. Үшіншіден, Өзі мен халқының арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіргеннен кейін, Ол ең жоғарғы дәрежедегі жақындық пен көктің жарылқауына жол ашты. Адам ата күнә жасағаннан бері Құдай мен Оның халқының арасында бөгет болғанның бәрі жойылды. Мәсіхтің құтқару ісі арқылы күнә жазаланды, әділдік қанағаттандырылды және бізге Құдайдың алдында мінсіз, кіршіксіз таза мәртебе берілді. Рухтың жаңарту жұмысы дұшпан жүректі жойып, күнәнің күшін жойды және Құдай халқына жаңа жүрек берді, осылайша олар жаңаша өмір сүре алады.¹ Демек, Құдай енді Өз халқының құтқарылғанына қуанып, дүниенің негізі қаланғанға дейін-ақ олар үшін белгілеген жоспарларын орындай алады: «Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет

¹ Римдіктерге 6:4

емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие» (Ер. 29:11).

ҚҰДАЙДЫҢ ҚУАНЫШЫ

Көне өсиет жазбаларында Құдай кейді антропоморфты түрде² сөйлеп, Өз халқының ұдайы қарсыластығына бола мұңайып, қайғырғанын айтады. Адамзат тарихының ең алғашқы кезеңдерінде Жаратқан Ие «жер бетінде жаратып шығарған адамдардың осындай күнәлі болып кеткеніне қайғырып, қасірет шекті» деп жазылған (Жар. 6:6). Забур жыршысы Құдай Исраил халқын Мысырдың құлдығынан құтқара салысымен, олар «Қанша рет иен түзде бас көтерді, Айдалада Оны қапаландырды!» деп хабарлайды (Заб. 77:40). Сондықтан қырық жыл бойы Тәңір Ие бұл ұрпаққа қаһарланып, жүрек қалаулары теріс екенін, берген тағылымды қабылдамағанын айтқан.³ Пайғамбарлар жазбаларында оқитынымыз бұдан да анық. Езекиел арқылы Құдай Өзінен сырт бұрылған опасыз жүректері және тәңірсымақтарына құштарлана қараған көздеріне қайғырғанын айтты.⁴ Ишая пайғамбар арқылы Ол халықтың Өзіне сиынбағанын, Оны күнәларымен қинап, әділетсіз істерімен ауыртпалық салғандарын айтты.⁵ Амос кітабынан Исраилдің азғындықтары мен Құдайдың сөзін тыңдаудан бас тартуына бола Жаратқан Ие былай дегенін оқимыз: «Біліп қойыңдар, егін баулары мол артылған арбаның жерге қарай шөгетіні сияқты, енді Мен де сендерге ауыртпалықты молынан түсіремін!» (2:13). Ақырында, Көне өсиеттің аяғына қарай Құдай Малахи пайғамбар арқылы Исраил «айтқан сөздерімен ауыртпалық түсіргені» сонша, құрбандық үстелінде бекерге от жағылмау үшін Ол «ғибадатхананың қақпаларын бекітіп қоятын» біреуді күтті (Мал. 2:17; 1:10).

Құдай Исраилді Мысырдың темір балқытатын пешінен босатып, Синай тауында олармен келісім жасады.⁶ Жер бетіндегі барлық халықтардың арасынан Ол Исраил халқын Өзінің меншігі болуға

2 Құдай антропоморфты түрде сөйлегенде, адами тұрғыдан сөйлейді. Мысалы, Жаратқан Ие құдіретті күшті және шаршауы мүмкін емес. Алайда, Ол халықтың барып тұрған күнәларын көрсету үшін Өзінің шаршағанын айтуы мүмкін.

3 Забур 94:10

4 Езекиел 6:9

5 Ишая 43:22–24

6 Мысырдан шығу 19:5; Заңды қайталау 4:20

таңдап алған. Олар Жаратқан Иеге бағышталған қасиетті халық болуылары керек еді.⁷

Алайда оларға белгіленген керемет рөлге қарамастан, халықтың басым көпшілігі жүректері жаңармаған, Құдайдың бұйрықтарына өшпенді және пұтқа табынушылық пен азғындық атаулыға бейім адамдар болды. Бір сөзбен айтқанда, Құдайдың қазынасы Өзін мезі қылған ауыртпалыққа айналды.⁸

Адамзатқа қарсы осы қорқынышты айыптауларды білсек қана, жаңа келісім күші мен ұлылығына көзіміз жетеді. Мәсіхтің өтеу ісі және Киелі Рухтың жаңарту жұмысы арқылы Құдай Өзіне арнап ерекше халық жаратты. Енді Тәңір Ие оларға сан алуан жақсылықты өлшеусіз үйіп-төгуден зор қуаныш ала алады. Оның *біздегі* жұмысының арқасында біз Онымен нағыз *жақтас* бола аламыз.⁹

Еремия 32:41-де мағынасы толық ашылмағанымен, «шаттана жақсылық жасап» деген тіркес үйлену тойының алдында келіннің бөлмесіндегі кедергісіз шексіз қуанышты білдіреді. Бұл ой Ишаяның жазбасындағы үзіндіге ұқсас: «Күйеу жігіттің қалыңдығына қуанатынындай, Құдайың да саған шаттанатын болады» (62:5). Күйеу жігіт өзін-өзі қалыңдығына шектеусіз, өз еркімен, зор қуанышпен арнағанындай, Құдай да Өз халқына Өзін олардың игілігі үшін береді. Құдайдың бізбен қарым-қатынасында еш сараңдық, тапшылық, бақылдық жоқ. Бізді жарылқағанда, Ол оны өткенде берген уәдесін үшін қынжылып істемейді. Бізге игіліктерін бергенде, Ол оны бұрынғы келісімнің міндеттемесі амал қалдырмағаннан бермейді. Керісінше, Ол қуанышпен, шаттықпен, еш жазғырмай, жомарттықпен береді.¹⁰

Бұл әр сенушінің жүрегінде анық болуы керек: Құдай біз үшін Ізгі Құдай және бізге жақсылық жасауды ұнатады. Дегенмен, қазір Құдай бізге бергісі келетін бұл жақсылықтың нақты сипатын анықтауымыз керек. Жаңа өсиетте жазылғанды ескерсек, Құдай бізге үздіксіз өркендеу мен жеңіл өмір сыйлағаннан қуаныш табады дей алмаймыз. Сонымен қатар, бұл Оның бізді қашан да сынақтардан, қайғы-қасіреттен немесе тіпті үлкен азаптан өткізгісі келетенін білдірмейді.

7 Заңды қайталау 7:6

8 Ишая 1:14

9 Римдіктерге 8:31

10 Жақып 1:5

Құдайдың бізге қандай жақсылық жасап шаттанатыны Пауылдың Римдегі қауымға жазғанынан анық көрінеді: «Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді өз мақсатына сай таңдап алды. Құдай алдын ала білетін біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсасын, осылайша рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді» (Рим. 8:28–29).

Бұл аятта Құдай бізге жақсылықты уәде етті де, бұл жақсылықтың не екенін нақты айтты да. Ол Мәсіхтің бейнесіне сай болуымыз үшін біздің өмірімізде бәрін істеуге уәде берді. Бұл мәселеде Ол үшін тым ұсақ не тым ірі зат жоқ. Ұлының өлімі арқылы бізді Өзімен татуластырған Құдай енді бізді Өзіне ұқсатқанына қуанады. Бұл мәсіхші өміріндегі *sumtum bonum*, яғни ең үлкен жақсылық. Бұл өмірде болатын ең жоғары мақсат және бәрінен ерекше артықшылық. Мәсіхшілік өмірдегі барлық басқа жақсылықтар соған негізделеді және одан шығады.

Бұл шындықты түсіну үшін адамзаттың барлық қиындығы мен азабы моральдық бұзылудан туындайтынын есте ұстауымыз керек. Құдайдан теріс қарағанымыз қазіргі құлдыраған дәуірдің барлық дертіне себепші болды. Осы өмірдегі немесе келер өмірдегі жақсылықтың бәрі тек бір жолмен іске аса алады. Бұл мүмкін болатын ең жоғары стандартқа, яғни Мәсіхтің Өзіне сәйкес болып түрленуімізде. Басқа ешбір тәсіл жоқ. Азғын жаратылысқа мінсіз әлем берілсе де, ол тез арада бұзылып, шіріп кетеді. Жұмақты Мәсіхке ұқсамайтын адамдар мекендесе, ол көп ұзамай тозаққа айналады. Осы себепті Құдай бізді Өзінің Ұлының бейнесіне сәйкестендіріп, осындай түрленудің нәтижесінде пайда болатын барлық игіліктермен жарылқай алатынына қуанады. Біз Оның ерекше жаратылысымыз,¹¹ және Ол бізге жақсылық жасауды тоқтатпайды, өйткені Ол бізді «добал күйден» Өзінің Ұлы Иса Мәсіхтің керемет бейнесіне айналдыруға тырысады.¹² Забур жыршысы былай деп жазған:

11 Ефестіктерге 2:10

12 Пішіні келтірілмеген, өңделмеген, табиғи күйіндегі тас немесе ағаш «добал күйінде» делінеді. Оны ұста құралымен керегінше пішімдейді.

«Жаратқан Ием рақым мен ұлылық сыйлайды,
Ол тура жолменен жүретін адамдарды
Сыйлайтын игіліктерінен құр қалдырмайды» (83:12).

БЕРІК ОРНАЛАСТЫРУ

Бір нәрсеге қуану немесе оны қалау бір нәрсе, бірақ оны жасауға қабілет немесе күшке ие болу мүлдем басқа нәрсе. Кедей адам баласына жақсылық жасаудан шаттанып, бар күш-жігерін салып жұмыс істей алады. Алайда табиғи шектеулер оған еркінен тыс кедергі келтіруі мүмкін. Ақырында оның барлық талпынысы нәтижесіз болып, баласының көңілі қалады. Көбінесе бұл тамаша мақсатқа жету үшін бар күшін салып жұмыс істейтін, бірақ сонда да сәтсіздікке ұшырайтын ер адамдарда жиі кездеседі. Алайда, Құдайдың жағдайында бұл ешқашан болмайды. Ол — «Жаратқан Ие, күллі адамзат атаулының Құдайымы» (Ерм. 32:27). Ол аспан мен жерді Өзінің ғаламат құдіретімен және алға созылған қолымен жаратты. Оның қолынан келмейтін іс, Ол істей алмайтын тым қиын нәрсе жоқ.¹³ Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды.¹⁴ Оның мақсаты міндетті түрде орындалады және Ол Өзіне ұнайтындардың бәрін іске асыратын болады.¹⁵

Дәуіт забур жырларында жазғандай «Жаратқанның жоспары мәңгі берік тұрады, Бар ұрпақтарға ниеті нық сақталады» (33:11).

Дәлосыақиқаттарды берікіретасретіндеалып, бізҚұдайдыңберген уәдесін былай түйе аламыз: «оларды осы елде нық орналастырамын». Құдайдың жер аударылған халқы Исраилге деген адалдығы олардың қасарысқаннан жер-жерге шашырап кеткен елдерінен жинап алып, өздеріне әу бастан берілген елге әкелетіні туралы уәдесінде көрінеді.¹⁶ Жаңа келісімде, бұл уәде сенушінің Мәсіхке сәйкес келуі және көктегі түпкілікті даңққа ие болуында орындалады. Құдай жер аударылған халқын өз еліне қайтару үшін басқа халықтарды көшірді. Тура солай, бізді Өз Ұлының бейнесіне ұқсату үшін және бізді даңққа жеткізу

13 Жаратылыстың басталуы 18:14; Еремия 32:17

14 Ефестіктерге 1:11

15 Ишая 46:9–10

16 Езекиел 36:24

үшін аспан мен жерді жылжытуға Құдайдың құдіреті де, адалдығы да жетеді. Бұл Пауылдың Філіпіліктерге жазған хатындағы жігер берудің негізі болды: «Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін» (Філіп. 1:6).

Әлемді басқаратын, электронды ядросының айналасында қозғалтатын, патшаның жүрегін қалаған жағына бағыттайтын, тұтас халықтарды орнатып, нығайтатын да, түп-тамырымен жұлып алатын да Құдай бізге жақсылық жасаймын деп шешті әрі әлем жаратылмас бұрын өзімізге арналған жерге бізді жеткізеді.¹⁷ Біз – әкесінің орындалмаған уәделерінен көңілі қалған бала емеспіз, бізде ерекше игілікті уәделерге негізделген өшпес үміт бар.¹⁸ Құдайымыз бізді күнәнің үкімінен босату үшін сөзін орындап қана қоймай, сонымен қатар «сені күнәнің күшінен босатамын» деген уәдесін орындау үшін де әрекет етеді. Бізді Өзінің сүйікті Ұлының бейнесіне ұқсатып түрлендіру үшін Оның жұмыс істейтініне және ол жұмысты соңына дейін жеткізетініне бізге кепілдік берілген. Тәңір Ие рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасында тұңғышы ретінде оларды бауырластарым деуден ұялмасын деп бұрыннан белгілеп қойған еді.¹⁹

Мәсіхтегі Құдай біздің құтқарылуымыздың авторы ғана емес, сонымен қатар оны аяқтаушы.²⁰

Сондықтан киелі болуға жол беру, не оны болдырмау мәсіхшінің өміріндегі ол өзі таңдай алатын зат емес. Бұл Құдайдың даналығы басқаратын, құтқарудың белгілі және міндетті аспектісі. Сенушіні ақтап алып, оған болашақ даңқ туралы берік уәдесін берген Құдай оны ақырғы күнге дейін қасиетті етеді. Мәсіхке сенетін адам ақталатынына сенімді бола ала ма? Әрине! Құдайға бет бұрып, ақталған адам болашақ даңққа сенімді бола ала ма? Әрине! Сенімі арқылы құтқарылған адам Құдай оны өмір бойы киелі ететініне сенімді бола ала ма? Әрине! Еврейлерге арналған хатта Пауыл былай жазған:

Көріп жатқан азаптарыңа тәрбие ретінде шыдаңдар.
Құдай сендерге рухани баласына қарағандай қарайды.

17 Нақыл сөздер 21:1; Еремия 18:7–10

18 Еврейлерге 8:6

19 Римдіктерге 8:29; Еврейлерге 2:11–12

20 Еврейлерге 2:10; 12:2

Әкесі түзетпейтін бала бола ма? *Барлық сенушілер де соны бастарынан өткізеді. Егер сендер осылай тәрбиеленбесеңдер, онда Оның шынайы рухани балалары болмағандарың.* Туған әке-шешелеріміз бізді тәрбиеледі, біз оларды қастерлеп, сыйлап келеміз. Ендеше шынайы өмірге ие болу үшін көктегі рухани Әкемізге одан бетер мойынсұнуымыз керек емес пе? Әке-шешелеріміз өз пайымдауларында шектеулі уақыт аралығында жазалап та тәрбиелесе, Құдай бізді нағыз игілігіміз үшін басымызға қиыншылықтар тұғызып тәрбиелейді. Осылайша Өзінің қасиетті болғанындай бізді де қасиетті етуді көздейді. Кезінде әрбір жаза қуаныш емес, реніш тұғызады. Ал соны басынан өткізіп тәрбиеленгенге ол кейінірек әділдік пен тыныштықтың игілікті жемісін береді (Евр. 12:7–11, курсив автордыкі).

Құдай халқын өздеріне тағайындалған елге берік орналастырып, оларда бастаған жұмысын аяқтайды. Оның жиі қиын болатын, бірақ әрқашан игі мақсаты бар тәрбиесі осы жұмысты жүзеге асырады. Шындығында, құтқарылудың ең үлкен дәлелдерінің бірі — Құдайдың біздің өміріміздегі тәрбиесі, сонда біз Оның киелілігіне ортақтасып, әділдіктің пен тыныштықтың жемісін көреміз. Дәл осындай дәрежеде, жалған сенімнің немесе «сенемін» деп бос айтылған сөздің ең үлкен дәлелдерінің бірі — адамның мәсіхшілік дінін ұстануы, бірақ оның өмірінде Құдайдың қасиетті ету жұмысының болмауы. Ол күнә жасап өмір сүре береді және әділдікке салғырт қарайды, бірақ сонда да Құдайдың тәртіпке салуынан зардап шекпейді.²¹ Құдай өз балаларының күнәға тежеусіз, ұстамсыз батып кетуіне жол беретін немқұрайлы әке емес. Ол өз балаларын жаратып қана қоймай, сонымен қатар оларға үлкен қамқорлықпен қарайды. Ол бұзықтық жасаған баласына жазасын тартқызады және оны барынша ыждағаттылықпен тәбиелеу арқылы сүйіспеншілігін көрсетеді.²²

21 «Тәрбие» сөзі «пайдеуо» деген грек сөзінен аударылған. Оның мағынасы – жаттықтыру, нұсқау беру және түзету. «Жазалау» сөзі грекше «мастигу» сөзінен аударылған. Ол «қамшымен ұру немесе сабалау» дегенді білдіреді. Мұндай жазаның ауырлығын Матай 10:17, 20:19, және 23:34-те көре аламыз. Дональд Гатри «Түзету ұл болумен мағыналас» деген. Дереккөзі: «The Letter to the Hebrews: An Introduction and Commentary, Tyndale New Testament Commentaries» (Гранд Рапидс: Ирдманс, 1983), 253.

22 Нақыл сөздер 13:24

ҚҰДАЙДЫҢ САРҚЫЛМАЙТЫН ҚҰДІРЕТІ

Шынайы сенушінің қасиеттілікте айтарлықтай ілгерілеуі өзінің ерік-жігерінің немесе жоғары дәрежеде бағышталғанының нәтижесі емес. Бұл құтқарылу үшін сенімге қосатын нәрсе емес, керісінше сенімнің нәтижесі. Мәсіхшіні ақтаған Құдай оны тұтастай жаңартты және Тәңір Иеге ұнамды өмір сүру үшін жүрегінде жаңа сүйіспеншілік пен жаңа күш бар жаңа жаратылысқа айналдырды. Петір елші жазғандай: «Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті» (Петірдің 2-хаты 1:3).

Еремия 32:40–41-де біз Киелі кітаптағы ең керемет уәделердің бірін оқимыз. Шындығында, тек осы жерде және басқа еш жерде кездеспейтін сөз. Еремия пайғамбар арқылы Құдай біздің киелі болуымыз үшін *шын жүрегінен, бүкіл жан дүниесімен* әрекет етуге уәде береді.²³ Бұл антропоморфтық мәлімдемеге сүйеніп, Құдай мен адам арасында физиологиялық ұқсастықтар бар деуге болмайды. Мұндағы мағына – Құдай Өз болмысының сарқылмас құдіретін қолданып, Өз халқы үшін қалағанын жүзеге асырады. Осыны оқып, біздің қасиеттілігіміз бен ақырғы даңқымыз Құдай үшін ұсақ-түйек, болмашы зат емес екенін білеміз. Қайта, осыларды іске асыру үшін Ол өзінің шексіз күш-құдіретін пайдалануға уәде беріп отыр. Бір таң қалдыратыны, Құдай шегі жоқ ғаламды бір сөзбен жаратып, оны Өзі ұстап тұрса да, мәсіхшінің киелілігі мен ақырғы даңқы үшін бүкіл жан-дүниесімен жұмыс істеуге уәде берді.²⁴

Бұл керемет хабар бір жағынан жүрекке үміт ұялатса, екінші жағынан қорқыныш тудыратын ескерту болып табылады. Сенуші үшін бұл уәде. Арамыздағы ең мықтыларымыз да күнәмен және оған ілесіп жүретін жабырқаумен күреседі. Бәйгенің соңындағы мәре сызығын көру және соңына жеңіспен жететінімізге сенімді болу бізге үнемі қажет. Ертегі-аңыздарда әлсіз кейіпкердің зорға дегенде көздеген мақсатына жеткеннен күштірек нәрсе керек. Өзіміздің батылдығымыз бен шыдамдылығымыздан асып түсетін сенімділік қажет. Өзімізден

23 Еремия 32:41

24 Жаратылыстың басталуы 1:3–31; Еврейлерге 1:3; 11:3

құдіретті, күші рақымындай шексіз, мейірімі, адалдығы, сүйіспеншілігі бәрінен асып түсетін Тәңір Иенің көмегіне мұқтажбыз. Бізге «ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайтын» және Өзі бастаған әрбір істі соңына дейін жеткізетін Құдай керек.²⁵

Сондықтан сеніміміздің Бастаушысы және Аяқтаушысы Өзін біздің құтқарлыуымызға толық арнағанын білу көп жігер береді. Сенімде ілгерілеудің жылдамдығы мен дәрежесі мәсіхшіден мәсіхшіге қарай әр түрлі болғанымен, кейбіреулер биік шыңдардан көрінсе, басқалары тек таяз жерлермен жүрсе де, бәрі рухани өседі, барлығы сенімде айтарлықтай алға басады, бәрі де бірте-бірте Иса Мәсіхтің үлгісіне ұқсап өзгереді.

Сәйкесінше бұл хабар сенімде ілгері жылжымай, рухани тоқырап қалғандарға үлкен ескерту. Сенетіндей сырт кейіп қана танытатын, бірақ сенімнің құдіретінен бас тартатын адамдар, Жаратқан Иенің атын атайтын, бірақ іштей берілмеген, Құдайға ұнамды өмір сүрмейтін және киелілікке ұмтылмайтын адамдар Жаратқан Иенің көре алмайды.²⁶ Ағашты жемісіне қарап білеміз, кітапты мұқабасына қарап бағалаймыз, ал ақталғанымызды жалғасып, өсіп келе жатқан киеліліктен білеміз. Жаратқан Ие сенушінің қасиеттілігі мен ақырғы даңқына кепілдік берді. Сондықтан, Мәсіхті Иеміз деп мойындайтындар, бірақ Құдайдың құдіретінің әсерінен өзгермегендер үйлерін құм үстіне салған ақымақтарға ұқсайды:²⁷

Құдайды ұмытқандардың тағдыры да осындай, арсыз адамдардың үміті ақталмайды. Олардың сенім артқандары әлсіз де үзілгіш, сүйенгендері өрмекшінің торындай сенімсіз. Сондай адам өрмегіне сүйенсе, ол шыдамайды, егер мықтап ұстаса, ол төзбейді (Әйүп 8:13–15).

Күресіп жатқан сенуші жұбаныш алсын, ал бейқам қауым мүшесі ескерту естісін. Шынайы бетбұрыстың керемет дәлелі — Құдайдың біздің өміріміздегі үздіксіз қасиетті ету жұмысы. Егер Тәңір Иенің рақымымен сенім арқылы құтқарылсақ, қазір ерекше жаратылыспыз.

25 Ефестіктерге 1:11; Філіпіліктерге 1:6

26 Тімотеге 2-хат 3:5; Еврейлерге 12:14

27 Матай 7:26

Пауыл жазғандай: «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Ефес. 2:8–10). Құдайдың бізде игі істі бастағанының дәлелі Оның бұл істі Мәсіх қайта оралар күнге дейін жалғастыруы болып табылады.²⁸

Пауыл елші өзінің уағыздарында Ізгі хабарды бірінші орынға қойып, оны анық жариялауға бар күшін салды. Ол тіпті ақиқатты бұрмалайтындардың бәрін қарғыс атсын деді. Қазіргі таңда өздерін мәсіхшілерміз дейтіндердің Ізгі хабарды бірнеше сөйлемге дейін қысқартып, Құдайға бет бұруды әншейін адамның шешімі деп санайтыны өте өкінішті. «Ізгі хабардың шақыруы және шынайы сенім» кітабында Пол Уошер сенім, тәубе және Мәсіхті қабылдаудың нақты мағынасын зерттей отырып, теріс түсінікті жоққа шығарады. Ол сондай-ақ жаңа келісімде Құдай уәде еткен құтқару рақымының әсерін, атап айтқанда, жаңарған жүрек пен жаңа адамның пайда болуын терең талқылайды.

«Оңай сенушілікке толы заманда Ізгі хабардың шақыруы мен шынайы сенімді есімізге салатын Пол Уошер сияқтылар өте қажет. Бәріміз ең негізгі заттарды тым қарапайым санап, одан қызықтырақ, күштірек, жаңаша заттарды естігіміз келеді. Дегенмен, Уошер Ізгі хабарды дұрыс қабылдаудан, Ізгі хабарды түсінікті етуден және Ізгі хабар адамдарды Құдайға шақырып, құтқаратынына сенімді болудан маңызды ештеңе жоқ екенін есімізге салады. Ізгі хабар үшін және Ізгі хабарды тереңірек білуге, түсінуге және сүйуге көмектесетін осындай кітаптар үшін Құдайға мың алғыс».

– Водди Баукам, Техас штаты, Спринг қаласындағы Grace Family Baptist Church қауымының бағушысы, «The Ever-Loving Truth» кітабының авторы.

«Мәсіхші болу – бұл жай ғана «Исаны таңдап шешім қабылдау» немесе «жаңа парақты аудару» мәселесі емес. Мәсіхші болу дегеніміз – күнәкарды Құдайдың құдіретімен өлімнен өмірге әкелетін керемет. Пол Уошер «Ізгі хабардың шақыруы мен шынайы сенім» кітабында оқырманға бұл шындықты керемет анық түсіндіреді. Автор Жазба үзінділерін мұқият келтіріп, Ізгі хабардың мәсіхшілер ретінде бізге қалай әсер ететінін түсіндіреді. Өте қажет, нағыз үндеу тастайтын кітап!»

– Грег Гилберт, Кентукки штаты, Луисвилл қаласындағы Third Avenue Baptist Church қауымының бағушысы, «What Is the Gospel?» кітабының авторы.

«Құдайдың шексіз рақымымен Пол Уошердің қызметі қазіргі ұрпаққа шынайы сенім мен Ізгі хабардың шақыруы туралы нұсқау беретін ерекше жарылқау болды. Кітапта осы маңызды мәселелер мұқият, байыптап түсіндірілген. Бұл кітапты оқып, Құдайдың халқы бейбітшілік хабарын көпшілікке жеткізсін және көп адамдар құтқарылсын деп мінәжат етемін».

– Сэм Уолдрон, Кентукки штаты, Оуэнсборо қаласындағы «Midwest Center for Theological Studies» орталығында жүйелі теология кафедрасының академиялық деканы және профессоры.

ПОЛ УОШЕР Перуде 10 жыл бойы қызмет етті. Онда ол қауым ашатын басқа қызметкерлерді қолдау үшін HeartCry Missionary Society ұжымын құрды. Енді Пол HeartCry Missionary Society-де белсенді жұмыс атқарады. Полдың жұбайының аты Чаро. Олардың үш баласы бар: Иан, Эван және Роуэн.